

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті

Қолжазба құқында

**МЫРЗАГЕЛДИЕВ БЕЙБІТ ӘЛІПБЕКҰЛЫ**

**«Патшалық Ресей тұсындағы Қазақстандағы мұсылмандық басқару  
(Орынбор мүфтилігі мысалында)»**

Дінтану (6D020600)

Философия докторы (Ph.D.)

ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер:

Филология ғылымдарының  
докторы, профессор  
Керім Ш. Т.

Ресей ислам университеті  
(РФ, Татарстан, Қазан)  
Саясат ғылымдарының  
докторы, профессор, академик  
Мухаметшин Р. М.

Қазақстан Республикасы

Алматы – 2022 ж

## МАЗМҰНЫ

<b>ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>	<b>3</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>4</b>
<b>I ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ОМДБ-НЫ ӘКІМШІЛІК БАСҚАРУ МЕКЕМЕСІ РЕТІНДЕ ҚҰРУДЫҢ ДІНИ-ТАРИХИ АСПЕКТІЛЕРІ.....</b>	<b>14</b>
1.1 Қазақ даласының ОМДБ-ға қаратылуының діни-саяси мәні.....	13
1.2 ОМДБ-ны бақылайтын мемлекеттік органдардың қызметі мен тәжірибесі.....	25
1.3 ОМДБ-ның штатын ұйымдастыру және дін қызметкерлерін ынталандыру саясаты.....	37
<b>II ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДА ПАТШАЛЫҚ ЖҮЙЕДЕГІ МҰСЫЛМАНДЫҚ БАСҚАРУ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ.....</b>	<b>51</b>
2.1 Қазақ даласындағы мұсылмандардың діни өмірін заңдастырудағы Орынбор мүфтилігінің орны мен рөлі.....	51
2.2 Мұсылмандық құлшылық орындарын қалыптастыру мен реттеудегі Орынбор мүфтилігінің қызметі.....	74
2.3 Мұсылман дін қызметкерлерінің лауазымдық ерекшеліктері мен қызметтік міндеттері.....	87
<b>III БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ МҰСЫЛМАНДЫҚ БАСҚАРУ.....</b>	<b>102</b>
3.1. Бөкей мен Жәңгір билігі тұсындағы мұсылмандық басқару.....	102
3.2. Бөкей хандығындағы дін қайраткерлері және ағарту ісі.....	112
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>123</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>131</b>
<b>ҚОСЫМША.....</b>	<b>144</b>

**ҚЫСҚАРТУЛАР**

<b>БР ОМТМ</b>	– Башқұртстан Республикасының Орталық мемлекеттік тарихи мұрағаты
<b>РПТЗЖ</b>	– Ресей патшалығының толық заңдар жинағы
<b>РМТМ</b>	– Ресей мемлекеттік тарихи мұрағаты
<b>ОМДБ</b>	– Орынбор Мұхаммедтік діни бірлестігі
<b>ОШК</b>	– Орынбор шекаралық комиссиясы
<b>ОО ММ</b>	– Орынбор облысының мемлекеттік мұрағаты
<b>ШСРІББ</b>	– Шет елдік сенімдердің Рухани істері бойынша бас басқармасы
<b>ТРҰМ</b>	– Татарстан Республикасының ұлттық мұрағаты
<b>АОММ</b>	– Астрахан облысының мемлекеттік мұрағаты
<b>ҚР ОММ</b>	– Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты
<b>РІХАМ</b>	– Рухани істер және халықты ағарту министрлігі
<b>Ішкі орда</b>	– Бөкей ордасы

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Қазақ даласы Ресей патшалығының бодандығында болған тұста мемлекет жергілікті халықтың діни өміріне араласу үшін институционалдырылған діни мекемелер құрды. Әсіресе, XIX ғасырда мұсылман институттарының өсуі байқалып, бірізділігін сақтаған діни басқарудың жаңа құрылымы пайда болды. Ресейдің мүфтият қызметін бекіту тәжірибесі және мұсылман қоғамы арасындағы дін қызметкерлерінің рөлі, билік пен халықты байланыстыра алуы діни басқарманың қалыптасуында айтарлықтай рөл атқарды.

Диссертациялық жұмыста Ресей патшалығының Қазақстандағы мұсылмандық басқару ерекшеліктері зерттеліп, XVIII ғасыр соңы мен XIX ғасыр аяғына дейінгі аралықтағы қазақ даласында жүргізілген аймақтық және конфессионалды саясаттың түрлі аспектілері жан-жақты қарастырылды. Зерттеуде жекелеген институттардың тарихы мен қазіргі қазақ қоғамындағы діни жүйенің қалыптасуы және мәселелері арасындағы байланыс анықталды. Ресей патшалығы тұсында Орынбор муфтилігінің шариғи сот қызметі, молдалардың қазылық етуі, муфтиліктің апелляциялық сот құзыреттілігі, Ресей патшалығының азаматтық заңнамалары арқылы шариғи сот жүйесін басқару, үйлестіру ерекшеліктері және оның қазақ қоғамындағы көрінісі баяндалды. Қазақ даласының қоғамдық өмірінде маңызды орынға ие болған молдаларды бюрократиялық жүйенің құралы ретінде де пайдалануға күш жұмсалды. Мұны Ресей патшалығы әкімшілігі тарапынан указной молдаларды қызметке тағайындау талаптары мен нақты функционалдық міндеттері және олардың қазақ қоғамында қаншалықты сәтті іске асқандығы, діни лауазым иелерінің қоғамда қабылдануы мен басқару жүйесіндегі орны көрсетіп отыр.

ОМДБ-ның тағы бір жауапты қызметінің бірі – құлшылық орындарын бақылау. Ислам дінін «өзге діндегілер» деп бағалайтын патша әкімшілігі мешіт ісін арнайы бақылауды қажет етті. Патшалық Ресейге қарасты қазақ жерлерінде мешіт істері арнайы әкімшілік органдардың бақылауында болды. Қазақ даласындағы мешіттердің салыну қарқынын реттеу арқылы патша әкімшілігі ислам дінін және қазақ руларын бақылауды күшейтіп отырды. Сонымен қатар мешіттердің салынуының себептерінің бірі отарлау саясатын жүргізу барысында мұсылман халықтардың қарсылығына тап болмау үшін еді.

Зерттеу жұмысында мұсылмандық басқарудың тағы бір ерекше түрі Бөкей хандығының діни және саяси құрамы баяндалған. Бөкей Ордасында Қазақстанның өзге өңірлеріне қарағанда мемлекеттік құрылымы мен діни ахуалы, әкімшілік басқару және ондағы Ресей патшалығы саясатының көрінісі өзгеше сипатта. Сәйкесінше, тақырыптың өзегі болып табылатын мұсылмандық басқару және исламдық институттардың деңгейі мен қызметінде де бірқатар ерекшеліктер орын алған.

**Тақырыптың өзектілігі.** Қазақстан – әлемге өзін зайырлы әрі бейбіт ел ретінде танытуға және осы бағытта нақты қадамдар жасауға күш салып отырған мемлекет. Зайырлылық талаптарына сай дін мемлекеттен бөлінген

болса да, мемлекет – барлық саланың заң жүзінде дамуын бақылайтын әрі реттейтін жүйе ретінде мойындалады. Оның қатарында дін саласының да реттелуі мен азаматтардың сенім бостандығының қамтамасыз етілуі, діни бірлестіктермен қарым-қатынасты сәтті қалыптастыру міндетін өз мойнына алады. Халқының басым көпшілігін мұсылмандар құрайтын Қазақстан үшін діни бірлестіктер мен оның қызметіне ерекше мән беру қажеттілігі бар екені айтпаса да түсінікті. Ал мемлекет және мұсылмандық діни бірлестік қатынасын қалыптастыруда ғылыми зерттеулер мен тарихи тәжірибенің орны зор. Сондықтан, қазіргі уақыттағы діни бірлестіктердің қызметін жүйелеу мен оның қоғамдағы қызметін, ішкі құрылымының даму мүмкіндіктерін толық түсіну үшін Қазақстандағы исламның тарихи тәжірибесін және мұсылмандық басқарудың дамуы мен құрылуының негізгі кезеңдерін зерттеу қажет. Сонымен қатар бүгінде ҚР аумағында ең үлкен діни бірлестік саналатын ҚМДБ-ның құрылымдық негізі мен оның баламасының қазақ даласындағы тарихы тереңде. ҚМДБ қазіргі таңда Қазақстандағы мұсылмандардың бірегейлігі мен тұтастығын сақтауға күш салып отырған мекеме ретінде үлкен бедел мен рөлге ие. Ал оның қызметі мен даму болашағын зерттеуде тарихтағы діни мекемелердің жұмысына шолу жасау маңызды. Ашып айтқанда, ҚМДБ-ға ұқсас ұйым шамамен осыдан екі жүз отыз үш жыл бұрын патшалық Ресейде ОМДБ атауымен құрылып, қазақ даласында ұзақ уақыт жұмыс жасады. Сондықтан, қазіргі мүфтиліктің қызметі мен тарихын зерттеуде ОМДБ жайлы айтпай өту мүмкін емес.

Тарихи тәжірибенің ең ұзақ та, өзгеріске толы тұсы қазақ даласының біраз бөлігі патшалық Ресей құрамындағы кезеңге сәйкес келгендіктен, осы аралықта Ресей құрамындағы барлық мұсылман халықтар зайырлы және діни мекеме арқылы қатар басқарылды. Діни мекеменің ең үлкені, қазақ қоғамына әсері мол болған – Орынбор мүфтилігі. Осы мезгілде, кез келген ұйым немесе мекеменің қызметін зерттеу үшін оның құрылу тарихы мен себептеріне және нақты атқарған жұмыстарына тоқталу маңызды екендігін ескерген жөн. Сонымен қатар оның негізгі міндетіне қатысты саланың жүйеленуі мен өзектілігінің артуына себеп болған факторларды жіктеу қажет. Сол себепті, патшалық Ресейдің ислам дініне арнайы мәртебе беруі мен ОМДБ-ның құрылуына түрткі болған факторларды талдаудың өзектілігі айқындалады.

Ресей билігі қазақ даласындағы дін мәселесі мен саяси билікті толық қолына алуды мақсат етті. Осы бағытта бірнеше баптарды қамтитын жұмыстар жүргізді. Жалпы, биліктің қандай да бір ұйымды, халықты басқаруы үшін сот жүйесін өз бақылауында ұстауы өте маңызды. Яғни, жалпы басқару жүйесінің құрылымдары мен сот жүйесінің сәйкестігі билік тарапынан жасалынатын әрекеттердің тиімділігін арттырады. Қазақ даласын өзіне бағынышты еткен Ресей патшалығы сот-төрелік ісінде де әкімшіліктің бақылауын арттыруға күш салды. Сот билігі қазақ даласында тек бір бағытта ғана өрбіген жоқ, оның бірнеше түрі болды. Ал осы бағыттарды тереңірек қарастырсақ, мүфтиліктің, мұсылмандық басқару жүйесінің іске асуы мен қазақ қоғамының мәселелерін түсінуге мол мүмкіндік тұмақ.

Қазақ халқы – ертеден құлшылық орындары мен қасиетті мекендерге құрметпен қарайтын ел. Мешіт салған адам ислам шариғатында да дәріптеліп, оның Алла тарапынан сыйға бөленетіндігі айтылады. Ал патша әкімшілігінің мұсылмандық ғибадат үйін салуы алдыңғы сеніммен үйлеспейтін тұжырымға алып келді. Өз кезегінде, бұл мешіттердің «өзге дін» өкілдері тарапынан салынуы нені меңзейтіндігі және оның қоғамда қалай қабылданғандығын зерттеудің қажеттілігін аңғартады. Бұл жайлы ескі деректерде көрініс табуы мен сол кезеңдегі дін, әлеуметтік жағдай және мұсылмандық басқару саласының ұйымдастырылуы аясында қарастыруға болады.

Тарихқа көз жүгіртсек, дін өкілдері қоғамдық өмірде ерекше рөлге ие болған. Дін атынан қызмет атқаратын бұл топ қарапайым адамдардың тіршілігіне араласу арқылы қоғамның өзге де салаларына әсер ете алған. Сондықтан молдалар мен өзге де исламмен байланысты мамандардың қызметі мен міндеттерін зерттеу қазіргі отандық ғылым үшін маңызды. Әсіресе, жаңа қалыптасып, құлашын жазып келе жатқан дінтану бағыты үшін орны ерекше тақырып.

Ресей патшалығы тұсында қазақ даласындағы мұсылмандық басқару ерекшеліктерін сөз еткенде Бөкей Ордасына арнайы тоқталу маңызды. Өйткені, онда Қазақстанның басқа аймақтарына қарағанда, сәйкесінше, мұсылмандық басқару жүйесі өзгеше қалыптасқан еді. Бөкей Ордасындағы билік пен дін қатынасы, діни қызметкерлердің қызметі мен лауазымға тағайындалу талаптары, құлшылық үйлері мен өзге де исламдық институттардың әрекетін реттеу шараларын зерделеу – тақырыпты ашуға мол мүмкіндік бермек. Сонымен қатар Бөкей Ордасының тарихында белсенді, жаңашыл қызметімен танылған Жәңгір Бөкейұлының ислам дініне қатысты ұстанымдары мен патша әкімшілігімен және діни тұлғалармен қатынасын да қамту – зерттеудің мазмұнын толықтыра түседі.

**Тақырыптың зерттелу деңгейі.** Тақырыптың жалпы бағыты бойынша осы күнге дейін жарық көрген отандық және шетелдік авторлардың еңбектерін тақырыппен байланысына қарай екі топқа бөліп қарауға болады:

– Тақырыпқа тікелей қатысты зерттеулер. Бұл топтағы зерттеулерге Ф.А.Адилова «Қазақ қоғамының саяси өміріндегі Орынбор мүфтилігінің орны мен қызметі» және П.Шаблейдің «Оренбургское магометанское духовное собрание в общественно-политической и религиозной жизни населения казахских степных областей: 1788-1868 гг.» атты диссертацияларын жатқызуға болады. Екі еңбектің де бағыты мүфтиліктің қазақ даласындағы саяси қызметін тарихи тұрғыдан зерттеуге бағытталған. Алайда бұл жұмыстарда діни мәселелерді қарастыру мен тану материалдары қамтылмаған. Сонымен қатар дінтанулық арнайы зерттеудің нысаны ретінде қаралмаған.

– Тақырыпқа жанама қатысы бар еңбектер. Бұл топтағы жұмыстардың ішінен «үлкен көлемді» және «кіші зерттеулер» деп екіге бөліп қарастыруға болады:

А) Алғашқысына үлкен көлемді зерттеулерге монографиялар мен диссертациялық жұмыстарды жатқызуға болады. Мұның өзін екігі бөліп қарауға болады.

АА) Жанама қатысы бар көлемді зерттеулердің алғашқы түрі жалпы Ресей патшалығындағы мұсылмандық басқару жайлы. Бұл топқа Ресейлік зерттеушілердің еңбектері кіреді. Мысалы, Д.Ю.Араповтың «Система государственного регулирования ислама в Российской империи (последняя треть XVIII-начало XX вв.)», А.Ю.Хабутдиновтың «Оренбургское магометанское духовное собрание как основополагающий общенациональный институт в 1788–1917гг.», Н.К.Гариповтың «Политика Российского государства в этноконфессиональной сфере в конце XVIII – начале XXвв.: Опыт духовного управления мусульман», Д.Д.Азаматовтың «Оренбургское магометанское духовное собрание в конце 18-19 вв.», А.Абзалетдинованың «Религиозно-политические аспекты управления и взаимодействия мусульманского духовенства в Российской империи конца XIX - начала XX вв.», Е.И.Воробьеваның «Мусульманский вопрос в имперской политике российского самодержавия: вторая половина XIX века - 1917 г.», Д.Р.Гильмутдиновтың «Ислам и государство в Средневожском регионе в 1870-1917 гг.: На материале Казанской губернии» атты еңбектері осы топтағы зерттеулерге жатады. Бұл еңбектер мұсылмандық басқару жайлы мазмұнды қамтығанымен, Қазақстандағы мұсылмандық басқарудың ерекшеліктеріне тоқталмайды.

АВ) Жанама қатысы бар үлкен көлемді зерттеулердің екінші түрі. Қазақ даласындағы жалпы діни ахуал мен діни қызметкерлер жайлы зерттеулерді қамтиды. Аллен Дж. Франктың «Muslim Religious Institutions in Imperial Russia: The Islamic World of Novouzensk District and the Kazakh Inner Horde, 1780–191» атты зерттеуі [1], Г.Т.Конусовтың «Мусульманские религиозные институты в Казахстане: историко-религиоведческий анализ», Р.Т.Айтбаеваның «Государственная политика Российской империи по отношению к исламу в Казахстане в XIX в.» атты жұмысын осы топқа мысал етуге болады. Мұндағы зерттеулер біз алып отырған тақырыпқа қатысты ойды ашып бермейді. Тек кейбір мәселелерге шолу жасаумен шектеледі.

В) Жанама қатысты зерттеулердің екінші түрі көлемі кіші ғылыми мақалар жатады. Мұндай зерттеудің белгілі бағыттарына қатысты мағлұматтарды Т.А.Каримовтың «Политика Российского правительства и татарские муллы в северо-западных казахских землях (вторая половина XVIII - начале XX вв.)» атты еңбегі және И.К.Загидуллин [2], А.Р.Абдрашитова [3], А.В.Ремнев [4], Г.С.Султангалиеваның [5] еңбектерінен кездестіруге болады.

Дегенмен ғылыми жұмысқа қатысты еңбектердің көп болуы – тақырыптың толыққанды зерттелгенін білдірмейді. Жыл санап, ғылыми айналымға жаңа дереккөздердің қосылуы мен оның тұтас игерілмеуі, тіпті бар дерекқорлардың әлі де зерттеулерде қолданылмауы біз алып отырған тақырыптың тереңдетіп қарастырылуына сұранысты арттырады. Мысалы, жақында ғана отандық ғалым А.Қ.Муминовтың бастамасымен Садуақас Ғылманидің еңбегі ғылыми айналымға қосылып, осы жұмыста дін қызметкерлеріне қатысты тың

мәліметтердің қамтылуы мұны айғақтайды. Сонымен қатар бүгінге дейінгі зерттеулердің басым көпшілігі саясаттану бағытында жазылған. Десе де жұмыстарда дінтануға қатысты зерттелген еңбектердің аздығы тақырыпты таңдап алуымызға негіз болып отыр.

**Зерттеу жұмысының негізгі нысаны.** Жұмыста XVIII ғасырдың соңынан XIX ғасырдың аяғына дейінгі аралықтағы Ресей патшалығы тұсындағы мұсылмандық мекеме саналған Орынбор мүфтилігінің қызметі, оның құрамындағы дін қызметкерлерінің діни, әрі жетекшілік міндеті, сонымен қатар ОМДБ қызметін ұйымдастырудағы мемлекеттік тетіктердің әрекеттері басты назарға алынды.

**Жұмыстың мақсаты мен міндеттері.** Жұмыстың мақсаты – ОМДБ-ны қазақ даласындағы Ресей патшалығының басқару тетігі ретінде және діни мекеме ретіндегі қызметін дінтанулық тұрғыдан зерттеп, ғылыми айналымға қосу. Аталмыш мақсатқа байланысты төмендегідей міндеттер алға қойылады:

- Патшалық Ресейдегі мүфтилік басқарудың қалыптасуы мен қазақ даласының ОМДБ-ға қаратылуының негізгі себептерін айқындау;
- Исламдық және патшалық мекемелердің ара-қатынасы мен діни кадрларды ынталандыру мәселелерін талдау;
- Патшалықтың дін қызметкерлерінің (ахун, мулла, мухтасиб) қазақ қоғамындағы рөлі мен қызметінің ұйымдастырылуын және ислам тарихындағы дін қызметкерлерінің қызметімен салыстыру;
- ОМДБ құзіретіндегі дін қызметкерлерінің шариғи сот-төрелік қызметін талдау және исламдағы қазылық қызметімен салыстыру;
- Бөкей хандығындағы мұсылмандық басқару мен діни ағартушылықтың ұйымдастырылу ерекшеліктерін саралау;
- Патшалықтың дін саласындағы саясатының әсерінен қазақ қоғамында туындаған мәселелер мен оларды шешу жолында атқарылған жұмыстарды талдау;
- Қазақтардың 1868 жылы ОМДБ-дан шығарылуы мен оның себептерін анықтау;

- ОМДБ жұмысының қазақ даласындағы оң және теріс әсерін салыстыру

**Теориялық-әдістемелік негізі.** Тақырыпты зерттеу барысында теориялық және әдіснамалық бағдар ретінде білікті отандық және танымал шетелдік ғалымдардың еңбектері мен тұжырымдары алынды. Шетелдік ғалымдардың ішінде бұрынғы кеңес өкіметі құрамында болған, қазақ халқымен тағдырлас ұлттың зерттеушілерінің ғылыми жұмыстары пайдаланылады. Диссертациялық жұмыста ғылыми әдістің тарихи-салыстырмалы, құрылымдық-функционалды, герменевтикалық, феноменологиялық тәсілдері пайдаланылды. Аталған әдістерді қолдана отырып, негізгі бөлімде қазақ қоғамындағы мұсылмандық басқарудың түрленуіне ықпал еткен факторларға талдау жасалады.

### **Ғылыми жұмыстың зерттеу деректері**

Зерттеуге Башқұртстан Республикасының Орталық мемлекеттік тарихи мұрағаты, Ресей патшалығының толық заңдар жинағы, Ресей мемлекеттік



тарихи мұрағаты, Орынбор облысының мемлекеттік мұрағаты, Татарстан Республикасының ұлттық мұрағаты, Астрахан облысының мемлекеттік мұрағаты, Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік мұрағатының қорларында сақталған материалдар мен деректер қолданылды.

#### **Жұмыстың ғылыми жаңалығы.**

Диссертацияда ОМДБ-ның діни басқару құрылымы ретіндегі қазақ жеріндегі мұсылманшылықты күшейтудегі алатын орны, қызметі дінтану бағытында арнайы түрде тұңғыш зерттеу өзегіне айналып отыр. Сонымен келісі ғылыми жаңалықтар ұсынылады:

- Патша өкіметінің ОМДБ-ні құруына және қазақтарды құрамына енгізуіне түрткі болған ішкі және сыртқы себептері анықталды.

- Патшалық Ресейдің дін ісін ұйымдастырудағы көп зерттеушілердің назарынан тыс қалып жүрген марапаттау жүйесі қарастырылды.

- Патша өкіметі құрамындағы дін қызметкерлерінің лауазымдық ерекшеліктері ислам тарихындағы дін қызметкерлерінің лауазымдық ерекшеліктерімен салыстырылды. Нәтижесінде, патша өкіметі тұсындағы дін қызметкерлерінің функциясында бірқатар айырмашылықтар бар екені анықталды.

- ОМДБ-ның шариғи сот қызметі исламдағы қазилыққа қарағанда күзіреті әлдеқайда тар екені айқын болды. Атап айтқанда, үкім шығару және жазалау функциясындағы айырмашылықтар осы қорытындыны дәйектеп берді.

- Бөкей Ордасындағы Жәңгір ханның мұсылмандық басқару ерекшеліктерін айқындауға дербес тарау арналды. Жәңгір Бөкейұлының жаңаша бастамалары мен діни ұстанымдары және діндарлар корпусын басқаруы хандық құрамындағы қазақтардың діни, әлеуметтік қабаттарында орын алған өзгерістері талданды. Бөкей Ордасы исламдық территориялық бөліністің дарус сулх жүйесі бойынша басқарылғандығы көрсетілді.

- Жәңгір ханның тұсындағы мұсылмандық ағарту мен діни қайраткерлердің қызметі дінтанулық қырынан талданды.

- Бүгінгі күнге дейінгі көптеген зерттеулерде ОМДБ-ның қазақ даласындағы күзіреті 1868 жылдан бастап тоқтады деген тұжырым болған. Алайда қазақтар ОМДБ құрамынан 1868 жылы шығарылғаннан кейін де ОМДБ-ның неке-талақ және отбасы мәселесіндегі қазақ даласындағы күзіреті жалғасын тапқаны айқын болды.

**Қорғауға ұсынылған ғылыми тұжырымдар.** Зерттеу нәтижесінде келесі ғылыми тұжырымдар ұсынылады:

1. Шоқындыру саясатын қатты ұстанатын патшалық Ресей үшін II Екатерина билік құрған кез дін саласында күтпеген өзгерістерге толы болды. II Екатерина тұсындағы саяси, діни-әлеуметтік ахуалды зерделей келе биліктің мұндай қадамға баруына түрткі болған бірнеше себептер анықталды. Осы кезге дейін аса назар салынбай келген бағыттың бірі – дінтану тұрғысында зерттеуге патшалықтың ислам діни туралы ұстанымының өзгеруіне ислам дінінің қоғамдағы ықпалының артуы себеп болды. Ал діннің ықпалды күшін

самодержаваның пайдасына қолдану отарлаудың жаңаша тәсілі ретінде қабылданды. ОМДБ-ның құрамында болудың пайдасы патшалық балансты ұстау үшін шоқындыру саясатын ОМДБ территориясына жүргізуді бәсеңдетті.

2. Марапат тағайындау арқылы дін қызметкерлерін ынталандыру патшалықтың басқару жүйесінде жемісті тетік ретінде қалыптасты. Марапаттаулар мұсылман діни лауазым иелерінің патша әкімшілігіне «адалдығы» қолдау білдіру қызметін күшейте алды. Зерттеу кезінде патшалық органдар ынталандырудың бірнеше нұсқасын пайдаланып, олардың арасында үш түрлі ынталандырудың түрі жиі қолданылғаны анық болды. Бірінші – қоғамдық бедел мен статусқа ие болу, екінші – мансаптық өсу, соңғысы, материалдық игіліктерге ие болу үшін.

3. Діни лауазымдардың Ресей патшалығындағы қолданысында айырмашылық болды. Мысалы, мухтасиб алғашқы ислам қоғамында және аббасилер халифалығы тұсында сауда орындарындағы шариғи талаптардың сақталуын қадағалады. Ал патша өкіметінде мухтасибтар сауда ісін бақылаумен айналыспады, бірақ діни лауазым ретінде сақталды. Оның себебі ретінде патшалық биліктің ОМДБ құру арқылы исламдық қызмет түрлерінің тар қолданысын енгізгенін келтіре аламыз. Дәл осы сияқты, қазақ даласындағы өзге де діни атаулардың қолданысы татар молдалардың келуімен өзгеріске түскенін көре аламыз.

4. Орынбор мүфтилігінің сот төрелік қызметін енгізу арқылы Ресей патшалығы бірнеше мақсатты көздегендігін байқай аламыз. Біріншіден, мұсылмандар арасында исламдық басқарудың билікке бейімделген формасын жасау, сол арқылы азаматтық-әкімшілік басқаруды күшейту. Екіншіден, діни басқарманың қызмет етуіне мүмкіндік бергенімен, шариғи заңның қарқынды күш алып кетуін, исламның жылдам таралуының алдын алуға тырысты. Ол үшін мұсылман әлеміндегі қазылықтан гөрі құзыреттілігі тар формальді шариғи сот жүйесін жасады. Үшіншіден, Ресей тарихының ірі реформаторы II Екатеринаның әкімшілік сот жүйесін практикалық тұрғыда енгізіп, патшалықтың мұсылмандыққа қарсы бағытталмағандығын іс жүзінде дәлелдеуді және сол арқылы көшпелі қазақ рулары арасында ыңғайлы басқаруға мүмкіндік беретін соттық жүйе қалыптастырмақ болды. Нәтижесінде, азаматтық сот және әкімшілік басқару жүйесі діни және дәстүрлі қазақ басқару жүйесіне қарағанда әлеуеті арта түсті.

5. Бөкей Ордасы құрылған алғашқы жылдары дін істері, оның ішінде мұсылмандық басқару ісі де патша әкімшілігінің тікелей қатынасымен іске асқандығы анық болды. Жәңгір дін саласын реттеуде едәуір еркіндікке қол жеткізді. Жәңгір хан Орданың діни және азаматтық басқаруда өзінің билігін нығайта алды. Дін саласында бұл мұсылмандық басқарудың орталығы ретінде ордада Жәңгірді бірінші тұлғаға айналдырды. Орда аумағында алғашқы кездерде мұсылман дін қызметкерлерінің жетіспеушілігі болды. Жәңгір билігі тұсында, 1830 жылдардан бастап дін қызметкерлерінің саны арта бастады. Жәңгір хан ордасын исламдық территориялық бөліністегі Дарус сулх жүйесімен басқарғаны анық болды. Өйткені, Бөкей ордасы діни автономия ретінде мұсылман емес елде өмір сүрді.

6. Бөкей ордасының исламдық басқаруы мен халық арасында дінді нық орнықтыруы және ескі әдеттерден арылтып патша өкіметіне адалдықты қалыптастыруға бағытталған. Жәңгір хан молдаларға келесідей міндеттерді қойды: құлшылық рәсімдерін өткізу және ұйымдастыру, жас балаларды ислам шарифатына үйрету, қазақтар арасында ислам дінінің құндылықтарын уағыздау, діни рәсімдер арасында жерлеу және неке қиюға қатысты қатаң шарифат талаптарын сақтау, экономикалық қатынастарда исламның құқықтық қызметін күшейту, шарифат пен қазақтар арасындағы кейбір ескі дәстүрдің қарама-қайшылығын болдырмау, патшалық Ресей әкімшілігіне қазақтарды адал болуға заңға бағынуға шақыру және көшпелілер арасында жиі дау тудыратын барымта сынды қылмыстарды діни негізде тыю.

7. 1868 жылғы уақытша ереже бойынша қазақтар ОМДБ-ның қарамағынан шығарылғанымен, діни қызметкерлер ОМДБ мен байланысын және неке ісіндегі қызметін толық тоқтатқан жоқ. ОМДБ-дан неке ісін алып тастағанымен, метрикалық кітапшаларды молдалардың жүргізуін алып тастамады. Сондықтан 1891 жылғы 25 наурыздағы «Дала генерал-губернаторлығын басқару жайлы ереже» қабылданып, молдалардың метрикалық кітаптарды жүргізуіне тиым салынды және мұсылман дін адамдарынан некені заңдастыру міндеті толығымен алынып тасталды. Яғни, қазақтардың дін ісі 1868 жылы бірден тоқтамады, тек 1891 жылы ғана қатаң тиым салулардан кейін ғана тоқтатылды. Алайда бұл тиымдар тек қазақтарға ғана қатысты болды. Ал, қазақтардың арасында тұратын татарлар мен башқұрлар ОМДБ-ға қарауын сақтап қалды. Сол себепті И-295 «Орынбор Мұхаммедтік діни бірлестігі» қорында ХІХ ғасырдың соңғы ширегіне тиесілі қазақ даласынан келіп түскен діни құжаттар: молданың есептері, апелляциялық сот шешімдері, неке мәселелері кездеседі. Бұл тұжырым «Орынбор Мұхаммедтік діни бірлестігі» қорын зерттеу барысында анық болды.

**Ғылыми жұмыстың практикалық, теориялық маңызы.** Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер ең алдымен дінтану ғылымының көптеген тақырыптарын терең зерделеуге жол ашады. Оның қатарында мемлекет пен дін қатынасын және дін мен отандық тарихты дамытуда қажетті ғылыми әдебиет ретінде ұсыныла алады. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы аумағындағы ең үлкен діни ұйым ҚМДБ-ның тарихы мен тарихи тамыры терең ислам дініне қатысты зерттеулерге өз үлесін қоса алады.

**Ғылыми жұмыстың нәтижелерінің жариялануы және сыннан өтуі.** Зерттеу жүргізу барысында алға шыққан тұжырымдар мен кейбір қорытындылар мақала ретінде жарияланып отырды. Жарияланған мақаланың саны – 9, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда 3 мақала, дінтану бағытындағы отандық ғылыми журналда 1 мақала, Қазақстанда өткізілген ғылыми-тәжірибелік конференцияның жинағында 3 мақала, шетелде өткізілген халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция үшін 1 және 1 мақала SCOPUS базасына кіретін басылымда жарияланды.

Диссертациялық жұмыс Нұр-Мұбарак университетінің Дінтану кафедрасында ғылыми мәжілісте талқыланып, қорғауға ұсынылды.

**Ғылыми жұмыстың құрылымы.** Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен және қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бірінші және екінші бөлім екі тараудан, ал соңғы бөлім екі тараудан құралған. Жұмыстың жалпы көлемі – 173 бет.

# I ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ОМДБ-НЫ ӘКІМШІЛІК БАСҚАРУ МЕКЕМЕСІ РЕТІНДЕ ҚҰРУДЫҢ ДІНИ-ТАРИХИ АСПЕКТИЛЕРІ

## 1.1 Қазақ даласының ОМДБ-ға қаратылуының діни-саяси мәні

Кез келген ұйым немесе мекеменің қызметін зерттеу үшін оның құрылу тарихы мен себептеріне тоқталу маңызды. Сонымен қатар оның негізгі қызметіне қатысты саланың жүйеленуі мен өзектілігінің артуына себеп болған факторларды жіктеу де талап етіледі. Сондықтан, Патшалық Ресейдің ислам дініне арнайы мәртебе беруі мен ОМДБ-ның құрылуына түрткі болған факторларды талдау тақырыптың өзектілігі саналады.

Патшалық Ресей билігі өзіне бағынышты елдердің әлеуметтік-саяси мәселерімен қоса дін саласын да өз бақылауына алды. Патшалықтың дін саласын реттеуге тырысуы отарға айналған халықтардың рухани жүйесіне елеулі әсерін тигізді. Нәтижесі, қазақ қоғамындағы ислами институттар қызметінің біршама өзгеріске ұшырауына алып келді. Бұл үрдіс, әсіресе, XVIII ғасырдың аяғында Патшалық Ресейдің өзіне бағынышты мұсылмандарға христиан дінін ұстануды мәжбүрлі түрде жүргізуді бәсеңдетіп, ислами институттардың ресми жұмыс жасау мүмкіндіктерін кеңейту арқылы бақылауды күшейтумен көрініс тапты. Өз кезегінде бұл мұсылмандық басқару институтының құрылымы мен қызметін патшалықтың саяси және әкімшілік басқару жүйесіне бейімдеуге мүмкіндік берді. Патша өкіметінің ислами институттардың қызметін қолға алып, ресми түрде бақылауды күшейтуін, Орынбор мүфтилігін құрып, оның қазақ даласындағы қызметіне өз тарапынан қолдау көрсетуінен айқын көруге болады. Мұсылмандық діни басқарманы құру туралы ұсынысты ең алғаш Уфа наместнигінің кеңесшісі Д.Б.Мертваго мен Уфа және Симбирск наместнигі барон О.А.Игельстром айтты. 1787 жылы аталмыш ұсыныс Сенатқа өтіп қолдау табады. 1788 жылдың 22 қыркүйегінде патшайым II Екатеринаның Орынбор мүфтилігін құру туралы жарлығы шығады [6, 191 б]. 1788 жылғы 22 қыркүйектегі аталмыш №16710 жарлыққа сәйкес ОМДБ-ның құзреті Қырым мен Кавказдан өзге патшалықтың барлық аумағындағы мұсылмандардың дін ісін қамтыды [7, 1107 б]. Яғни жарғы бойынша қазақтардың діни істері Орынбор мүфтилігіне қарасты болады. Мүфтиліктің ресми атауы «Оренбургское магометанское духовное собрание» деп аталды. 1789 жылыдың 4 желтоқсанында Уфада мүфтиліктің ресми ашылу салтанаты өткізілді. Осы тұста патшайымның мұндай қадамға баруының себептері қандай деген сауал туындайды. XVIII ғасырдың соңғы ширегіндегі саяси, діни-әлеуметтік ахуалды зерделей келе, патша әкімшілігінің дін саласындағы ұстанымдарына өзгеріс алуына түрткі болған бірнеше себептерді анықтауға мүмкіндік туды.

XVIII ғасыр аяғына дейін Патшалық Ресейдің саясаты әкімшілік басқару жүйесін толық орнату үшін отар халықтарды шоқындырып, орыс тілінің мерейін үстем етуге бағытталды. Осы бағытта 1740 жылы патшайым Анна Иоанновнаның тұсында «Новокрещенская контора» құрылып, жұмыс жасады. Мұсылмандардың құқықтық мәртебесі төмен болды. II Екатерина билікке келуімен мұсылмандарға қатысты мемлекет саясаты басқаша бағыт алды.

Алдыңғы патшалармен салыстырғанда исламның мәртебесі II Екатерина тұсында әлдеқайда жоғарылады. 1764 жылы 1740 жылдан бері орыс емес ұлттарды шоқындырумен айналысып келген құрылым «Новокрещенская контора» таратылды [8, 126 б].

1773 жылғы 17 маусымда патшайым II Екатеринаның «Барлық діндерге төзімділік туралы» жарлығы шықты. Жарлықта патшайым «Жаратаушы Құдай барлық сенімге, яғни, тілдер мен діндерге төзімділік танытып тұрса, олай болса, Ұлы мәртебелі (яғни, патшайым) да өз халқының арасында тек қана әрқашан сүйіспеншілік пен келісім салтанат құрғанын қалайды» – деп, сол арқылы патшалық аумағындағы орыс православ шіркеуінен басқа діндердің құқықтық статусын мойындайтындығын көрсетті [9, 775–776 б]. Аталған діндерге төзімділік туралы жарлықтың шығуы орыс емес ұлттарды мәжбүрлі түрде шоқындыру әрекеттерін бәсеңдетті. 1785 жылы патшайым II Екатерина Уфа және Сібір губернаторы Барон Игельстромға қазақ даласына мұсылмандық оқу орнымен қоса 500 орындық мешіт салуды тапсырды [10, 114 б]

Патшалық Ресейдегі мұсылмандық басқару мекемесінің құрылуы II Екатерина тұсында жүзеге асқандықтан оны ислам дініне арнайы мәртебе берген дін қамқоршысы ретінде қарастыру қалыпты жағдайға айналған. Әсіресе, бұл Ресей зерттеушілері тарапынан жиі орын алады. Алайда осы күнге дейінгі зерттеулерде II Екатеринаның нақты мұндай шешімге келуіне қатысты әлі де болса ашылмаған дүниелер бар екендігін байқатады. Әсіресе, зерттеулердің басым бөлігі тарихи-саясаттанулық зерттеу тәсілдерінің қарастырылуы дінтанулық тәсілдерге сүйене отырып талдау арқылы тақырыптың жаңа қырын ашуға мүмкіндік беретіндігін аңғартады. Сондықтан, патшайым әкімшілігінің ислам діні бағытындағы ұстанымдарына түрткі болған себептерді зерттеудің өзектілігі әлі жоғары. Ислам дінінің патшайым әкімшілігі тарапынан қолдау табуына биліктің қазақ даласындағы және өзге де мұсылман халықтардың діни ахуалын бағалауы мен соған қатысты ұстанымдары әсер етті. Діни ахуалды бағалау патшалықтың танымал зерттеушілері мен лауазым иелері тарапынан жүргізілген. Олардың бірқатары антропологиялық зерттеулер болса, кейбірі қарапайым жазбалардан құралды. Бұл жай-күйді зерттеу жұмыстарының басым бөлігі қазақтардың діндарлық деңгейі мен сенім ерекшелігін анықтауға бағытталды.

Қазақтардың сенім ерекшелігімен олардың дініне қатысты Петербург ғылым академиясының зерттеуші Иоганн Готлиб Георгий 1768-1774 жылдар аралығындағы зерттеу экспедициясы нәтижесінде жазған «Ресей мемлекетіндегі өмір сүретін барлық халықтардың сипаттамасы» атты еңбегінде келтіреді. Жазбада *«Жүз жылдықтың басында Түркістандық діни тұлғалардың әсерінен қырғыздар шамандық сенімнен Мұхаммедтік сенімге бет бұрды. Олардың арасындағы молдалар саны аз. Көбі толық оқи алатын, жазу қабілетіне ие елшілік, не өзге де жақтағы татарлардан құралады. Олардың арасындағы аздаған молдалар Ресейлік немесе татар молдаларынан құралады. Олар жазу, сызу біледі және діни қызметші, хатшы немесе қырғыз ақсүйектері арасында кеңесші болып танылған»* [11, 197 б]. Әрине, бұдан

қазақтар ислам дінімен тек патшалық Ресей тұсында танысты деген ой келмеуі керек. Қазақ жеріне ислам діні VII ғасырда келіп, X ғасырда орныға бастады. В.В.Бартольд: «Исламды қабылдаған ханның резиденциясы Қашқария болғанын көрдік, оның немересі Богра-хан Харун б. Мұса Баласағұн қаласында өмір сүріп, сол жерден Мавераннахрды жаулап алуды өз мойнына алды» деп айтады [12, 61 б]. Ал Орынбеков болса, «Мұсылманның идеялық бейнесі дала тұрғындарының басым көпшілігі үшін тартымды болып шықты, ол қоғамды консолидациялау және оны жалпы мәселелерді шешуге жұмылдыру үшін басты тұлға бола алды» деп ислам дінінің қазақтар үшін маңызын дәйектеп өтеді [13, 161 б].

Иоганн Готлиб Георгийдің жоғарыдағы жазбасында біріншіден, қазақтардың мұсылмандық діни сенімді әлі толық игермегендігі, оның үстіне толық сауатты емес екендігі жөнінде ақпарат береді. Екіншіден, қазақтардың арасында Ресейлік, не өзге де татар молдалардың қызмет атқаратынын және олардың аз екендігі, молдалардың үш түрлі функция атқаратынын жөнінде айтылған. Молдалар жазу, не хатшылық қызмет жасай алатыны, діни қызмет, қазақ ақсүйек арасындағы беделді қызметші, не өзге де саяси процестерге әсер ете алатын лауазым иелері ретінде танытылады. Келесі мәселе – қазақтардың діндарлығына тікелей әсер етуші Түркістан өлкесінен келген діни қызметкерлер. «Заметки от Киргизах» атты еңбекте қазақтар туралы мынадай мысал келтіреді: *«Қазақтар Мұхаммед дініне өте нашар сауатсыз және ырымшыл, оларда ешқандай мешіт, не мектеп жоқ, діни рәсім қызметкері молдалары мүлдем аз, не мүлдем жоқ. Молдалары да өте сауатсыз. Мұндағы қырғыздар жаза да, сыза да алмайды»* – деп тұжырымдады [14, 62 б]. Дәл осындай жазба қалдырған – Петербург ғылым академиясының мүшесі зерттеуші Иоганн Петер Фальк. Ол батыс Сібір, оңтүстік Орал және Қазан аумақтарындағы мұсылмандардың хал-ахуалымен танысқан. Жалпы, Иоганн Петер Фальктың бірнеше үлкен мәселеге назар аударды. Біріншіден, қырғыздардың төмен деңгейдегі діндарлығы, оның ішінде мұсылман дініне деген қатынасының төмендігі, сонымен қатар сауатсыздығы, екіншіден, дін қызметкерлерінің аз болуы және бола тұра дін қызметкерлерінің сауатсыз болуы жайында. Ғибадат орындарының санының аз болу нәтижесі жоғарыдағы зерттеуші Иоганн Готлиб Георгийдің пікірін қуаттай түседі. Екеуі де – ОМДБ құрылмай тұрып жазылған зерттеулер. Осы тұста, Ресейдің ең танымал оқу орындарының зерттеулері қазақтардың діндарлық деңгейлерінің ислам дініне деген қатынасының төменділігін тұжырымдады және қазақтардың арасында ислам ықпалы төмен деген қорытындыға жетеледі. Өз кезегінде мұндай тұжырым қазақ даласына жаңа өзгерістерді енгізуді ғылыми тұрғыдан негіздеді. Алайда бұл зерттеулер қазақ мұсылмандығын терең мәнін аша алмайды, тек сыртқы сипаттарына, құлшылық орындары мен молдалардың санын есепке алды. Сондықтан, мұндай зерттеулердің толық шындыққа жанаса бермейтіндігін және қазақ даласындағы діни ахуалдың шынайы бейнесі ретінде қабылдауға келмейді. Осы орайда аталмыш пікірлерді терістейтін тарихи жазбалардың бар екенін ескеріп, салыстыра кеткен жөн. Ағылшын саяхатшысы Энтони Дженниксон «Қалалар Таскент

[Ташкент] және Каскайре [Қашқар] деп аталады, ал Ташкентке қарсы соғысатын адамдарды Мұхаммед заңының кассақтары [қазақтар] деп атайды» [15, 55 б].

1736 жылы Әбілхайыр ханның ордасына саяхаттап барған Джон Кэстль қазақтардың мұсылмандығының берік екендігін жазады [16, 14 б]. Джон Кэстль «Олардың діні, немесе сенімі, қысқаша айтқанда, олар күніне бес рет жуынып, тізерлеп, бастарын жауып намаз оқиды. Олардың құдайларын қастерлеу мұсылман әдеті бойынша балаларын сүндетке отырғызуымен де расталады. Бірақ сонымен бірге олар өте ырымшыл және мен бұрын-соңды екі рет айтқан барлық сиқырларды өте жақсы көреді... Оларда діни қызметкерлер өте аз және олар аздап оқып, жаза алатындығымен және қамысты таяқшаны сүрмеге анда-санда батырып өз мәтіндерін оңнан солға қарай жазатындығымен ерекшеленеді (Indianische Dinte). Олардың құқықтық жүйесі жазбаша ережелер мен заңдарға сәйкес келеді, бірақ Құранға негізделген (Alcoran). Бас діни қызметкер немесе ахун (Agun) ақсақалдарға Құраннан тиісті мәтінді оқиды, содан кейін олар мәселені талқылап, шешім шығарады» деп жазба қалдырған [16, 106–107 б]. Осы жерден біз қазақтарда Әбілхайыр хан тұсында ахундық қызмет болғанын және халықтың ислам дінімен таныс болғанын көре аламыз. Алайда бұл мәтін жоғарыдағы орыс зерттеушілерінің дін қызметкерлерінің аз болғандығын растайды. Дегенмен олардың қазақтардың исламнан алыс болды деген тұжырымдарын жоққа шығарады. Жалпы ислам дінінде діндарлықтың деңгейін бағамдауда бес уақыт намаздың орындаудың маңызы зор. Діндарлардың көбісі өздерінің діндарлық деңгейінің төмен немесе жоғары екенің көрсеткіші ретінде намазды орындауына қарайды [17, 600 б]. Құран кәрім мен хадистерде де намаздың маңыздылығына аса мән береді. «Ниса» сүресі 103-аятта «Қашан намаз өтеп болсаңдар, Алланы тұрып, отырып және жатқан бойда еске алыңдар. Қашан тынышталсаңдар, онда намазды толық орындаңдар. Өйткені, намаз мүміндерге белгілі уақытта парыз қылынды» және «Бақара» сүресі 3-аятта «Сондай олар көмеске иман келтіреді, намазды толық орындайды, өздеріне берген несібемізден (Алла жолында) пайдаландырады» деп намаздың маңыздылығын айтады [18].

Діндарлықты бағалау шаралары патшалық лауазымдылары мен интеллекттері арасында қазақтар мен татарлардың портретін салыстыруға алып келді. Олардың пікірінше, қазақтар – еркін, оңайшылықпен әкімшілікке бағынбайтын, сауатсыз, келісімге келуі қиын, мәдениеті төмен, мұсылмандықтан алыс, шамандыққа жақын деген кейіптегі образ қалыптаса бастады. Ал татарлар – тез бағынады, билікке адал орысша және мұсылманша хат таниды, ымырашыл, діндар, саудагер, бейімделгіш ретінде танылды. Нәтижесінде, қазақтарды да осы татарлардың діндарлық бағытына бұру жемісті, әрі патша әкімшілігі үшін қолайлы деген тұжырым нақтыланды. Патшалық Ресейдің XVIII ғасырдың соңындағы «исламдандыру» ұстанымы осы бағытты бетке алған. Мұны, жоғарыдағы және өзге де қазақтардың діни сенім мен тұрмыс тіршілігіне қатысты зерттеулер мен жазбалар айғақтайды. Ал II Екатерина кабинеті өзге діндегілерге қатысты өзгерістер енгізерде зерттеушілер мен лауазымды адамдардың пікірлерін ескеріп отырған.



Жоғарыда келтірілген қазақтардың діндарлығы жайлы зерттеулер сериясы мен қазақтар мен татарларды салыстыру әрекеттері патшалықтағы мұсылмандық институттардың қызметіне әсер етті. Нәтижесі, татарлар мен башқұрлардан құралған молдалар легін қазақ даласына кіргізуіне түрткі болды. Молдаларды кіргізу арқылы қазақтарды қолдан исламдандырып башқұр және татар үлгісіндегі әкімшілікке икемді мұсылман қазақтарды қалыптастыру мақсат етілді. Яғни, патшалыққа икемсіз көшпелі әрі «дінге берік емес» қазақтардан гөрі дінге және діни басшыға мойын ұсынатын қазақтарды тәрбиелеу тиімді саналды. Ал дінбасыларды мемлекеттің өзі тағайындап, өздеріне қолайлы адамдарды жөнелтпек болды. Сонда Ресей патшалығы дін басылар арқылы қазақтарға ықпалы одан да қатты күшейе түседі. Бұл II Екатерина тұсындағы жаңаша отарлау тәсілі болды. Мұны кейбір қазақ ағартушылары байқап, сынады. Мысалы, Ш.Уәлихановтың татар молдалардың қызметін сынауын айтып өту керек: «Ал біздің Сібірде үкімет мұсылмандықты қамқорлыққа алды, соның арқасында біздің облыста ислам ада жайылып, етек алып отыр. Бүкіл қырда татардың шала молдасы көбейіп, Орта Азиядан келген әулиелер қаптап кетті... Әсіресе, татар семинаристері қазақтарды соқыр наныммен шырмап, дінге бас шұлғытты...» [19, 24 б]. Ш.Уәлиханов сол кездегі патша өкіметінің молдаларын ғылым мен білімнен гөрі соқыр сенім мен фанатизмге бейім дей отырып, діни отарлауға қарсылық танытты.

Мұсылмандық басқару мәселесін зерттеуде саяси оқиғаларға тоқталмай өту – жұмыс тақырыбының толық ашылуына тежейді. Әсіресе, ОМДБ құрылмай тұрып, Ресей аумағында кең көлемді қамтыған көтерілістердің орын алуы этноконфессиялық саясатқа бірқатар әсері болды. Зерттеуші С.В.Шевченко *«Пұтқа табынушы халықты христиандандыру біршама табысқа жетті. Алайда мұсылмандарға ол қатты кері әсер етті. Башқұр көтерілісінің сериялары христиандандырудың негізгі салдарлары және 1773 – 1775 жылдардағы шаруалар көтерілісі кезеңіндегі үлкен көлемдегі күш алған халықтық қозғалыстың қорқынышы Ресей билігін діни сенім саясатын қайта қарауға мәжбүрледі. Жалпы тап осы кезеңде өзге конфессияның өкілдеріне қатысты лоялдылық көбірек көрініс берді»* деп тұжырымдаса [20, 132 б], зерттеуші Н.Емельянова *«1773 – 1775 жылдары патшалық Ресей көлемінде Пугачев көтерілісінің орын алып кетуі әрбір халықтың сенімі мен дәстүріне қатысты байыпты саясатты ұстануды талап ететінін көрсетті. Әсіресе, бұл мәселе көшпелі далаға аса қатысты болды. II Екатерина әкімшілігінің Пугачев көтерілісіндегі жағымсыз тәжірибесі әртүрлі халықтарды христиандандыруда мұқияттылықты талап еткендігін көрсетті»* деп бағалайды [14, 63 б]. Яғни, дін саласындағы өзгерістердің орын алуына аталмыш зерттеушілер патшалық аумағындағы көтерілістер мен толқулардың орын алуы мен күшеюін келтіруде. Саяси ахуалды реттеу біріншіден, діни сенім бостандығын жариялады, екіншіден, ықпалды жүйе ретінде мұсылмандық институттар пайда болды. Мұнда «не себепті саяси істерді дін саласындағы өзгерістер арқылы реттеуге тырысты?» деген заңды сауал туындайды. Дінтанулық зерттеудің негізгі ерекшелігі

ретінде діннің құрылымдық және функционалдық қызметінің көрінісін анықтау мүмкіндігін қарастырсақ, сол кездегі шіркеу мен мұсылмандық институттардың рөлінің өзгеріске түсіп жатқандығын анықтауға болады. Дін егер өзінің қандай да бір функциясын дұрыс атқармаса, оның қоғамдағы ықпалы азая түспек. Ал ықпалы азайған діни конфессияның патшалық Ресей үшін саяси маңызы кемиді. Патшалық әкімшілігі православиеге өз өмірін тоқтатқанша қолдау білдірді. Діни төзімділікті жариялағанға дейін бұл өте ашық түрде және күшпен жүргізілді. Христиандандырудың артында да осы православиенің таралуына жағдай жасап, патшалықтың барша халқына ықпалды жүйе қалыптастыру мақсаты тұрды. Алайда православиені көзсіз қолдау оның жағымды келбетіне теріс әсерін тигізді. Әсіресе, мұсылмандар арасында мұның кері көрініс беретіндігі көрінді. Яғни, діннің негізгі біріктіруші және ажыратушы, дүниетанымдық, реттеуші, жұбатушы функциялары православиенің қоғам арасындағы беделін төмендетті. Бұл үрдіс мұсылмандарды жұбатпады, орнына православиеге де, патшалыққа да қарсы көңіл-күй қалыптастырды. Ал патша билігі мен орыс ұлтына «кәпір» деген көзқарасты қалыптастырды. Мұндай жатсыну мұсылмандарды басқарып, сакрализациялауда православиенің орнын мүлде жоққа шығарды, көтерілістер мен толқуларға қосылуға итермеледі. Өз кезегінде, бұл әр діннің өзінің функционалдық қабілеті жоғары кеңістікте қолдану керектігін патша әкімшілігіне дәлелдеп берді. Яғни, мұсылмандар тұратын кеңістікте православиенің басқаруға көмек беретін қызметтерін қолданудың тиімсіздігін айқындады. Нәтижесінде, билік өзіне ыңғайлы, нақты функционалдық қабілеті бар жүйені дамытуға мәжбүр болды. Мысалы, С. М. Соловьев өзінің «Ресей тарихы» еңбегінде қасиетті Синодтың Қазан қаласында мешіт салынып жатқанына патшайымға шағымданғандығын және оған II Екатерина былай жауап бергендігін келтіреді: *«Қалайша жоғарғы құдай жерде барша сенімдерге, тілдерге және нанымдарға төзімділік танытса, бұл да оның еркі және қасиетті ережесіне ұқсайды емес пе? Бізге бағыныштылармен арқашан махаббатпен келісім патшалық құрсын деп тек соны тілейміз және солай жасалынады»* деп жауап береді [21, 112–113 б]. Яғни, билік шіркеудің шағымын қанағаттандырмады. Керісінше, ислам дінін ресмилендіріп, патшалық үшін мұсылмандық дәстүрдің оңтайлы тұсы назарға алынды. Мұны II Екатеринаның мұсылмандық дәстүр жайлы мынадай пікірінен аңғаруға болады: *«Осындай үлкен империяға бейбітшілік өте қажет. Біз халыққа, тұрғындарға мұқтажбыз, оны босатуға емес біздің кең байтақ даламызға халықты құжынатуда мәжбүрлеңдер, әрине, бұл мүмкін болса. Бұған жету үшін біздің христиан емес халықтарымызды біздің сенімімізді қабылдауға мәжбүрлеу пайдалы болады деп ойламаймын.»* [22, 627 б].

Ал енді осы тұста қазақтардың діндарлығы төмен және исламға деген қатынасы енжар деп бағалаған зерттеушілердің тұжырымдарының аса дәлдікке негізделмегендігі назарға ілігеді. Егер ислам дінінен гөрі шамандыққа жақын болса, қазақтар арасында исламның ықпалы өте төмен болуы керек еді. Бірақ, патша билігі мұсылмандық басқарманы енгізу барысында, тіпті енгізбей тұрып та, ислам дінінің көшпенді дала халқының

арасында функционалдық қабілетінің жоғары екендігіне көз жеткізген еді. Оған мысал қазақ даласында қызмет атқарған бірқатар татар дін қызметкерлерінің саяси, дипломатиялық бағытта қол жеткізген жетістіктерін алсақ болады. Мысалы, Кенесары ханға жіберілген молда Әлім Ягудинді айтсақ болды. И.И.Завалишиннің «Описание Западной Сибири» (1867) атты жазбасында «Біз өзіміз бұдан жеті жыл бұрын Пелимде 1859 жылы татар молдасы Алим Ягудинді білдік, ол сонда айдауда болған, әйгілі қырғыз сұлтаны Кенесары Қасымовтың бұрынғы кеңесшісі, рухани досы және дипломаты болып 1837 – 1846 жылдар аралығында Орта жүзде қызмет жасады. Осыған ұқсас молдалар алдымен Қазан қаласында мұсылманша тәрбие алып, содан кейін оны Бұхарада аяқтады (ол осы уақытқа дейін Орта Азияда классикалық мұсылмандық білімнің орталығы болып саналады)» [23, 3 б]. Сондықтан, патшалық Ресей зерттеушілері қазақ халқының көшпелі өміріндегі ислам мен татарлардың отырықшы өміріндегі мұсылмандықты салыстыруы нәтижесінде ғана қазақтардың исламға қатынасына баға берді деген қорытынды еріксіз түрде алға тартылады. Көшпелі өмірде діндарлықтың сыртқы формасынан гөрі ішкі мазмұны басым келеді. Ал отырықшылықты ұстанатын мұсылмандарда ішкімен қатар сыртқы діни атрибуттар көрініс береді.

Патшайым II Екатерина әкімшілігі бұдан әрі исламдық институттар қызметін реттеуде солқылдақ саясат жарамайтындығын түсінеді. Сондықтан биліктің ең қатты мән берген ісі патшалықтың отарлық саясатын мойындайтын мұсылмандық басқару институтын жетілдіру болды. Ислам дінінде христиандық шіркеулердегі сияқты нақты сатылы құрылым болмады. Сондықтан, патша әкімшілігі христиандық басқару үлгісіне ұқсас исламдық мекемені дұрыс көрді. Патшалық Ресей және кеңес өкіметі тұсындағы мұсылмандық басқамалар жайлы зерттеулер жүргізген Д.Ю.Арапов *«бұл жерде алдын-ала қандай да бір «антиисламдық» бағытта емес, «биліктік» мүдде мен мақсатты қамтамасыз етуге деген құштарлық болды»* деп тұжырымдайды [24, 19 б].

Ресей патшалығының конфессионалдық саясатының негізгі ұстанымдары ел аумағындағы барша діни институттарды бақылауда ұстауға бағытталды. Патшалық бұл тәжірибені ең алғаш рет патриархтық жүйе жойылған соң орыс Православ шіркеуіне жасап, ол әдіс сәтті іске асқан-ды. 1721 жылы құрылған қасиетті Синод толығымен мемлекеттің мүддесіне сай жұмыс атқарды. Патшалық кейінгі исламдық институттарды бақылау үшін жасаған қадамдарында осы тәжірибені ескереді. Дегенмен исламның православтық шіркеудің құрылымынан өзгешелігі біршама зерттеу жұмыстарын жүргізуді қажет етеді. Сондықтан патша әкімшілігі Осман империясы мен Қырым хандығының тәжірибесіне сүйенуді жөн көреді. Р.Круздың айтуынша, II Екатерина әкімшілігінде қызмет атқарған аудармашы, жазушы Эмин Фёдор Александровичтің еңбегінің әсері болған. Эминнің «Краткое описание древнейшаго и новейшаго состояния Оттоманской Порты» атты еңбегінде Осман империясында дін ісін шейхислам титулы бар уәзір басқаратындығын және оның мемлекеттік істерге араласпайтындығын айта келе, «Шейхисламды

түріктер мүфти деп атайды... Егер сұлтан бір елмен соғысқа баратын болса, шейхисламның «фетва» деп аталатын рұқсаты керек» [25, 26 б] деп көрсетеді. Д.Ю.Арапов Орынбор мүфтилігінің құрылу барысындағы сүйенген деректердің қатарына 1722 жылы жарық көрген Д.Кантемирдің Османдық мүфтияты жайлы сипаттаманы қамтитын еңбегін және Мәскеу университетінің профессоры Ф.Е.Дильтейдің еңбегін келтіреді [24, 68 б]. Ф.Е.Дильтейдің «Детский атлас о Венгрий и Турций» атты оқулығында Османлыдағы мүфти мұсылмандардың басшысы болғанымен сұлтанға бағыныштылығын келтірген. Сонымен қатар Д.Ю.Арапов Ресей әскери басшыларының Қырымдағы мүфтият жүйесімен таныс болғандығын алға тартады. 1783 жылы Қырым Ресей патшалығына қосылғаннан кейін алты жылдан соң ОМДБ құрылғандығын ескерсек, осы уақыт аралығында патша әкімшілігі Қырымдағы мұсылмандық басқарудың іс жүзіндегі тәжірибесі жайлы біршама мәліметтермен танысып үлгергендігі анық. 1785 жылғы II Екатеринаның «қазақ даласында мұсылмандық мектептер мен мешіттердің құрылысы, сол мектептерге арналған «қырғыз тіліндегі» оқулықтарды басып шығару және татар молдаларын қазақ ауылдарына жіберу жайлы» жарлығы шығады [26, 33 б].

Ресей патшалығының Осман империясымен ара-қатынасының шиеленісуі де діни басқарманы құруға себеп болды. XVI-XXI ғасыр аралығында Ресей патшалығы мен Осман империясы арасында 12 рет ірі соғыс орын алған. Кезекті 1768–1774 жылғы Ресей мен Османлы арасындағы соғыста Кючук-Кайнарджи атты бейбіт келсім жасалады. Аталмыш бейбіт келісімнің үшінші тармағында барлық Қырым татарлары екі тарапқа да тәуелсіз деп танылса, ал Осман сұлтаны мұсылмандардың халифы ретінде мойындалды [26, 29 б]. Осы тұста, патша әкімшілігі тарапынан Ресейге бағынышты мұсылман халықтардың санасындағы «бүкіл мұсылмандардың халифы Осман империясының сұлтаны» деген түсініктің орнына басқа тұлғаны, яғни патша билігіне тәуелді фигураны қалыптастыру керек деген тұжырым алға тартылды. 1784 жылы II Екатерина Қырымның Ресей патшалығына қосылғандығын жариялады. Бұл Кючук-Кайнарджи бейбіт келісімінің бұзылғандығын көрсетіп, Ресей патшалығы мен Османлы мемлекетінің ара-қатынасы шиеленісті жағдайға қайта түседі. Екі алып мемлекеттің арасында қарулы қақтығыспен қоса идеологиялық текетірес жүріп жатты. Осман империясы Орта Азия хандықтары мен қазақ даласында діни негізде патшалық Ресейге қарсы көңіл-күй қалыптастыру жұмыстарын жүргізді. Түрік зерттеушісі «Патшалық Ресейдің басқаруындағы түріктер Осман империясымен қарым-қатынастарын мүмкіндігінше үзубеуге тырысты. Осман мемлекеті тату көршілік және ішкі істерге араласпау қағидасымен олардың мүмкіндіктерін әр уақытта қарастырып, мезгіл-мезгіл қаржылық және моральдық қолдау көрсетіп отырды» [27, 561 б]. Е. Рамазанның «Қазақ мәдениетіндегі ислам дінінің рөлі (XVI-XVIII ғасырлар)» атты зерттеуінде Қазақ ханы Қайыптың Осман сұлтаны Ахмедке жазған хатын келтіреді [28, 7 б]. Сонымен қатар Ресейдің ең ірі мұсылман мемлекеті Османлыға қарсы соғысы патшалыққа бағынышты мұсылмандар тарапынан үлкен сынға түсті.

Ресей және Орта Азия аумағындағы мұсылмандар арасында патша өкіметіне қарсы көңіл-күйдің артуына исламның бес парызының бірі қажылықты орындаушылардың ықпалы да болды. Олар қажылық жасау барысында мұсылмандар үшін қасиетті мекен Мекке мен Мәдина және тағы басқа Осман империясының қарамағына қарайтын қалаларды басып өтететін. Қажылық жасаушылардың мұсылман елдерінің тыныс-тіршілігімен жақын танысып, дүниенің әр елінен келген мұсылмандармен бірге діни рәсімдерді орындауы мен түрлі уағыз-насихаттарға қатысуы – олардың діни негіздегі бауырластықтарының артуына әсер етті. Зерттеуші Д.А.Алиева В.В.Бартольдқа сілтеме жасай отырып, Ресей патшалығындағы мұсылман қауымының дамуын екі кезеңге бөлді. 1552–1789 жылдар аралығын қамтитын бірінші кезеңде Ресей патшалығына бағынышты мұсылмандардың жағдайы Осман империясындағы христиандардың жағдайынан әлдеқайда ауыр болғандығын айтады [29, 103 б]. Сондықтан, әлемді шарлап, өз ахуалдарын өзге елдермен салыстырып қайтқан қажыларда Ресей патшалығының мұсылмандарға деген қатынасына айыптаушылық пікірлердің қалыптасуы қалыпты жағдай деп айтсақ болады. Ал Осман империясының қасиетті мекендерге биілік жүргізіп, өз қамқорлығына алуы әлем мұсылмандарының Осман империясы жайлы жағымды пікірде болуына әсер етті. Османдықтар мұсылман халықтарының Ислам дінін ұстанбайтын отаршыл еуропа елдерінің жаулап алушылық әрекеттерінен арашалайтын жалғыз күш ретінде қабылданды. Орта Азиядағы Ресей саясатын зерттеуші А.А.Салиев Ресей зерттеушісі В.П.Литвиновқа сілтеме жасай отырып, «Жыл сайын он мыңдаған мұсылман осы түрік билігіне қарасты қасиетті орындарға қажылыққа барды. Орталық Азиядағы мұсылмандардың ешқандай ерекшелігі болған жоқ, дегенмен бұл өңірде теміржолдар салынғанға дейін, Ресейге қосылмай тұрып, аймақта аз ғана адам қажылықты орындады. Осылайша, Орта Азиядағы ислам дінін ұстаушылардың қажылығы Османдық империяның геосаясатындағы діни фактордың өсуіне себеп болды» - деп жазады [30, 75 б].

Патша билігінің шекаралас Бұхара, Хиуа хандықтарымен дипломатиялық қарым-қатынасы да аса жақсы емес еді. Олар да Ресей патшалығының біртіндеп оңтүстікке қарай кеңейіп, бекіністер санын арттырып, өздеріне қарай жақындап келе жатқандығын білетін. Қазақ даласындағы Ресей билігінің постсекулярлы мұсылмандық саясатын зерттеуші И.А.Речкина қазақ даласында аталмыш Орта Азиялық ислами орындарында білім алған уағызшылардың саны басым екендігін алға тартады [31, 80 б]. Ал олардың уағыз-насихаты көп жағдайда антиимпериялық сарында болды. Сондықтан патша билігі Орта Азия мұсылман елдерінің патшалық құрамындағы мұсылмандарға ықпалын азайту қажет деп ойлады. Бұл - ОМДБ құрылуының сыртқы факторы.

Патшалыққа бағынышты мұсылман халықтары арасында оппозициялық көзқарас таратып жүрген «заңсыз» уағызшылар белсенділігі байқалатын. Олардың көбісі мұсылман елдің өзге дін ұстанатын елге бодан болмауына шақыратын. Мысалы, Орал өңірінен қашып келген татар Хасан молда мен оған ерген шәкірттері билікті айыптайтын үгіт-насихаттарын қазақ ақсүйектері

арасында таратып, патша әкімшілігіне қарсы көзқарас қалыптастыруға тырысқан. Орынбор өлкесінде уағыз-насихат айтып, халық арасын аралап жүретін көшпелі молдалар болған. Өлке әкімшілігі мұндай молдаларды толық бақылауға алу қиын және олардың саяси биліктің алдында ешқандай жауапкершілігі жоқ екендігін алға тартып, мұндай молдалардың қызметін бақылау жүйесін дамыту қажеттілігін айтады. Ол жайында Ф.А.Адилова «Қазақ қоғамының саяси өміріндегі Орынбор мүфтилігінің орны мен қызметі» атты еңбегінде: «Генерал-губернатордың хабарламасында «қаңғыбастар» деп аталған көшпенді молдалар мемлекетке шынайы қауіп төндіруші элементтер екені, ал үкімет дін бостандығын жариялай отырып, мұсылман дінбасылары секілді ықпалды әлеуметтік топтың іс-әрекетін ескерусіз қалдырғаны жайлы баяндалады» – деп көрсетеді [32, 20 б]. Өз кезегінде бұл патша әкімшілігі үшін аталмыш уағызшылардың жұмысын орталықтандыру және билік тарапынан қадағалау алудың күн тәртібіндегі мәселе болғандығын көрсетеді.

Патшалық құрамына жаңа аумақтардың қосылуы нәтижесінде мұсылмандардың саны айтарлықтай өскен еді. Олардың ұлты әртүрлі болғанымен діндері ислам болатын. Сондықтан, олардың діни негізде бірігушілік мүмкіндіктері арта түседі. Патшалық аумағында мұсылмандар үлкен күшке ие болады. Мұны ОМДБ-ны құрудың ішкі факторына жатқызуға болады. Мұндай жағдайда, патша билігі өзіне бағынышты мұсылмандармен ортақ тіл табысудың маңыздылығын сезінді. Алайда биліктің ескі саясаты бұл мәселені іске асыруға жарамсыз еді. Әсіресе, патшалық құрамына қосылу процесіндегі қазақтардың Ресей әкімшіл жүйесіне бейімделуі қиындықтар тудырды. Патшалық Ресейдің шенеуніктері мен офицерлері жергілікті тұрғындармен қарым-қатынас жасауда үлкен қиыншылықтарға ұшырады. Оның бірнеше себептері болды. Ең алдымен, қазақтар арасында орыс тілін еркін меңгерген адамдар аз еді. Сонымен қатар қазақтар өзге дін өкілі болған орыстарға бағынуға бірден дағдылана алмады. Өз кезегінде бұл қазақтарды патшалықтың әкімшіл жүйесіне бейімдеу үшін басқару құрылымдарын жетілдірудің қажеттелігін көрсетті. Бір мысал ретінде Сырым Датұлы бастаған көтеріліс кезінде Ресей әкімшілігі көтерілісшілермен діни қызметкер – Мұхаммеджан Хұсайыновты ортаға салып келіссөздер жүргізгендігін айта аламыз. Мүфтилікке келмес бұрын М. Хұсайынов қазақ даласында патша әкімшілігінің тапсырмаларын сәтті орындап, қазақ ақсүйектерімен жақсы қатынас орната біледі. Өзінің дипломатиялық шеберлігі арқасында қазақ рулары арасында беделге ие болып, оның қызметі патшайым алдында жоғары бағаланады. Ахун кейінгі құрылған ОМДБ-ның алғашқы мүфтиі болып тағайындалды. Осы тұста, ОМДБ алғашқы мүфтиі болып қазақ даласында жұмыс атқарған ахун М.Хұсайыновтың тағайындалуы – патшалық әкімшілігінің ОМДБ құрудағы ең басты себебі қазақтарды басқару тетігін жетілдіру мақсатында болғандығын көрсетеді. Өйткені, ОМДБ ең ықпалды қызметкері ретінде қазақ даласында бірнеше жыл қызмет атқарған,

қазақтардың ішкі-сыртқы жағдайларынан хабардар адам тағайындалды. Бұл өз кезегінде ОМДБ-ның сол кездегі басты қызметі қазақ даласына бағытталатынын білдірсе, ал ОМДБ мүфтиі 1797 жылы ұйымдастырылған хан кеңесіне жетекшілік етіп, қазақ даласында ықпалды саяси әрі діни тұлғаға айналуы осының айғағы. Жалпы, М.Хұсайынов секілді татар дін қызметкерлерінің қазақ даласындағы қызметіне арнайы тоқталу, зерттеу жұмысын тереңірек ашуға мүмкіндік береді.

О.Игельстромның Орынбор өлкесіне басшылық қызметке келгеннен соң бір жыл өткеннен кейін 1785 жылы М.Хұсайынов шекаралық экспедицияға (патша билігі тарапынан 1782 ж. құрылған қазақтар мәселесімен айналысатын құрылым) ахун болып тағайындалды. Ахун қазақ старшындарымен және С.Датұлымен болған келіссөз барысында белсенділік танытып, билік алдында бедел беретін бірқатар жетістіктерге қол жеткізеді. Ол бірнеше рет старшиналар жиналысына қатысып, старшиналар мен сұлтандарды билікпен ымыраға келуге шақырады. Атап айтқанда, 1785 жылы Кіші жүздің 208 старшинасы, 1786 жылы 7 сұлтаны мен беделді 168 старшинасы, 1787 жылы 5 сәуірде 214 старшинасы патшайым II Екатеринаға адал болуға ант қабылдайды. Төртқара руынан тарайтын Қара-көбек және Шұбар ауылының билері ахунға былай деп жазады: «Біздің дала халқымыз Ресейге адал және осы адалдығымызды және антымызды қасиетті Құранмен растаймыз» [33, 148–160 б]. Осы жұмыстардың нәтижесін қорытындылай келе, ахун 1786 жылы мамыр айында О.Игельстромға «қазақтар өз еркімен адал болуға және көршілермен бейбіт өмір сүруге келісті» деп жеткізеді. Ахунның қызметіне разы болған барон О.Игельстром М.Хұсайыновқа жаңа басқару реформасын енгізу барысында туындайтын мәселелерде өз еркімен шешім қабылдауына рұқсат береді. 1786 жылы «Ерекше адал қызметі үшін» ахунның жалақысы екі есе өсіп, жылына 300 рубльге жетсе, Ал дәл осы жылы патшайымның тапсырмасымен ахунның жалақысы тағы 200 рубльге артып, өлкенің бас ахуны лауызымына тағайындалады.

Жоғарыдағы айтылған ой-пікірлерді жүйелей отырып төмендегідей ғылыми тұжырымдарды алға тартамыз:

- ислам дінінің патшалық тарапынан қолдау табуына биліктің қазақ даласындағы және өзге де мұсылман халықтардың діни ахуалын бағалауы мен соған қатысты ұстанымдары әсер етті. Ресейдің ең танымал зерттеушілерінің қорытындысы қазақтардың діндарлық деңгейлерінің ислам дініне деген қатынасының төменділігін тұжырымдауы қазақтардың арасында исламның ықпалы төмен деген қорытындыға жетеледі. Өз кезегінде мұндай тұжырым қазақ даласына жаңа өзгерістер енгізу ғылыми тұрғыдан негіздеді;

- патшалық Ресей зерттеушілері қазақ халқының көшпелі өміріндегі ислам мен татарлардың отырықшы өміріндегі мұсылмандықты салыстыруы нәтижесінде ғана қазақтардың исламға қатынасына баға берді. Ал отырықшы

мұсылмандықта ішкімен қатар сыртқы мешіт-медресе секілді діни атрибуттар нақышталып көрініс береді;

- шоқындыру саясатын қатты ұстанатын патшалық Ресей үшін II Екатерина билік құрған кез дін саласында күтпеген өзгерістерге толы болды. II Екатерина тұсындағы саяси, діни-әлеуметтік ахуалды зерделей келе биліктің мұндай қадамға баруына негіз болған бірнеше себептер анықталды. Оның ішінде, Орынбор мүфтилігінің құрылуы мен ислам дініне мемлекеттік тұрғыдан мәртебе берілуіне қатысты мынадай себептерді тізіп айтсақ болады:

- патшалық аумағындағы мұсылмандырдың патшалықтың әкімшіл жүйесіне бейімдеуді және қазақ даласын патшалық құрамына қосуды тездетуді мақсат етті. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін қойылған міндеттерді іске асыру үшін мұсылмандық басқаруды жетілдіру қолға алынды. Сонымен қатар патша зерттеушілері тарапынан қазақтардың ислам дініне қатынасы мен мұсылмандығы төмен деп бағалануы қазақтарды «татарлық» үлгідегі исламдандыру арқылы жуасыту жоспарын өзектендірді;

- Осман империясы мен Орта Азия хандықтарының Ресей патшалығы аумағындағы мұсылман халықтарына ықпалын әлсірету қажеттілігі туындады. Ол үшін патшалық Ресейдің өз мүддесіне сай келетін мұсылман діни кадрларын тағайындау мен оларға мәртебе беру, оларды басқаруды үйлестіруге және патшалық аумағындағы заңсыз уағызшылардың қызметін тоқтатуға күш салу керек болды;

- Патшалық құрамындағы мұсылмандардың патша әкімшілігіне деген көзқарасын жақсарту, яғни алдыңғы зорлап шоқындыру әрекеттерін жуып-шаю қолға алынды. Әсіресе, II Екатерина билігіне дейін зорлап шоқындыру мен мұсылман ғибадат үйлерін қирату әрекеттері патшалықтың «антиисламдық» қырын аса танымал қылып жіберген еді. Сондықтан, II Екатерина мұсылмандардың көзқарасында патша әкімшілігін «жау» емес «дос» кейпін беруге тырысты;

- XVIII ғасырдың соңғы ширегіндегі патшалық аумағындағы көтерілістер мен толқулардың көбеюі патша әкімшілігін халықтарды тыныштандыратын жүйенің қажеттілігін көрсетті;

- осы кезге дейін аса назар салынбай келген бағыттың бірі дінтану бағыты бойынша зерттеу негізінде патшалықтың ислам діні туралы ұстанымының өзгеруіне миссионерлік саясаттың тиімсіздігі, ислам дінінің қоғамдағы ықпалының артуы себеп болды;

- II Екатерина кабинетінің ОМДБ үлгісін жасауға орыс зерттеушілері мен шенеуліктері жазбаларының ықпалы болды. Олардың қатарында Қырым, Осман және қазақ даласындағы діни ахуал мен мұсылмандық басқару жүйесіне қатысты зерттеулер мен тәжірибелер ОМДБ-ні құруда басшылыққа алынды.

## **1.2 ОМДБ-ны бақылайтын мемлекеттік органдардың қызметі мен тәжірибесі**



ОМДБ-ның құрылып, арнайы статус берілуі, мемлекет пен рухани саланың ара қатынасының реттеудің жаңа тетіктерін қажет етті. Алайда мұндағы қатынас тең дәрежеде орын алған жоқ. Билік діни институттарды өзінің отарлық саясатының құралы ретінде қарастырды. Ол үшін патша әкімшілігі бір қатар діни төзімділікті сипаттайтын жарғылар мен іс-шаралар ұйымдастырды. ОМДБ патшалық аумағындағы мұсылмандарды басқарушы құрылым ретінде мемлекеттік аппараттың бір бөлігі саналды. Мұнда қарапайым жүйе бойынша басқару ісі жолға қойылды. Ең төменгі дін қызметкерін – имам, ахун, одан жоғары – мүфти басқарса, ал мүфтилік әр кезеңде патшалықтың әртүрлі органдары арқылы бақыланды. ОМДБ-ға қатысты кез келген жетістіктер мен реформалардың кемшіл тұстары оны бақылайтын органдардың белсенділігі мен жауапкершілігінің көрсеткіші ретінде бағаланды.

Патша әкімшілігі ОМДБ-ға қатысты министрлік құрылымдарының екі кезеңдік реформасын өткізді. Бірінші, ХІХ ғасырдың басында министрлер кабинетінің кадрларының өзгеруі арқылы көрініс тапты. 1802 жылы 8 қыркүйектегі манифесттің қабылдануымен сегіз түрлі бағыттағы министрліктер құрылған еді [34, 8 б]. Министрліктер арасында Ішкі істер министрлігі православиеден өзге дін істері, оның ішінде мұсылмандық мәселелері қаратылды. Бастапқыда министрліктер комитетінің құзыреті мол болды. Олар өз жоспарлары мен жетістіктері жайлы сенатқа есеп бермейтін. Дін ісіне қатысты барлық мәселелер Ішкі іштер министрлігі қарауына келіп түсетін. Кейде патша кеңсесіне де жолданатын. Мұнда ең өзекті және күрделі мәселелерге де қатысты істер қаралатын. Патша канцеляриясы патшалық Ресей аумағындағы барлық бағынышты құрылымдармен байланыс жасауға құзыретті басқарма саналды. 1802 жылғы министрліктер мен өзге де мемлекеттік құрылымдарды жетілдіруге бағытталған манифест бойынша жасалған жұмыстарға қатысты шағымдардың көбейе түсуі тағы да өзгерістерді талап етті. Патшаның бұйрығымен мемлекеттік құрылымдарды қайта қарайтын заңнамалық актілерді дайындау М.М.Сперанскийге міндеттелді. 1810-1811 жылдары аралығында М.М.Сперанский өз жобасын аяқтады [35, 179 б]. Министрліктердің саны он екіге дейін көбейтілді. М.М.Сперанский арнайы түрде өзге сенімдегілердің рухани істері бойынша бас басқармасын құру арқылы барша ұйымның жұмысын реттеуді ұсынды. Аталмыш ұсыныс бойынша 1810 жылы 25 шілдеде басқарманың құрылуы жайындағы манифест қабылданды [36, 174 б]. 1802 жылы 8 қыркүйекте қабылданған манифестке сай министрлер корпусы сенатқа есеп беруі тиіс еді. Сенат министрлердің жұмыстарына баға беріп бақылайтын және олардың берген ақпараттары мен есептерін талқылап, қорытындыларын патшаға жолдайтын. Алайда бұл жүйе толығымен ережеге сай жұмыс жасаған жоқ [3, 59 б]. Министрлер сенатқа есеп берместен немесе жұмыс нәтижелері мен жоспарларын тікелей патша кеңсесімен байланыс жасау арқылы іске асыру фактілері жиі орын алатын. М.М.Сперанскийдің жасаған реформалары патшалықтың өзге жоғары лауазымды тұлғалары тарапынан бірқатар сынға ұшырады. Мұндай сынның кейбірі ШСРІББ-ға қатысты да орын алды. Мысалы, Мемлекеттік кеңес мүшесі В.Д.Трошинский өзінің императорға бағыттаған баяндамасында

кеңселік басқарудың енгізілуі жеке шенеуліктердің құзыреттілігі артып, оларды өндіріс барысында істің тез немесе баяу жүруіне әсерінің мол екендігін баяндайды. Нәтижесінде, олар өздерінің мүдделерін мемлекеттің ісімен шатастырып, жұмыстың ашықтығы мен өнімділігін төмендетті деп бағамдайды [37, 80 б]. Мұндағы В.Д.Трощинскийдің меңзегені министрліктердің саны артқанымен жұмыс істеудің деңгейінің сол дәрежеде қалуын көрсетуде. М.М.Сперанский реформа жасаудағы кем тұстарын және жүзеге асу барысында толығымен қанағаттандырмағандығының мынадай себептерін көрсетеді: Біріншіден, министрліктер құрылғанымен олардың жұмыстары әлі толығымен бөлініп, кадрлар дағдыланбады. Екіншіден, жұмыс істеу барысындағы, әсіресе, басқару ісіндегі жайбасарлық. Үшіншіден, хат жазу дәстүрі және әртүрлі формадағы артық бюрократиялық қатынастың өндіріс барысын қолдан қиындатуы. Төртіншіден, жауапкершіліктің төмендігі [38, 281 б].

1810 жылы құрылған жаңа ШСРІББ-ның жетекшісі ретінде Александр Николаевич Голицын (08.12.1773–22.11.1844жж.) тағайындалды. А.Н.Голицынның атасы В.А.Голицын І Пертдің тәлімін алған. Сондықтан А.В.Голицынның патшалықтағы бұл лауазымды иеленуі аса қиындыққа соқпаған. Оның басқару саласындағы қызметі мен көзқарасы мемлекет пен дін қатынасына әсер етті және бұл саладағы мемлекеттік саясатты үйлестірумен таныла білді. А.Н.Голицын ата тегінің танымалдылығымен Пажеск корпусының тәлімгері ретінде патша сарайымен жақсы қатынаста еді. Бұған дейін патшалықтың бірнеше марапатына ие болған А.Н.Голицын Қасиетті синодты 1803 жылдан басқарып келді. Сенат А.Н.Голицынге үшінші дәрежелі Қасиетті Владимир орденін табыстады. А.Н.Голицынның Қасиетті Синодты басқаруы оның жеке діни көзқарасына және дінге қатынасына мән беру маңызды. Патша сарайына жақын өскенімен Голицын дінге енжар қатынаста болған. А.Н.Голицын дін ісін басқаратын бөлімнің жетекшілігіне келген соң қызметтік және жеке өмір жолының арасындағы сәйкессіздікті қатты сезінген. Өзінің жазбасында А.Н.Голицын «Кейде жас сауық-сайраншыл сол кездегі сүйкімді әйелдердің жақын ортасында мен іштей өзімнің кездейсоқ оғаш хәліме күлгенді қалайтынмын, маған бұл өте қызық болып көрінетін. Ақшақұмар бұл әйел қызметшілер бұл жолы олармен бірге қонақта Қасиетті Синодтың бас прокурорының тұрғаны ойына да кіріп-шықпайтын» [39, 83 б]. Яғни, патша сарайы дін істерін басқаруға дінге индиферентті көзқарастағы адамды тағайындаған. Өз кезегінде бұл мемлекеттің және діни бірлестіктің қатынасында зайырлылық ұстанымдарының пайда болуына жол ашты. Алайда А.Н.Голицынге діни саланы басқару оңай соққан жоқ. 1812 жылы орын алған соғыс патшалықтың бірқатар шенділерін өз қызметіне қатысты белсенділік көрсету қажет екендігіне көз жеткізді. Бұл дін саласын басқарып отырған А.Н. Голицынге де әсерін тигізді. Сондықтан ол шіркеу мен дін қатынасын өзге сенімдегілердің рухани істерін басқаруды үйлестіруде терең білім қажет екендігін түсіндірді. А.Н.Голицынның православие дініне берік болмауы және діни бірлестіктегі қызметін нақты бағалауды қажет деп тануы мемлекет және дін қатынасында басымдылықты тек қана православиеге беруге деген

стериотивті қатынасты қайта қараудың маңыздылығын көрсетеді. А.Н.Голицынға 1810 жылы алдыңғы лауазымы мен құзыреттілігін сақтай отырып, ШСРИББ-ны басқару міндеті жүктелді. А.Н.Голицынның лауазымы 1816 жылы 1 қаңтарда тағы да жоғарылай түсті [40, 39 б]. Ол лауазым халық ағарту министрі қызметі еді. Шенді болған А.Н.Голицын алдыңғы рухани ісі мен жауапкершілікті және жетекшілікті қатар атқарды. 24 қарашада 1817 жылы өзі басқаратын барлық посттағы қызмет түрлерін бір мекемеге біріктіріп, Рухани істер және халықты ағарту министрлігіне кіргізді. Мұнда үш мекеме жинақталды: ШСРИББ; Халықты ағарту министрлігі; Қасиетті Синод [41, 205 б].

Министрлікті құру жөніндегі №27106 манифестте «христиандық ізгілік барлық ағарту ісінің негізін тілей отырып, біз Халықты ағарту министрлігі мен барлық сенімдердің істерін бір басқармаға, Халықты ағарту және рухани істер министрлігі деп аталатын басқармаға қаратуды пайдалы деп таныдық» делінген [42, 814 б]. Министрлікті құру жайлы жарғының он бірінші бөлімінде былай деп мәлімденеді: «Рухани істер және халықты ағарту министрлігі өз қарамағына Ресейдегі барлық сенімдердің рухани істері, білім беруге оқуға қатысты істерді және біліктілікті жетілдіруге қатысты істерді қамтиды» [42, 814 б]. Жаңа министрлікте дін істерін бақылау Рухани істер департаментінің құзыретіне кіргізілді. Департамент құрамында төрт түрлі бөлім жұмыс жасады: Грек-Ресей діни сенімі істері; Рим-Католик, Грек-Униятық және Армияндық діни сенім істері бойынша; Барша протестанттық сенім бойынша; Еврейлік және Мұхаммедтік және өзге де христиандық емес діни сенімдер бойынша істерді қарады. Жарғының 18 бөліміне сай Еврейлік және Мұхаммедтік сенімдерді қарайтын төртінші бөлімі екі «столдан» тұрады, оның бірінші «столы» еврей сенімдерін қараса, екіншісі исламдық сенімге жауапты. Департаменттің басшысы ресми түрде «директор» деп белгіленіп, оның хатшылық «столы» қызмет атқарды. Бұл бөлім осы салада қызмет атқаратын лауызым иелерін марапаттауға ұсыну, қызметке алу, діни ұйымдар жайлы мәліметтер жинақтаумен айналысты.

А.Н.Голицынның 1824 жылы қызметінен кетуімен аталмыш министрлік бірнеше бөлімдерге шашырап кетті. РПТЗЖ-ның №29914 жарғысына сәйкес 1824 жылы 15 мамырда 1817 жылғы бөліністерге қайтадан қалпына келтіру жүргізілді. Министрліктің бұрынғы Рухани істер департаментінің бірінші бөлімі Қасиетті синодқа қаратылды [43, 319 б]. Ол Грек-Ресей сенімдері бойынша рухани істердің синодтың обер-прокуроры қарамағына кіргізілді. Дәл осылай шет елдік сенімдердің дін ісі жеке мекеме ретінде қалпына келтірілді. Екі ведомстваны бөлу іс жүзінде бірқатар уақыттың ішінде орын алды. Халықты ағарту министрлігіне жетекші ретінде А.С.Шишков тағайындалғаннан кейін ол біршама уақыт Шет елдік сенімділердің рухани істеріне жетекші ретінде қоса қызмет атқарды. 1825 жылы 25 қаңтарда №30197 «Министрліктің жалпы мекемелері» атты жарғы қабылдады. Жарғы бойынша ШСРИББ кеңсесі құрылды [44, 34 б]. Кеңсе қызметкерлері директор, үш бөлім басшысы және үш көмекшіден тұрды [45 б]. Шет елдіктердің рухани ісі жөніндегі департаментке 1828 жылы 25 сәуір күні Д.Н.Блудов жетекші ретінде

тағайындалды [46, 435 б]. Бұл тағайындау халықты ағарту министрлігі мен рухани істердің бөлінгендігін анық айқындап берді. Мұндай өзгерістердің орын алуына 1800 жылдың бас кезіндегі мемлекеттік құрылымдардың қайта құрылуы мен жаңа функциялардың қосылуы себеп болды. Жаңа құрылымдардың өзгерісі шенеуліктердің лауазымдарының өзгеруіне алып келді. 1832 жылы Д.Н.Блудов Ішкі істер министрі ретінде тағайындалды. Сондықтан ШСРІББ Ішкі істер басқармасының бір департаментті ретінде кіргізілді. Бұл 1832 жылдың 2 ақпанында шыққан Министрлер кабинетінің №5125 жарғысында қамтылды [47, 53 б]. Діни істер жөніндегі департаменттің құзыреттілігі бірнеше рет өзгерістерге ұшырады. 1837 жылдың 1 қаңтарында грек унияты шіркеулері Қасиетті синодтың қарамағына берілді. 1848 жылы департаменттің құзыреттілігіне тағы бір іс қосылды, ол – иудейлік дініндегі таласты істерге қатысты рабиндік комиссияны бақылау. 1854 жылдан бастап бұл департаментте екі бөлім жұмыс атқарды.

Әр кезеңде құрылымы өзгеріп отыруына қарамастан департамент дін істерін үйлестіруде негізгі мекеме ретіндегі рөлін сақтап қалды. Құрылған күннен бастап, патшалықтың соңғы уақытына дейін департамент бөлімдері артып отырды. Мұхаммедтік деп аталатын бөлім патшалық аумағындағы мұсылмандардың дін істерімен айналысты. 1817 жылдың 24 қазанындағы Діни істер және Халық ағарту министрліктің құрамын бекіту жайлы №27106 жарғыда мұсылмандардың ісін қарайтын бөлім төмендегідей қызмет атқарған:

- мүфтидің тағайындалуы мен қызметтен босауы және соған қатысты шағымдар мен өтініштерді қарастыру;
- Мұхаммедтік діни басқармасының мүшелігіне тағайындалатын үміткерлерді қарау, ОМДБ мүфтиінің ұсынысымен тағайындалатын ахундар мен қазилардың аталмыш лауазымға сәйкестігін тексеріп, мақұлдау;
- молдалардың және өзге де мұсылман дін қызметкерлері қызметтерін бақылау, діни бірлестіктердің мүліктерін үйлестіру, оның ішінде уақып қорларын бақылау да міндеттелді;
- мешіт және өзге де ОМДБ-ға тиесілі ғимараттар саны мен қызметі жайлы ақпараттарды жинақтау, мұсылмандардың дін істеріне қатысты мәліметтерді сараптау кірді [42, 814 б].

Департамент ісі патшалық аумағындағы діни бірлестіктер үшін маңызды саналғанымен оның қызметі енжар орындалғандығы байқалады. Н.Варадинов Ішкі істер министрлігінің 1810 жылы рухани істермен айналысуына қатысты мынадай жазба қалдырады: «Мұхаммедтік дін істеріне біздің билік ұзақ уақыт бойы араласпады. Мұхаммедшілдер еврейлер сияқты өздерінің сенімдерін өзге сенімдегілер арасына таралуына күш салды, ал билік болса, осындай әрекеттерді болдырмауға тырысты. ШСРІББ өз қызметін жаңаша жақтан дамыта алмады. Алайда өзіне бағынышты мекемелерден келіп түскен сұрақтарды қарап, дін қызметкерлерін қызметтен босатып немесе марапаттаумен айналысуға мәжбүр болды» [48, 177 б]. Яғни, департаменттің қызметі және оны басқарған лауазымды тұлғалардың атқарған істері күнделікті туындайтын мәселелердің төңірегінде өрбіген. Жаңа серпінді жұмыстардың орын алуы кем болған. Бас басқарманың қызметін сараптауға

мекеменің дайындаған құжаттары мүмкіндік береді. Бас басқарманың қатысуымен 1789-1810 жылдары арасында төмендегідей қаулылар мен құжаттар қабылданған:

- Уфа Мұхаммедтік діни бірлестігін құру, молдаларды тағайындау және бекіту туралы;

- Таврика аумағында мүфтидің жетекшілігімен Мұхаммедтік діни бірлестігін құру жайлы;

- Мещар және Башқұрт контондарында молда және азаншыларды анықтау тәртібі жайлы;

Сонымен қатар 1784 жылдың 4 желтоқсанындағы Мұхаммедтік діни бірлестігінің ережелері атты заң жобасы әзірленді. 1811 жылы рухани істер департаменттің жетекшісі баяндама жасап, онда мүфти жоғарғы лауазымды патшалықтың шенеулігі ретінде ұсынылды. Сонымен қатар мүфти ОМДБ жоғарғы діни лауазым иесі ретінде жасаған қылмысы үшін мемлекеттік сенаттың сотында жауап беруі белгіленді [3, 65 б].

Бас басқармаға тікелей бағынған мұсылмандық екі басқарма болды. Оның бірі – ОМДБ және екіншісі – Таврикалық Мұхаммедтік діни басқармасы. Бас басқармамен аталған екі мұсылмандық басқару мекемесі арасындағы қатынас «церкуляр» арқылы іске асты. Мұсылмандық басқару орындары діни істерді үйлестіруімен қатар патша әкімшілігінің басқару құрылымының бірі ретінде қызмет атқарды. Сондықтан екі діни басқармада да өндірістік істер жүйе арқылы жүргізілді. ОМДБ бас басқармаға шаруашылық істері, дін мүлкін игеру, құлшылық үйлері мен ғимараттарына қатысты нұсқаулықтар, қаржылық жағдайына қатысты мәліметтерді және діни оқу орындары мен діни қызметкерлерге қатысты ақпараттарды беріп отырды. Осындай мәліметтерден қорытылған есептерді сенаттың алдына талқылау, есеп беру бас басқарманың міндетіне кірді.

Дін істері азаматтық мекеменің қарамағына берілгенімен патшалық православиені ашық қолдау жасауын тоқтатқан жоқ. Дін істерін үйлестіруші, бақылаушы ретінде қызмет атқарып, православиенен өзге де христиандық бағыттарға бүйрегі бұрылып тұрды. Мысалы, мұсылман мен лютерандық сенімді ұстанатын дін өкілдері арасындағы некелік қарым-қатынас құруға рұқсат берілгенімен, мұндай неке тек протестанттық шіркеулердің ережелеріне қарсы келмеген жағдайда ғана мүмкін болды. Мұндай қаулыны қабылдау арқылы департамент некелік қатынастарда христиан дін өкілдеріне бір қатар басымдылық берді. Христиандық сенімдегі әйелмен үйленген мұсылман некеге тұру кезінде балаларын Ресей мемлекетінің заңына сәйкес тәрбиелеуге, яғни шоқындыруға, православиелік немесе лютерандық сенімде тәрбиелеуге келісім беріп, қол хатқа қол қойыуы тиіс болды [49, 468 б]. Яғни, бұл әрекет арқылы департаменттің қызметі бұрынғы Қасиетті синодтан іргесін бөлінгенімен әлі де болса, православиені көптеген мүмкіндіктер беріп өзге діндегілердің сеніміне заңдық тұрғыдан қысым жасағандығы анықталды. Патша әкімшілігі осы арқылы мұсылмандардың көбеюін шектеп, православие дінінің ұстанушылар санын артыруға жағдай жасады. Департаменттің қызметкерлеріне қатысты жоғарыда берілген енжарлығымен күнделікті іспен

айналысуы жайлы бағалаумен қатар дін саласында бірқатар жемісті жұмыстары да болды. Мысалы, Ішкі істер министрлігінің Рухани істері туралы департаментінің алғашқы жылдары жинаған мәліметтерінің көптігі бірқатар патша шенеуліктерінің оң көзқарасын қалыптастыруға себеп болған. Бұған дейін сенатта да өзге де құрылымдарда да мұндай мәліметтер жинақталмаған еді. Сондықтан дін істерімен айналысатын құрылымның қажеттілігі патша шенеулігі мен әкімшілігі алдында дәлелдене түсті. Патша кабинетінің басшылығы мен министрлікте және сенатта қызмет атқарған шенеулік Д.А.Гурьевтің жазбаларында «Мемлекеттік істің бірқатар бөліктері реттелді және құрылымы жақсарды: Алғашқы екі немесе үш жылдықта басқарма саласының жағдайы туралы статистикалық мәліметтер соншалықты көп жиналды. Мұндайды сенат және басқа да әріптестері өз қызметі барысында қол жеткізбеген еді. Жыл сайынғы есептерді құрастыру үкіметтің барлық тармақтарын таңқалдырды және олардың кемшіліктері мен қажетті дүниелерін ашып көрсете алды. Есептердің үкіметтік Сенатта ашып көрсетілуі ісі министрлердің міндетіне кіргізілді» [50, 52 б]. Дін істерін басқарудың алғашқы кездерінде исламға статус берумен қатар христиандық және христиандық емес дін өкілдері мен діни бірлестіктеріне қатысты жүргізетін жұмыстарына қатысты нақты жоспары болмады. Ол бағытта біріншіден, әр халықтың өз діни сенімі арқылы құрылым жасау және сол арқылы басқару қолға алынған. Екінші жол – ол православиені барлық халық арасында таратып православиенің басымдылығы арқылы мемлекеттің басымдылығын айқындау. Үшінші – ешқандай дінге басымдылық берместен патша әкімшілігінің билігін азаматтық басқару арқылы күшейту. Алайда патша билігі осы жолдың араласқан түрін таңдады. Әр халыққа өз сенімдері арқылы басқаруға мүмкіндік берді. Діни конфессиялардың статусын мойындады. Оның ішінде православие мен мұсылмандықты ұстанушылар санының көптігіне орай ерекше мәртебеге ие болды. Дегенмен мұсылмандылыққа мәртебе бере отырып, православиенің дамуына оңтайлы жағдай жасалды және оның күш алуына мүдделі болды. Сонымен қатар әкімшіліктің бюрократиялық жүйесін артыруда мұсылмандық және православиелік басқару тетіктерін қолданды. Бұл әр аумақ халқы мен діни ерекшелігіне қарай ұйымдастырылды. Мұсылман халқы тұратын аумақтарда мұсылман дініне басымдылық берілді. Оларды ОМДБ және Таврикалық мұсылмандық діни басқарма арқылы бақылады.

Дін істері бойынша департаменттің негізгі қызметі діни ұйымдарға қатысты мәліметтерді жинақтау саналды. Оның ішінде ОМДБ-ға қатысты ақпараттардың жинақталуы да шет елдік сенімнің діни істері басқармасына тиесілі болды. Алғашқы он жылдықта департаменттің кеңсесінде діни басқармаға қатысты әртүрлі мәліметтердің сәйкессіздігі анықталды. Мысалы, 1818 жылы алғашқы рет толық қанды мәлімет жинау жұмысы жүргізілді. Жұмыс барысында ОМДБ-тың мұсылман дін қызметтері мен мешіттері және өзге де мәліметтер алынды. Алайда мәліметтердің жинақталуы жүйелі түрде жүргізілмеді. Сондықтан департаментке келіп түскен мәліметтердің шынайлығы төмен болды. Өз кезегінде бұл ОМДБ мен департаменттің толық

жолға қойылмағандығын көрсетеді. Бұл оқылықтың орнын толтыру үшін департамент жергілікті азаматтық билік арқылы мәліметтерді алуға тырысты. Аталған мәселелерді шешу үшін жасалған қадамдардың бір қатары сәтсіз болды. Әсіресе, патшалық аумағының үлкендігі мен мұндай тәжірбиенің кемдігі және діни бірлестіктермен тиімді өзара қатынастың болмауы мәлімет жинауда бірқатар қиыншылықтарды туындатты. Осыған қатысты нақты шаралардың қолданылмауы жайында Н.Варадинов: «Бас барқарманың қызметінің аясы кеңінен құлаш ала алмады. Бір жағынан әлі толығымен анықталмаған еді, ал екінші жағынан ведомства салаларының барлығы бірдей таныла қоймады және көптеген ізденіс пен бақылауды, талқылауды талап етті. Барлығынан бұрын басқарманың өзі жаңалық еді. Үкімет бұл іспен толыққанды айналыспады. Яғни, мақсаты жолға қойылып, нақтыланбаған. Сонымен қатар оған қатысты көзқарас пен нақты бағыты айқындалмаған еді» деп тұжырымдайды [48, 361 б]. Бұл тұжырымдарды автор 1814 жылғы ішкі істер министрлігінің қызметін зерттеу барысында жазған еді. 1820 жылғы қызметін сараптайтын жазбада: «Қандайда бір нақты және толық мекеме ретінде жұмыс бастамады, көп жағдайда дайындық нұсқаулықтарды жасады, әзірлік жұмыстарын орындады және уақытша қажеттілігін қанағаттандырды, ОМДБ-ға қатысты мәліметтерді жинақтады түрлі өтініштерді қарады» [48, 99 б]. ОМДБ мен департамент арасындағы байланыс және қатынас тәртіптері ұзақ уақыт бойы қалыптасты. Осы қатынастың қалыптасу барысында ОМДБ іс жүзінде департаментке бағынышты мекеме ретінде танылды. 1789 жылғы 4 желтоқсандағы «Мұсылман діни бірлестігі жайындағы ережеде» ОМДБ бұл басқарманың мемлекеттік құрылымның бір бөлігі екендігі белгіленді. Аталмыш ережеге сай, «ОМДБ ведомстваларға және Уфа жергілікті басқармасына бағынышты орта сот мекемесіне теңестірілді», бұл қатынас әр кезде әр қалай өрбіді. Оған ОМДБ-ны басқаратын мүфтидің абыройы, жергілікті артқарушы органның басшысымен қатынасы және департаменттің жұмысының сәтті іске асуы да әсер етті. Сонымен қатар бұл қатынастарға ықпал еткен фактор ОМДБ-ның мүфтиі және өзге дін қызметкерлерінің көшпелі қазақтармен жақын қарым-қатынаста болуы. Оған мысал Мұхаммеджан Хұсайынов қазақ даласында үлкен абырой жинап, жергілікті басқармалардан әрі асып, жоғарғы министрлік пен патша сарайына дейін атағы жетті [51, 77 б]. Сайып келгенде, М.Хұсайынов департаментке бағынышты мекемені басқарғанымен бірқатар тәуелсіз қызмет етуге қол жеткізді. М. Хұсайыновтан кейінгі мүфти Ғабдисалам Ғабдрахманов та қазақ даласындағы абыройы мен белсенді қызметі нәтижесінде патша әкімшілігінің оң ықыласына ие болды. Нәтижесінде, ОМДБ басқаруда құзырлы органдар мен жақсы қатынас орната алды. Осы тұста мемлекеттік органдар мен діни басқарманың қатынасына тікелей әсер етуші қазақ даласындағы ОМДБ-ның нәтижелі жұмысының бағалануы әсер етті деп тұжырымдауға дәйек бар. Діни басқармадағы дін қызметкерлерінің қызметтерін жинақтап, Уфа жергілікті басқармасына табыстау ОМДБ-ның міндетіне кіргізілді. ОМДБ-ның мәліметті жинақтауы азаматтық билікпен бірлесе отырып жасалды. Департамент ең алдымен генерал губернатордың кеңсесіне өз басқармасы аумағындағы діни

лауазымды адамдар жайындағы мәліметті жинақтауды сұратады. Генерал губернатор кеңсесі болса, оны полиция учаскілерімен өңір басшыларына жолдайды. Осы жүйе арқылы дін қызметкерлерінің мәліметтері алынды. Мұнда діни басқармаға арағанда азаматтық мекемелердің белсенділігі байқалады.

ОМДБ мен азаматтық билік арасындағы тағы бір түйісетін сәт мұсылман дін қызметкерін тағайындау барысы. Оларды сынақтан өткізу барысында діни басқарма міндетті түрде комиссия мүшесіне жоғарғы азаматтық мекеменің екі өкілін қатыстырылуы міндеттелді [52, 17–18 б]. ОМДБ мен мемлекеттік органдардың арасындағы қатынасты нақтылау үшін Жарғыда ереже қарастырылды: Жүйенің Мұхаммедтік діни бірлестігінің іс жүргізуі заңдағы белгіленген тәртіппен жасалып, жөнелтуі тиіс. Жоғарғы Расправаның прокурорлары өндірісті бақылауы тиіс және оның іске асуын қадағалауы керек. Осы арқылы ОМДБ-ны бақылайтын мемлекеттік құрылымдарды атап көрсетті. ОМДБ-ның құрылуына идея салған жергілікті басшы О.А.Игельстром II Екатеринаға «Мұхаммедтік діни бірлестігінің құзыреттілігі жайында» атты жобаны ұсынды [53, 121 б]. Жоба бойынша ОМДБ-ның жергілікті өкілдері Уфа бас басқармасына барлық мұсылмандық басқарманың қызметкерлері мен ғимараттарына және қол жетімді өзге де ақпараттарды табыстауы тиіс. ОМДБ-ның жинақтауы тиіс аталмыш мәліметтер әрқашан үздіксіз беріліп отырған жоқ. Сондықтан Ішкі істер министрлігі мәліметтерді жергілікті азаматтық биліктен қоса сұратып отырды. Мысалы, сондай мәліметтердің жинақталуының бір түрі – неке және ажырасуға қатысты ақпараттар. Оның ішінде, қалың мал алу мәселесі де кіреді. Бас басқарманың ОМДБ-мен тағы бір байланыс көзі ретінде метрикалық кітапшаларды жүргізу ісі саналды. Ол бойынша дін өкілдері әрбірі өздері тұратын аумақтардағы қызмет түрлерін кітапшаға түсіріп отыруы тиіс болды. Мұнда өмірге келген адамдардың аты-жөні, туылған уақыты және тегі қамтылды. Одан кейін неке қиған азаматтардың аты-жөні, олардың жасы және өмірден өткен адамдардың жасы, аты-жөні қарастырылды. Сонымен қатар ажырасқан адамдардың аты-жөні де, ажырасу себептері де жазылды. Жыл сайын молдалар осы мәліметтердің бір нұсқасын азаматтық басқармаға, тағы бір нұсқасын діни басқармаға жолдайды. Ал ОМДБ бас басқармаға жолдайды. Мемлекеттік және діни мекемелер арасындағы ең мықты дәйекті мәліметтердің көрініс беретін түрі осы метрикалық кітапшалар арқылы жүзеге асты [54, 13 б]. Бұл әріптестік екі тарап үшін де тиімділігі жоғары болды. Біріншіден, дін қызметкерлерінің мемлекеттік құрылымдардың маңыздылығы артса, екінші жағынан мемлекеттік мекемелер көп шығынданбастан өлім, туу және үйлену жайындағы мәліметтерге қол жеткізді. Сонымен қатар бұл мәліметтерді патша әкімшілігі өз өкілдері саналатын азаматтық арқылы тікелей іске асырған жағдайда жасырын некеге тұру мен ажырасу фактілерінің саны көбейіп кетуі мүмкін болды. Әсіресе, тіл қатынасы және көшпелі қазақ халықының арасында әлі де болса патша әкімшілігіне деген жатсыну үрдісі қосымша қиындық туындатуы ықтималдығы да жоғар еді. Ал патша әкімшілігі халық



арасында жүрген молдалардан ақпарат алуы арқылы бұл жолды жеңілдететін түсті.

ОМДБ мен департамент және өзге де азаматтық билік арасындағы қатынастың бірі жаңа құлшылық үйлерін салуға қатысты. Мешіт салу ісі патшалық аумағында өте байыппен және мұқияттылықпен рұқсат етілетін. Сондықтан мешіт салуға рұқсат алу және оны ұйымдастыру ұзақ мерзімді қажет етті. Осы үрдістердің барлығында азаматтық биліктің ықпалы күшті болды. ОМДБ бұл жерде өздері келісім бергеннен кейін мешіт құрылысын салуға мүдделі мұсылман қауымының өкілі ретінде рөл ойнайтын. Азаматтық биліктің мешіт құрылысына рұқсат берілуі үшін бірқатар критерилері болды: Біріншіден, мешіттің орналасқан аумағы мешіт орналасқан ауыл немесе қаланың халық саны ол жердегі өзге дін өкілдерінің болу болмауы назарға алынатын. Мешіт православие дін өкілдері тұратын жерлерге салынбауы тиіс болды. Сонымен қатар мешіттің сыртқы көрінісіне де талаптар қойылды. Мұсылмандық ғибадат үйіне қатысты мемлекеттік реттеуді түзету үшін бірнеше заң жобалар мен ережелер қабылданып өзгеріске түсті. Бұл мәселені реттеу үшін тіпті ведомоства арасында да талқылаулар жүргізілді. Зерттеуші М.Зулькарнаев « XIX ғасырдың 20-шы жылдарының аяғында үкімет пен жергілікті билік мешіттер мен молдалардың санының көбеюіне алаңдаушылық білдіре бастады. Орынбор генерал-губернаторы В.А.Перовский мен ШДІД Д.Блудов мешіттер мен молдалар санын қысқарту бойынша тиімді шаралар әзірлеуге өзара келісім білдірді. Жергілікті әкімшіліктің шенеуніктері мұсылман шіркеулерін ашуға рұқсат беруді қиындата бастады» деп тұжырымдайды [55, 54 б].

1844 жылы ғана жоба және фасад жайлы ережелер жоғарғы жақтан бекітілді. Оған дейінгі соғылған мешіттердің басым бөлігі жергілікті азаматтық билік тарапынан реттелді және мешіттерге қойылған бірінғай талаптар болмады. 1756 жылғы 23 тамыздағы № 10597 жарғы бойынша мешіт соғу үшін кемінде екі жүзден үш жүз ер адамның болуы тиіс еді. Ал іс жүзінде құлшылық үйін салуға бұл талаптардан да көп машақат арқылы рұқсат етілді. Жарғы мұсылмандық ұстанымды мешіттердің санын шектеуге бағытталды. Олардың санын орынсыз көбейтуді құп көрмеді. 1756 жылғы 23 тамыздағы сенаттың «Қазан, Воронеж, Нижний Новгород, Астрахань және Сібір Губернияларындағы арнайы ауылдарды мекендейтін Мұхаммед заңының татарларын мешіт құрылысына қабылдау туралы және шомылдыру рәсімінен өткен татарларды басқа ауылдарға қоныстандыру туралы» №10597 жарғысы бойынша «мешіттердің құрылысы орыс христиандары немесе жаңадан шоқындырылған татарлар мекендейтін аумақта салынуға рұқсат етілмеді [56, 608 б]. Өйткені, мешіт пен діни уағыз мұсылмандардың санының артуына немесе шоқынатындардың кемуіне алып келуі мүмкін деп бағаланды.

Мешіт істерінде азаматтық істерді қадағалауда қатаңдық танытқанымен мешітке рұқсат беру кезінде өтінішті тапсырушы мұсылман қауымының тілек-талаптары ескерілді. Оның ішінде ислам шариғатының ерекшеліктері де назарға алынды. Жаңа мешітті салу үшін тұрғындар ОМДБ өкілі саналатын жергілікті имамға өтініш айтады, содан кейін ОМДБ аппаратына құжат

жолдайды. Ол хатта мешіт құрылысының сол аумақта салынуына уәждер мен дұрыстығы жайында дәйектеме, мәліметтер қамтылуы қажет. Осы жөнелтілген өтінішпен қатар мешіт салуға ынталы тарап губерния кеңсесіне де уәждеме хаттарды жөнелтуі тиіс еді. Губерния кеңсесінің келіп түскен уәждемеде көрсетілген мәліметтердің қаншалықты шындыққа жанасатынын зерттеу мен оны растау полиция басқармасының міндетіне кірді. Жалпы полиция басқармасының растау қызметі дін саласында жиі қолданылған. Көбіне полиция діни лауазымға үміткерлер жайлы мәліметтерді растаумен айналысқан [57, 25 б]. Қарапайым уәждемелерден және жүйеден құрылған секілді көрінгенімен іс жүзінде мешіт салу барысында көптеген бюрократиялық құжаттар мен сұрақтардың сұратылуы орын алды. Олардың ішінде, сол аумақта мешітке келетін жамағаттың саны, мешіттің сол жерде салынуына шын мәнінде қажеттілік деңгейі, қаржылық қамтамасыз етілуі жайлы мәліметтер міндетті түрде сұратылды. Патша әкімшілігінің дін саласындағы саясатына әсер ету ықтималдылығы да есепке алынды. Әсіресе, христиан өкілдерінің мешіт салатын аумақта қоныстанса, құрылысқа рұқсат берілуі қиындай түсті.

Патша әкімшілігі мен ОМДБ арасында байланыс орнататын мүфтиліктің тағы бір функциясына мұсылмандық мектептердің қызметі кірді. Мектептер мешіт жанында орналасып, діни басқарма тарапынан басқарылады. Ағарту ісі, діни басқарманың құзыретіне кіргендіктен мемлекеттік мекемелер бұл саланы да ОМДБ арқылы басқарды. Орынбор мұсылмандығының құзыреттілігі жайындағы ережеде мектептер мешіттердің қарамағында болуы тиіс деп көрсетілді. ОМДБ аппараты білім ордаларында берілетін сабақтар мен оқу процесін қадағалауы тиіс деп бекітілді. Аталмыш ережеге сүйенген ОМДБ қызметкерлері әр мешіт аумағында Құран, сүннет үйрету және өзге де діни мазмұндағы құлшылық пен ағартушылық шараларын жүргізді. Бұл кейінірек, патша әкімшілігі тарапынан қайта қарауға түскен бағыттың бірі саналады. Әкімшілік діни басқарма арқылы мешіттер мен медреселердегі мударристердің, молдалардың сабақ жүргізуіне қатысты мәліметтерді жинақтады [58]. Мұнда оқытушылардан бөлек ондағы шәкірттердің тізімі мен оқып жатқан әдебиеттердің түрлері де көрсетілді. Аталмыш мәліметтерді жыл сайын жинақтап, 3 рет губерния басқармасына табысталды. Мәліметтер патшалықтың дін саласындағы саясатын айқындау үшін жинақталды. Ресей әкімшілігінің 1850–1860 жылдарында дін саласындағы үлкен өзгерістерге қадам басуына байланысты исламдық институттарға, оның ішінде ОМДБ қатысты ұстанымында бір қатар өзгерістер орын алды. Соның біріне шет елдік сенімділердің рухани ісі департаментінің исламдық прозелетизмге қарсы шаралары жатады. Департамент басым жұмыстарын осы бағытқа арнады. Дәл бұл кезең мұсылман халық арасындағы бір-біріне жақындасуы ислам діні негізінде бірігу идеяларының көтерілуімен ерекшеленеді. Сондықтан, патша әкімшілігі аталмыш құбылысты патшалықтың дін саласындағы саясатына, тіпті, тұтастығына төнген қауіп ретінде бағалады. Осыған орай, өзгерістердің орын алуы қалыпты әрекеттер саналады.

Мұсылман қауымдарды басқару ісінде жергілікті басқармалардың орны ерекше. Оның айқын мысалын О.А.Игельстром қызметі арқылы да көруге болады [59, 243–244 б]. Жергілікті жердегі басқарма басшалары көбіне заң жобаларын әзірлеуге қатысып, мұсылмандық қауымға қатысты түрлі жобаларды ұсынатын. Мысалы, 1834 жылы 21 тамыздағы неке қию үшін жиын жасау жайындағы ұсынысты көтеріп, кейін жарғы ретінде бекітілуіне жергілікті биліктің ықпалы көп болды. ОМДБ қызметін бақылайтын органдардың және лауазым иелерінің міндеттерін О.А.Игельстром ұсынған, тіпті, 1789 жылы 4 желтоқсанда қабылданған «Мұсылмандық кеңестің дін істері ережесі» де осы О.А.Игельстромның Симбир және Уфа аумағындағы басшылық қызметі кезінде қабылданған еді. Аталмыш ережеде ОМДБ мен әкімшілік мекемелердің ара қатынасы және ОМДБ қызметін бақылайтын әртүрлі құрылымдардың өзара қатынасы жайындағы ережелер қамтылды. ОМДБ қызметін ұйымдастыру барысындағы азаматтық құрылымдардың құзыреттілігі мен негізгі функциялары тізбектелді «Орынбор Мұхаммедтік діни бірлестігін басқарушы шенеунік қызмет барысын бақылау мен үйлестіруде келесідей дүниелерге мән беру тиіс:

1. ОМДБ-ның қарауына қай бағыттағы (сот-қазылық міндеті бойынша) істер келіп түсуде; ОМДБ өз құзіретін асыра пайдаланып, азаматтық сот қарауына ұсынылуға тиіс істерді алмауы.

2. ОМДБ-ға өтініш беруші тараптар болмаса да мүліктік дау-дамайларға өздігінен араласпауы.

3. Діни қызметкерлерді тағайындауда және жамағаттардың іс-әрекетіне қатысты бақылау мен міндеттерді орындауда заңнамалық нұсқаулықтарға қайшы келмеуін бақылау;

4. Мұхаммедтік кеңес өкілдерінің қандай да бір бекітілген (азаматтық) заңнамалық тәртіптен бас тартуы, өндіріс барысында заңды басшылыққа алмау әрекеттері;

5. Діни басқарманың молдалар тарапынан метрикалық кітабының түсімін реттеуде тәртіптің сақталуын қадағалау. Осындай басылымдарға қажетті анықтамаларды алып тастау, өзге тұлғалардың процеске қатысу фактілеріне жол бермеу;

6. Діни басқарманың қызмет ету үрдісін бақылаған басқарушы шенеулік өз тарапынан жарғылармен бұйрықтар шығарып, діни басқарманың ісіне араласпауы тиіс. Тек тәртіпсіздік орын алған тұстарды ескертулер мен ұсыныстарды көрсетіп, өз басқармасына ұсынуы тиіс» [60, 45 б].

Жоғарыда келтірілген азаматтық жоғары биліктің құзыреттілігіне діни басқарманың қызметін өз аумағында бақылау кірген. Алайда ОМДБ-ның ішкі істеріне араласпастан ескертулер мен ұсыныстар берумен шектеген.

Бөлімді қорытындыласақ, ОМДБ-ның құрылып, қызметі жолға қойылып жатқан жылдары дін ісіне басшылық жасауға дінге индиферентті көзқарастағы басшы келді. Өз кезегінде бұл мемлекеттегі өзге діндерге деген төзімділікке негізделген қатынастарды қалыптастырды.

Құрылымы мен атауы өзгеріп отыруына қарамастан Дін істері департаменті дін саласын үйлестіруде патшалықтың негізгі мекемесі ретінде

қызмет атақарды. XIX ғасырдың басында департамент қызметінің енжар орындалғандығы байқалады. Ислам дінінің ішкі істеріне билік бірден аралдаспады. Сондықтан патша әкімшілігі тарапынан ШСРІББ өз қызметін отарлау бағытындағы жаңа қырынан көрсете алмады деп бағаланды. Өз кезегінде бұл, мұсылмандық сенімнің халық арасында тереңірек танылуына мүмкіндіктер туындаған. Дәл осы кезеңде қазақтар мен өзге халықтар арасында татарлық үлгідегі ислам таралу үрдісі жүрген. ШСРІББ жұмысының негізгі бағыты діни ұйымдарға қатысты мәліметтерді жинақтау саналды. Оның ішінде, ОМДБ-ға қатысты ақпараттарды жинақтау кіреді. Департамент құрылғаннан кейінгі он жылдықта діни басқарма жайлы ақпараттарда бір-біріне қайшы мәліметтер көптеп кездеседі.

Дін істері азаматтық мекеменің қарамағына берілгенімен патшалық православиеге қолдау беруін жалғастыра берді. Дін істерін үйлестіруші, бақылаушы ретінде қызмет атқарып, христиан дініне қолдау істерін ойластырды. Осы арқылы мұсылмандардың көбеюін шектеп, православиенің дінінің ұстанушылар санын артыруға жағдай жасады.

Ішкі істер министрлігінің рухани істері туралы департаментінің алғашқы жылдарда жинаған мәліметтерінің көптігі бірқатар патша шенеуніктерін оң ықыласын алуға және департаменттің қызметін жалғастыруына себеп болған.

Патша әкімшілігінің дін істерін басқарудың алғашқы кездерінде исламға статус бергенімен, одан әрі жағдайдың қалай өрбитіндігі жайлы жоспары болмаған. Тіпті, исламнан өзге де діндерге қатысты жүргізетін жұмыстары анық емес еді. Ол бағытта біріншіден, әр халықтың өз діні негізінде құрылым жасау және сол арқылы ұлттарды басқару көзделді. Екіншіден, барлық халық арасында православиенің басымдығы арқылы мемлекеттің басымдығын айқындау. Үшіншіден, ешқандай дінге басымдық берместен патша әкімшілігінің билігін азаматтық басқару арқылы күшейту. Алайда патша билігі осы жолдың араласқан түрін таңдады. Әр халықтың сенімдері арқылы басқаруды қолға алды. Діни конфессиялардың статусын мойындады. Оның ішінде православиенің мен исламды ұстанушылар санының көптігіне орай діни басқару құрылымын құруға мүмкіндік алды. Исламға осындай мәртебе беріле отырып, православиенің дамуына оңтайлы жағдай жасалды және оның күш алуына мүдделі болды. Сонымен қатар әкімшіліктік бюрократиялық жүйесін артыруда мұсылмандық және православиелік басқару тетіктерін қолданып, екі дінге басымдылық берді. Бұл әр аумақ халқы мен діни ерекшелігіне қарай ұйымдастырылды. Мұсылман халқы тұратын аумақтарда ислам дініне басымдылық берілді. Оларды ОМДБ және Таврикалық мұсылмандық діни басқарма арқылы бақылады. Осы тұста патшалықтың ислам дінін мойындап, бірақ саны аз Сібір халықтарының сеніміне мән бермеуінің себебіне тоқтала кетсек. Оның себебін көрсете аламыз. Бірінші – діни сенімнің ерекшелігі, екінші сыртқы күштердің ықпалы. Сібір халықтарына сырттан әсер ететін саяси күш болған жоқ. Ал мұсылман халықтарын сырттан ықпал ету мүмкіндігі бар Осман империясы мен Орта Азия хандықтары секілді мұсылман елдері болды және патшалықтағы мұсылмандардың саны көп еді. Ислам дінінің ұстанымында «ғазуат» ұстанымы мұсылмандардың бірігу

және патшалыққа қарсы соғысу мүмкіндігін көрсетті. Сондай-ақ санының аз болуы да патшалық аумағында үлкен саяси күшке айналуына мүмкіндік бермеді.

Патшалық аумағының үлкендігі мен мұндай тәжірбиенің кемдігі және діни бірлестіктермен тиімді өзара қатынастың қалыптасуы мәлімет жинауда бірқатар қиыншылықтарды туындатты. ОМДБ-мен департамент арасындағы байланыс және қатынас тәртіптері ұзақ уақыт бойы қалыптасты. Осы қатынастың қалыптасу барысында іс жүзінде ОМДБ департаментке бағынышты мекеме ретінде танылды. Діни басқармадағы дін қызметкерлерінің қызметтерін жинақтап, Уфа жергілікті басқармасына табыстау ОМДБ-ның міндетіне кіргізілді. ОМДБ-ның мәліметті жинақтауы азаматтық билікпен бірлесе отырып жасалды.

Осы жүйе арқылы дін қызметкерлерінің мәліметтері алынды. Мұнда діни басқармадан гөрі азаматтық мекемелердің белсенділігі байқалады. Діни басқармадағы дін қызметкерлерінің қызметтерін жинақтап, Уфа жергілікті басқармасына табыстау ОМДБ-ның міндетіне кіргізілді. ОМДБ-ның мәліметті жинақтауы азаматтық билікпен бірлесе отырып жасалды. Осы жүйе арқылы дін қызметкерлерінің мәліметтері алынды. Анық болғандай бұл жерде діни басқармадан гөрі азаматтық мекемелердің белсенділігі байқалады.

Мемлекеттік және діни мекемелер арасындағы ең мықты дәйекті мәліметтердің көрініс беретін түрі осы метрикалық кітапшалар арқылы орын алды. Бұл әріптестік екі тарап үшін де тиімді болды.

Мұсылман қауымдарды басқару ісінде жергілікті басқармалардың орны ерекше. Оның айқын мысалын О.А.Игельстром қызметі арқылы көруге болады. Дәл осы жергілікті жердегі басқарма басшалары көбіне заң жобаларын әзірлеуге қатысып мұсылмандық қауымға қатысты түрлі жобаларды ұсынған. Жалпы, жоғарыдағы зерттеуден ОМДБ-ның Ресей патшалығы үшін квазисектор ретінде қызмет жасағаны байқалады.

### **1.3 ОМДБ-ның штатын ұйымдастыру және дін қызметкерлерін ынталандыру саясаты**

ОМДБ-ны құру арқалы II Екатерина мұсылмандық басқаруды орталықтандырды. 1788 жылғы 22 қыркүйектегі №16710 жарлыққа сәйкес ОМДБ-ның құзіреті Қырым мен Кавказдан өзге патшалықтың барлық аумағындағы мұсылмандардың дін ісін қамтыды [7, 1107 б]. Яғни, қазақ даласының Ресей аумағына кірген жерлері ОМДБ құрамына қаратылды деген пікір алуға болады. Әлихан Бөкейханның «Бөкейліктің мүфтилікте қалуы» деген 1913 жылы «Қазақ» газетінің №17,19 санында жарық көрген мақаласында «1788-інші жылы Уфа шаһарында «Духовное собрание» ашылып, мүфти сайланғанда, Бөкей ханның тілеуімен Кіші жүз ханының тілеуімен Орта жүз қазағының рухани істері мүфти қарамағында болды» [61, 183 б]. «Қазақта мүфтилік мәселесі» атты 1913 жылы «Қазақ» газетінің №11 санындағы мақаласында «Абылхайыр ханның Ресейге бағынғанына дәл 50 жыл өткен соң, 1881-жылды II Екатерина тұсында Орта жүздің ханы Уәли Абылай баласы өзінің тілеуімен Ресейге бағынып, Уфа қаласына барып, Құран

сүйіп жан берді... Уфа шаһарында «Духовное собрание» ашылып 1-інші мүфтилікке Мұхамеджан Хұсайынұлы деген кісі қойылды. Сол күнде Бөкей мен Уәли хан біздің рухани істеріміз мүфтидің қарамағында болса екен деп арыз қылған» [61, 138 б]. Діни басқарманың құрылымы қарапайым көрінгенімен оның жұмысы бұған дейінгі мұсылмандық істерді үйлестірудің жүйесіне қарағанда күрделі болды. ОМДБ-ның бағытын және құзыреттілігін атқарған қызметтеріне қарай анықтаймыз. Оның бірі ретінде өзінің діни міндеті, діни емес азаматтық, арнайы мемлекеттік тапсырмаларды іске асыруын айтсақ. Мемлекеттік тапсырмаларды іске асыру функциясына келесідегі бағыттар бар:

- Сот төрелік функциясы бойынша мұсылмандар арасындағы істердің шарифат негізінде жүргізілуін бақылау. Мұсылман дін қызметкерлерінің заңға қайшы әрекеттерін қадағалау, дінбасылардың міндетін дұрыс атқармауы мен асыра пайдалану мәселелерін өз құзыретінде қадағалау. Егер азаматтық істерге қатысты болса, зайырлы сот орындарына тапсыру кірді. Күнделікті тіршілікте кездесетін дау-дамайларды қарау, оның ішінде, ата-ана мен баланың, жұбайлар арасындағы қатынастардың бұзылуы мәселерін шешу кірді. Олардың арасында дүние-мүлікті шарифатқа сай бөлуге кеңес беру, жұбайлық қатынаста ерлі-зайыптылардың адалдықты бұзуы, балалардың ата-анасына бағынбау ісі де қаралды.

- Жоғарғы әкімшілік биліктің азаматтық құрылымдардың тапсырмалары мен қойған міндеттерін мұсылман халықтарына түсіндіру және ақпараттандыру.
- Мұсылмандардан қаржылық қызмет ақылары мен салықтарды жинау. Оның ішіне, қалың малдың пайызы мен метрикалық кітапшаны жүргізу ақысы кірді.
- Заңнамалық ережелерге сәйкес, дін мамандарын қызметтеріне тағайындау, өмірден өткен адамдарды, жаңа туылғандарды және некеге тұрғандар мен ажырасқандарды тіркеу ісі метрикалық кітапша арқылы жүргізілді.
- Бақылау жүргізу функциясы, молдалар мен діни басқарманың өзге де лауазымды қызметкерлерінің өз міндеттерін атқаруын қадағалау, діни басқармаға қарасты мұсылмандық бірлестіктердің қызметін бақылау [62, 90–93 б].

Діни бағыттағы ОМДБ-ның функцияларына төмендегідей міндеттер кірген:

- құлшылық үйлерін соғу және оның іске асуын қадағалау;
- дін мамандарын даярлау;
- діни рәсімдерді өткізу.

Ал діни емес бағыттың функциясы: қайырымдылық шараларын ұйымдастыру; мұсылмандық әдебиеттерді және мерзімдік басылымдарды шығару; ақпараттық және ағартушылық саладағы қызметтерді қамтыды [63, 99 б].

Жоғарыда келтірілген топтастыру нәтижесінде, ОМДБ-ның мемлекет тарапынан алатын тапсырмалары мен жұмыстарының көп екендігі анық

көрінеді. Бұл ОМДБ-ны мемлекеттік бағыттағы құрылым ретінде танытты және діни бағыттағы ұйым сипатына қарағанда азаматтық мәнінің басымырақ екендігін аңғартты.

ОМДБ-ның иерархиялық құрамы үш сатыдан тұрды. Ең жоғары басшы – мүфти. Оның міндетіне мұсылман дін басыларын басқару, шарифи негізде пәтуә беру кірді. Мүфтидің бұл құзыреттілігі Ресей аумағындағы, оның ішінде, қазақ даласындағы дін мамандарының қызметін бақылауға және оларды тағайындауға, қызметінен босатуға мүмкіндік берді. Үміткердің біліктілігін сынауға да, оны бағалауға да мүфти араласа алды. Зерттеуші А.Ю.Хабутдинов еңбегінде мансаптық күші орта буынға жататын діни басқармаға қарасты ахундарды келтіреді. Ахундар кем дегенде үш жылдық имамдық қызмет өтілі бар адамдардан тағайындалған. Ахунның қарамағында 25 пен 100 аралығындағы діни мекемелер болған [64, 179 б]. Дегенмен ахунға қарасты діни мекемелер саны көрсетілген сандардан басқа болуы да мүмкін. Алайда ахунның қарамағында бірнеше діни мекемелер мен ауылдар немесе махаллалар қарағаны анық. Ахун діни лауазымының тарихына көз салсақ, ол ең алғаш Әмір Темір билігі тұсында кездеседі. М.Исахан «ахун» сөзі арнайы діни лауазым ретінде алғаш рет Шағатай ұлысын Әмір Темір билеген тұста пайда болды» дейді [65]. Жалпы, «ахун» мәртебесі діни білімі жоғары, қарапайым дін адамдарына қарағанда танымал мұсылман дін қызметкеріне айтылған. Ал патшалық Ресей тұсында ОМДБ-ның орта лауазым иесіне берілген. А.Р.Абдрашитова ортаңғы шенділер қатарына мухтасибатты, төменгі діни басқару ретінде мутауәлият құрылымын мысалға алды [66, 50 б]. Мухтасибат 50-150 жамағаты бар мешіттерде құрылды. Мұндай мешіттердің имамы мухтасиб болып бекітіліп, өзге молдалардың қызметін бақылады. Негізінде ортағасырлық ислам қоғамында мухтасибтар сауда айналымының шарифатқа сай орындалуын бақылайтын болған [67, 328 б]. Алайда Ресей патшалығындағы мухтасибтердің қызметі діни істерді бақылап, сауда істеріне араласпау арқылы ерекшеленді. Бұл құрылымның қызметі қазіргі кезде Башқұртстан Республикасы мұсылмандары діни басқармасының орталық діни мекемесінде бар. БР МДБ ОДМ құрамында мухтасибат әкімшілік және канондық міндеттерді атқаратын бір аудан көлеміндегі исламдық діни ұйымдардың бірлестігі [68, 286 б]. Төменгі құрылым мутауәлиятта азаншы, молда, қаржы ісі бойынша жұмыс жасайтын қазынашы, хатшы болды. Мутауәлият міндетінде жекелеген мешіт және медресе істерін жүргізу, шарифат қағидаттарының дұрыс орындалуын қадағалау бар. Мұнда екі зерттеушінің пікірі қайшы көрінгенімен мәні ұқсас. Екеуінде де мүфти ең жоғарғы саты, ал мухтасибат – бұл құрылым. А.Ю.Хабутдиновтың ахундықты орта шенге жатқызуы жекелеген лауазымдар тұрғысынан бағаланған.

Діни басқарманың штат тізіміне қатысты ең алғашқы мәліметтер II Екатеринаның жарғысында кездеседі. Құжат бойынша «діни басқармада төрағалық ету – бірінші ахун Мұхаммеджан Хұсайыновқа тиесілі болды. Біз оны мүфти ретінде тағайындаймыз. Бізге адалдылығымен, парасатты әрекеттерімен танылған, сынақтан өткен екі не үш Қазан татарларынан молдаларды тағайында...» деген мәліметтер кезігеді [7, 1107 б]. Кейін 1836

жылғы Орынбор діни бірлестігі төмендегідей штатқа сай мүшелік келтіріледі: Төрағалық ететін мүфтиге 1572 күміс рубль, 72 тиын, қазыларға 284 күміс рубль, 24 тиын, XII санаттағы хатшыға 280 күміс рубль, XII санаттағы аудармашыға 168 рубль, екі столбасшысына әрқайсысына 168 рубль, мұрағат ісімен қоса айналысатын XIV санаттағы журналиске 500 рубль тағайындалды. Сонымен қатар орта жалақы алатын төрт және төмен жалақыдағы төрт кеңсе қызметкеріне де жалақы белгіленді. Кеңсе қызметкерлерінің бірі орыс және татар тілдерін жақсы білу керек. Журналистің міндетіне метрикалық кітапшалардан қажет деп танылған мәліметтермен анықтамаларды тауып, сұратылған мекемеге жіберу кірді. Сонымен қатар кеңсе қызметкерлердің де лауазымы қаулыға енгізілді [69, 29–37 б]. Қосымша азық-түлікпен және киіммен қамтамасыз ету үшін әр адамға 60 рубль тағайындалды. Ол жылына 480 рубльді құрады. Кеңселік шығындар жарықтандыру, күзетпен және жылумен қамтамасыз ету үшін 1200 рубльді әр жылға тағайындау белгіленді. Осыған орай, діни басқарманың штаттық құрамы 17 қызметкер құрады. Қаулы бойынша, жыл сайынғы шығын 9100 рубльге тең болуы тиіс еді. Ал іс жүзінде діни басқармаға 10950 рубль жіберілді. Яғни, күтілгеннен көбірек қаржы жұмсалған. 1875 жылы 20 тамыздан басталған Орынбор мүфтилігінің штаттық құрамын өзгертуге қатысты жұмыстың нәтижесінде «Орынбор Мұхаммедтік діни бірлестігінің құрамындағы мүшелерді және қазіргі штатын өзгерту жайындағы есеп» атты құжат сақталған. Құжатқа сәйкес, 1836 жылғы 15 қаңтардағы бекітілген қаулыға орай, діни басқарманың құрамы 11 адамнан тұрғандығы, штаттың ішіне хатшы кірмегендігі байқалады және күзет пен ғимараттың тазалығына жауапты қызметкерлер «шаруашылық шығындар» ретінде қарастырғанын байқауға болады. Онда 17 адам күтілсе, ал кейінірек оның саны 11 адамды штатпен қамтып, қалған адамдарды штаттан тыс ретінде қарастырған. 1841 жылы 6 мамырда ОМДБ мүфтиі Ғабдулуахид Сүлейменов Орынбор әскери губернаторына штаттық құрамы жайлы мәліметтер қамтылған есеп жолдайды. Аталмыш жазба бойынша, 1836 жылғы штат бойынша 12 адам әртүрлі бағытта қызмет атқарады. Оның ішінде жұбайлар арасындағы көңіл толмаушылық, діни мамандардың заңға қайшы әрекеттері бойынша қызметтері айтылған. Мүфти орыс тіліндегі жүргізіліп жатқан жұмыстар тиісті деңгейде сәтті іске асырылып жатқандығын хабардар етеді. Дегенмен мүфти осы хатында неке және кеңсе шығындарын есептеуге көмек қажет екендігін, сондықтан екі жазба хатшысымен қамтамасыз етудің қажеттілігін айтады және метрикалық кітапшаны жүргізу бойынша әртүрлі диалектілерді меңгерген, оның ішінде татар тілін білетін аудармашының қажет екендігін баяндаған. Мүфтидің бұл ұсынысы мен сұранысы әкімшілік тарапынан қанағаттандырылды. Сол кездегі штат құрамына бір басшы мен екі аға және кіші көмекші қызметкерлер жөнелтіледі [70, 43–58 б]. Жалпы, ОМДБ-ның аппараты құрамындағы қызметкерлер мен мүшелердің штат санына қатысты әртүрлі мәліметтердің орын алуы оның нақты санымен қызмет етуіне қатысты өзгерістердің орын алып жатқандығын көрсетеді.

1843 жылы хатшы лауазымы XII санаттан XI санатқа көтерілді. Ал 1845 жылдың шілдесінде аудармашы және стол басшылары мен журналистер X



санатқа өзгертілді. Аталмыш санаттық өзгерістер Уфа губерниясының әкімшілігі тарыпынан сыналды. Діни басқарма қызметкерлерінің дәрежесі губернияның қызметкерлерінің санаттарымен теңесіп қалды. Яғни, енді діни басқарма қызметкерлері губернияға бағынышты емес деген қисын пайда болды. Алайда бұл дау Шет елдік сенімділердің дін ісі департаментінің араласуымен, діни басқарма губерниялық басқармаға қарасты деген нақты бекітетін жазбадан кейін шешімін тапты. Аталмыш шешімді Шет елдік сенімділердің діни ісі жөніндегі департамент губерниялық басқармалардың мекемелері жайында 1845 жылғы 2 қаңтардағы №18580 жарғысына сай қабылдады. Жарғының 1 бөлімі, 1-бабына сәйкес «*Губерниялық Басқарма Жоғары Мәртебелі императордың атымен басқаратын губерниядағы жоғарғы орын*» делінген [71, 16 б]. Осы орайда, діни басқарманың аппаратында қызмет еткен кадрлардың құрамы мемлекеттік қызметкер ретінде қабылданғанын көруге болады. Яғни, мұндағы кадрлар мемлекеттік санаттар арқылы өлшенді сол санаттар арқылы белгіленді. Қызметке алу және қабылдану тәртібі жалпы, патшалықтың заңнамалары негізінде іске асты. Сондықтан діни басқарманың кеңселік мамандары өз жұмыстарын өзге де мемлекеттік мекемелер кеңселеріндегі қызметкерлер секілді жасады. Нәтижесінде, діни басқарманың әкімшілік жүйедегі құрылым ретінде қызмет атқаруына жол ашты. Ал діни басқарманың келбеті саналатын мүфтидің қызметі және оның қоғамда танылуы діни адам ретінде саналғанмен негізгі шаруашылықты жүргізушілер азаматтық басқарманың жүйесімен жұмыс істеді [60, 45 б].

ОМДБ-ның қаржылық қызметінің заңды түрде іске асуы 1828 жылғы №2296 патша жарлығында метрикалық кітапшаларды жүргізу арқалы көрініс тапты [72, 837 б]. 1834 жылы 21 тамызда «Уфада Орынбор Мұхаммедтік діни бірлестігіне ғимарат салу үшін неке қию төлемін алу жөніндегі» Министрлер комитетінің №7351 қаулысымен мемлекет неке қиғаны үшін мұсылмандардан төлем алу жайындағы қызметке рұқсат етті [73, 837 б]. Ол діни басқарманың кеңселік шығындары мен оның ғимаратын салуға жиналды. Ғимараттың салынып бітуімен төлемдердің төленуі тоқтаған жоқ. Төлемдерден жиналған ақшалар ғимаратты әрлеу жұмыстары мен оның жөндеу жұмыстарына және кеңселік шығындарды жабуға, кейбір жекелеген мұсылман дін қызметкерлеріне материалдық көмек беруге, діни басқарманың лауазымды қызметкерлерінің шығындарын жабуға жұмсалды. Сонымен қатар діни басқармадағы қызметкерлердің іс-сапары мен іс-шараларын өткізуге кеткен қаржыны өтеуге бағытталды. Әсіресе, мүфтидің әр өңірге оның ішінде мемлекет астанасына сапарлары діни басқарманың еншісінен төленді.

ОМДБ-ға аударылған қаржылар Уфа губерниялық қазынасында сақталды және ОМДБ-ның қаржысынан 1% өз иелігіне түсті. ОМДБ-ның негізгі кіріс көзі – метрикалық кітаптарды жүргізу болды. Егер жергілікті әкімшілік билік өкілдері діни басқарма қызметкерлерінің жалақысын көтергісі келсе, оған қосымша қаржының қажеттілігі сезіледі. Алайда губерниялық басқарма өз тарапынан бұған қаржы бөлмеді. Сондықтан бұл қаржыны табу діни басқарманың мұсылмандарға көрсететін қызметінің ақысын көтеру арқылы

іске асты. Дәл осындай мысал А.Н.Голициннің дін істері және халықты ағарту министрлігі кезінде орын алды. Мүфти діни басқарма қызметкерлерінің жалақысын көбейтуді ұсынды. Ал Голицин жалақыны көтеруді қазынадан емес, мұсылмандардың қайырымдылығынан түскен қаржы есебінен көбейтуге кеңес берді. ОМДБ-ның лауазымды қызметкерлері патшалықтың өзге азаматтық құрылымдардың қызметкерлерімен қатар жалақы алды. Сенаттың губерниялық басқармадағы Шаруашылық комитеті тарапынан бекітілетін 1861 жылғы мәлімет бойынша діни басқарма қызметкерлерінің жалақысы мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерімен тең болғандығы келтіріледі. Діни басқарма сот ісі үшін 12 күміс рубльін алатындығы сенаттың анықтама құжатында көрсетілген [74, 12–15 б]. Діни басқарманың шығындарының есебі өзге мемлекеттік мекемелер секілді міндетті түрде жазылуы тиіс болды. Қарапайым қызметкердің өзі назардан тыс қалмауы керек еді. Мысалы, қыстыгүні діни басқарманың ғимаратын қардан тазалау және өзге де жалдамалы жұмыстарды ұйымдастыру ісі есепке кіргізілді. Өз кезегінде бұл діни басқарма аппаратының кейінгі қажетті қаржыларын мемлекеттік қазынадан сұратуға мүмкіндік берді. Бұл бағыт діни басқарманың қаржы жүйесінің ашықтығын қалыптастыру үшін және мемлекеттік мекемелердің хабардарлығын артыру үшін қолданылды. Есептердің барлығы тікпелі кітапқа жазылды. Онда діни басқармаға кірген ақшалар мен шығыс көлемі және артылған қаржы суммасы қамтылды [74, 81–84 б]. Аталмыш кітап әр жылы наурыз айында Орынбор қазыналық палатасына жолданған. Ондағы мақсат діни басқарманың қаржылық жүйесін тексеру барысында кітаптың соңғы бетіне қортынды жазылып, екі бөлікке бөлінді. Бірінші болжамалы тексеріс бөлімі – жазбалардың нақтылы беттер мен тікпенің бүтіндігі, беттердегі нөмер реттілігінің орналасуы, әр айдағы анықтама куәліктердің өз кезінде орындалуы. Түзету жұмыстары айлық куәлікте көрініс табуы тиіс; офисте қамтылған құжаттардың бар болуы; кітапшаны жүргізу үлгісі; кітапшаны тексерілуге жіберу мерзімі; есеп-қисаптың дұрыстығы: Екінші бөлімде – кіріс және шығыс бөлімдерін терең қарастырады; алдыңғы жылдан қалған қаржы есеп берілген жылға енгізілгенде қателіктер кетпегендігі, жұмсалған шығындардың барлығының түбіртектерін немесе қаржы жұмсалған орындардың растама қол хаттарының болуы; жыл соңында қалған қаржы дұрыс есептелгендігі қамтылды; жылдың соңында кітапша тексеріліп, дұрыстылығы бекітілгеннен кейін діни басқармаға қайтадан жолданды. Кітапшаның дұрыстығы қаржы жүйесіндегі кемшіліктердің орын алмауына қатысты қортындыны шет елдік сенімдердің дін істері жөніндегі департаментіне жолданатын.

ОМДБ кеңсесінде аталмыш мәселемен қатар өзге де қаржылық төлемдер мен кірістерге қатысты жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар діни басқарманың құжаттарын мұқият тексергеннен кейін төмендегідей қаржылық әрекеттер жүргізілді. 1861 жылы шет елдік сенімдердің дін ісі жөніндегі департамент ОМДБ аппаратының Орынбор қазыналық палатасына қазына тарапынан қаржы бөлінді. Діни басқарманы қамтамасыз ету үшін 3432 рубль және 69 күміс тиын; орынбор мүфтиіне үстеме жалақы ретінде 1000 рубль

және көмек ретінде 25 мың рубль үстеме қосылады. Орынбор мүфтилігіне Орынбор діни бірлестігінің үйі салынғанша 350 күміс рубльі белгіленді [74, 97–98 б]. Жалпы, жоғарыда келтірілген шет елдік сенімдердің дін істері жайлы департаменттің бұл әрекеті көп жылғы мәліметтердің қортындысы. Бірнеше жылдан бері жиналған мәліметтерді қорытып, мүфтиліктің қажетті қаржысын нақты анықтап, қай бөліктерге бағыттау қажеттілігін белгіленгеннен кейін аталмыш қаржы құжатқа енгізілген. Олардың есебі бойынша қаражат діни басқарманың лауазым иелерін қанағаттандыруға жеткілікті деп саналды. Жалпы, осы жерден мүфтиге төленетін қаржының өте жоғары екендігін көруге болады. Бір мүфтидің жалақысының өзі кеңселік шығындардың көлеміне жақындайды. 1832 жылы мүфти шет елдік сенімдердің дін ісі жөніндегі департаментке әкімшіліктің берген тапсырмаларын орындауда діни басқармалардың кадр тапшылығы жайында және қаржылық көмектің аздығы туралы ұсыныс жолдайды. Ұсыныс бойынша аталмыш мәселені шешу үшін көмекті ұлғайтуды сұрайды. Сол жылдың 28 мамырында діни басқармаға жауап келіп жетеді. Министрлер комитеті Ішкі істер министрлігінің діни басқармадағы штатты ұстап тұруы үшін тағы да 1000 рубльді қосып беру жайында келісімі қамтылған. Ол бойынша жылына 1000 рубль әдеттегі қаржыдан артық төленеді. Осы қаржылық көмекті ұсыну арқылы бірқатар шарттарды әкімшілік ОМДБ-ға қояды.

ОМДБ үстеме берілген 1000 рубльді жұмсау барысында қаржылық операцияларды Орынбор басқармасының бекітуі міндетті; кеңселік штаттағы қызметі барысында қолданылған қаржылардың нақты есептерін беруі, оның қатарында үстеме рубльдің есебі де қамтылуы тиіс. Жаңа штат бекітілген жағдайда аталмыш қаржы тоқтатылуы керек [70, 32–40 б]. Жалпы, осы үш талапқа сәйкес, діни басқарманың аппараты қаржыны алғаннан кейін тікелей есеп беруі тиіс болды. Қаржылық бағытқа қарағанда діни басқарманың кеңсесі ең жоғары лауазым иесі мүфтиге дейін толық мемлекеттік қазына тарапынан қамтамасыз етілгендіктен олардың қызмет барысы мемлекеттің мүдесіне сай келуі талап етілді. Сондықтан мұндағы мотив – қызметке алу арқылы дін мамандарын тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету, үстеме жалақы беру немесе өзге де ынталандыру жүйелері арқылы штаттың нәтижелі жұмысын үйлестіруге бағытталды. Ал, штаттың нәтижелі жұмысы отаршылық саясаттың бір бөлігі болатын.

Кез келген салада мемлекет тарапынан бақыланатын құрылымның нәтижелігі оның қызметкерлерінің белсенділігіне тікелей байланысты. Сондықтан, нәтижелі жұмысқа қол жеткізу үшін ең алдымен сол құрылымның негізгі ресурстарының ынтасын артыру керек. ОМДБ жүйесінде ол дін қызметкерлері болып табылады. Ал аппарат ретінде Орынбор мүфтилігі белгіленеді. Алайда Ресей патшалығы тұсында ынталандыру бөлімі мүфтиліктен тысқары орналасқан мемлекеттік мекемелер саналады. Олар діни қызметкерлерді марапаттауға, не қызметін көтеруге тікелей әсер ете алды. Ресей патшалығы тұсында дін салалындағы басқару тек заңнамалық құжаттармен ғана іске асқан жоқ, сонымен қатар мұнда басқарушылыққа тән әртүрлі тәсілдер қолданылды. Оның қатарында дін қызметкерлерінің және осы

салада қызмет атқаратын адамдарды ынталандыруды жүйелеу, сол арқылы мемлекеттің дін саясатын іске асыру саналды. Жалпы, дін саласындағы басқарудың бір тетігі ретінде ынталандыру жүйесі бірнеше компаненттерден тұрады. Оны зерттеуші В.И.Логинов мынадай төрт түрге бөліп көрсетеді [75, 37–39 б]. Бірінші – қоғамдық статусқа қол жеткізу, екінші – карьералық өсу, үшінші – материалдық сыйлықтардың артуы, төртінші – билікке қол жеткізу. Сонымен қатар осы формаларға қосымша ерекшелікке сай мемлекеттің ықыласы мен марапатына ие болуға деген құштарлықты да қосуға болады. Бұл бағыттағы ынталандырулар қызмет барысындағы белсенділік мотивтерін белгілейді. Аталмыш типтердегі ынталандыру – мемлекеттік басқару теориясындағы жалпы ынталандыру тәсілі саналады. Сондықтан мұндай бағыт мемлекет тарихының әр кезеңдерінде көрініс тауып отырған. Ресей патшалығы тұсында ынталандырудың мұндай түрлері барлық шенеуліктер арасында қолданылды. Ал, ОМДБ патшалық Ресей әкімшілігіне квазикұрылым ретінде қызмет жасауы мемлекеттік ынталандыру жүйесі діни адамдар үшін де қолданылды. Пікірімізді қуаттай түсу үшін тағы да кеңінен тоқтала кетейік. Соның алғашқы түріне ынталандырудың марапаттау тәсілі кіреді.

Марапаттау жүйесі – кез келген елдегі қолданылатын басқару тәсілдерінің бірі. Мұны тарихқа көз жүгіртіп, ертедегі мемлекеттердің қандай да бір саяси мақсатқа қол жеткізу үшін қолданғандығын көре аламыз. Ол жүйе көптеген ғасырлардан бері қалыптасып, жылдан-жылға жалғасып, осы күнге дейін өзінің маңызын жоғалтпады. Үлкен патшалықтар мен кішігірім мемлекеттерде, тіпті қарапайым ру-тайпалық қатынастың өзінде мадақтау немесе сыйлық беру арқылы басқарушы жақ пен оған бағынушы қызметкерлер арасындағы қарым-қатынастар реттеліп отырған. Сол арқылы басқарушы жақ көп жағдайларда өзінің алға қойған мақсаттарына жетуде марапаттау ісін тиімді пайдалана білген. Билік өзіне адал қызмет еткен топқа қолдау білдіріп, қоғамның өзге де енжар бөлігін ынталандыруға тырысқан. Әрине, бұл құбылыс қазақ халқының Ресей патшалығының құрамына кірген кезде де орын алды. Ресей патшалығы тұсында марапаттау немесе түрлі сый-сияпаттар мен атақ-даңқтар беру арқылы қазақ халқынан шыққан немесе қазақ даласында қызмет еткен тұлғаларды ынталандыру жүйесі қалыптасты. Бұл жүйе арқылы елдегі діни және басқарушылық саясатты да онды іске асыру көзделді. Тақырыпты зерттеу арқылы мадақтау жүйесінің іске асуы және сол арқылы қазақ даласындағы исламдық басқарудың дамуын анықтадық. Өз кезегінде бұл марапаттау жүйесінің мұсылмандық басқаруға оң әсер етуі мен кері кетуінің себептерін анықтауға жол ашты [76, 3 б].

Патшалық Ресейдің діни кеңістігі мен бағыты православиелік мәдениетпен терең байланысты. Бұл байланыстың елдегі мемлекеттік марапаттау жүргізуде әсері болды. Ордендер мен өзге де марапатта христиан дініне тән символдар мен аталмыш діндегі қасиетті деп саналатын адамдардың есімдері жиі жазылып, таңбаланатын. Мұнымен қоса, кейбір марапат ордендері патшалықтың атақты билеушілерінің атымен аталған. Ресей патшалығындағы алғашқы орден 1699 жылы Петр I билігі кезінде қасиетті Апостол Андрей

есімімен аталды [77, 12 б]. Осы сәттен бастап, Петр I ордендер беру жобасына қолға алған. I Петр марапаттауды батылдығымен, патшалыққа сенімділігі немесе өзге де жолмен мол еңбегі сіңген, әскери және одан басқа бағыттардағы белсенді қызметкерлердің құлшынысын күшейту мақсатында тағайындады. Орденге ие болу арқылы адамдардың патшалықтағы даңқы артады, Ал атақты болуға деген құштарлық патшаға адал қызметкерлер санын көбейтуге тиімді жүйе. Марапатқа лайық кавалерлердің барша қосындысы жиырма төрттен асып кетпеуі қадағаланды. Осы тұста, зерттеу жұмысының тақырыбына сәйкес, мұсылман кадрларды басқарудағы ынталандыруларға қатысты мәселелерге тоқталып өтсек.

Марапаттаудың кең етек алуын II Екатерина тұсындағы оқиғалармен байланыстыру орынды. Ресей аумағындағы, оның ішінде қазақ даласындағы патша әкімшілігіне бағынышты мұсылмандық басқару жүйесін дамытып, қазақтарды ОМДБ қарамағына кіргізген Ресей патшайымы II Екатерина болатын. Ол өз саясатын жүргізуде патшалық аумағындағы барша адамдарды, оның қатарында мұсылман дін өкілдерін де ынталандырып, марапаттауды жолға қойды. Ынталандыру мүмкіндіктерін мемлекеттік мүддеге ұтымды пайдалана алды. II Екатерина тұсында отыз алты мың адам әртүрлі бағытта марапатталған. Дәл осы II Екатерина билігі кезінде көптеген діндер мен ұлттарға, оның ішінде ислам дінін ұстанатын қазақтарға қатысты да белсенді жобалар мен жұмыстар жүзеге асырылды [78, 67 б]. Патшайым билік жүргізген тұста әкімшілік басқаруда әртүрлі өзгертулер мен реформалар орын алды. Ал мадақтау және орден беру тәсілдері жоспарланған реформаларға көмекші құрал ретінде қолданылды. Сәйкесінше, көшпелі қазақтармен қатар өзге де ислам дінін ұстанатын халықтардың белсенділігі бұрыннан жалғасып келе жатқан мадақтау белгілері мен тәсілдеріне өзгеріс жасауға итермеледі.

II Екатерина тұсында қару-жарақтарды сыйлыққа табыстау марапаттаудың бір бағыты ретінде кеңінен қолданысқа енді. Патшалыққа еңбегі сіңген деп танылған азаматтарға қару сыйлау сәттері орден беруден гөрі жиірек орын алған. Дәл осындай құрмет-қошеметтің өзге түрі – жер иеленуге рұқсат ету немесе жерді сыйлау саналған. Мұндай мүмкіндікті патшалықтың төл азаматтарына, яғни, орыстарға алу жеңілірек болды. Ал «шет елдік» деп танылған өзге ұлт немесе дін өкілдеріне иемдену оңайға соқпады.

Ресей патшалығында христиандардан өзге сенімді ұстанатын халықтардың саны уақыт өте көбейе түсті. Әсіресе, мұсылмандықты ұстанатындардың арта бастауы және Ресей патшалығының саясатын сәтті іске асыруға «өзге дін өкілдерінің» белсенділігі мемлекет тарапынан қарымта ыстық ықыласты білдіретін марапаттауларды талап етті. Осыған орай, белсенді азаматтарды марапаттау шаралары жолға қойылды. Мұсылмандарды марапаттау үшін ислам дінінің сенім ерекшеліктері ескерілген. Ордендердегі христиан дінінің символы саналатын айқыш белгілерді Ресей патшалығының ел таңбасымен алмастырып, ұсынған. Мысалы, II Екатерина 1783 жылы Қырым ханын марапаттағанда айқыш бейнеленген орденді қазақша мағынасы «адалдық» дегенді білдіретін «Верность» атаулы орденмен алмастырып табыстаған [79, 170–171 б]. Кейін «өзге ұлт, өзге дін» өкілдеріне арнайы «За слугу» деген

орденнің жобасы қарастырылып, ол ұзақ талқылаулардан кейін қолданысқа енгізуден бас тартылды. II Екатерина «За слугу» орденін бекітуге ұсыныс жарғысында былай делінеді: «Құдайдың мейірімімен II Екатерина ханшайым және бүкіл Ресей патшалығы және өзгелер қасиетті князь Владимирдің қаланғаннан бері ондаған жылдар өтті және осы уақыт аралығында бізге және отанымызға Ресей ұлдарының қызығушылығы мен шексіз табанды тәжірбиесін қызыға көріп отырмыз. Біздің мейірімімізге ілігетіндей пайдалы азамат болуға тырысатынын біз байқап отырмыз. «Қасиетті Владимир» орденінің иегерлері санының жылдам көбейіп жатқаны оларға деген құрметіміздің дәлелі. Бұрыннан бері тек христиандар ғана осы орденді иелене алатын. Алайда біздің империямыздың кеңістігіндегі әртүрлі бөліктеріндегі өзге сенімдегілер де осыған лайық деп танылуда және біздің назарымызды өзіне аударуда. Оларға сондай артықшылықтарды сыйлауға міндеттеуде. Біз осы орайда, Ресейде әр сенімге төзімділік болсын деп, әрі өзге сенімділерге ұсынатын «Қасиетті Владимир» орденінің мәртебесіне лайықты қызмет атқарған адамдарға берілетін орден «За слугу» ал оны алатын ковалер орден «Заслуг» болып есептеледі» [80, 27 б]. «Орыс емес ұлт өкілдері» немесе «өзге сенімдегілер» деңгейіндегі халықтар арасында ең жиі табысталатын сыйлықтарға: бас киім, қару, тархан мәртебесін беретін грамоталар, салықтан босатылуы жайлы құжаттар, бағалы жамылғы киімдер жатады.

Осы тұста, Ресей патшалығы марапаттау арқылы іске асатын ынталандыру түрлерін атап, классификациясын жасай кеткені жөн [76, 5 б]:

– ордендер беру – XIX ғасырдың бірінші жартысына дейін ең жоғарғы деңгейдегі марапаттаудың түрі ретінде танылды. Сонымен қатар ордендерді көп жағдайда мұсылмандардың иемдену мүмкіндігі төмен болды. Алайда XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында ордердің құны төмендей түскен [81, 13 б]. Сәйкесінше, мұсылмандарға да орден алуға жол ашылған. Әсіресе, «За усердие» және «За полезное» атты медалдар қазақ даласында танымал болған. Мысалы, 1832 жылы «За полезное» жазуы бар Александр лентасымен мұсылман дінінің өкілі сұлтан Сүйінішғали Жәнәлі марапатталған [82, 14 б];

– қару сыйлау арқылы марапаттау – мұсылман халықтарынан шыққан ақсүйектер арасында көптеп кездеседі [83, 234 б]. Оның екі бірдей себебін келтіруге болады. Алғашқысы, қару-жарақтарда христиандық сенімінің символдары жиі бейнеленбеген. Сондықтан қару мұсылмандарға тартуға ыңғайлы болды. Екінші себебі, патшалықта православ дін өкілдеріне көп мүмкіндіктер жасалып, «өзге сенімдегілер» екінші сұрыптағы топқа жатқызылды. Осыған орай, жоғары дәрежедегі ордендерді мұсылмандарға беру бірден іске асқан жоқ.

– патшалық Ресейдің құрметті тархан атағын растайтын грамоталар сыйлау. Бұл атақты иеленгендер патшалыққа көбіне шын мәнінде еңбегі сіңген азаматтар саналды. Мұның жарқын мысалына, ОМДБ-ның тұңғыш мүфтиі Мұхаммеджан Хұсайыновтың тархан атануын келтіруге болады. Мүфти бұл атақты қазақ даласындағы әккі дипломатиялық және белсенді ахундық қызметі, сонымен қатар тұңғыш мүфти ретінде қазақтарды Орта Азиялық уағызшылардың насихаттарынан арашалау жұмыстары арқылы қол жеткізді.

Әрине, мүфтидің одан да өзге қазақ ақсүйектері мен патшалық әкімшілігі арасындағы саяси байланыстырушы тұлға ретінде белсенділігі және өлкедегі мұсылман дін мамандарының жұмысын үйлестірудегі істері «адалдықтың» жоғарғы шыңы ретінде бағаланды. Яғни, М.Хұсайыновке аталмыш атақ оңай келген жоқ. Сондықтан, патшалықтың басқару тарихында мүфти бұл атақты толығымен ақтап шыққан тұлға бейнесінде сақталып қалды;

– марапаттаудың мұсылман халықтары арасында жиі қолданылған түрі қандай да бір жеңілдіктерге ие болу. Олардың қатарына: салықтан босатылу, жер иелену құқығын беру, дене жазасынан босатылу секілді түрлері кірді. Қазақтар арасында салықтан босатылу жеңілдігі кеңірек қолданылған. Әдетте, салықтан төрелер санатына кіретін хан әулеті және сұлтандар мен ақсүйектер босатылды. Сонымен қатар мұсылман дін адамдары да салық төлеуден босатылды [57, 87 б];

– әскерге шақырылудан босатылу. Бұл жеңілдікке ақсүйектер мен қатар дін қызметкерлері де кіргізілді. Мұның айрықша көрінісі ХХ ғасырдың басындағы соғыстарға әскер жинау барысында байқалды. Дәл осы кезде патшалық аумағында мешіттерде азаншылардың саны күрт көбейе түскен. Нақтырақ айтсақ, 1911 жылы азаншылардың саны мүлде аз болған. Ал 1912 жылы олардың саны бірден 2967 азаншыдан 5706 азаншыға дейін көбейген. Мұның себебі зерттеуші И. К. Загидуллиннің мына пікірінде көрініс берген. «1912 жылдың 23 маусымындағы «Әскери борышкерлік туралы» заңға бірқатар өзгертулер енді. Өзгерістер мен толықтырулар бойынша жасы 22-ден асқан Орынбор өлкесіндегі имам, молда, азаншы және одан да жоғары дін қызметкерлері әскери борышкерліктен босатылды. Ал бұл азаншы ретінде жазылып, әскери міндеттен босауға тырысқандардың санын көбейте түскен» [84, 257 б]. Сондықтан, бір жыл ішінде азаншы болуға деген алапат ынталандырушы күшті осы заңмен байланыстыра аламыз. Әрине, бұл тұста шын жүректен дінге қызмет етуді мақсат қылған адамдар жоқ деп те, әсте, айта алмаймыз. Діни қызметке ынталанудың бұл түрі сол кездегі ең қол жетімді, әрі аса ауыр жұмысты талап етпейтін лауазым ретінде саналды;

Бұл топтастыру қазақ даласындағы Ресей билігі тарапынан жасалып жатқан саясаттың іске асуына марапаттаудың қандай формасы кеңінен қолданғандығын және олардың үлкен басқарушылық жүйедегі үлес салмағын анықтауға жол ашады [76, 7 б]. Алайда марапаттаудың жүйесіз іске асуы мен реттілігінің төмендігі, нақты критерийлердің болмауы ХХ ғасыр басындағы патшалық аумағындағы марапаттаулардың мәні мен құндылығын төмендетті. Оның себебін мемлекеттің саяси күші мен патшалықтың барлық құрылымдарының әлсіреуімен байланыстыруға да болады. Тағы бір себебі – жаппай орден тағу. Мысалы, алғашқы дүние жүзілік соғыс кезінде үш жүз мыңдай адамның батырлығы мен еңбек сіңіруі бойынша марапатталған болатын. 1916 жылы марапатталған адамдар саны миллионнан асып түсті [85, 18 б]. Өз кезегінде бұл марапаттардың құнының кетуіне, сәйкесінше, адамдарды ынталандыру функциясының төмендеуіне алып келді.

Ынталандырудың екінші түріне жататын карьералық өсу бағыты мұсылман дін қызметкерлері арасында айқын көрінді. Патша әкімшілігі адамзат

табиғатындағы мансапқұмарлық пен даңқ құмарлықтың психологиялық астарын жақсы түсінгендігі бүгінгі таңда анық көрінуде. Дін қызметкерлері мен мұсылмандық басқару саласында негізінен қазақ даласында татар мен башқұрттар арасынан шыққан лауазымды тұлғалардың өмір тарихын мысал ретінде ала аламыз. Лауазымға бекіту ОМДБ мен патша әкімшілігінің тағайындаулары арқылы іске асқандықтан дін маманына қойылатын талаптар азаматтық және діни позицияны қатар алып жүруді жүктеді. Оның ішінде, патшалыққа адалдығы мен дипломатиялық қабілеті, діни білім мен лидерлік қасиеті де ескерілді. Лауазымдық өсудің шыңына жеткен барша ОМДБ мүфтилерінің бойында осы талаптарға жауап беретін қасиеттер табылған. Патша билігінің карьералық өсу мүмкіндігін көрсету арқылы өзге дін өкілдері әкімшік тапсырмаларды орындауда белсенді болды. Мансаптық өсуге күштарлық алғашқы ОМДБ мүфтиі Мұхаммеджан Хұсайыновта болды. Ол 1756 жылы өмірге келіп, Сейт пасадындағы медреседе білім алған. Болашақ мүфти кейін Орынбор және Бұхарада, Ауғанстанның Кабулында білім алады [86]. Бұхара мен Кабулға М. Хұсайынов шет елдік сенімдер бойынша жұмыс жүргізетін шенеуліктердің тапсырмасы бойынша аттанады. Биліктің күрделі тапсырмасын орындағаннан кейін 1777 жылы Ресейге оралып, Орынбор әскери генерал губернаторының мұсылмандық мәселелер жөніндегі кеңесшісі ретінде қызмет атқарады. Өзінің жастығына қарамастан ол офицерлік лауазымға ие болады. Мұндағы негізгі ісі қазақ даласындағы барлау шараларынан түскен мәліметтерді жинақтау мен қорыту кірді. Бұрынғыдай тек мәлімет жинаумен ғана айналысып қана қоймай Орынбор мүфтиі қызметіне тағайындалмас бұрын ол қазақ даласындағы дін саласындағы мемлекетке қарсы келетін мәселелерді шешуге белсене араласты. Яғни, оның құзыреттілігі біршама күшейе түсті. Алдын тек мәліметтер жинаумен айналысса, енді мәліметтер жинап, оны қорытып, соны шешу жолындағы ұсыныстарды белгіледі. Қажет жағдайда қазақ ауылдарын аралап, түйінді мәселерді шешуге өзі араласты. Белсенділігімен ерекше көзге түскен Мұхаммеджан қазақтар арасындағы Бұхара, Хиуа, тіпті татарлар тарапынан жүргізілетін мемлекетке қарсы үгіт-насихаттарының алдын алуға белсене ат салысты. Оны ең үлкен алғашқы жұмысы ретінде қазақ және өзі барған аумақтардағы барлау жүйесін қалыптастыра алуы саналады. Өзінің мансап жолын Ресейдің оңтүстік аумағында орналасқан көшпелі қазақтар мен өзге де мұсылман халықтары арасында сәтті іске асыра білді. Хұсайыновтың қызметі Осив Игельстромның келуімен қатты өзгерді. 1785 жылы ол ахун дәрежесіне ие болды. Оны шілде айында Кіші жүзге сапар жасағанда қазақ даласы бірден жылы қабылданған жоқ. Дегенмен бірнеше қазақ сұлтандарымен байланыс орнатып үлгерді [87, 29 б]. Осы байланыстар кейін үлкейе келіп, Мұхаммеджанның дипломатиялық келбетін қалыптастырды. 1785 жылы Хұсайынов қазақтардан 208 старшинді жинап II Екатеринаға адалдығы жайында ант алды. 1785 жылы ол ахундық дәрежеге жеткен кезде оған 300 күміс рубль жалақы ретінде төленіп тұрды. Ал қазақ старшындары Хұсайыновтың делдалдылығымен II Екатеринаға ант бергеннен кейін патшайым О.Игельстромға ахунның жалақысына 200 рубль үстемақы қосуды



және Томаш аумағынан ең бірінші ахуны лауазымына көтеруді тапсырды. Ал мүфти болып сайланғаннан кейін 1500 рубль күмісті жалақы ретінде тағайындады [88]. Сонымен қатар оған жер иеленуге мүмкіндік беретін құқық берілді. 1793 жылы 23 қаңтарда жер сатып алуға және ұрпағына қалдыруға немесе сатуға мүмкіндік беретін II Екатеринаның жарғысы шықты. Бұл жерде қызметтік өсумен қатар қаржылық мүмкіндік пен сыйақының артқанын көруге болады. Осы бағытта мүфтидің өзі 1792 жылы генерал прокурор А.И.Самойловқа жер иеленуге рұқсат беру жайында өтінішін жазған болатын. Сәйкесінше, 1793 жылы мәселенің түйіні II Екатеринаның жарғысымен шешілді. 1795 жылы Хұсайынов крепосной ретінде танылды. Мүфти өзінің қоғамдағы орнын қалыптастыру үшін саяси істермен қатар діни басшылық қызметін тиімді пайдалануға тырысты. Мүфтилік қызметке сайлана салысымен Кіші жүз руларына қырғыз-қазақ даласындағы діни басшы ретінде қызмет ететінін және оның рұқсатынсыз қазақ даласында діни мәтіндерді талқылауға құқығы жоқ деп мәлімдеді. Мүфтидің қоғамдағы статусының артуына 1789 жылы желтоқсан айында II Екатеринамен кездесуі ерекше әсер етті. Жүздесуден кейін патшайым «бұдан былай ол бірінші санаттағы шенеулікке тең. Ең кем дегенде генерал- поручикке» деп мәлімдеді [32, 32 б].

Бөлімді қорытындыласақ, ОМДБ-ның иерархиялық құрылымы жоғарғы мүфтилік, ортаңғы мухтасибат, төменгі мутауэлияттан тұрды. Әрине, мұндағы сатылы қатынас бір-біріне тәуелділікті бекітті. Бірақ қазақ даласында бұл қатынас әлсіз сақталды. Діни басқарманың аппаратында қызмет еткен кадрлардың құрамы мемлекеттік қызметкер ретінде қабылданғанын көруге болады. Мұндағы кадрлар мемлекеттік санаттар арқылы өлшенді, жалақысы сол санаттар арқылы белгіленді. Қызметке алу және қабылдану тәртібі жалпы патшалықтың заңнамалары негізінде іске асты. Сондықтан діни басқарманың кеңселік мамандары өз жұмыстарын өзге де мемлекеттік мекеменің кеңселеріндегі қызметкерлер секілді жасады. Нәтижесінде, діни басқарманың әкімшілік жүйедегі құрылым ретінде қызмет атқаруына жол ашты. Ал патша әкімшілігіне тікелей бағынып, мемлекеттік қызметкер ретінде қызмет жасаған дін қызметкерлері отарлық саясаттың орталықтандыру жұмыстарына оң әсерін тигізді.

ОМДБ құрылған алғашқы жылдары барлық шығындар патшалық қазынасынан қамтамасыз етілген. Ал XIX ғасырдың алғашқы ширегінен бастап ОМДБ өз-өзін қамтамасыз етуге бағыт алды. ОМДБ-ның қаржылық қажеттіліктерін өтеу үшін метрикалық кітаптар енгізілді. Патша билігі мүфти, кази жалақылары мен кеңсе шығындарының қамтамасыз етілуін назардан тыс қалдырмады. Өйткені, ОМДБ аппаратын бақылауда ұстау және қаржылық мәселесін шешу арқылы мемлекет ықпалын сақтап отырды. Ал өңірлердегі молдалар діни рәсімдерді өткізу мен метрикалық кітаптарды жүргізу, сот-төрелік істерін қараудан түскен қаржыны пайдаланды. Жалпы, қаржылық есептерді бақылау мен ұйымдастыру арқылы патша әкімшілігі ОМДБ-ның тәуелділігі мен мемлекеттік құрылымның бір бөлігі екендігін көрсетті.

ОМДБ-ның кеңсесі мен ең жоғары лауазым иесі мүфтиге дейін толық мемлекеттік қазына тарапынан қамтамасыз етілгендіктен жалпы олардың

қызметті мемлекеттің мүддесіне арналуы талап етілді. Сондықтан қызметке алу арқылы дін қызметкерін тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету, үстеме жалақы беру немесе өзге де ынталандыру жүйелері арқылы штаттың нәтижелі жұмысын үйлестіруге бағытталды.

Марапаттау арқылы ынталандыру патшалық Ресейдің алғашқы жылдарында мемлекеттік басқару саласында, сонымен қатар дін мен билік арасындағы қатынастарды реттеуде үлкен ықпалды жүйе ретінде қалыптасты. Аталмыш жүйе арқылы мұсылман дін басыларының патшалық аумағындағы «адалдығы» мен белсенділігін арттыра білді. Зерттеу барысында патша әкімшілігі ынталандыру әртүрлі тәсілдерін қолданып, оның ішінде үш түрі ерекше әсер еткендігі байқалды. Бірінші – қоғамдық статусқа қол жеткізу, екінші – карьералық өсу, үшінші – материалдық игіліктерге қол жеткізу. Дегенмен марапаттаулардың ретсіз әрі нақты критерилерсіз берілуі олардың ынталандыру функциясын төмендетті.

## II ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДА ПАТШАЛЫҚ ЖҮЙЕДЕГІ МҰСЫЛМАНДЫҚ БАСҚАРУ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

### 2.1 Қазақ даласындағы мұсылмандардың діни өмірін заңдастырудағы Орынбор мүфтилігінің орны мен рөлі

Ресей билігі қазақ даласындағы дін мәселесі мен саяси билікті толық қолына алуды мақсат етті. Осы бағытта бірнеше бағытты қамтитын жұмыстар жүргізілді. Жалпы, биліктің қандай да бір халықты басқаруы үшін әкімшілік жүйені өз бақылауында ұстауы өте маңызды. Сондықтан қазақ даласын отарлаған Ресей патшалығы сот-төрелік ісінде де әкімшіліктің бақылауын арттыруға күш салды. Өйткені, басқару жүйесінің құрылымдары мен сот жүйесінің сәйкестігі билік тарапынан жасалынатын жұмыстардың жемістілігін арттырады. Ресей аумағындағы шариғи сотты Орынбор мүфтилігі арқылы жүргізуді ең алғаш ұйымдастырған патшалықтың атақты патшайымы II Екатерина болды. Оның билігі тұсында діни төзімділік ұстанымының өмірге келуі арқылы мұсылмандарға өз істерін шариғат шеңберінде қарауға мүмкіндік берілді. Әрине, православтық елде өмір сүретін мұсылмандарға толығымен ислам шариғатымен жүру бірқатар қиыншылықтарды туындатқаны айқын. Сондықтан азаматтық билік өзіне биімделген шариғи сот жүйесін қалыптастыруға тырысты. Ал қазақ даласындағы сот билігі әртүрлі бағытта дамып, азаматтық, шариғи, билер соты қатар қолданылды. Өз кезегінде осынша күрделі әрі табанды жұмысты қажет ететін бұл үрдістің ұйымдастырылуы көптеген зерттеушілердің назарын аударатыны рас. Дегенмен шариғи сот жүйесінің патшалық тұсындағы ұйымдастырылуының қазақ даласындағы көрінісі мен оған Орынбор мүфтилігінің әсері – әлі де терең зерттеуді талап ететін тақырып. Осыған орай, тақырып аясында шариғат негізіндегі сот-төрелік қызметінің ұйымдастырылуын зерттеуге басымдылық берілді.

Ресей билігі тұсында шариғатқа негізгі басымдылық отбасылық қатынастарды реттеу бағыты бойынша берілді. Мұсылмандық отбасылық құқықтық қатынастарды талдай келе оның негізгі үш ерекшелігін бөліп қарастыруға болады. Бірінші – мұнда діннің моральдық-этикалық әсері. Екінші – діни тәжірбиенің көмегі арқылы отбасыға психологиялық күш және демеу беру, тіпті, құқықтық дүниетанымдық көзқарас арқылы да отбасылық қатынасты жақсартуға бағыттау. Үшінші – ер мен әйелдің қатынасын нақты қасиетті жазбалар арқылы әр жынысқа өз міндеттерін белгілей отырып, олардың құқықтарын нақтылау және жазаларын белгілеу [89, 96 б]. Алғашқы типтегі ұстаным бойынша ислам дінінде кез келген қатынас шариғат негізінде орын алады. Әрбір өмірдегі қойылған мақсаттар мен оның ішіндегі неке қиюындағы міндеттер пайғамбардың сүннеті мен Жаратушының белгілеген міндеттері ретінде танылады. Біріншіден, шариғатты не себепті орындау қажеттілігін анықтайды. Қасиеттілігі мен маңыздылығы ислам дінінің мәртебесін арттырады. Дінге сенуші шариғатты орындамаған жағдайда осы дүниедегі немесе рухани әлемдегі жазаға тап болатындығына сенеді. Рухани жазалану күнә жасаған жағдайда «о дүниеде» тағайындалады. Ал мұндай

жазаны шарифаттың негізін қалаушы абсолютты күш Алла белгілейді. Мұсылман ислам дінін ұстанушы ретінде шарифаттың құқықтық нормаларын міндетті және әділетті деп біледі. Сондықтан шарифат заңдарын орындауға бар күшін салады [89, 96 б]. Өз кезегінде бұл мұсылмандардың Аллаға деген және Аллаға қатынасы арқылы өзінің жұбайына немесе өзге де адамдарға не жан-жануарларға, қоршаған ортаға деген міндеттерін белгілейді. Ал мұсылман осы өз санасындағы діни сенімі негізінде құдайдың белгілеген жазасынан құтыла алмайтынын түсінеді. Сондықтан мұсылман барынша шарифат белгілеген тәртіпке бойұсынуға тырысады. Шарифаттың екінші функциясы – оның қарапайым адамдар тарапынан өзгертуге жол берілмеуі. Осы функциясы мұсылмандар өміріндегі тұрақтылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Дегенмен шарифаттың қарапайым заңдарға қарағанда бір ерекшелігі – этикалық нормаларды орындауды міндеттеуі. Әсіресе, әйелдің ер адамға бағынуы, ер адамның отбасы алдындағы міндеттері қатаң түрде орындалуын талап етеді. Ал Ресей патшалығындағы азаматтық билік мұндай қатынастарды толығымен белгілей алмаған. Мысалы, «Бес уақыт намазын орындайтын, жылына бір ай оразасын ұстайтын, өзінің абыройын сақтайтын және күйеуіне бойұсынатын әйел жұмақтың қалаған есігінен кіре алады» [90, 48 б]. Жұбайлық қатынастарды орындау көптеген мұсылман ғұламаларының тарапынан міндетті деп белгіленген. Шарифаттың отбасы қатынасындағы үшінші функциясы – мұсылмандарға рұқсат (халал) етілген әрекеттерді іріктеп, ынталандыру немесе керісінше, кейбір рұқсат етілген, бірақ құпталмаған істер. Мысалы, Құранда ажырасуға рұқсат берілген, алайда ажырасуды Алланың жек көретіндігі айтылған. Сондықтан, исламда екі жұптың некесі өмір сүрулерін қатты қиындатқан жағдайда ғана ажырасуға рұқсат етілген [90, 109 б]. Құранның «ән-Ниса» сүресінің 130-аятында «Егер екеуі ажырасса, Алла әрқайсысын өз кеңшілігінен қамтамасыз етеді. Өйткені, Алла - аса кең, өте дана» делінген [91]. Жанұяларды рухани тұрғыдан демеу – ислам шарифатындағы орныққан қатынастың бірі. Көріп отырғандай шарифаттың мұсылман отбасы үшін маңызы зор. Шарифат мұндай маңызды рөлін Ресей патшалығы тұсында да жоғалтқан жоқ.

Ресей патшалығының қазақ даласындағы мұсылмандарды басқару ісі – сот жүйесін ұйымдастыру және өзгерістер енгізу арқылы іске асты. Қазақ даласында ықпалды әрі белсенді жұмыс атқарған билер институтының баламасы ретінде азаматтық сот пен шарифи сот ресми түрде енгізілді. Алайда билер институты өз қызметін сақтап қалды. Осы тұста, билер соты мен шарифат ара-қатынасы қалай өрбіді деген сауал туындайды. Ресей патшалығының құжаттарында қазақтардың дала заңдары мен шарифат нормалары жайлы алғашқы мәліметтер 1824 жылғы Сібір комитетінің жинақтары мен 1832 жылғы А.И.Левшиннің жазбаларында кездеседі. Аталмыш жазбалар қазақ даласындағы билер сотындағы шарифи жазалардың қолданылатындығын айтылған. Ресейлік зерттеуші Ж.С. Мажитова «Параллельді даму үрдісінде дәстүрлі құқық пен шарифат араласып, бірін-бірі толықтырды, нәтижесінде бірге өмір сүрудің ең қолайлы қатынасына қол жеткізді. Отбасылық және діни қатынастар бойынша істер шарифатқа сәйкес

шешілді, ал қалған мәселелердің барлығы дәстүрлі заңға сәйкес реттелді... Реформалар жүргізген кезде ресми билік «адатты» қазақтарға қалдырды, сонымен қатар шарифаттың ықпалынан қорқып, оны біртіндеп қазақтардың заңды тәжірибесінен ығыстыра бастады» деген пікір білдіріп, шарифи сот пен билер сотының ара-қатынасының үйлесімді дамығандығын айтады [92, 161 б]. Зерттеуші Ален Франк шарифи білім алып би және қазылық қылған қазақтардың аттарын келтіреді. Олардың қатарында 1771 жылы өмірге келген Тілен Монтайұлы бар, ол қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы аумағында би болып танылған адам. Қызылжар мен Самарқандта мұсылманша ілім алып, дау-дамайлар мен істерді шарифи біліміне сүйеніп шешкен. Керей руынан шыққан Есеней Естемесұлы Үргеніште дін ілімін үйреніп, 1815 жылы аяқтаған, 1834 жылы Аманқарағай дуанында қазы болып сайланған. Ол бұл қызметте ұзақ отырмаса да аға сұлтан, болыстық қызметтерін шарифат бойынша жүргізген. Ал Қарқаралыда тобықтының билеушісі, Абайдың әкесі Құнанбай Өскенбайұлы істердің көбісін шарифат негізі бойынша шешкен [93, 64 б]. Поляк саяхатшысы А. Янушкевич Құнанбай Өскенбайұлы жайлы «Қарапайым қырғыздың табиғи дарынды баласы... дала заңы және Құран жазбаларын меңгерген, қырғыздарға қатысты Ресей заңнамаларын барлығын жақсы білетін, сатылмайтын әділ сот және үлгілі мұсылман» деп естелік қалдырған [94, 12 б]. Деректерде Құнанбайдың бала кезден би ретінде дауларды шешкендігі келтіріледі. Танымал тарихшы Тұрсын Жұртбай «1822 жылғы низамнан кейін Ресей патшалығының деңгейіндегі билікке араласады. Құнанбай мен Абайдың өміріне қатысты архив деректерін ықтиятты түрде жинаған Мұздыбай Бейсенбаевтің мағлұматы бойынша Ресей үкіметіне ерекше берілгендігін көрсеткені үшін Өскенбай Ырғызбаевқа 1826 жылы 16 қазан күні старшина дәрежесі беріліпті. Өскенбай көбінесе, ел ішінде жиын, сиязда жүрді. Не басқа елдің шақыруымен сонда барады, дау-шарды бітіреді. Осындай кездерде Өскенбайды іздеп келген адамдардың дауларын Құнанбай тыңдап, әділ билік айтады, оған екі жағы да риза болып қайтады. Сол билікті кексе билер естігенде қисық деп айта алмайды» деп айтады [95, 47 б]. Құнанбай жас кезінен арнайы қызметке тағайындалмай тұрып-ақ, әділ төреші би ретінде танылған. Кейін аға сұлтан болып тұрған кезінде Қ.Өскенбайұлының «Қамқа мен Қодар» үкімінде екеуін өлім жазасына кесуі тағы бір күрделі мәселені тудырды. Патшалық тұсында шарифи соттың күзіреті қылмыстық істерді қарамайтындығы белгілі. Сонымен қатар Құнанбай ешқандай шарифат өкілі емес. Бірақ жазаны шарифатқа сүйеніп береді. Осыған сүйене отырып, кей кездері патша әкімшілігі алдында абыройлы және билігі күшті билеушілер шарифат негізінде қылмыстық істерді де қарағандығы мәлім [95, 152–153 б]. Бұл арнайы заңмен бекітілмесе де патша әкімшілігі олардың осындай әрекеттеріне жол берген.

Қазақ даласында билер сотының, яғни мазмұны шарифаттан бастау алса да патша әкімшілігі шарифи сотты кіргізуге тырысты. Зерттеуші П.Сартори мен П.Шаблей зерттеулерінде Ресей патшалығы шарифи сотты және әкімшілік сотты кіргізудің мақсатын былайша түсіндіреді: «Құқықтық плюрализмді зерттеген тарихшыларға Солтүстік Кавказ бен Ресейдің құрамындағы қазақ

даласының ұқсастықтары айқын түрде байқалады. Бір уақыт аралығында дерлік екі аумақтың отаршыл әкімшіліктері мақсатты түрде мұсылман қауымдастығы мен ықпалды әлеуметтік топтардың күшін азайту үшін адат пен шариғатты бөлуге бағыт ала бастады» [96, 229 б]. Яғни, Патша билігі қазақ қоғамында ықпалды күшке ие сот құрылымын әлсірету үшін құқықтық плюрализмді қалыптастырған. Сонан соң біртіндеп әкімшілік соттың басымдылығын арттыруды жоспарлаған. Ал шариғат пен дала заңын бөліп, әкімшілікке тікелей бағынышты ОМДБ-ның сот жүйесін енгізу – құқықтық плюрализмді қалыптастырудың жоспарлы қадамдарының бірі.

Шариғи соттың ең жоғары инстанциясы Орынбор мүфтилігі болды. Ал азаматтық биліктің барлық істері патша әкімшілігінің тікелей құрылымы ретінде саналды. Орынбор мүфтилігі патша әкімшілігі тарапынан «Оренбургское магометанское духовное собрание» деп аталды. Мұндай атаулар патша әкімшілігінің ОМДБ-ны бақылайтын құрылымдардың, соның ішінде Ішкі істер министрлігі Шет елдік сенімдегілердің дін істері жөніндегі департаменттің хаттарында жиі кездеседі. Патша әкімшілігінің бұл атаумен қатар діни басқарманы мұсылмандар тарапынан «Махкама-и-шария Оренбурджия» деген атаумен «Орынбор шариғи үкім беру мекемесі» деген мағынада қолданды. Діни басқарманың бұл атауы мекеменің шариғи үкім шығару құрылымы ретінде таңдалды және мұсылмандар мүфтилікті шариғи шешім шығарушы басқарма ретінде қабылдады. Осы тұста, әлемге әйгілі философ И.Канттың теориясы тұжырымымызды қуаттай түседі. Ол бойынша: «ұғым... бұл әртүрлі нысандарда болуы мүмкін көптеген нысандардың жалпы идеясы немесе көрінісі» [97, 395 б]. Яғни, қандай да бір заттың немесе мекеменің аты қалыптасу үшін халықта немесе ат қойып жатқан тарапта объекті жайында түсінік болуы керек. Біздің жағдайда объект ОМДБ екенін ескерсек сол заманда мұсылмандар Орынбор мүфтилігінің құрылуын – қазылық (сот) мекемесінің құрылуы ретінде қабылдаған [98, 93 б].

Осы тұста, патшалық Ресей аумағында мұсылмандардың бастапқыда шариғи сот мекемесі ретінде қабылдаған ОМДБ-ның қазылық функциясымен қатар саяси мәселелерге белсене кірісуі, мемлекет тарапынан ұсынылған қызметтерді орындауы мүфтиліктің тек сот қызметімен шектелмейтінін көрсетті. Ресей патшалығында негізгі басымдылық мұсылман элитасында болмағандықтан мұсылмандық соттың ұйымдастырылуы мен жүзеге асуында бірқатар ерекшеліктің орын алатындығы айқын еді. Діни басқарманың қызметін ұйымдастыру тәжірбиесі мұсылман елдерінде бірнеше ғасырдан бері қалыптасып тәжірбие жүзінде қолданылатын. Сондықтан олардың ислам шариғатына негізделген сот төрелігі олардың тарихи тәжірбесіне сүйенетін. Өз құрамына жаңадан мұсылман елдерін кіргізген Ресей патшалығы үшін мұндай тәжірбенің мемлекеттік істе заңнамамен реттелуі көп еңбекті қажет етті. Осыған орай, патшалық Ресей сот жүйесін ұйымдастыру мен ОМДБ-ның қызметін реттеуде мұсылман елдерінің тәжірбесіне сүйенді, сонымен қатар бұрыннан бері қалыптасқан патшалықтың шіркеулік тәжірбесі де іске жарады. Қазақстан аумағында исламның дәл христиандық шіркеу сияқты сатылы бір-біріне бағынышты нақты құрылымы болмады. Діни басқарманың құрылуы II

Екатеринаның тұсына сәйкес келеді. Мұндағы конфециялық қатынастарға қатысты ұстанымдардың өзгеруі, жаңа мекемелердің құрылуы дін саласындағы саясаттың жаңа курсына көрсетті. Зерттеуші Д. Ю. Арапов патшалық Ресей тұсындағы мұсылмандық басқаруды қарастыра отырып, сол кездегі биліктің мақсаты мұсылмандарды және өзге де дін өкілдерін толық бақылауға деген құштарлық болды деп санайды [24, 67 б]. Осыған дейін, мұсылмандық басқарманы құрмастан бұрын орыс православиялық шіркеуін мемлекетке бағынышты етіп, азаматтық билікті күшейткен болатын. Өз кезегінде Қасиетті синод патшалықтың бір құрылымы ретінде қызмет етті. Сондықтан патшалықтың православиялық шіркеуді мемлекеттік жүйеге бейімдеу тәжірбесі бар. Дегенмен тек қана православиялық шіркеуді ұйымдастыру тәжірбесіне ғана сүйенді деу қателік болады. Өйткені, дәл осы діни басқарманың құрылу барысы кезеңдерінде бірнеше авторлар тарапынан Османлы түріктердің және Қырымдағы мүфтияттың жүйесіне қатысты еңбектер жариялаған болатын.

Патшалық Ресей тұсындағы ОМДБ-ның сот төрелік қызметінің негізгі ерекшеліктерін ашып көрсету үшін ислам әлеміндегі қазылық жүйесіне тоқталып талдаған жөн. Ислам дінін ұстанатын халықтарда шарифат үкімі бойынша шешім шығаратын сот жүйесі қазылық деп аталады. Ең алғашқы шарифи сот қызметі - Мұхаммед пайғамбардың дәуірінен басталады [99, 233 б]. Мәдиналық кезеңдегі Мұхаммед пайғамбардың әкімшілік және саяси-құқықтық қызметін зерттеген М.Исахан «Мәдина конституциясында» негізінен мынадай мәселелер қарастырылған: Саяси тұжырымдама; Әкімшілік бөлініс; Әскери доктрина; Қылмыстық істер мәселесі; Азаматтық істер мәселесі. Мәдина мемлекетінің жоғары соты қызметін Мұхаммед с.ғ.а атқарды. Бұл туралы 23 бапта «Әрбір туындаған даулы мәселеге әділ шешім шығару Аллаға және Мұхаммедке тапсырылады» деген норма бекітілген. Төменгі соттар қызметін тайпа басшылары атқарды... Даулы мәселелер өз араларында шешім таппаған жағдайда ғана Мұхаммед пайғамбар соңғы шешімді айтуы тиіс болды» деп көрсетеді [100, 57-65 б].

Осы үрдіс жалпы, мұсылман әлемінде ислам сенімі мен құқықтық жүйесін ескеретін сот жүйесін дамыта түсті. Қандайда бір аумаққа тағайындалған қазы өзіне қарасты қылмыстық істерді қарап, шешім шығаруға құзыретті болды. Сонымен қатар қажетті деп табылған кезде біреудің дүние-мүлкіне қамқоршы тұлғаны тағайындауға, өсиеттердің орындалуын қадағалауға, мұралардың шарифатқа сай бөлінуіне, жаза мен оны кесетін үкімнің дұрыстылығына жауап берді. Тіпті, қаржылық салада да оның ішінде құқық қорғау орындарына тиісті мекемелер мен жазасын өтеу орындары қайырымдылық негізде төленетін садақа, зекет секілді қаражаттардың жиналу және таратылу процестерін бақылады. Сондықтан қазылық қызметі өте кең, көптеген мемлекеттік және қоғамдық салаларды қамтыды. Қазы бақылау ісін жүргізген кезде ислам құқығына сәйкестігі басты назарға алынды. Үкімді шығару үшін қазылар білікті дін ғұламаларының еңбектеріне және пәтуәларына сүйенді, шарифи білімі терең қазылардың өздігінен үкім шығаруға қабілеті жетті. Мұнда шешім шығарудағы негізгі құжат ретінде

Құран мен сүннет және әртүрлі мазхабтардың үкім алу тәсілдері қолданылды. Ресей патшалығы тұсында қазылықтың бірқатар қызметі кемітілді, оның ішінде, атап айтқанда, қазы азаматтық биліктің бір мүшесі ретінде танылды [101, 245 б]. Сондықтан ол көп жағдайда азаматтық биліктің қойған талаптарын да ескеріп отыру керек болды. Сонымен қатар тағы бір ерекшелік қазы – жалпы ислам әлемінде өте жоғары лауазым, мүфти – пәтуә беретін білікті адам саналған. Сондықтан қазы – заңдық тұрғыдан үкім шығару және жаза беруші. Ал мүфтидің пәтуәсі тек кеңес беру жол сілтеу мағынасында қолданылды. Ресей патшалығы тұсында бұл үрдіс өзгерді. Мұнда мүфти пәтуә бере алатын және жалпы молдалардың шығарған үкімін тексеріп, үкім үстінен үкім беретін құзіретке ие болды. Аталмыш айырмашылықты аша түсу үшін түрік елінің зерттеушісі ислам құқығы бойынша маман Ф.Аттардың салыстырмасында қамтылған [102, 121 б]. Мұндай екі лауазымның арасындағы құзыреттілігінде он түрлі айырмашылығы баяндалады. Мүфтидің пәтуәсі – ислам дініндегі күрделі сұрақтарға немесе кейін заман ағымымен пайда болған мәселелерге шарифат білгірлерінің түсіндірмелері арқылы жауап беру. Пәтуә сұраған адам мүфтидің берген пәтуәсін орындауы немесе орындамау еркі болады. Ал мүфти өзінің пәтуәсін оны сұраушы адамға мәжбүрлеп орындатуға немесе өмірінде басшылыққа алуға міндеттей алмайды. Ал төрелік ететін қазы болса, оның үкімі қазыға жүгінген тараптарды орындауын мәжбүрлейді. Мүфтидің шығарған шешімін бірнеше адам басшылыққа алып, өз өмірінде қолдана беруі мүмкін. Мысалы, бір адам мүфтиден бір мәселе бойынша пәтуә сұраса, дәл сол мәселеде басқа адам да берген пәтуәсі бойынша өз өмірінде қолдана береді. Ал қазының шығарған үкімі тек қана сотқа қатысқан тараптарға ғана бағытталады. Мүфти дін пәтуәсі діни-тәжірибелік, оның ішінде ғибадат ету, амалат (рухани тәжірбе) уқубатты (жазалау) байланысты мәселелерге үкім шығара алады. Ал қазы шарифатта ғибадатты тәрк етушіге де жаза тағайындау мәселесін қарайды. Өйткені, намаз оқуды тоқтату мұсылман құқығында «тазир» санатындағы қылмысқа жатады [103, 61 б]. Ал патшалық өкіметі тұсында молдалардың намаз оқымаған адамдарды дүрелеу немесе жазалау құқығы болмады. Әдетте, қазының мемлекет тарапынан арнайы тағайындалуы тиіс. Сол себепті, қазының үкімі мемлекеттің атынан шығарылған шешім болып есептелінеді. Елбасшы тарапынан тағайындалмаған шарифат білгірі муждахит болған күннің өзінде сот күшіне парапар үкім шығаруға құқысыз. Мүфтидің берген пәтуәсі әрбір істің діни және рухани астарына бағытталады. Ал қазы шығарған үкім оқиғаның нақты көрінісіне, яғни сыртқы сипатына қарай шығарылады. Алайда аталмыш ерекшеліктерге патшалық Ресейдегі мүфтилік пен қазылық ісін ұйымдастырған кезде аса қатты мән берілген жоқ. Мұнда рухани істі де оның ішінде ғибадат, қазылық үкім беруді де молданың құзыретіне кіргізілді. Молданың қызметін басқару Орынбор мүфтилігінің құзыреттілігіне берілді. Яғни, қазыдан гөрі мүфти рөлі артып, ол мұсылмандардың рухани ісінде және үкім беретін «заһири» істерді қарастыратын бірден-бір лауазым болып белгіленді. Яғни, «мүфти» ислам елдеріндегі бас қазының кейбір функциясын атқарды.



Қазақ қоғамында үкім шығару мәселесімен қазылар мен қатар билер айналысқан. Билерге қойылатын талап - әдет-ғұрып, ата-салтты, шариғатты үйлестіре отырып, тапқырлықпен үкім айту болды. Сондықтан қазақ қоғамында кез келген даулы мәселенің оңды шешімін табуда билер болды. [104, 226 б]. М.Исахан «Жеті жарғыдағы» ұрлық қылмысы үшін мүлік сол қалпында қайтарылуымен қатар үстіне үш тоғыз төлену тиіс болды... құн төлеу мөлшерлері шариғатта басқаша қаралғанымен, жалпы келтірілген зиянның орнын мүліктік композициямен өтеу шариғатқа қайшы емес. Шариғатта құн төлеуді дийат деп атайды. Алайда құн мен дийат мазмұндық тұрғыдан бір ұғымды білдіргенімен, «Жеті жарғыда» көшпелі қазақ қоғамының тұрмыс-тіршілігіне сай құн мөлшері белгіленген еді» деп, қазақ даласындағы билердің жаза кесуі мен исламдық жаза беруді салыстырып арасындағы айырмашылықты көрсетеді [105 б]. Шариғат бойынша ұрлық үшін қол кесу жазасы қолданылады, ал қазақ даласында құн төлеу жазасы қолданылған. Қазақтар арасында билер шариғаттың құн төлеу жазасын қол кесудің орнына қолданған. Яғни, қазақтар арасында билер соты толық шариғатты басшылыққа алды деуге келмейді. Бірақ шариғаттың ұстанымдары мен исламдық элементтер қамтылған. Бұл үрдіс Ресей патшалығына енген кезде де жалғасын тапты. Ал діни жоралғыларды жасауға әр рудағы діни білімі бар адамдар атсалысты. Ол көп жағдайда қожа тұқымынан шығатын. Әрине, бұл сөзбен қазақтың дін ісі тек қожаларға ғана тиісті болды деуге келмейді. Өйткені, қазақтар арасында үш жүздің біріне жататын рулардан да көптеген дін қызметкерлері шыққан. Қазақ тарихындағы қазылар мен билердің, дін қызметкерлерінің қызметін І. Есенберлин былайша талдайды: «...Алтын Ордада билердің ықпалы күшейе бастаған. Бұрын Өзбек ханының алғашқы хандық құрған кезінде, ауыл арасындағы дау-жанжалдан, ағайын ішіндегі талас-тартыстан туған қылмыс-күнаға, ұры-қары істеріне, тіпті кейде кісі өлтірілген ұрыс-төбелестерге үкім айту, жаза бұйыру – діни адамдардың шейх, қади, ишан, қазылардың шаруасы болатын. Бірте-бірте бұл жұмыстардың барлығы билерге көшкен. Діни басшылардың қолында тек шариғатпен байланысты күнаһарлардың ісін қарау қалған» [106, 18 б]. Аталған кезеңде дінге қатысты болсын, қарапайым өмір тіршілігіне қатысты болсын мәселелер шейх, қади, ишандардың ісі болып, кейін билердің ісіне айнала бастағанын, ал ұстаздық қылып, медреседе дін үйрету, молдалық ету сияқты дін істері қожа-ишандарға тиесілі болғандығын мәлімдейді. Дегенмен қазақ қоғамында әсіресе, оңтүстік аумақтарда билермен қоса қазылық қатар жүрді [107, 159–160 б]). Ал «діни басқарма және оның мүфтиі» деген лауазым қазақ даласына Ресей патшалығы тұсында орнықты.

Патшалық Ресей құрамына кіргеннен кейін қазақтарға қатысты орталық биліктің мұсылмандық басқаруымен сот жүйесіне бірқатар жаңашылдықтар мен өзгерістер жасалынды. Оның қатарында шариғи сот жүйесіне едәуір өзгерістер орын алды. Шариғи сот қызметін арнайы белгіленген қазылар атқармады. Мұны өңір ахундары мен молдалары орындады. Яғни, белгілі бір аумаққа арнайы қазы лауазымын игерген дін қызметкері емес, сол өңірдегі ғибадат ісімен айналысатын молданың атқаруы тиіс болды. Имамдар мен

ахундардың шариғи сот міндетіне ажырасу (талақ), мұрагерліктен қалған мүлікті бөлу (мирасқорлық), неке қию мәселелері кірді. Ал аталмыш лауазымдағы дін қызметкерлерінің істерін ОМДБ құзыретіне кіргізілді. Орынбор мүфтилігінің төрағасы, яғни бас мүфти ең жоғары лауазым ретінде бекітілді. Патшалық Ресей билігі мұсылман елдері оның қатарында түрік Осман және Қырым татарлардың мұсылмандық басқару ерекшелігін және православие шіркеуінің сатылы басқару жүйесін зерттеу арқылы Орынбор мүфтилігінің лауазымдық дәрежелері мен олардың міндеттерін жасап шыққан болатын [108, 118–123 б]. ОМДБ-ның негізгі міндеті ретінде мұсылмандық басқару саласында жұмыс жасайтын барлық қызметкерлердің қызметін бақылау және бүгінгі тақырыптың негізгі өзегі болып саналатын шариғи сот ісінің жүзеге асуын реттеуші ретінде жұмыс жасады. Құжат бойынша көрсетілген бұл құзыреттілік ОМДБ-ның қуатын өте кең әрі күшті мекеме ретінде танытады. Дегенмен азаматтық билік кей кездері осы белгіленген құзыреттілікке қарамастан дін қызметкерлерімен тікелей байланысқа түсіп, мүфтидің өзін қарамағына алды. Сондықтан, патша әкімшілігінің бұл тәсілі ОМДБ-ның аса жоғары деңгейдегі құзыреттілікке және ықпалға қол жеткізуіне кедергі келтірді.

Дін қызметкерлерінің шариғи сот ісімен айналысуы патшалық Ресейдің азаматтық заңнамалары мен шариғаттың үкімдерін назарда ұстап, екі тарапты заңды қолданды. Жаза кесу кезінде молдаларға денеге зақым келтіретін үкімдерді шығаруға рұқсат етілмеді. Яғни, молдалар ауыр жазалардың түрін қолдана алмады. Жергілікті өңірдің молдалары отбасылық, қоғамдық іске қатысты үкім шығарумен айналысты. Ал молдалардың шығарған үкімімен келіспейтін тараптар шағымдарын діни басқармаға жолдай алды. Мұндағы қарастырылған шағым ретінде түскен істер ОМДБ тек апелляциялық мекеме ретінде ғана шешім шығарды. Сондықтан ислам шариғаты бойынша үкімнің ең соңғы нүктесі ретінде Орынбор мүфтилігі саналды. Алайда заңды түрде ОМДБ-ны отбасылық мәселелер мен неке қатынастарына қатысты ең жоғарғы мекеме ретінде белгілеу әрекеттері аса сәтті болмады. Бұл «Мұхаммед сеніміндегі неке қатынастары жайлы ережеге» сәйкес іске асыру жоспарланған еді. 1824 жылы наурызда аталмыш ережеге Орынбор өлкесінің ахуны Әбдісалам Ғабрахимовпен және Қарғалы өңірінің мүдәрісі Абдрахман Мұхаммедшарип қолдау білдіреді. Алайда Орынбор мүфтилігінің төрағасы М.Хұсайынов бұл мәселе бойынша өзінің ашық пікірін білдіруден бас тартты. Ол мұндай әкімшілік істер мемлекеттік мекеме өкілдері арқылы шешілгенін құптады [109, 120 б]. Өйткені, бұл мәселеге қатысты Орынбор мүфтиінің Дін істері және ағарту министрлігімен келіспеушілік туындау ықтималдылығы бар еді. 1825 жылдың 15 мамырында Орынбор азаматтық губернаторы Р.В.Нелидов мұсылмандардың отбасы және неке істерін мұсылман дін басыларына емес, патша әкімшілігінің азаматтық сот қарауына өткізілуін ұсынды. Губернатордың пікірінше, мұсылман дін басылары жаңа билік пен мансапқа қол жеткізгеннен соң пайдалы істерге емес өздерінің діншілдігіне басады деп бағамдалған [109, 120 б]. Дегенмен Р.В.Нелидовтың бұл ұсынысы 40 жылға дейін іс жүзінде қолға алынбаған. Жалпы, патша шенеунігі

тарапынан бұндай ұсыныстың айтылуы мұсылман дін қызметкерлерінің қоғамдағы ықпалының артуымен ресми түрде мәртебесінің күшеюіне байланысты әсіресе ахундық және молдалық қызметкерлерінің құзыреттілігі сол кездегі басымдылыққа ие болып отырған православ шіркеулерінің епископтары деңгейімен теңесіп қалған еді. Ал христиандық рухтағы патшалық Ресейдің шенеуніктері үшін мұндай үрдіс тұрпайы көрінген. Православтық басқарма мен мұсылмандық басқарма арасындағы ұқсастықпен қатар бірқатар айырмашылықтар да болды. Оның бірі – жергілікті молдалар және ахундар мен губерния әкімшілігі арасындағы өзара әрекеттесу тәсілдері мен механизмі православтық басқармадан қарағанда төмендігі.

ОМДБ-ның құзыретіне 1847 жылы Ішкі істер министрлігі тарапынан отбасы мәселесі мүфтилікке қарасты деп мәлімделген. Орынбор мүфтилігі сот қызметімен теңестірілгенімен оның функциясы апелляциялық бағытта іске асты. Ресей патшалығының белгілеуімен имамдардың сот ісін жүргізуіне көңілі толмаған тараптар істі қайта қарау үшін ОМДБ-ға жолдауға заңнамалық тұрғыдан рұқсат етілді. Мұндай қайта қарау ісі мұсылмандар тарапынан жиі қозғалып, ОМДБ-ның кеңсесіне көптеген істер келіп түсетін. 1850 жылдардан кейін мұндай шағымдардың саны арта түскен. Шағымдардың басым бағыты – неке, отбасы қатынастарына байланысты орын алған. Мүфтилік қызметкерлері жинақталған шағымдар мен арыздарды қарап, шешімін шығарып отырған. Бір жиынның өзінде бірнеше іске қатысты шешімдер шығарылған. Жиналыстың басында жиынның арнайы хатшысы «ОМДБ-ның қатысу журналына» арыздың қаралу барысындағы мағлұматтарды енгізеді. Мүфтилікке келіп түскен істердің көбісі орыс және қазақ тілдерінде кеңсеге тапсырылған. Ал істің барысын талқылау татар тілінде жүргізіліп, орыс тілінде журналға енгізілген. Аудармашы келіп түскен арыздарды орыс тіліне аударған. Процессуалды құжаттар бүгінгі таңда Орынбор мүфтилігі тарихын зерттеуде құнды дереккөз саналады [98, 96 б]. Мұндай жүйе мұсылмандардың өздігінен орталық аппаратқа тартылуына жол ашты. Өйткені, имамдардың шешіміне разы болмаған халық міндетті түрде ОМДБ-ның құзыреттілігіне жүгінеді. Нәтижесінде, ОМДБ өзінің басқарушылық және ықпал ету мүмкіндіктерін әр өңірде арттыра түседі. Имамдар мен ахундардың қызметін бақылауға мол мүмкіндік береді. Келіп түскен құжаттар бірнеше бетті құрайтын. Бет сандарының көп болуы істің күрделілігімен, куәгерлердің, түсініктеме жазған тараптардың саны мен олардың жазбаларының ұзақтығына қарай жинақталған. Апелляциялық құжаттарға істі жүргізу кезінде жалпы құжаттың ішінде арыз сипаттамасымен істі жүргізген имам немесе ахунның есептері, іске куәлік еткен куәгер сөзі, куәгердің мәлімдемесі және ОМДБ шығарған түйінді шешім қамтылған. Істі жүргізу істің ары қарай жалғасуына немесе тоқтатылуына қатысты бірнеше бағытта жүзеге асқан. Бірінші бағыт бойынша ОМДБ істі жүргізген имамға шағымданушылардың шағымы бойынша нұсқаулық беріп, істі толық қанды қайта зертеуді куәгерлермен жаңа деректерді жинақтап шешімді қайта шығаруды тапсырған. Іс ОМДБ-ға келмей тұрып, жүргізген имамның өзіне қайта қайтарылады. Екінші бағыт – іс қайта қарауды қажет еткен кезде өзге ахунға немесе молдаға тапсырылған. Оған

қойылатын талап алдыңғы істі жүргізген дін қызметкеріне қойылған талапқа сәйкес болған. Тек істің объективтілігін қамтамасыз етілуі үшін өзге қызметкерді тартқан (Мирзагелдиев and Мухаметшин, 2019, 96). Бұл Барон Игельстромның жобасы бойынша қалыптасқан жүйе еді [98, 96 б].

Мұнан молдалардың тек сот ретінде ғана емес, сонымен қатар тергеу ісі мен де айналысқандығын көре аламыз. Бұл жайында ОМДБ имамдары өз есептерінде көрсетеді. ОМДБ-дан қайта қарауды сұрап келген істерге жаңа шешім шығару үшін куәгерлермен және тараптармен қайта сұқбат жүргізеді. Мұсылмандар істі қайта қарау кезінде өздері аттарын жазып, басқа имамның қарауын сұранатын тұстары да болған. Әдетте, ОМДБ мұндай өтініштерді орындайды. Ал имам тергеу ісінен кейін есептерді жазып, ОМДБ-ға қайта жолдайды. Бұл да барон Игельстромның жобасы бойынша қалыптасқан жүйе еді. Барон «қандай да бір ажырасу ісіне рұқсат берген мұсылман дін қызметкері істі бітіргеннен кейін діни басқармаға ажырасуға рұқсат беруге себеп болған барлық жағдайды түсіндіретін ақпараттарды жеткізу керек. Осы арқылы Діни басқарма істің әділ және заңға сай өткендігін анықтай алады. Егер бұл тәртіп орындалмаған жағдайда оның (имам) шешімі күшін жоюы тиісті» [110, 28 б].

Мұрағат құжаттары ОМДБ апелляциясынан өтіп, қабылданған жүйеге қарап олардың басты дереккөзі имам немесе ахунның есебі мен арызданушының арызы болғандығын аңғарамыз. ОМДБ әрбір шешімнің шығуына қатысты негізгі себебі мен дәлелін нақтылауды бақылауда ұстаған. ОМДБ-ның құжаттағы аты шарифат соты болғанымен оның іс жүргізуі өзге елдің шарифат сотынан біршама айырмашылығы болды. Арызданушы мұсылмандар негізінен Уфаға сот үшін келген емес. Арыздары тек жазбаша түрде ғана жолданған. Сондықтан ОМДБ имамнан жоғары болып саналғанымен негізгі сот ісінің ауыртпалығы имамдар мен ахундарда болды. Іс жүзінде ОМДБ өздігінен шешімді сирек шығаратын. Көбіне имамдар мен ахундардың есебі мен шешіміне сүйенетін. Ереже бойынша іс имамға, ахунға немесе губерния билігіне қайта жолданатын. Ал егер іс ОМДБ-ның құзыреттілігіне кірмейтін болса, арызданушыға Діни басқарма құзыреттілігінен тыс екендігін түсіндіріп қайта жолдайтын [110, 28 б].

ОМДБ қандай да бір іс бойынша имамдармен де, губерния әкімшілігімен де жиі хат алмасып істің барысын бақылауда ұстайтын. Патша билігі мұсылман қызметкерлерінің иерархиясын қалыптастырды. Дегенмен бұл сатылы лауазым иелерінің қызметі кейде нақтылы түрде өз функциясын атқармай қалатын. Мысалы, кей кездері имамның шешіміне разы емес арызданушы, өзінің ісін жергілікті ахунға емес бірден Уфаға Діни басқармаға жолдаған сәттер көптеп орын алған. ОМДБ құрылғанға дейін аумақтық ахундық басқару ісі мұсылмандар арасындағы сот істерін қарайтын орта деңгейдегі лауазым ретінде қалыптаспақ еді. Әрине, ахундардың саяси және дін істерінде де өз орны болды. Алайда ахундардың бұл бағыттағы функциясы нақты заңдық құжаттармен бекітілмеді. Кейін ОМДБ құрылғаннан кейін ахундықтан да жоғары инстанция пайда болу себепті ахундардың ықпалы азайды. Ендігі күш ОМДБ қолына көшті. Ресей патшалығындағы көптеген

мұсылмандар үшін ОМДБ-ның құрылуы жергілікті имам мен ахуннан аттап өтіп арыз беретін пункке айналды. Алайда бұл құбылыс қазақтарда қатты бой көрсеткен жоқ. Керісінше, қазақтар жергілікті дін қызметкерімен жақсы қарым-қатынас орнатып, істі насырға шаптырмай шешештін [98, 97 б].

ОМДБ-ның сақталған мұрағат құжаттарының басым бөлігі неке мәселесіне қатысты болуы, шарифат сот жүйесінде бұл бағыттың орны зор екендігін көрсетті. Патшалық Ресей заңнамасы бойынша неке мен ажырасу ісі метрикалық кітаптарында жазбаша тіркелетін. Ол шарифаттың емес азаматтық басқарманың қойған талабы болатын. Шарифат бойынша неке жасы ер бала үшін 15, ал қыз бала үшін 9 жас шамасында белгіленген. Алайда 1835 жылдың 22 наурызынан бастап, Сенаттың жарғысымен мұсылмандарға некеге тұру жасы туралы талаптар өзгеріп, ерлерге 18 жас ал әйелдерге 16 жас бекітілді [110, 28 б]. 1836 жылы шарифи соттың құзыреттілігі тағы да тарыла түсті. Ол бойынша мирас бөлу кезінде барлық тараптар толық келіскен жағдайда ғана ОМДБ қарайтын болды. Яғни, тараптардың бірі қарсылық тудырса, азаматтық соттың қарауына берілді.

Неке қиғанда немесе ажырасқан кезде молданың қатысуы міндетті шарт етілді. Молданың міндетіне жұбайлардың жасын, тегін (яғни, неке қиюға болмайтын қандық туыс болмауы тиіс) және екі жақтың келісімін алу кірді. Неке қиюда молданың қатысуын міндеттеудің басты себептері ретінде біріншіден, некенің азаматтық және шарифи тұрғыдан заңдастыру, сол арқылы әкімшілік биліктің бақылауын күшейту, екіншіден, халық арасындағы неке-отбасы ісіндегі дау-дамайлардың туындауын алдын алу және қоғамдағы некелік қатынастарды бір ізділікпен реттеп, тәртібін орнықтыру еді. Некеге қатысты ең жиі қозғалатын істердің қатарына қызды мәжбүрлі түрде тұрмысқа беру немесе алу, қалың мал төлеу, күйеуінің әйелге зорлық көрсетуі, әйелінің күйеуіне бағынбауы мәселелері кірді. Бұл тұжырымды танымал қазақ зерттеушісі Шоқан Уәлиханов та қуаттап: «Неке және некеден ажырату істерін үкімет молданың қолына тапсыруына себепші болған қазақтардың дәрекі әдеті – қыздарын ерге жас кезінен, көбінесе олардың ырықсыз ұзатуы. Қазақтар кейде бесіктегі нәрестесіне құда түсіп, үкі тағатын... Полициялық бақылау, заманның ағымы мұны жөнге келтірер, бірақ оған да біраз уақыт керек болар. Некелік жайында төпелеп түсіп жатқан шағымдарға қарағанда, халықтың заманнан орныққан әдетіне мұсылман шарифаты да мүлдем дәрменсіз болып тұр» деп пікір білдіреді [111, 83 б]. Яғни, Ш. Уәлиханов дәл некелік мәселеде шарифат сотына шағымдардың өте көп келіп түскендігін дәйектеген. Бұған қоса қазіргі Башқұртстан Республикасының Орталық мемлекеттік тарихи мұрағатының И-295 «Орынбор Мұхаммедтік діни бірлестігі» қорындағы шарифи істердің құжаттары айғақ. Мысалы, Петропавл қаласының тұрғыны Қаршыға Чавлия Санкибаеваның жұбайлық міндеттен бас тартуы жайлы ісі ОМДБ қарауына түсіп, қалалық ахун Сиразиддин Сайфуллинге істі аяқтау үшін қайта жолданған [112, 2 б].

Патшалығының некеге тұруға қатысты заңнамасы конфессиялық ерекшеліктерге қарай некенің қиылуына бірқатар шектеулер қойды. Мысалы, мұсылман еркектер христиандықтың католик және православиені ұстанушы

әйелдермен некелесуіне рұқсат болмады. Ал лютерандық әйелмен үйленуге белгілі шарттармен рұқсат етілді: 1. Көп әйелдіктен бас тарту; 2. Кейін өмірге келген балаларды христиандық сенімде тәрбиелеу шарт етілді. Егер де лютеранмен некеге тұрғаннан кейін балаларға христиандық тәрбие бермесе немесе әйелі де баласы да исламға мойын ұсынып кетсе, ондай жағдайда неке бұзылып, ол отбасы толық айыпты деп танылып, бірқатар құқықтарынан айырылып, тіпті қоныс аударылады. Ал егер күйеуі мұсылман өзі мұсылман немесе лютеран әйел православиені қабылдаса, онда мұсылман күйеуі әйеліне ешқандай қорлық көрсетпеуіне мән берілді [113, 30 б]. Керісінше, ондай жағдайда күйеуі баласын шоқындыруы керек деп белгіленді. Яғни, бұл жерден заңның мұсылмандар үшін толық еркіндік бермегендігін байқау қиын емес [113, 29–30 б]. 1837 жылы 3 қарашада Жоғарғы кеңестің №10653 «Хабарсыз кеткеніне 5 жылдан асқан жұбайларға қайта некеге тұруға өтініш беруге рұқсат беру туралы» заңы қабылданды [114, 839 б]. №10653 Заңға сәйкес «Ішкі істер министрінің мұсылмандар арасында 5 жылдан көп хабарсыз кеткен тұлғалар үшін жаңа некеге тұруға рұқсат беру туралы ұсынысын қарап, оның ұсынысымен келісеміз. Министр Заңдар жинағының 10 томындағы христиандарға қатысты міндеттерді мұсылман әйелдерге де қолданылады» делінген. Кейін бұл заң «Свод законов Российской империи» атты неке туралы негізгі нормативтік құжаттың 10 томының 97-98 бабы ретінде кіргізілді [115, 11 б]. Аталмыш 97-98 баптар Жоғарғы кеңестің №10653 заңына және «Свод законов Российской империи» құжатының 54 бабына сүйенеді. 54 бапқа сәйкес, «Жұбайлардың біреуі қандай да бір жағдайда өзі тұратын жерден жоғалып кетіп, 5 жылға созылып, хабарсыз болса, онда қалған әйеліне некесін бұзуға және жаңадан некеге отыру үшін епархиялық басшылыққа арыздануына рұқсат етіледі» делінген. Ал бұл баптың өзі 1806 жылы Қасиетті Синодтың №22038 ережесінде көрсетілген ұсынысқа сәйкес өмірге келген. Қасиетті Синодтың №22038 ережесінде христиан православтар арасында ұзақ уақыт бойы ер адамдардың жоғалып кететіндігі және мұның шешімін қарастыруды ұсынған [116, 106 б]. Кейін Жоғарғы сенат 1810 жылы №24360 жарғысында Қасиетті Синодқа христиандарға жұбайлардың бірі жоғалған кезде қайтадан некеге тұру тәртібін белгілейді [117, 362–363 б]. Өз кезегінде бұл патша өкіметінің христиандық шіркеудің некелік қатынасын реттеуге бағытталған заңын мұсылмандарға да қолданғанын анық көрсетеді. Осы мәселеге қатысты Ю.М.Гончаров заңның шын мәнінде қолданылғандығын құптай түсіп, «Мұсылмандар арасында ажырасуға келесі жағдайда рұқсат етілді: Әйелінің өтініші бойынша күйеуі 5 жыл белгісіз болғанда» деп тұжырымдайды [118, 44 б]. Яғни, мемлекет мұсылмандардың неке қатынасына және өзге де салаларына азаматтық заңды қолданды. ОМДБ-ны мұсылмандардың неке қатынасының шарифат бойынша реттеу құзыреттілігін өздері белгілеген билік, өз ұстанымдарына қайшы келе бастады. Яғни, ОМДБ-мен қатынаста ешқандай келіспестен де басқарманың ұсынған заң жобаларын іске асыра берді. Мысалы, ханафи мазһабына сәйкес күйеуі хабарсыз кетіп, өлгендігі жайлы ақпарат болмаған жағдайда әйел кісі қайта тұрмысқа шыға алмайды. Мұхаммед пайғамбардың хадисінде: «Муғира бин Шу’ба жоғалған

күйеудің әйелі туралы Хазіреті Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Ол жаңалық алғанға дейін – оның әйелі» деген бұйрық райлы риуаятын жеткізеді» [119, 121–122 б]. Яғни, патшалық әкімшілігі кейбір кезде шарифат үкімін белінен басқан.

Шарифат некеге тұру кезіндегі тараптардың еріктілігін белгілейді. Патшалық Ресей билігі тұсында да ОМДБ некенің еркін түрде орындалуына мән берді. Әсіресе, бұл әйелдерге қатысты болатын. Мүфти Мұхаммеджан Хұсайынов «некенің дұрыс болуы үшін куәгерлердің қатысуы міндетті, тіпті қалыңдық келісім берген жағдайда да куәгер шарт» деп пәтуа берді. Сонымен қатар әйелді зорлап қосу кезінде қиылған неке де дұрыс болып саналмады. Некенің дұрыс орындалуын күйеуінің туыстары қадағалауы тиісті болды. Сонымен қатар аталмыш пәтуа бойынша жұбайлардың ата-аналары құқы жағынан құзыретті болды. Алайда деректер бойынша әйелдерді ата-аналар мен жақын туыстары тарапынан мәжбүрлі түрде тұрмысқа беру фактілері де тіркелгенін алғандығын байқаймыз. Ондай істер ОМДБ-да қайта қаралу үшін Уфаға Қазақстанның Петропавловск, Көкшетау, Павлодар аумақтарынан көп келіп түскен. Сондықтан, мәжбүрлікпен күйеуге беру ең жиі орын алған іс саналады. Сондай істің бірі – 1846 жылы Көкшетау округі Андағұл болысында Ұлбары Тұрсынбайқызын тұрмысқа беруде орын алған (Сурет 1).

Іс 1846 жылдың 2 мамырынан бастап бір жылға созылады. Құжат бойынша Ұлбары Тұрсынбайқызының әпкесі Жанар қайтыс болған соң, жездесі Бағайға Ұлбарыны қазақ салты бойынша күйеуге бермек болады. Алайда Ұлбары үйден қашып, Жақсыбай Тойғылыұлына барады. Сөйтіп, Петропавловск қаласындағы ахун Сиражуддин Сафұлына некелерін кидырады. Алайда Ұлбарының туыстары және жездесі Бағай оны Жақсыбайдан ажыратып алып, жездесіне тұрмысқа шығуға мәжбүрлейді. Осы тұста Ұлбары Жақсыбаймен некесінің заңды, ал Бағайдыңкі шарифатқа да, заңға да қайшы екендігін алға тартып, ОМДБ өкілдігіне арызданады. Шағымда: «Петропавл қаласына келіп, ахун Сиражуддин мулла Сафұлына бұл хаттарды көрсетіп, бізге неке оқып беріңіз дедім. Менің ықтиярыммен февральдің 20-сы күнінде Жақсыбай Тойғылыұлымен некелесіп, ахун дәптерге тіркеген соң үйіме қайттым. Сосын атамның аға-інілері және жездем Бағай: «Бұл – қазақ рәсіміне қарсы іс, біз ол келісімді қолдамаймыз, Петропавлдағы ахунның қылған некесін бұзамын, оның қазақта не ісі бар деп, мені қинап, байлап, ерім Жақсыбайдан тартып алып, үйлеріне алып барды. Менім жасым – жиырма бесте және сол Бағайға мүлдем разы емеспін, неке оқыған жоқ» деп мәлімдейді [120] (Сурет 1. Мазмұнында қамтылған). Сот ісі әдеттегідей, куәгерлерден және неке қиған молдадан «рапорт» алумен жүргізіліп, 1849 жылдың 21 тамызында шешімі шығады.





Kaparabat Pabudawada Masana Kip  
 wosya, unu  
 lugus Paban Kemudaba, nene lugum  
 Cempur Ea unaga, ~~taburama~~ no kypay  
 kony apud guncera ora ee Pzamb  
 ja Cba ee janyumbo, palumbemburo,  
 ee nansurea Dugus Kapugala, ee oga  
 uticub gria unyuremba emozaba emb  
 Temuzumalo supra ee myuziaba nru  
 Cega ee Cba gaur emyda ora nunt  
 Joziana, nokarobur odemodendyban  
 presunt ee Wkococmenencho nruygan  
 oculo nruygan padupamendamba nomak  
 emb marokide nruyganine gnyurencan

Сурет1.2.




андагуловской волости киргизской женки Улбары Турсунбаевой прошение, Коимъ объясняетъ что сего 1846 го года февраля 20 го числа города Петропавловска ахуна Сиразитдинъ Сейфуллинъ по Собствянному Его Согласно Якшибая Т съзапиского брака их въ метрические книг., посих сего родной зять ее одного съяю округа, Карача бавловской Волости киргизь Багай Кустубаевъ, после смерти сестры ее Чинара, по киргискому обряду должень он ее взять за себя въ замужество, насильственно, съ помощью другихъ киргизовъ, съ ограбленьемъ уней имущества отобравъ отъ помянутого мужа ее Тулгулиева привезли въ свой домъ откуда оно ныне убежала, покаковымъ обстоятельствомъ просить его высокостепенство приказать произвяти разбирательства потомъ отъ таковыхъ притяснения означенного.

Кустубаева ее оградить итямъ досравить законное удовлетвление приказами: предимось озноченому ахуну Сейфуллину производств, наосновании могометанского закона, местов простыаль... Турсунбвевой киргиза Кустубаева при избранных».

Сурет1.4 және Сурет1.5.-тің жазба нұсқасы «Порутчик Қосшығұл Шопанұғлы уа старшина Бөкембайұғлы хат жазып, сол дағуашы (шағым) Бағай Қыстаубайұлының уа қыз атасы Тұрсынбайдың еш шағымы қалмады. Тұрсынбай қызы Ұлбарды Жақсыбай тойғылы ұлына бағыштады. Енді қайда болсаңыз да қайтыңыз. Еш қауіп қалмады деп бізді оларға кісілер жіберіп бізге сол хаттарды көргендері кейін біз питербул қаласына келіп ахун Сиражуддин мулла Сафұлына сол хаттарды көрсетіп, бізге неке оқып беріңіз дегеннен кейін сол хаттарды қарап зерделеп, менің өз ықтиярыммен мен Жақсыбай Тойғылы ұлына фебралдың 20 күнінде неке оқып дәптерге жазған соң үйіме қайтқаннан кейін атамның аға інілері және де жездем Бағайды надан мағды қазақтарының уасуасасымен біздің қазақ рәсіміне бұл қарсы іс. Біз ол келісімден қайттық деп, питерболдағы ахунның қылған некесіні бұзам деп Оның қазақта не ісі бар деп келіп, мені қинап байлап, нәрселерімді қалап, ерім Жақсыбайдан тартып алып үйлеріне алып барған қаштым. Менім жасым жиырма бесте және де сол Бағайға мүлдем разы емеспін, және неке оқығаны жоқ. Және де Бағай өзі осы шағымды қойдың деп мойындап хат бергеннен кейін және де өз мағук ықтияр қылғаным үшін атам рұқсат берген соң ахун сиражуддин өзім ықтияр қылған кісіге неке оқып дәптерге жазған соң мені бұ қадар қорлап, аспап уа жиһахдарымды талады. Уа шарифатқа қарсы келіп дін ғұламаларын қорлады. Өздерінің надандық рәсімін қылмақ болды. Енді шарифатта мені мәжбір сол Бағайға бермесе. Және сол Жақсыбайға некем ұрыс болса. Мұнан соң маған жәбір қылулдан тиылса еді. Енді хазіреттеріңнен өтініп сұраймын петерболды ахунға әмір қылып жазсаңыз екен, сол атылымыш куәгерлерден сұрап хақпен зерттесе, шарифат бойынша сіздің әміріңізбен бұл залымдарға шарифатты баян қылып, мені залымдардың зұлымынан құтқарып маған ешкімді шарифи себепсі зұлым қылуларынан тоқтатылса. Мен сияқты жәбірленушілер залымдардың зұлымдығынан құтылып, осы мәжбірлік пен балдыздарын алатын бидғатты рәсімді бітіріп, шарифатты бұл надандық зұлматтан шығарсаңыз. Жәбірленушілердің хайырлы дұғаларына қалып Алла алдында сауаптар жазылар.





Сурет 1.5.

Ресей заңнамасында жасы кәмелетке толмаған балалардың ата-аналарының алдын-ала атастыру мәселесіне қатысты нақты ереже көрініс таппады. Қазақ дәстүрінде атастырылған балалар кәмелетке толғаннан соң некелесуі міндетті. Осы тұста алдын ала келісіп, қалың малын алып қойып, бірақ әке-шешесінің ықпалымен немесе қыздардың өз қалауларымен некеден бас тарту фактілері орын алғандары да бар. Әрине, мұның арты үлкен даудамайға ұласатын [121, 79–80 б]. Егер жұбайлардың бір жағы келісілген некеден бас тартса, айып төлейтін болған. Қалың малдың төленбей қалуы көп жағдайда ерлі-зайыптылардың ажырасуына немесе некенің қиылмай қалуына себеп болатын. Патшалық заңнамасында отбасылық өмірге қабілетсіздік деп танылған осындай жағдайларда ажырасуды белгілейді. Бұл патшалық

аумағындағы барлық сенімді ұстанушыларға ортақ ереже болды. Міндетті қалың малды төлеуден жалтаруға тырысқандарды ОМДБ мен азаматтық соттар тарапынан мәжбүрлеу шараларымен өндірілді. Мысалы, жоғарыда келтірілген Ә. Бөкейхановтың жазбасы - осының айғағы [61, 139 б]

Шариғат бойынша зинақорлық жасау үлкен қылмыс болып саналып, оның жазасы ретінде дүре соғу немесе өлім секілді ауыр жаза белгілеген. Алайда патшалық билігі молдаларға мұндай жазалау шараларын қолдануға шектеу қойғандықтан, мұның жазасын азаматтық заңнама белгіледі. Оның себебін биліктің мүфтият ықпалының күшейіп кетуінен сақтану ретінде түсіндіреді. 1832 жылға Сенаттың және 1837 жылғы Мемлекеттік кеңестің шешімімен зинақорлыққа шариғатта берілетін жазасынан қарағанда жеңілдетілген жаза белгіленді. Олардың ішінде істеген күнасына тәубеге келу, шын жүректен өкіну, қысқа мерзімге қызыметінен босату секілді жазалар қамтылды. [121, 79 б]. Алайда бұл заңнаманың кейде ескерілмей қалған тұстары тарихта кездеседі. Мысалы, Құнанбай Өскенбайұлы «Қамқа мен Қодар» оқиғасында зинаға өлім жазасын кескені мәлім. Ол азаматтық билікте «Аға сұлтан» қызметін атқара тұра шариғатқа сүйенген. Бұдан біз Құнанбай секілді беделді де, өктем билеушілер патша өкіметінің заңдарына кейде қарсы келіп, билігін жүргізген деп тұжырымдай аламыз.

Патшалық әкімшілігі әрқашан азаматтық соттың құзыреттілігін арттырып, билер және шариғи соттың құзыреттілігін тарылтып отырды. Соның бірі – 1867–1868 және 1891 жылдардағы реформа Қазақстан аумағында сот жүйесіне алған өзгерістерде анық көрінеді. Жаңа басқару жүйесі бойынша әкімшілік соттың құзыреті артып, би және қазылық құзыреттері шектелді. Жаңа сот органы әскери сот комиссиясы, уездік соттар құрылды. Ауылдық жерлерде билер институты сақталды. Соттың ең жоғары сатысы ретінде үкіметтік сенат саналды. Ірі қылмыстарды қарастыру әскери соттың құзырында болды. Билердің істі қарауы болыстық басқармамен іске асты. Би мен шариғи сот шешімдерінде дене және өлім жазаларына рұқсат етілмеді. Молдаларға көшпелі шаруашылықпен айналысатын тұрғындар арасында 300 рубльден, ал отырықшы аумақта тұратындар арасында 100 рубльден аспайтын істі қарауға құқық берілді. Құны одан жоғарғы істерді тек әскери сот пен уездік сот қана қарай алды [122]. Шариғи соттың шешіміне келіспеген тараптарды уезд соты қарады. Осылайша, қазақ даласында уақытша ереже қазылар мен билердің уәкілеттілігін шектеп, патшалықтың билігін нығайтуға күш салды. Жалпы осы қабылданған ережелер мен ОМДБ-ның қазақ даласындағы қызметінің бәсеңдеуі тығыз байланысты. 1868 жылғы уақытша ереже қазақ даласын ОМДБ-ның қарамағынан шығарды. Дегенмен уақытша ереже ОМДБ-ның қазақ даласындағы құзіретін шектегенімен дін адамдарының ОМДБ мен байланысын және неке ісіндегі қызметін толық тоқтатқан жоқ. Осыған орай, уақытша ереже енгізіле салысымен сынға түсті. Зерттеуші Ю. А. Лысенко мұрағат құжаттарына сүйене отырып «осы бағыттағы заңнамалардың әлі толық жетілмегендігі «исламның дамуының алдын алу шаралары бойынша асығыс шешім қабылданды» деп бағаланды» - деп тұжырымдайды [123, 149 б]. Сондықтан «ол (уақытша ереже)

Мұхаммедтік діни басқармадан неке ісін алып қоюға тырысқанымен метрикалық кітапшаларды молдаларға жазғызу арқылы неке қиюға мүмкіндік берді» [124]. Башқұртстан Республикасының Орталық мемлекеттік тарихи мұрағатындағы И-295 «Орынбор Мұхаммедтік діни бірлестігі» қорында Қазақстанның орталық және батыс, солтүстік аумақтарынан ОМДБ құрамынан шығарылса да неке мәселесіне қатысты істер келіп отырған. Өз кезегінде бұл 1868 жылдан кейін де қазақтар арасындағы молдалардан ОМДБ-мен байланыстың сақталғанын көрсетеді. Дәл осы себепті 1891 жылғы 25 наурыздағы «Дала генерал-губернаторлығын басқару жайлы ереже» қабылдануымен молдалардың метрикалық кітаптарды жүргізуіне тиым салынды және мұсылман дін адамдарынан некені заңдастыру міндеті алынып тасталды. Яғни, қазақтардың дін ісі 1868 жылы бірден тоқтамады, тек 1891 жылы ғана қатаң тиым салулардан кейін ғана тоқтатылды. Алайда бұл тиымдар тек қазақтарға ғана қатысты болды. Ал қазақтардың арасында тұратын татарлар мен башқұрлар ОМДБ-ға қарауын сақтап қалды. Сол себепті И-295 «Орынбор Мұхаммедтік діни бірлестігі» қорында ХІХ ғасырдың соңғы ширегіне тиесілі қазақ даласынан келіп түскен діни құжаттар: молданың есептері, апелляциялық сот шешімдері, неке мәселелері кездеседі. Бұл тұжырым «Орынбор Мұхаммедтік діни бірлестігі» қорын зерттеу барысында анық болды.

ХІХ ғасырдың 60 жылдарындағы сот реформалары жайындағы өзгерістерді зерттеп, ұсыныс айтқан Шоқан Уәлиханов шариғи сот пен жалпы патшалықтық соттан гөрі билер сотының құзіретін күшейтуді ұсынады және оның келесідей себептерін келтіреді:

«1. Орыс губернияларына арналып жобаланған мировой соттын бастамасы көптеген жағдайларда қазақ халқының тірлігіне үйлеспейді;

2. Қазақтағы рулық әдет-ғұрыпта, рулық катынас үстемдік құрып, қазіргі кезде қызмет көрсетіп отырған билер соты халықтың өзі өндірген өнімі есепті. Ол ел ерекшелігінің ықпалымен өсіп-өркендеуінің жемісі есебінде халықты толық қанағаттандыра алады;

3. Мировой сотпен салыстырғанда билер сотының ең болмағанда қазақ үшін кейбір айырмашылығы бар;

4. Сот реформасы мәселесімен пікір жинағанда, қазақ жұртының басым көпшілігі ежелгі билер сотына ешқандай өзгеріс немесе қосымша енгізбей қолдады» [111, 68 б]. Ш.Уәлиханов «Жоғарыда көрсетілген себептерді ескере отырып, халық өркендеудің қандай сатысында тұрмасын оның қарапайым өсу жолына: өздігінен даму, өзін-өзі қорғай білу, өзін-өзі басқара білу қажеттілігін басшылыққа ала отырып, біз бұлтартпайтын қорытындыға келдік. Яғни, билер сотын белгілі мерзімге дейін, 1854 жылы заң шыққанға дейінгі қалпында қалдырып, заңды немқұрайлы қараудың төрешіл, кеңсешілдіктің идеясының ықпалынан формализммен тәртіп түрінде пайда болғандықтан жою керек» деп, патшалық үкіметтің «Мировой сот» жөніндегі реформасын тоқтатуды және билер сотының құзіретін күшейтуді ұсынады. Ал шариғи сот жайында Ш.Уәлихановтың жоғарыда «Үкімет неке және некеден ажырату істерін молданың қолына тапсыруына себепші болған қазақтардың дәрекі әдеті –

қыздарын ерге жас кезінен, көбінесе олардың ырықсыз ұзатуы ғой дейміз» деген пікірі берілген болатын. Осы ойдың жалғасын Ш.Уәлиханов «Біздің ойымызша, бұл әдетті мұсылмандық діни ағзамдардың қатысынсыз-ақ жоюға болады. Қазақтардың қыздарын балиғатқа толмай, яғни белгілі жасқа дейін ұзатпауға, әрі ұл-қыздарын өздерінің келісімінсіз зорлай қоспауға, т.б. мәселелерге тыйым салып, бұл тәртіпті қадағалауды аға сұлтандар мен болыстарға міндеттеу жөн болар еді» деп ұсыныс айтады [111, 83 б]. Ш.Уәлиханов ОМДБ қарауындағы неке және отбасы ісін билердің құзіретіне беруді ұсынады. Осы жерден біз билер сотының қыздардың еріксіз және жасына толмай тұрмысқа шығу мәселесіне аса мән бермегенін, содан кейін шариғи соттың қарауына берілгендігін байқаймыз. Жоғарыда келтірілген «Некелік жайында төпелеп түсіп жатқан шағымдарға қарағанда, халықтың заманнан орныққан әдетіне мұсылман шариғаты да мүлдем дәрменсіз болып тұр» деген Ш.Уәлихановтың пікірі ел арасында некелік мәселенің күрделенгендігін және күнделікті өмірде жиі кездесетіндігін айтады [111, 83 б]. Алайда Ш.Уәлиханов неке қатынасын шариғи соттан алып, билер сотына беруді жөн деп санайды: «молданың ықпалын әлсірету және діни фанатизмді қалыпқа келтіру үшін, әрі халықтың талабын орындау мақсатымен неке және некеден ажырату ісін бұрынғыдай би сотының билігіне берген жөн, онсыз да мұсылмандық некеде, құпиялық та, жұмбақтық та жоқ» [111, 84 б]. Ш.Уәлиханов шариғи соттың қызметін тоқтатудың мынадай себептерін айтады:

- ислам діні мен молдаларды фанатизмнің бастауы деп санайды [111, 84 б];

- діни канондар еуропалық үлгімен дамуға мүмкіндік бермейтіндігін және оның қазақ жерінде қайталанбауын айтады [111, 84 б];

- ОМДБ мамандары арасында парақорлықтың кең етек алуы мен сапалы кадрлардың жоқтығын алға тарту «молда болу үшін Уфада тұратын мүфтидің алдында емтихан тапсыру керек. Бірақ емтиханна сүрінбей өту біліміне байланысты емес, пұлына байланысты» [111, 78 б];

- ислам шариғаты реформалауға келмейтіндігін дәйектеу «кейбір исламды жақтаушылар ойлағандай Мұхамметтің ілімін тазарту мүмкін емес, оған ешқандай реформа жасалмайды» [111, 80 б]. Жалпы осы сарындағы ұсыныстар қазақтардың дін ісін ОМДБ құрамынан шығарылуына себеп болған. Мұны Ш. Уәлиханов пен Әлихан Бөкейханның жазбалары бірдей растайды. Ал Ә.Бөкейхан болса, «Қазақта мүфтилік мәселесі» атты мақаласында «Қазақ бұрынғышыл жұрт. Бұрынғының жолы ғой деп, момын заманынан қалған заңды қазақ түк өзгерткен жоқ еді. Сол бойымен мүфтиге қарады. Мүфти қарамағында болған соң указнойлар, ахундар заң орнына ислам шариғатын жүргізе бастады. Манағы мың жылдық заңның жолы шариғат қағидаларына үйлеспейтін болды» [61, 139 б]. Әлихан Бөкейханның аталмыш жазбасында екі мәселе қатарынан көзге түседі. Бірінші, қазақтар арасындағы некелік қатынастар мен ОМДБ-ның ұстанған шариғат үкімдерінің қайшылыққа келуі және жергілікті билер мен сұлтандардың өз билігінің тарылуына байланысты шариғат сотын қолданудан бас тартуы. Шариғат пен



халық арасындағы қайшылықты күйеуі дүниеден қайтқан әйелдердің мәселесімен дәйектейді «Байы өліп жесір қалған қатын 4 ай 10 күн ғиддат сақтау тиіс. Ғиддаты толған соң бір жаққа барам десе де, өзі тілеген біреуге тиім десе де шариғаттың үкімі бойынша – ерік (Құран. 2-нші сүре, 234-інші аят). Қазақ 1000 жылдық заңды қуам деп, жесір қатынды күштеп әменгеріне қосады. Екінші, бір адам өлген соң артында баласы қалмаса, шариғат бойынша мүлкінің 4/1 қатынға тиеді (Құран, 4-інші сүре, 11-інші аят). Қатын мал беруші ме еді деп қазақ баса көктеп, малын тартып алып, өзіне бір әменгер табыла кетеді. «Атым өлсе - сауыры мұра, ағам өлсе жеңгем мұра» деген қағидасы даяр тұр. Осындай, шариғаттың үкімімен заңның жолы ереуіл келетін орындар толып жатыр» [61, 139 б]. Ә. Бөкейхан жесір әйел күйеуі қайтқан соң шариғат бойынша күтуі тиіс ғиддат мерзімі, әйелдің мирасқорлық құқығы сақталмайтындығын және күштеп тұрмысқа шығарылатынын келтіреді. Ал молдалардың бұл іске араласуы әйел құқығының шариғат бойынша орындалуын талап етіп, жүзеге асыра бастағаны. Алайда молдалардың ықпалы артып, әйелдердің құқығы күшейе түскен сайын кейбір би, сұлтандар бұл үрдістен қауіптеніп, шариғи соттан бас тартуға күш салған. Ә.Бөкейханов: «Қазақта екі жақ даулы болса, указнойға жүгінгенде указной шариғаттың қағидасына салып үкім қылғанда, нашарға теңдік, жесірге ерік тигенде, қазақтың заңшыл үлкен адамдары шошынды: «Ойбай, бүйте берсе, қазақ мүлде қатынынан айрылып қалады екен; мынауың сұмдық екен; бізге тіпті мүфтидің керегі жоқ!» - деген ойға келді» десе «Сол аға сұлтандар мүфти қарамағында тұрғанда, өздерінше, талай кемшілік көрді. Екі жақтан дау болғанда, мүфтидің бұйрығы жүріп, аға сұлтандардың сөзі сөз болмай қалушы еді. Мәселен, Төйте Нүрекеновтің Зылиха атты қызы Жақсыбай деген жігітке тиіп кеткен. Атасы Төйте Жақсыбайдан айырып алуға жүрсе де қолынан келмеген. Зылиха мен Жақсыбай мүфтиге арыз беріп, қолдарына ерік қағазын алған. Содан аға сұлтан Төйте жығылып қалған» [61, 139–140 б]. Бұдан шариғат сотына қарапайым халық емес, жоғарғы биліктегі сұлтандардың қарсы шыққаны айтылады. «Қазаққа жаңа закон («Степное положение») шығардың алдында Петербордан «экспедиционная комиссия» шығып, Сібір қазағын аралаған. Қазақтан «Не мұң-мұқтажыңыз бар? Қалай болуды тілейсіз?» - деп сұраған. Ауылнайлар, болыстар, аға сұлтандардың үйретуі бойынша, «мүфтиліктен шықсақ екен, бұрынғы ата-бабаның заңымен тұра берсек екен, содан бөтен түк мұқтажымыз жоқ, тақсыр», -деп шулап қоя берген... Сонан соң көп ұзамай 1868-інші жылда, 21-інші қазанда бекітілген жаңа закон әп-әдемі болып шыға келді. Сонымен аға сұлтандық мәңгі тоқтап, оның орнына ояз шықты. Қазақтың рухани істері мүфти қарамағынан алынып, «областной правлениеге» тапсырылды» [61, 140 б]. Шоқан Уәлихановтың жазбасында да «Сот реформасы жайында пікір сұрағанда Көкшетау округінен өзге біздің облыстың бар округінің қазақтары мынадай ұсыныс жасады: «Қазір молданың қарауына берілген неке, некеден ажырату ісі бұрынғыдай би билігіне берілетін болсын» [111, 75 б]. Аталмыш мысалдар мен жазбалардың барлығы қазақтар арасындағы лауазымды әрі беделді адамдар молдалардың

ықпалының артуынан қауіптеніп, ОМДБ құрамынан шығуына себеп болғандығын аңғартады.

Орынбор мүфтилігінің сот төрелік қызметін енгізу арқылы Ресей патшалығы бірнеше мақсатты көздегендігін байқай аламыз. Біріншіден, мұсылмандар арасында исламдық басқарудың билікке бейімделген формасын жасау, сол арқылы азаматтық әкімшілік басқаруды күшейту. Екіншіден, діни басқарманың қызмет етуіне мүмкіндік бергенімен, шариғи заңның қатты күш алып кетпеуін, исламның жылдам таралуының алдын алуға тырысты. Ол үшін мұсылманша қазылықтан гөрі құзыреттілігі тар шариғи сот жүйесін жасады. Үшіншіден, Ресей патшалығының ірі реформаторы II Екатеринаның әкімшілігі сот жүйесін практикалық тұрғыда енгізіп, патшалығының мұсылмандыққа қарсы бағытталмағандығын іс жүзінде дәлелдеуді және сол арқылы көшпелі қазақ рулары арасында ыңғайлы басқаруға мүмкіндік беретін соттық жүйе қалыптастырмақ болды. Нәтижесінде, азаматтық сот және әкімшілік басқару жүйесі діни және дәстүрлі қазақ басқару жүйесіне қарағанда беки түсті. Оған ашық мысал 1868 жылғы шариғат соты мен дәстүрлі би сотын шектеуге бағытталған реформаны айтсақ болады. Азаматтық сотты күшейту шариғи сот пен билер сотын қатар қолдану арқылы да іске асты. Қазақ даласында шариғат сотымен қатар билердің сот қызметі қатар жүргізілгені мәлім. Патшалық Ресей зерттеушілері қазақтардың билер сотында шариғаттың әсері бар екенін дәйектесе де, патшалық әкімшілігі билер соты мен шариғи сотты бөлу ісін жалғастырды. Ондағы мақсат қазақ даласында құқықтық плюрализмді қалыптастырып, билер соты мен шариғи соттың күшін бөлу арқылы әлсірету көзделді. Тақырыпты зерттеу барысында қазақ даласында Петропавловск, Көкшетау, Өскемен, аумақтарының молдаларының белсенді қызмет атқарғандығы және олардың төрелік етіп қараған істерінің басым бағыты некелік қатынастарға, әсіресе, әйелдердің мәжбүрлі түрде тұрмысқа шығу және қалың мал беру ісіне қатысты екендігі анық болды. Сонымен қатар азаматтық заңнамаларда некелік қатынастарда этноконфессиялық ерекшеліктерге аса мән беріліп, православие дінін ұстанушыларға бірқатар жеңілдіктер қарастырылғаны айқын байқалды.

## **2.2 Мұсылмандық құлшылық орындарын қалыптастыру мен реттеудегі Орынбор мүфтилігінің қызметі**

Бұл тақырыпта патшалық Ресей тұсындағы қазақ даласында құлшылық орындар ісін заң жүзінде реттелуі және Орынбор Мұхаммедтік діни бірлестігінің ғибадат үйлерін бақылаудағы қызметі талданды. Тақырыпты аша түсу үшін қазақ даласындағы мұсылмандық ғибадат үйлерінің орналасу ерекшеліктері, патшалықтың мешіт салудағы мақсат-мүддесі, заңнамалық құжаттардың іске асудағы көрінісі зерделенді.

Зерттеу барысында ОМДБ-ның мешіт ісін реттеудегі үлесі, дін қызметкерлерін бақылаудағыдай ықпалды емес екендігі және азаматтық билік бекіткен заңнамалар мен ережелердің әкімшілік тарапынан сақталмайтындығы анық болды. Нәтижесінде, қазақ даласында мешіт

құрылысына патша билігі тарапынан қойылған талаптардың толық орындалмау фактілері кездескендігі мәлім болды.

Қазақ даласы патшалық Ресей құрамында ұзақ уақыт бойы өмір сүрді. Бұл уақыттың ішінде патшалық әкімшілігі қазақтардың дін ісінің әлеуметтік саяси мәселелерінің қабаттарына араласты. Оларды патшалықтың негізгі саяси ұстанымдарына сәйкестендіруге тырысты. Әсіресе, дін ісін ұйымдастыру қазақтардың патшалық Ресей әкімшілігімен жақындасуына оң ықпал етті. Бұл бағытта көптеген заңнамалық құжаттар мен жарлықтар шығарылды. Осындай құжаттар мен деректер - бүгінгі таңда арнайы зерттеуді қажет ететін бағыттың бірі. Отандық зерттеушілер тарапынан осы бағытта қазақ тілінде зерттелген еңбектердің саны аз. Мешіт, медреселер мен олардың құрылысының ұйымдастырылуы мен және оның іске асырылуы жайындағы талдаулар жоқтың қасы. Сондықтан, ислам мәдениетінің бір бөлшегі ретінде танылатын қазақ даласындағы мұсылмандық ғибадат үйлерінің зерттелуі өзекті тақырып болып саналады. Патшалық Ресей құрамына алғаш болып Қазақстанның Кіші жүздер тұрақтаған батыс өңірі содан кейін Орта жүз тұратын солтүстік аумақтар кірді. Көп жағдайда сол кездегі Ресей зерттеушілері қазақтардың ислам дініне берік еместігі жайында және оның айғағы ретінде мешіт санының аз екендігін айтады. Алайда қазақтардың ислам дініне беріктігін мешіттердің санымен белгілеу қате пікір. Өйткені, халықтың тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымы діннің өмірдегі көрінісін әрқалай сипаттайды. Мәселен, күнделікті малдың жай-күйімен көшіп-қонып жүрген қазаққа бір орынға байланып отыру тән емес. Сондықтан, олардың белгілі бір жерге мешіт салып соған тұрақты түрде құлшылыққа баруына көшпелі өмір мүмкіндік бермейді. Өз кезегінде бұл Хиуа немесе татар халықтарының елдеріне қарағанда қазақтардың арасында мешіттің аз болуына бірден бір себеп болады. Мешіттің санына қарап қазақтарды дінге енжар болған деп бағалауға әсте болмайды немесе мешіттің қажеттілігін қазақтар арасында сезілмеді деуге де келмейді. Мұнан ұғатынымыз тек қазақтардың өмір салты басқа мұсылман халықтарынан өзгереді болғандығын байқатады. Осындай өмір салтына қарамастан қазақ даласында ескі мешіт-медреселердің бар екендігі анық. Ислам тарихында мешіт мұсылмандар үшін құлшылық жасау орны ғана емес, әлеуметтік мәселелерді де талқыға салатын орын екендігін байқауға болады. Мешіт, медреселердің отырықшы жерлерде көптеп орналасуы айнала төңіріндегі тұрғындардың ислам дініне қызығушылығының артуы мен дін ілімін түсінуіне жағдай жасайды. Өз кезегінде бұл исламның кеңінен таралуына оң әсер етеді. Құлшылық үйлерінің осындай ерекшелігін білген патшалық Ресей әкімшілігі мешіт-медресе ісін бақылауда ұстаудың маңыздылығын түсінді.

Қазақ даласындағы құлшылық үйлерінің ұйымдастырылуы арнайы әкімшілік мекемелердің бақылауына берілді. Құлшылық үйлерінің салыну ісін ұйымдастыру арқылы азаматтық билік өзінің қазақ руларына және өзге де мұсылмандарға деген дұрыс пейілі мен ықыласын, кейде наразылығын танытып отырды. Патша билігінің мешіт құрылысы жайлы саясатын бейнелейтін мәліметтерді Сенаттың 1744 жылдың 8 наурызындағы «Қазан

татарларын Орынбор өлкесіне қоныстандыру және татарларға қала сыртынан мешіт салуға рұқсат ету жайлы» жарғысынан көре аламыз. Қазақ даласындағы мешіттердің көшпелі халықтың әлеуметтік-мәдени өміріне әсерін зерттеген Динара Аманжолова Ресей патшалығының қазақ даласына жақын аумақтарға мешіт салуының себебін былайша пайымдайды «Бұған себеп, қаланың «шалғайлығына» байланысты, оған қоныстанғысы келетіндер мен саудасаттық жүргізгісі келетіндердің «санының аздығы» болды. Тілді білетін және қазақтармен бір дінді ұстанатын татарлардың, қазақтардың бүкілресейлік нарық жүйесіне енуіне ықпал етіп, қазақ даласы мен Ресей арасындағы сауда қатынастарында делдал бола алатындығы да белгілі рөл атқарды» [125, 45 б]. Яғни, қазақтарды отырықшы өмірге бейімдеуді, оған татарларды тартуды және Ресейдің сауда нарығына қазақтарды кіргізуді жоспарлады. Оған қатысты зерттеуші Г.С. Султанғалиева мен А.К. Алитурлиева: «Мешіттердің құрылысы мұнда маңызды рөл ойнады. Тек 1782–1786 жылдары аралығында қазақ далаларында мешіттердің тез арада салынуын білдіретін төрт жарлық шықты» дейді [5]. Аталған жарлықтарды патшайым II Екатерина шығарды 1782 жылғы қазақ даласына мешіттер салу жайлы указдар Орта жүз руларына бағытталды: «Мейірімділікпен, біз ұлы мемлекетіміз... қырғыз-қайсақ халқына, олардың күнделікті діни рәсімін өткізуі үшін, көшпелі қырғыз-қайсақтың Орта ордасына іргелес шекараларда, ыңғайлы орындарды таңдай отырып, мешіттер салынсын» деп жазды II Екатерина [5]. 1784 жылы және 1786 жылы II Екатерина мешіт салу ісін арнайы қозғап, мұны қазақ рулары мен патша әкімшілігінің байланысына оң ықпал ететіндігін атап өткен. 1785 жылы II Екатерина Уфа және Сібір генерал-губернаторы О. Игельстромға қазақ рулары арасында ислам дінінің негізін үйрентетін оқу орны 500 кісілік мешіт құрылысын бастауды тапсырды [10, 114 б]. 1785 жылдың өзінде ОМДБ құрылмай тұрып та, II Екатерина қазақ даласындағы діни мәселелерді назардан тыс қалдырмағанын көре аламыз. Қазақстан аумағында мешіттердің санының артуына халықтың отырықшы өмірге бейімделуі және башқұрт, татар саудагерлері мен дін қызметкерлерінің де көптеп келуі себеп болды. Ал аталмыш үрдістің жүруіне Ресей салдырған бекіністерге халықты шоғырландыру әсер етті. Әрине, мұндай істің астында саяси мүдденің тұрғаны анық болатын. Бұл пікірді II Екатеринаның жоғарыда келтірілген жарғысы қуаттай түседі. Бұл жерден біз патша билігінің көшпелі қазақтың мәдениетіне, өмір салтына немесе тарихына ешқандай қатыссыздығын сезіп, конфессиялық саясатты жоғары деңгейде жүргізіп, қазақ ақсүйектерімен тығыз қатынаста болуды мақсат еткендігін көреміз. Салыстыра қарасақ, Ресей патшалығының негізін құраушы орыс халқы қазақтар сияқты көшпелі емес отырықшы, олар проваслав, ал қазақтар – мұсылман, олар – славиян, бұлар – түрік. Олар бюрократиялық-әкімшілік басқаруға бейімделген, қазақтар еркін, дала заңы, әдет-ғұрып заңымен жүреді. Яғни, патшалық Ресей мен қазақ даласының арасында көптеген айырмашылық бар еді. Бірақ Ресей патшалығының отырықшы мұсылман халықтарды басқару тәжірибесі аздап болса да қалыптасып үлгерген болатын. Оған мысал татарлардың үлкен қалаларын келтірсек болады. Сондықтан болар, әкімшілік татарлар мен башқұрттарды

басқарған сияқты қазақ даласын да солай икемге келтіруді қолға алады. Ал бұл істе ең алғашқы қадамның бірі – патшалығының қазақ даласына халықтың қалауымен мешіт-медресе салып беруі [126, 35 б]. Мешіттердің салынуында қазақ ақсүйектерінің де үлесі бар. Мысалы, Орынбор генерал-губернаторы О.А.Игельстромның 1789 жылғы II Екатеринаға жазған баяндамасында қазақ старшындары мен қазақ халқының көпшілігі мұсылмандықты ұстанатындығын, сонымен қатар Сырым Датұлының мешіт, балаларға арнап мектеп салуды және оған молда жіберуді, жергілікті билік арқылы Құран алдыруды сұрағандығын мәлімдейді. Барон өз баяндамасында мүмкіндігінше Құран кітапты таратып, тағы 100 дана кітапқа сұраныс түскендігін және Сейт посадында білім алуды ұсынғандығын да айта кетеді [127, 11 б].

Патшалық Ресейдің мешіттерді орналастыру картасына қарасақ, құлшылық үйлері көбіне бекіністерде салынған. Оның негізгі себебі ретінде зерттеуші П.Шаблей 1782 жылы қабылданған ереженің «Устав Благочинияның» «өзге діндегілерге» (православиеден өзге сенімдегілер) сауда немесе тағы басқа себеппен басқа қалаға барған адамдарға құлшылық етуге тыйым салынбайды» деген қағидатымен байланыстырады [128, 116 б]. Яғни, православие сеніміндегілерден өзге дін өкілдерінің де және оның қатарындағы мұсылмандардың да отырықшы қалаларда құлшылық үйлеріне жиі барады деген пікір туындайды. II Екатеринаның жоғарыда келтірілген жарлығы іс жүзінде орындалып, Петропавл, Семей, Троицк, Орынбор қалаларында құлшылық үйі салынды. 1795 жылы Петропавлда салынған мешіт құрылысына 5000 рубль көлемінде қаржы бөлінген [129, 120 б].

Мешіттердің орналасуына қатысты А.И.Добросмыслов былайша тұжырымдайды: «Орынборда болу себебі Кіші орда ханы Нұралыға жақын болуы... Үстіңгі Оралда барлық атақты старшиналардың сонда орналасуы, Троицк бекінісінде сауда-саттықтың жақсы дамуы және келетін адамдар ағымының көптігі Петропавловск бекінісінде Орта жүз ханы Уәлиге әсер етуді қаласа керек» [5]. XIX ғасырдың басында Орта жүздің сұлтаны Шаншар Сұлтанмәметұлы Ертіс бойында Крив және Семьярск бекіністері арасындағы жерлерде мешіт салуға рұқсат беретін грамота алады. 1819 жылы Орта жүздің бір қатар жерлерінде мешіт салу үшін патша билігі қаржы бөледі. Патша әкімшілігінің бұл ісіне қарап, билік тарапынан құрылған бекіністерде құлшылық үйлерін салу арқылы қазақтардың онда жиі келуін және мұндағы дін қызметкерлерімен қарым-қатынас орнатуын көздегендігі байқалады. Яғни, бекіністің маңыздылығын және сол жердегі халықтың қажеттілігін артыратын көптеген мүмкіндіктерді қарастырған. Мұны маркетингтік әрекет ретінде бағалауға болады. Бұл ойды зерттеуші А.В.Ремнев те қуаттай түседі. Ол: «XIX ғасырдың басында қазақтарға арнап Ертіс бойынан, Семьярск және Крив бекіністеріне жақын жерге мешіт салған. Шамада саяси есептен бөлек көшпелілердің орыс бекіністеріне жиі келуін, сол арқылы отырықшы өмірге бейімделуіне әсер етуді мақсат еткен» деп келтіреді [128, 117 б]. Мұндай маркетингтік тәжірибие қазіргі кезде көптеген сауда орталықтарында қолданылады. Ал зерттеуші Г.С.Султанғалиева және А.К.Алитуриева екеуі патшалықтың мешіт салуындағы бұл әрекеттерінің мәні биліктің оңтүстікке

қарай кеңейуін және Орталық Азияның дін адамдарының қазақ руларына ықпалының күшеюінің алдын алуы ретінде бағалайды. Зерттеуші А.Сатыбалдиева мен әріптестері Орта Азияда ханафилік оқу орындарының қазақ мұсылмандарына ықпалы жоғары екендігін айтады [130, 129 б]. Мысалы, ОМДБ-ның қарамағындағы ұстаз және мешіт имамы болуға ниетті үміткер ханафи мазһабының үкімдері жазылған орта ғасырдың атақты ғалымы Убайдулла ибн Мас'удтың «Мұхтасар әл-уикоя» кітабын оқып, мағынасын түсіндіре білуі тиіс еді [131, 143 б].

Мұны Қазақстандық және шетелдік көптеген зерттеушілердің еңбектерінен кездестіруге болады. Патшалық Ресейдің кезіндегі конфессиялық саясатты талдаған А.С.Тасмағамбетов Ресей патшалығы тарапынан салынған бекіністерге қазақтармен қатар Орта Азияның саудагерлері жиі қатынайтындығы, сауда жасап, құлшылық үйлеріне бас сұғатындығы келтіріледі. Сондықтан, патша билігі Орталық Азиялық саудагерлерінің бекіністердегі діни саяси ықпалының алдын алу үшін мұнда биліктің ресми құлшылық үйі мен дін қызметкерлерінің орналасуы жөн көрілген деген тұжырымын айтады. Үш зерттеушінің де пікірлері бір-бірлерін қуаттайды. Алайда мешіттің салынуымен орналасу себептерін әр қырынан баға береді. Осы орайда, зерттеушілердің тұжырымдарын қорытындылай келе, патша билігі қазақ даласында құлшылық үйін салуда сауда, мәдени, әлеуметтік, саяси байланыстарды күшейтуді мақсат еткенін білеміз. Осы қарым-қатынас арқылы әкімшілік басқару жүйесіне бейімдеу көрші елдердің қазақтарға саяси және діни ықпалын болдырмауды мақсат еткендігін көре аламыз.

Мешіттерде алғашқы діни сауат ашу мүмкіндіктері қарастырылды. Ол 1785 жылдың 4 қыркүйегінде және 27 қарашысында, сонымен қатар 1786 жылдың 3 шілдесі мен 12 қарашасында шыққан жарғыларда көрініс тапты. 1789 жылы барон Игельстром II Екатеринаның нұсқауымен Орынборда қазақ балаларына арналған 64 орындық оқу ғимаратын салды. Дегенмен ол жерде оқыған балалардың саны күтілгеннен қарағанда аз болды. 1808 жылы 12 баланы ғана құраған. Негізінен, бұл жерге қазақ ақсүйектерінің балаларына дәрістер өткізілген [5]. Жоғарыда келтірілген тұжырымды қолдайтын тағы бір пікір иесі Динара Аманжолова: «II Екатерина осы аумақтарда жаңа қалалар салу арқылы жаңа отар адамдарды «ағартуды» қалаған, ал қалаларда өз кезегінде мешіттер, мектептер мен қонақ бөлмелері желісі пайда болуы керек еді. 1785 жылғы 4 қыркүйектегі жарлықта «Қазақ жерінде жаңадан салынған әрбір мешітте «Мұхаммедтіктердің саудасы үшін» мектептер мен керуен-сарайлар ашуға міндеттелді, мұның бәрі мемлекет есебінен салынды және қамтамасыз етілді» – дейді [125, 56–57 б]. Мұнан патшайымның сауда жасау мен мәдени ықпалдастықты арттыру үшін керекті жағдайды, соның ішінде құлшылық орнын да қарастыруды ойластырғанын көруге болады. Патшалық Ресейдің мешіттерінің қызметін зерттеуші И.Загидуллин жәрмеңке өтетін орындардағы құлшылық орындарының сауда-саттық қатынасымен қатар патшалық халықтарының өзара араласуында аса маңызды рөл ойнағандығын айтады. И.Загидуллин «Мусульманское богослужение в учреждениях

Российской империи» атты еңбегінде «Жәрменкеге келген саудагерлердің жамағатпен құлшылық жасауы сауда операцияларының бөлінбес бөлшегіне айналды»-деп, тұжырымдайды. И.К.Загидуллин жәрменкедегі құлшылық үйлері мұсылман саудагерлерді тарту үшін ұйымдастырылғандығын айтады. Ал мұнда мұсылман саудагерлеріне қазақтар мен Орта Азиялық саудагерлер жатқызады. Патша әкімшілігі мұсылман саудагерлер мен қазақтарды жәрменкеге тарту арқылы бәсекелесі жоқ жаңа нарықтық аймақ жасаған. И.К.Загидуллин жәрменкелер ұйымдастырылатын аумақтарда құлшылық үйлері мен медреселер қазақ ақсүйектерінің балаларын Ресей мәдениетіне интеграциялау тәжірибесін ұйымдастырған [132, 188 б].

Қазақ даласындағы ОМДБ-ның саяси қызметін зерттеуші П.С.Шаблей мешіттердің салыну ерекшеліктерін зерттей келе, XVIII ғасырдың аяғына дейін патшалық билігі тарапынан бекітілген 1744 және 1754 жылғы заңдардың аса қатты басшылыққа алынбағандығын келтіреді [128, 117 б]. Мұнан аталмыш кезеңде діни құлшылық үйлерінің құрылысын реттейтін Ресей заңнамаларының қолданысы іс жүзінде ескеріле бермегендігі аңғарылады. Мұның да өзіндік себептері бар. Патша әкімшілігі дін саласын бақылауда ұстау барысында қатаң жүйеге бірден өтпестен заңдардың біртіндеп қолданысқа енуіне мүмкіндік берген. Еркін әрі көшпелі халықты қатаң жүйемен бақылауға алудан гөрі біртіндеп бақылауға тырысқан. Сондықтан бастапқы кезде заңнамалардың нормаларының орындалмауына жол берілген. Мешіттердің салынуымен қатар мұндағы дін қызметкерлері де әкімшілік тарапынан таңдалып жіберілді [4, 7 б]. Таңдалып жіберілген молдалардың көбісі заңға бағынып, оны басшылыққа алып отырды. Осы орайда, құлшылық үйлерінің патшалық тарапынан ұйымдастырылып қолға алынуы жоспарлы және кешенді түрде іске асырылғандығы көрінеді. Кешенді жұмыстың қатарына құлшылық үйлерін салумен дін қызметкерлерін тағайындау, діни әдебиеттерді тарату, діни білім беруді әкімшіліктің бақылауына өткізу кіреді. Яғни, патшалық қазақтар арасында мешіт салу арқылы отарлау саясатын жүргізген. Дін істерін бақылау және оны ұйымдастыру оның қатарында құлшылық үйлерін салу ісі жергілікті әкімшілік мекемелерінің құзыреттілігінде болған. Бұл құзыреттілік ОМДБ құрылғаннан кейін алғашқы жиырма жылдың ішінде де жалғасын тапты. «ОМДБ-ның мешіт істері жайлы құзыреттілігі 1801 жылы Жоғарға сенатта талқыланып, ереже қабылданды. Дегенмен бұл ереже қазақ даласында XIX ғасырдың алғашқы ширегіне дейін қолданысқа нақты енген жоқ. Ал мешіт ісі бойынша қазақ даласындағы алғашқы ОМДБ әрекеті 1811 жылға тиесілі» [128, 118 б]. Ол бойынша, Ішкі істер министрлігі ОМДБ-ден Петропавловск қаласындағы мешіттердің саны сұралған. 1822 жылғы «Сібір қазақтары жайлы жарғының» 124-параграфында басқа қоғамдық ғимараттармен қатар әр округте құлшылық орны мен дін қызметкеріне арналған тұрғын жай салу көрсетілді. 125-параграфта алдыңғы параграфтағы нәрселердің жергілікті қаражылық көздер арқылы іске асырылуы жоспарланды. Мұндай жоспарлар мен сметалар жоғарғы жаққа бекіту үшін ұсынылуы тиіс еді. Жарғының 126 параграфқа сәйкес, ғимараттардың салынуын бақылауда ұстау міндеті облыстық басшылыққа жүктелді [133].

ОМДБ-ның қазақ даласындағы құлшылық үйлерінің салынуы істеріне араласуы осы жылдардан бастап белсендірек болды. Мұндай белсенділіктің орын алуына және мешіттердің салынуы: ОМДБ өзі құрылған уақыттан бері қазақ руларының ақсүйектері мен патшалық билік тарапынан мойындалып үлгерді; өзін мұсылмандық мекеме ретінде таныта алды; құлшылық үйлері мен ондағы дін қызметкерлері арқылы патшалық дін саласындағы саясатын жалғастыруды мақсат етті; қазақ халқы биліктің мұсылмандыққа көрсеткен қолдауына разылығын білдірді. Әсіресе, бұл Ішкі орда ханы Жәңгір тұсында ерекше түрде көрініс берді. Сондай істің бірі – 1826-1827 жылдары қаралған. 1826 жылдың 11 шілдесі күнгі Жәңгір ханның Орынбор шекаралық комиссиясына жазған сұраныс хатында қожа Қарауыл Бабажановтың өтінішімен Орал қаласында мешіт салынуына өтініш білдіреді [134, 149 б]. Онда тұрғындардың жаңадан қоныстануына байланысты мешіт қажеттілігі туындағанын мәлімдейді. 1826 жылдың 9 тамызында ОМДБ-ден аталмыш өтініш бойынша мешіттің салыну тәртібі жайлы ақпаратты қамтыған рұқсат беру жауап хаты жазылады. Бұл жердегі хан Жәңгірдің азаматтық билікке өтініш білдіргенімен хаттың ОМДБ тарапынан келуі, патша әкімшілігінің мүфтияттың құзыреттілігін Кіші ордада да жүргізуді қалағандығын көруге болады. Істің жалғасы ретінде кейін 1827 жылы 12 шілдеде Орынбор шекаралық комиссиясының Жәңгір ханға ұсыныс хатын негізге алсақ [135, 296 б]. Осы ұсыныс хатқа сай, Орынбор шекаралық комиссиясы Қарауыл Бабажановтың демеушілігімен хан ставкасында немесе соған жақын жерде мұсылман құлшылық үйін салуды ұсынған. Яғни, кей кездері патша әкімшілігі құлшылық үйлерінің салынуына өзі ұсыныс білдірсе, кейде қазақтардың қаржы күші мен мешіт салуға деген ынтасын реттеп отырған.

Ішкі істер министрлігінің рухани және шет елдік сенімділік ісі департаменттің құзыреттілігіне 1817 жылдан бастап ОМДБ-ның қызметін, оның қатарында құлшылық үйлерінің құрылысы бойынша да бақылау кіргізілді. Орынбор мүфтилігіне берілген талаптарға сәйкес, әр жылда ІІМ-ге «қанша мешіт бар, жұма мешіті ме, әлде бес уақыттық мешіт пе, олар қай ауылда немесе бекіністе орналасқан, онда істейтін дін қызметкері және келетін жамағаттың саны жайлы мәліметтер» жолдау кірді [128, 121 б].

Орынбор мүфтилігі жолдайтын мәліметтерінің басым бөлігі жергілікті дін қызметкерлері табысталған ақпараттардан, Орынбор мүфтилігінің мәліметтерді тек жергілікті молдалардан алуы қисынды, өйткені ОМДБ-ның құзыреттілігі тек қана дін қызметкерлерін ғана қамтиды. Сондықтан, жергілікті азаматтық мекемелердің ақпараттарына қарағанда мүфтиліктің жинақтаған мәліметтерінде айырмашылықтар орын алатын. Сәйкесінше, мүфтиліктің берген мәліметтерінің нақтылықтары төмен саналған. ХІХ ғасырдың 50 жылдарында Ішкі істер министрлігі құлшылық үйлеріне қатысты мәліметтерді жүйелі түрде жинақтауды жолға қояды. Дегенмен жинақталатын мәліметтердің нақтылығымен дәлдігіне қатысты мәселе күн тәртібінен түспейді. Мысалы, 1860 жылы Көкшетау округіндегі құлшылық үйлерінің санына қатысты ақпараттарды жолдау барысында жаңа мешіттердің тізімге енгендігі жайлы деректер жергілікті азаматтық басқармада баяндалған [128,



121 б]. Мешіттердің салынуымен оның құрылыс аумағына рұқсат алу үрдісін біріншіден мүфтилік тарапынан ұсыныс білдіру арқылы жүзеге асты. Яғни, ОМДБ құрылысты салынуына қарсылық танытпай құптауы тиіс. Дегенмен азаматтық биліктің рұқсаты мен мақылдауы маңыздырақ рөл атқарды.

Мешіт салу ісі Ресей аумағында өте байыппен және мұқияттылықпен рұқсат етілетін. Сондықтан мешіт салуға рұқсат алу және оны ұйымдастыру ұзақ мерзімді қажет етті. Осы үрдістердің барлығында азаматтық биліктің ықпалы күшті болды. ОМДБ бұл жерде өздері келісім бергеннен кейін мешіт құрылысын салуға мүдделі мұсылман қауымының өкілі ретінде рөл ойнайтын. Азаматтық биліктің мешіт құрылысына рұқсат берілуі үшін бірқатар критерийлері болды: Біріншіден, мешіттің орналасқан аумағы мешіт орналасқан ауыл немесе қаланың халқы саны ол жердегі өзге дін өкілдерінің болу-болмауы әсіресе, православиялық дін өкілдеріне әсер етпеуі ерекше назар аударды, сонымен қатар мешіттің сыртқы көрінісіне де талаптар қойылды. Мұсылмандық ғибадат үйіне қатысты мемлекеттік реттеуді түзету үшін бірнеше заң жобалармен ережелер қабылданып өзгеріске түсті. Бұл мәселені реттеу үшін тіпті ведомство арасында да талқылаулар жүргізілді. Мысалы, Шет елдік сенімділердің дін істерінің бас басқармасының жетекшісі Д.Блудов 1828 жылғы 6 шілде күнгі жазылған хатында Орынбор әскери губернаторлығына: «Меніңше, бәрінен ыңғайлысы – мешіттің құрылысына рұқсат етуді басқармаға тапсыру. Оның ішінде жобасы, әдемілігі, әр алуан түрлері, Мұхаммедтік қауым өкілдеріне сол жоспарлар мен ғимарат түрінің ұнағанын таңдауы үшін ыңғайлы болуы және кейін олардың таңдауы құрылыс барысында назардан тыс қалмауы керек». Д.Блудов осы сөз арқылы әскери губернаторға діни басқарманың жұмыстарын үйлестіру үшін арнайы заң жобасын әзірлеудің маңызын мәлімдеген [136]. Осы заң жобасына сай мұсылмандық діни сенімнің ерекшелігін ескере отырып, толық әрі анық сипаттама жасауды, соның ішінде мешіттердің патшалық аумағындағы түрлері, ішкі аумағында орналасатын заттары мен безендіру ерекшеліктері, сыртқы көрінісі, құлшылық жасауға қажетті құралдар мен құрылғылар сипатталуы қажет деп табылды. Сонымен қатар құрылысшыларды таңдау ментоларға қойылатын талаптарды да анықтау күн тәртібіне қойылды. Д. Блудовтың жоспары бойынша мешіт сипаттамасы толығымен жасалып біткеннен кейін Орынбор Губерниясы басшылығына архитекторды тағайындау туралы немесе архитектурадан біліктілігі бар лауазымды адамды тағайындауды сұратпақ болады. Тағайындалған қызметкер ОМДБ тарапынан бақылануы тиіс еді. Мешіттердің түрлерін бекіту үшін үш данадан суреттері беріліп, онда мешіттердің жобасы мен кескіні көрсетілуі көзделді. Осы арада, жоба негізінде үш түрлі мешіттердің жобасымен келбеті бекітілуі жоспарланды: бірінші түрі тек қана құлшылықты орындауға мүмкіндік беретін қарапайым ғимарат, екінші орта деңгейде безендіріліп, құлшылыққа ыңғайластырғаны жөнінде және аса қымбат безендірулер жүргізілген мешіттер. Мұның барлығы жоба еді. Ал жобаны орындауды ОМДБ-ға тапсырды. Бұл тапсырманы алған ОМДБ аппаратты орындауға қабілетсіздігін уәж етіп, Д.Блудовтың сұраныс хатын Орынбор әскери губернаторы

П.А.Эссенге жолдайды. Жолдама хатта мүфти жолданған тапсырманың орындауды қиыншылықтар туындағанын айтып, «өзінде бай, қарапайым және орта мешіттің қандай деңгейде болуы керектігі жайлы мәліметтің жоқ екендігін баяндайды. Осы тұста діни басқармада мешіттер жайында жеткілікті мәліметтің жоқтығы анық көрінеді. Сондықтан тапсырманы орындауда қиындықтар туындады [136]. Діни басқарманың арнайы мешіт құрлысы мен оның архитектуралық ерекшелігіне қатысты кадрларының жұмысы жүйеленбегендігі анық көрінеді. Үшінші тапсырманың іске аспауына Будуловтың мешіттердің түрлерін 3-ке бөліп көрсетуінде ешқандай Орынбор діни бірлестігімен мұсылман архитектурасын жақсы білетін маманмен келіспестен жасағандығы анық байқалады. Яғни, тапсырманың жалпы бағыты анық болғанымен, тапсырманың қойылу бағыты екі тарап арасындағы бірлесе істеудің тиімділігін төмендетті. Осыған орай, аталмыш мәселеленің шешімін табу үшін әскери губернатор П.А.Эссеннен Қазан губернаторы арқылы аталмыш қаладағы мешіттердің жобаларымен мақсаттары жайында сипаттама жасауды сұрады. Байланыс пен тапсырманың бекітілуі Ішкі істер министрлігінің құрамындағы Шет елдік дін істер жөніндегі басқармағының қарамағына қарайтыны анық.

1844 жылы ғана мешітті жобалау және фасадын анықтау жайлы ереже бекітілді. Оған дейінгі соғылған мешіттердің басым бөлігі әр өңірдің жергілікті әкімшілігі тарапынан реттелді, мешіттерге қойылған бірінғай талаптар болмады. 1756 жылғы 23 тамыздағы жарғы бойынша мешіт соғу үшін кемінде екі жүзден үш жүз ер адамның болуы тиіс еді. Ал іс жүзінде талап етілген адам жиналса да бірден мешіт салуға рұқсат беріле салмады. Жарғы мешіттердің санын шектеуге бағытталды. 1756 жылғы 23 тамыздағы жарғы «мешіттердің құрылысы орыс христиандары немесе жаңадан шоқындырылған татарлар аз мекендейтін аумақта салынуға рұқсат етілді» [56, 607 б].

Мешіт істерінде азаматтық істердің талаптары көп болғанымен мешітке рұқсат беру кезінде өтінішті тапсырушы мұсылман қауымының сұраныстары ескерілді. Оның ішінде, шарифаттың ерекшеліктері назарға алынды. Жаңа мешіт салу үшін тұрғындар немесе мұсылман қауымы жергілікті имамға өтініш айтады, содан кейін ОМДБ аппаратына өтініш жолданады. Ол өтініште мешіт құрылысының сол аумақта салынуының уәждері мен дұрыстығы жайында дәйектемер қамтылды. Мешіт салуға ынталы тарап губерния канцеляриясының полиция басқармасына осы жөнелтілген өтінішпен қатар уәждеме хаттарды да жөнелтуі тиіс еді. Губерния канцеляриясының полиция басқармасына аталған уәждемеде көрсетілген мәліметтердің қаншалықты шындыққа жанасатынын зерттеу және соны растау міндеті жүктелді [57, 16-25 б]. Жүйе қарапайым көрінгенімен патшалықтың мешіт құрылысын ұйымдастыру ісінде көптеген бюрократиялық кедергілер орын алды. Олардың ішінде сол аумақта мешітке келетін жамағаттың саны мен мешіттің сол жерде салынуына шын мәнінде қажеттілік бар-жоғы және мешіттің қаржылық қамтамасыз етілуі қалай іске асатындығы жайлы мәліметтер де болуы тиіс еді. Сондықтан мешіттердің салыну барысы ұзаққа созылды. Сонымен қатар мешіттің салынуы патша әкімшілігінің дін саясатына қайшы келмеуі де

назарға алынды. Оның ішінде христиан өкілдерінің сол аумақта қоныстануы орын алса, мешіттің салынуына бір қатар қиыншылықтар туындады.

ОМДБ мешіттермен қатар мұсылмандық мектептердің қызметін де бақылайты мекеме болды. Ағарту ісі діни басқарманың құзыретіне кіргендіктен мемлекеттік мекемелер оны ОМДБ-мен бірге атқарды. Тіпті, Орынбор мұсылмандарының құзыреттілігі жайындағы ережеде мектептер тек қана мешіттердің қарамағында болуы тиіс деп көрсетілді. Сонымен қатар діни басқарманың лауызымды қызметкерлері оқытылатын сабақтар мен оқу процесін қадағалауы тиіс деп көрсетілді. Аталмыш ережеге сай ОМДБ қызметкерлері әр мешіт аумағында балаларды Құран, сүннет және өзге де діни мазмұндағы кітаптар арқылы оқу-ағарту шараларын жүргізді. Әрине, бұл кейінірек патша әкімшілігі тарапынан қайта қарауға түскен бағыттың бірі саналады. Әкімшілік діни басқарма арқылы мешіттер мен медреселердегі мударристердің, молдалардың сабақ жүргізуіне қатысты мәліметтерді жинақтады. Мұнда сонымен қатар оқытушылардан бөлек ондағы шәкірттердің тізімі мен оқып жатқан әдебиеттердің түрлері де көрсетілді. Жыл сайын аталмыш мәліметтерді жинақтап 3 рет губерния басқармасына мәліметтер табысталды. Мұндай мәліметтер ХІХ ғасырдың соңына дейін патшалықтың дін саласындағы саясатын айқындау үшін жинақталды.

1857 жылғы «Құрылыс ережесі» Заңының 260–265-баптарында мұсылман құлшылық орындары жайлы қағидаттар қарастырылды. 260-бапқа сәйкес «Мешіт құрылысы бұдан ары бұрынғыдай мұсылман дін басыларының немесе Мұхаммедтік діни бірлестіктің ұсынысы бойынша қарастырылмайды», 261-бап бойынша «мына қағидалар ескеріледі:

1) әрбір мешіттің кем дегенде үш жүз келушісі болу керек, ең болмағанда екі жүз еркек кіндіктің болуы;

2) жамағаттың мешіт керек-жарақтары мен дін қызметкерлерінің қажеттілігін өтеуін жариялауы», 262-бапқа сәйкес «ОМДБ жоғарыда көрсетілген мешіт құрылысы жайлы 261-баптың жамағат санына қатысты ережесінен тәуелсіз, тек егер мешіттің салынуы жергілікті мұсылмандармен қатар христиандарды, жаңа шоқындырылған татарларды дінге еліктіретін жағдай болмаса», 264-бапқа сәйкес «жаңа мешіттер 1844 жылғы бекітілген жоспар мен фасад бойынша салынады», 265-бап «жаңа мешітті ауылдық жерде салу барысында орналасқан аумағы қандай да бір ғимараттан жиырма метрден кем емес қашықтықта орналасуы қадағаланады» делінген [137, 68 б].

Келтірілген баптардың мазмұнына сәйкес, мешіт салу үшін адамдардың саны екі жүзден асуы міндеттелмеді. Алайда заңның правословиеге қолдау көрсетуге бағытталғандығы байқалады. Әсіресе, жаңадан шоқынған немесе христиан діни өкілдері мекендеген аумақтарда мешіт құрылысына тиым салу арқылы ислам дініне бет бұрушыларды азайтуды мақсат ететіндігі анық көрінеді. Сонымен қоса, заңдағы қарастырылған негізгі талаптардың бірі – құлшылық үйлерінің қаржылық қамтамасыз етілуі мәселесі де ескерілген. Ол бойынша, ғибадат орындарын салмастан бұрын оның құрылысы аяқталғаннан кейінгі тұрақты түрдегі қажет етілетін шығындарын өтейтін қаржы көздері нақтыланып алуы міндеттелді. Яғни, демеушілік ететін адамдар мен

мекемелердің аттары толық жазылып, құжатта көрсетілуі тиіс болды. Заңдағы бұл бөлімнің себебі ретінде мешіттердің қаржылық тапшылықтары мен одан туындайтын мәселелердің алдын алу еді. Сол себепті, 261-баптағы қаржы көзін қарастыру болашақта орын алуы мүмкін мәселелерді болдырмауға бағытталды. Алайда заңның белгілеген қағидаттары толығымен орындала бермеген. Е.Малов жазбасында «Міне, мешітке қатысты осындай ережелер болды. Сол ережелер әлі де күшіне ие. Алайда іс жүзінде бұның орындалуы кем. Мешіт саны адам санымен салыстырғанда асып түседі. Молдалар орынсыз мешітті көбейтуде және өздері де көбеюде» деп жеткізеді [137, 68 б]. Әрине, Е.Маловтың бұл тұстағы бағалауы мен ақпаратты жеткізуінде толығымен объективтілік сақталды деуге келмейді. Өйткені, Е.Малов сол кездегі христиан дінінің миссионері ретінде ислам дінінің ғибадат үйлерінің бірден көбеюін қабылдай алмағандығын байқауға болады. Мысалы, оның мына жазбасында: «біз мешіт штаттары шіркеу штаттарымен мүлде салыстыруға келмейтіні жайлы ауыз ашпаймыз. Мешіттердің саны барлық православ шіркеуінен асып түседі» деп таңданысын жеткізеді [137, 68 б].

ОМДБ пен ПМ арасындағы жұмыста кей кездері үйлесімділік таппай қалатын тұстары да кезігетін. Мәселен, 1834 жылы мұфти Ғабдысалам Ғабдрахимов «указной молдалары» жоқ, ондағы дін қызметкерлерінің жұмыс атқаруы заңсыз деген айыппен Семей қаласында екі мешіттің қызметін тоқтатуға шешім шығарады. Аталмыш мешіттер Орта Азиялық саудагерлердің қолдауымен салынған. Зерттеуші П.А.Шаблей ОМДБ-ның кейде осындай қатаң ұстанымы мешіт құрылысын салуда да қылаң беріп тұрғандығын мәлімдейді. Мәселен, 1834 жылы Ташкенттік Магмурбаевтың өз бетінше мешітті жөндеу әрекетіне жауап ретінде ОМДБ аталмыш мешітті бұзуға шешім шығарады. Бұған наразы саудагерлер арыздарын азаматтық билікке жолдайды. Нәтижесінде, Ішкі істер министрі Д.Н.Блудов «мұфти өз құзыретін асыра пайдаланып отыр» деген қорытындыға келеді [128, 125–126 б]. ОМДБ болса, мұның тағы бір себебі ретінде Ташкенттіктер мен Бұхарлықтардың діни басқарманы елемейтіндігін және құрметтемейтіндігін алға тартады. Өз кезегінде бұл ОМДБ-ның Орта Азиялық әріптестерімен немесе мұсылмандармен қатынасы бақталастық сипатта болғандығын аңғартады. Оның қарапайым себебі, Орта Азиялық дін өкілдерінің ОМДБ-ні кәсір елдің қолшоқпары ретінде бағалауы, ал оған жауап ретінде ОМДБ-ның орайын тауып, есесін алуды көздегені анықталды. Бұл бақталастық діни қызметтің барлық салаларында кезігеді. Мешіт ісін солардың бірі деп қабылдасақ болады. Мұның бір айғағы болатын факт 1825 жылы орын алған еді. Петропавловск қаласында Орта Азиялық саудагерлер мешіт салып, «указной» молда тағайындау үшін Г.Гадильшин есімді үміткерді ұсынады. Омск облысының басшысы Петропавловск округінің басшысынан ұсынылған үміткерді жақсылап тексеруді тапсырады. Г. Гадильшиннің орнына билік тарапынан құпталмастан Амиров есімді басқа молданы тағайындайды. Бұл оқиғалар Орта Азия әмірліктерінің де қазақ даласында исламдық беделін арттырғысы келгендігін немесе қазақ даласында құлшылық үйлерінің салынуына үлесі тигендігін аңғартады [128].

А.С.Тасмағамбетов ОМДБ-ның мешіт құрылысы бойынша құзыреттілігіне қатысты «XIX ғасырдың алғашқы жартысында мешіттердің имамдарын тағайындау ОМДБ-ның қатысумен жүргізілді. Сол уақытта жергілікті билік әкімшілік билік мешіт құрылысына рұқсат беру шешімін ОМДБ-мен кеңеспестен өзі де қабылдай беретін», - деп білдіреді [127, 22 б]. Мысал ретінде, зерттеуші 1826 жылдың 20 сәуіріндегі Орынбор әскери губернаторының ОШК басшысына жазған хатын келтіреді. Ол бойынша, сұлтан Әбдүлмүмкін Ағымұлы мен Тәуке және Баймұхаммед Айшуақ ұлдарының мешіт салу үшін жер және оған мешіт салуға рұқсат сұрағандығы баяндалады. Зерттеуші өз пікірін дәйектеу үшін бұл жазбалардың бірінде де ОМДБ жайлы мәліметтер жоқ екендігін алға тартады. Өз кезегінде біз бұл оқиғадан кей кездері мешіт құрылысының салынуы тікелей әкімшілік шешімімен ғана орындалғандығын және бұған қатысты ОМДБ ешқандай шара қолдана алмайтындығын көре аламыз. Яғни, заңнамалардың жұмыс істеуіне ең алдымен патша әкімшілігінің өзі де кері әсер етті деп қорытындылаймыз. Өйткені, кей кездері азаматтық билік тарапынан да бекітілген ережелерді сақтамау фактілеріне жол берілген.

Ресми құжаттарда Ресей патшалығындағы мешіттер «соборная мечеть» және «пятывременный» деп бөліп көрсетіледі. Дегенмен ол жайлы ресми жазбаларда нақты берілген анықтамалар жоқ. Құлшылық орындары жайлы жазба қалдырған Е.А.Малов «Ресейдегі Мұхаммед дініндегілердің мешіттері «соборная» (жұма мешіті) және «пятывременный» болып бөлінеді. Жұма мешітінің сырт келбеті бес уақыт мешіттен айырмашылығы бар. Жұма мешітінде азаншының мәнерлеп мұсылмандарды құлшылыққа шақыратын мұнарасы бар. Кейде бес уақыт мешіттерінде де мұнара кездеседі. Ауылдық жерлерде бес уақыт мешіттердің көбісі мұнарасыз» деп жеткізеді [137, 1 б]. Жамағат жұма күні «жұма мешіттеріне» келіп, мерекелік намазын оқитын болған. Мұнда құрбан, ораза айт секілді мерекелік намаздар оқылған. Яғни, атаулы күндердегі құлшылықтар жұма статусы бар мешіттерде өткізілген. Е.А.Маловтың жазбасы бойынша «Жұма құлшылығы үшін құрбан мерекесіндегідей бес уақыт мешіттерден мұсылмандар жұма мешітке жиналып, указной молда хұтба оқиды» [137, 1 б]. Дегенмен бұл сол кезде жалпы қалыптасқан түсінік болғанымен заңнамалық тұрғыдан бекітілмеген. Сондықтан, кей кездері жұма мешітінің қызметін бес уақыт мешіттері де орындаған жағдайлар кездеседі. Мешіттің материалына байланысты тас және ағаш мешіттер болып бөлгендігін көруге болады. Тас мешіттердің саны ағаш мешіттерден қарағанда аздау. Өйткені, оған кететін қаржы көбірек. Атақты ақын Абайдың әкесі Құнанбайдың да Қарқаралыдағы мешіті ағаштан салынған [138].

Ресей патшалығы қарамағына қараумен қазақ даласында мешіт ісі арнайы әкімшілік органдардың бақылауына алынды. Қазақ даласындағы мешіттердің салыну қарқынын реттеу арқылы патша әкімшілігі өзінің ислам дініне және қазақ руларына деген «ықыласы» мен «пейілін» көрсетіп отырды. Мешіт салу арқылы патша билігі көшпелі қазаққа конфессиялық саясат жүргізуді және қазақ ақсүйектерімен тығыз қатынаста болуды мақсат етті.

Мешіттердің басым бөлігі бекіністерде, қалалық жерлерде салынды. Сол арқылы патшалық саяси, сауда, әлеуметтік, мәдени қатынастарды күшейту, қазақтардың отырықшы өмірге қызығушылығының арттыуын, патшалық басқару жүйесіне бейімделуін, Орта Азиялық саяси, діни ықпалды азайтуды көздегендігін байқай аламыз. Құлшылық үйінің Ресей патшалығы тарапынан қолға алынуы кешенді, жоспарлы түрде жүзеге асырылды. Оның ішінде, діни әдебиеттер тарату, діни қызметкерлердің қызметін бақылау, діни білім беру ісін үйлестіру ісі қарастырылды. Яғни, патша билігі қазақ даласына мешіт салу арқылы саяси, діни қауіпсіздігін күшейтті. Ал бұл істе ОМДБ мұсылмандық басқару мекемесі ретінде қызмет атқарды [139, 133 б].

Зерттеулер нәтижесі мен келтірілген дәйектемелер Орынбор мұфтилігінің қазақ даласындағы мешіт ісіне араласу белсенділігі XIX ғасырдың алғашқы ширегіне тиесілі екендігін көрсетті. ОМДБ-ға қанша мешіт саны мен оның түрлері, орналасқан жері, онда істейтін дін қызметкері және келетін жамағаттың саны жайлы мәліметтер ПМ-ге жолдау міндеттелді. ОМДБ мешіттің құрылысына, жөндеу жұмысына, тіпті жабылуына да араласты. Дегенмен ОМДБ-ның қазақ даласындағы белсенділігі патшалығының өзге мұсылман елдеріндегі секілді болмады. Өйткені, көп жағдайда азаматтық биліктің іске араласуы ОМДБ-ның еркін қимылдауын шектеді. Патшалығының діни ғибадат үйлерін реттеу үшін бекіткен заңнамаларының іс жүзінде жүзеге асуы төмен деңгейде болды. Оның екі себебі көрсетілді: бірінші, дін саласын реттеуде бірден қатаң жүйеге өтпестен заңнамалық құжаттардың ақырындап орындалуына мән берді. Сол арқылы көшпелі еркін халықты шошытып алмауды ескерді. Екіншіден, азаматтық құрылымның өзі заңнамалық ережелердің бұзылуына жол берді. Ғибадат үйлерімен қатар олардың негізгі қызметшісі болып саналатын молдалар да Ресей әкімшілігі тарапынан жіберілді. Олар қазақ даласында азаматтық заңнамаларды іске асыру үшін құрал ретінде қолданылды. Мешіттердің діни білім беру ісі ОМДБ және азаматтық билік тарапынан бақыланды. Ондағы өткізілетін сабақтар мен мударристердің тізімі алынып отырды.

Қазақ даласындағы құлшылық орындарының орналасу аумағы мен қызметі сол кездегі отарлық экономикалық және саяси ағынның ықпалымен жүргені байқалады. XVIII ғасырдың ортасынан бастап құлшылық үйлерін қазақтарға шекаралас аумақтарға салу тәжірибесі XIX ғасырда да қолданылды. Құлшылық орындары жәрмеңкелер мен бекіністерде мұсылман саудагерлерін оның ішінде қазақтарды тарту үшін салынды. Құлшылық орындары сауда жасауға келген саудагерлердің діни рәсімдерді өтеуге мүмкіндік берді. Жамағат құлшылығы мұсылман саудагерлердің саудамен қатар атқаратын қажеттілігіне айналды. Жәрмеңкелер Ресей патшалығының құрамындағы халықтардың өзара мәдени ықпалдастығының артуына, патшалықтың көшпелілерді отырықшы өмірге бейімдеуге ықпал етті. Ал құлшылық орындары осы кешенді үрдістің бір бөлігі ретінде іске асты. Құлшылық орындары діни білім беру қызметін атқарғаны мәлім. Әдетте, медреселер мешіттердің жанында, ал мешіттер жәрмеңкелер мен бекіністерде орналасты.

Өз кезегінде мұндай орындарда сабақ алған балалар патшалықтың әкімшілік жүйесіне ыңғайлы кадрлар ретінде саналған.

### **2.3. Мұсылман дін қызметкерлерінің лауазымдық ерекшеліктері мен қызметтік міндеттері**

Тарихқа көз жүгіртсек, дін өкілдері қоғамдық өмірде ерекше рөлге ие болған. Дін атынан қызмет атқаратын бұл топ қарапайым адамдардың рухани тіршілігіне араласу арқылы қоғамның басқа да бағыттарында белсенді болды. Сондықтан, молдалар мен өзге де мұсылман дін өкілдерінің қызметі мен міндеттерін зерттеу қазіргі отандық ғылым үшін маңызды. Әсіресе, жаңа қалыптасып келе жатқан дінтану бағыты үшін орны ерекше тақырып. Мемлекет пен дін қатынасы тарихында дін өкілдерінің қоғам өміріндегі рухани және саяси әсер ету мүмкіндіктерін билік өкілдері жақсы білгендігі байқалады. Сондықтан, саяси биліктің қай түрі болмасын дін өкілдерін көзден таса қылмай, оларды қадағалауға тырысқан. Мұның Қазақстан тарихындағы мысалы ретінде Ресей патшалығының мұсылман діни қызметкерлерінің қызметін үйлестіру үшін Орынбор Мұхаммедтік діни бірлестігін құрып, діни кадрларға арналған талаптарды күшейткендігін келтіруге болады. 1789 жылы құрылған ОМДБ әртүрлі дәрежедегі лауазымды діни қызметкерлерді сынақтан өткізу мен лауазымдарын бекіту және оларды бақылау істерімен шұғылданды. ОМДБ патшалықтың әкімшілігінің бастамасымен құрылғандықтан орталық аппаратқа бағынышты мұсылмандық құрылым ретінде қызмет атқарды. Өз кезегінде бұл мұсылман дін қызметкерлері үшін қойылған міндеттер мен талаптарды зерделеуде ең алдымен ОМДБ-ның құжаттары осы кезеңдегі дін қызметкерлеріне қатысты жазбалары пайдаланылды.

Аталмыш тақырып аясында қазақ даласының қоғамдық өмірінде маңызды орынға ие болған мұсылман дін қызметкерлерінің қызметіне талдау жасалынады. Зерттеу барысында Ресей патшалығы әкімшілігі тарапынан «указной молдалардың» қызметке тағайындалу талаптары мен нақты функционалдық міндеттері және олардың қазақ қоғамында қаншалықты сәтті іске асқандығына мән беру өзекті. Тақырыпты ашу үшін Садуақас Ғылмани мен Құрбанәлі Халидидің жазбалары және Ресей патшалығы тұсындағы заңнамалық ресми құжаттар зерттеу нысаны ретінде қарастырылады. С.Ғылмани жазбалары жақында жарық көргендіктен зерттеуге жаңа деректер мен қорытындыларды алуға мүмкіндік туды. С.Ғылманидің жазбалары жарыққа шыға отырып, патшалық және кеңес өкіметтерін қатар көрген және сол кезеңдегі, тіпті одан алдыңғы дін адамдары жайлы тың деректерді қамтыды. Ал Аллен Дж. Франк пен М.А.Усмановтың жарыққа шығарған Қ. Халидидің жазбасы қамтылған «An Islamic Biographical Dictionary of the Eastern Kazakh Steppe: 1770-1912» атты зерттеуде XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы дін адамдары жайлы деректер келтірілген. Өз кезегінде екі биографиялық жазбалар дін қызметкерлерінің жекелеген өмірдеректерімен

танысуға мол мүмкіндік береді. Әрине, бұл жерде Құрбанғали Халиди өмір сүрген уақытта қазақтар ОМДБ құрамынан шығып кеткен. Сонымен қатар С.Ғылмани ол дәуірде өмір сүрмеген. Сол себепті аталған еңбектерге сын көзбен және салыстыру арқылы зерттеу жүргізіледі.

Ресей патшалығы құрамына енгеннен соң қазақ даласында әкімшілік тарапынан қызметке келген дін өкілдерін «указной молдалар» деп атау кең таралды. Яғни, олардың нақты лауазымынан гөрі жалпылама «молда» деп атау жиірек кездеседі. Қазақ әдебиетінің туындылары мен ел аузында, тіпті мақал-мәтелдерде де «молда» сөзі жиі кездеседі. Сол себепті, қазақтар арасында осы күнге дейін мұсылман дін қызметкерлерін атауда «молда» термині көптеп қолданылады. ОМДБ құжаттары мен оны зерттеушілердің еңбектеріне сәйкес, патша өкіметі кезеңінде хатип, кази, мударрис, ахун, муэдзин, мүфти деген діни лауазымдар жайлы мәліметтер келтіріледі. Ресейлік маман И.К.Загидуллиннің зерттеуінде ОМДБ қарамағында 1833 жылы 68 ахун, 100 хатип, 1792 имам, 1164 молда, 343 мухтасиб, 439 мүдәрристің саны көрсетіледі. Зерттеуші 1839 жылғы статистикада молдалардың саны берілмегендігін ескеріп, ОМДБ-ның екінші мүфтиі Ғабдиссалам Ғабдрахимов «молда» ұғымына ислам шарифатынан хабары бар «хатип» және «имам» лауазымдарын кіргізуге тырысты деп тұжырымдайды [2, 185 б]. Аталмыш мәліметтер ОМДБ-де арнайы «молда» лауазымы болғандығын кейін уақыт өте келе ол дін қызметкерлерінің атауына ауысқандығын білдіреді. Кейін молда сөзінің аясы осы мударрис, имам, хатип лауазымдарын қамтыды [2, 185 б]. «Молданың» мұсылман дін қызметкерлерінің жалпы атауы ретінде қолданылуы жайлы патша әкімшілігінің Ішкі істер министрлігі «Шетелдік сенімдегілердің рухани ісі» департаментінің 20 қаңтар 1891 жылғы №524 хатында *«молда» сөзінің аясына мұсылман сеніміндегі мүфти мен ОМДБ-ның азанышыларынан өзге барлық дін қызметкерлері кіруі тиіс* деп ресми түрде баяндалады [140, 24 б]. Ал халық арасындағы «указной молда» деген тіркес патшалық әкімшілігінен «указбен» бекітіліп, ресми мойындалған молдаларға қатысты қолданылған. Олардың міндетіне неке-талақ (үйлену-ажырасу) мәселелерін шешу, ерлі-зайыптылардың бір-бірлеріне опасыздық жасау даулары, мұрагерлік, ата-анасы мен балаларының ара-қатынасы істері кіреді. С.Ғылмани «бұл указ атындағылардың міндеті: өлген-туғанның, үйленгеннің, әйел тастағанның есебін алу, айырып-қосу, ырзалық қылса сол ғана» деп айтып өтеді [141, 150 б].

Патшалықтың өңірлік аумақтардағы ықпалды діни лауазым иесі ахундар саналды. Бұл лауазымның тарихы өте тереңде. «Ахун» парсының «ахунд» сөзінен шығып келген. Түрік динает қорының «Ислам энциклопедиясында» парсының «хауенд» сөзінің қысқарып шыққан «оқыды, үйренді» мағынсындағы «хунд» сөзі негізгі түбір, ал алдыңғы «ах» түбірі түрік және парсы тілдерінде бірдей қолданылатын «аға» сөзімен байланысты деп көрсетілген [142, 185 б]. Сонда «аға» мен «хунд» қосылып «ахунд» сөзін дүниеге әкелген. Жоғарыда, Мұхан Исаханның ахун лауазымы ең алғаш Әмір Темір билігі кезінде қолданылғаны жайлы пікірін берген едік. Хамид Алғар да бұл пікірді қуаттап, «Ахунд» сөзі алғаш рет тимуриттер кезеңінде үлкен



беделге ие болған дін ғалымдары үшін құрмет ретінде қолданылған» десе, «Бұл ХХ ғасырдың басында жалғасын тапты. Мысалы, сол кезеңдегі ең танымал заңгер болған Мұхаммед Қазым Хорасани ахунд Хорасани деген атпен танымал болған. Алайда «ахунд» сөзі біртіндеп өзінің құндылығын жоғалтып, мықты ғалымдардан гөрі балаларды оқытумен айналысқан қарапайым мұғалімдерге айтылатын есімге айналды» деп пікір білдіреді [142, 185 б]. Яғни, Хамид Алғар бұл пікір арқылы ахунд атағының бастапқыда өте білімді және сыйлы дін адамдарына қолданса, уақыт өте келе ол қарапайым ұстаз бен дін адамы үшін қолданылғанын дәйектейді. М.Исахан да Хамид Алғар да тимуриттер кезінде «өзінің асқан діни білімінің арқасында Герат қаласындағы үш медресені қатарынан бір уақытта басқарған Мәулана Фасихуддин Низамиге «ахун» лауазымы берілген» деп құнды мысал келтіреді [65 б]. Сефевидтер кезеңінде дін философия ғылымында танымал ғалымдарға берілген атақ ретінде берілген. Хамид Алғар бұл жайлы «Мұның ең жарқын мысалы ретінде Молла Садра Ширазиді ахунд деп атауын айта аламыз» дейді [142, 185 б].

Патшалық Ресей кезінде ОМДБ құрамында ахундардың негізгі міндетіне діни мектептер мен мешіт ісі, азаншы және махалле имамдары секілді дін қызметкерлерін бақылау кірді. А. Ю. Хабутдинов ОМДБ сатылық құрылымын жасау үшін «ОМДБ – ахун-имам» деп түсіндіреді [109, 119 б]. Орынбор аумағында ОМДБ құрылмай тұрып, ахун жоғары діни лауазым болған еді. Ахундыққа қарасты өңірдегі дін қызметкерлерінің ислам діні бойынша білімі мен қабілеттілігіне емтихан өткізу, оларды имамдық, мүдәррістік, азаншылық қызметтеріне тағайындауға, мешіт құрылысын жүргізуге рұқсат беруге, жұма намазы рәсімдерін ұйымдастыру мәселелерін қарау (ол кезде кейбір мешіттерде жұма намазы өткізілмеген) және діни оқу орындарының қызметін бақылау істерімен айналысқан [2, 185 б]. Ахундар діни басқарма өкілдерінің (ахунға қарасты) құқық бұзу әрекеттерін тексеріп, нәтижесін өңірлік әкімшілікке және ОМДБ-ға жолдап отырған. Бірақ мұндай құзырет оларға ресми түрде бекітілмеген. Әрине, аталмыш міндеттің барлығы патша әкімшілігінің мақұлдаумен іске асты. ОМДБ құрылғаннан соң ахундардың дін қызметкерлерін тағайындаудағы қаулылары ұсыныс кейпіне еніп, ұсынысты бекіту ОМДБ мүфтиінің құзырына өтеді. Бірақ бұл тұста да патша әкімшілігінің рөлі алдыңғыдай сақталып қалады. Яғни, ОМДБ шығарған шешімі патша әкімшілігі өкілдерінің мақұлдауын алу қажет етті. А.Ю.Хабутдинов өз зерттеуінде ахундардың кейбір мәселелерде ОМДБ-ның жауабын күтпей шешім шығарып, оны іске асырған жағдайлардың болғандығын келтіреді. Ондай жағдайлар көбіне байланысуға уақыт тапшы, шұғыл шешім шығаруды қажет ететін неке қию, қыз алып қашу, ажырасу, мирасты бөлу сәттерінде жиі кездескен. Ахундық лауазымды иеленуге ұмтылған дін қызметкерлері аз болмаған сыңайлы. И.К.Загидуллин Ғабдиссалам Ғабдрахимовтың мүфтилігі тұсында «аға ахун» лауазымының енгізілу себебін Орынбор өлкесінде ахундардың санының артуымен түсіндіреді [108, 119 б]. Ахундардың мәртебесі жайлы мүфти Габдулвахид Сулейманов 1861 жылдың 26 қазанындағы мәлімдемесінде «ахундық –

махалла дінбасыларынан жеке, мүфти сияқты лауазым. Ол имам лауазымынан бөлек немесе бірге кеңеспен (ОМДБ) беріледі» [143, 13 б].

Қазақ даласында ахундық лауазымдағы дін қызметкерлерінің қызметі ең алғаш XVIII ғ. соңғы ширегіне тиесілі. 1785 жылы Орынбор шекаралық комиссиясы (ОШК) ахун лауазымын бекітті. Ахундық лауазымға Мұхаммеджан Хұсайынов тағайындалған. 1786 жылы Орынбордың «бас ахуны» шені табысталған М.Хұсайынов, кейінірек 1789 жылы Орынбор мүфтилігінің мүфтиі лауазымына дейін көтерілді [144]. Дін қызметкерлерінің шені бірдей болған кезде «аға» (старший) дәрежесі арқылы шенін бір сатыға көтерді. Мысалы, бір аумақта шені бірдей бірнеше дін қызметкері болса олардың біреуін «аға молда», «аға ахун» лауазымымен құзыреттілігін жоғарылатқан. Татар молдаларының қазақ даласындағы қызметін зерттеген Г.С. Султанғалиева ең алғашқы ахундар жайлы мәліметтер Кіші жүздің ақсүйектерінің 1790 жылдары жазған хаттарында кездесетіндігін келтіреді. Мысалы, сондай молданың бірі – Абдулфатих Абдусаламұлын қазақ ақсүйектері «...құрметті ахун» деп құрмет білдіргендігін айтады. Абдулфатих Абдусаламұлы діни қызметін қазақтар арасында «имам» лауазымнан бастаған. 1780 жылдардан қызмет істеген А.Абдусаламұлының діни шені молдалықтан ахундыққа дейін көтеріледі. Оның қызметке келген руы қазақтың байбақты руы болғандықтан, молданың қызметі саяси оқиғаларға жиі тоғысып отырған. Өйткені, байбақты руы патша билігіне қарсы ұйымдасқан көтерілісшілердің жетекшісі Сырым Датұлының руы еді. Алайда молда осыған қарамай қазақ ақсүйектерінің сеніміне ие бола алған [108, 119 б].

Жантөре хан (1805-1809) тұсында Қазан губерниясынан келген Ишмухамед Мустафин, Серғазы ханның (1812-1824) тұсында башқұр кантонынан Нығметулла Сүйіндіков, Арынғазы сұлтан тұсында (1785-1833) Мухаметжан Қазиев та Қазан губерниясынан келіп қызмет еткен [144 б]. Келтірілген дін қызметкерлері мен қазақ ақсүйектерінің байланысынан қазақтың әр сұлтанының қасында, әр рудың тұрақтаған жерінде жеке рухани қызметкерлер жұмыс жасағанын байқауға болады. Ахундық шенді иелегенге дейін алдымен төменгі шендегі дін қызметін атқарған. Ісін жақсы жасаған және жергілікті халықпен, әсіресе ақсүйектермен, патша әкімшілігінің қызметкерлерімен «арақатынасына» сәйкес, лауазымға ие болу мүмкіндігі арта түскен. Ахундар дін істерімен қоса патша билігі міндеттеген тапсырмаларды қатар алып жүрді. Сол себепті, жоғарыда келтірілген «арақатынас» мағынасын патша әкімшілігі мен қазақтар арасындағы ықпалды адамдардың талаптары мен олардың қойған міндеттерін жақсы атқарып шығу деп бағалауға болады. Мұндай ахундардың мысалы жоғары мүфти лауазымына дейін көтерілген Ғ.Ғабдусаламұлы мен М.Хұсайыновтың қазақ даласындағы қызметінен байқалады. Осы тұста қос мүфтидің лауазымды діни шенге қол жеткізуі екеуінің қызмет еткен аумағы, сол кезеңдегі діни-саяси жағдайдың күрделілігіне байланыстылығы байқалады. Өйткені, аталмыш ахундардың еңбек жолы қазақтар арасында көтерілістің күшейіп, қазақ даласындағы шиеленістің артқан кезеңінде басталған. Сондықтан, олардың жұмысы патша әкімшілігінің мүддесіне барынша бағытталуы «тиіс» саналған.

Осындай жағдайдан ебін тауып, қызмет атқарған имам не ахунның лауазымы жоғарылап отырған.

ОМДБ құрылымындағы дін қызметкерлерінің бірі – мухтасибтар. Ресей патшалығы тұсындағы мухтасибтардың қызметін түсіну үшін ең алдымен ислам тарихындағы бұл лауазымға дінтанулық талдау жасап көрелік. Мухтасиб сөзі араб тіліндегі «хасиба» «حسب» есептеу түбірінен шығады. Ислам діні бойынша Алланың 99 есімінің бірі «الحسیب» «әл-Хасииб» «Есеп беруші», «Жеткізуші» мағынасында келіп Алланың өз құлдарының бұл дүниеде жасаған әр істері үшін қиямет күні орнағанда есеп алушы деп саналады [145, 7 б]. Бұл қазақ тіліндегі «есеп-қисап» деген сөздің де негізгі түбірі екендігі көрініп тұр. Ал, «мухтасиб» - «хасибаның» морфологиялық түрленуімен есеп жүргізуші адамды білдіріп, қойылған атауы. Әрине, есеп пен діннің қатысы аса қиыспайтындай көрінуі мүмкін, бірақ ислам шарифатында өте танымал «жақсылыққа шақыру және жамандықтан қайтару» мағынасындағы ұстанымы бар. Бұл ұстаным бойынша әрбір мұсылман шарифатқа қайшы амалды көргенде оны түзетуге тырысуы тиіс. Құран Кәрімде: «Сендер, ең хайырлы үммет болып шығарылдыңдар. Жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыясыңдар және Аллаға ғана нақ сенесіңдер.» (Али - Имран 3/110) және «Мүмин ерлер мен мүмин әйелдер бір-біріне көмекші. Олар жұртты жақсылыққа үндеп, жамандықтан сақтандырады. Намаздарын толық орындайды, зекет береді. Аллаға, Оның елшісіне бойсұнады. Алла оларға мейірім төгеді. Анығында, Алла - ұлы әрі данышпан» (Тәубе 9/71) деген аяттарда көрініс тапқан. Бұл ұстаным ислам қоғамының көптеген салаларын қамтиды. Оның ішінде сауда айналымындағы шарифатқа қайшы істерді болдырмас үшін де қолданылады. Ал, мухтасиб осы бағыттағы жұмыстардың іске асуын қадағалайтын адамға айналған. Аббаситтер тұсындағы мухтасибтердің қызметін зерттеген Мустафа Хизметли танымал ислам құқықшылары мен теорияшыларына сілтеме келтіріп «Классикалық ислам заңгерлерінің бірі әл-Маверди хисбаға «ма'руфу әмр мүңкерден нехий» 4 деп анықтама берген. Шейзери мен Ибнул-Ухувве бұл анықтамаға «адамдар арасындағы түзу» деген тіркесті қосты. Ибн Халдун оны «жақсылыққа бұйырумен және жамандықтан тыйумен байланысты діни міндет» деп анықтама берген» [146, 427 б]. Мухтасибтің тарихы Мұхаммед пайғамбар заманынан бастау алады. Мәдина қаласында мұсылмандар келіп орнығып, мемлекеттік билікті тізігіндей бастаған кезде базарлар мен сауда жасайтын орындарды бақылау қызметінің қажеттілігі туындаған. Хадиске сай «Мұхаммед пайғамбар үйіліп жатқан бидайдың қасынан өтіп бара жатып, оған қолын батырып көргенде қолына дымқыл дән тиген кезде сатушыдан неліктен бұлай деп сұрайды және сатушы жаңбырдан деп айтады. Сонымен қатар не себепті дымқыл бидайдың адамдарға көрінетіндей жоғары жағына қойылмағанын сұрады және «алдаушылар бізден емес» деді. Осы мақсатта пайғамбар Омарды ибн әл-Хаттабты Мәдине базарына, Меккенің басып алғаннан кейін Са'д ибн әл-'Аасты бақылаушы етіп тағайындады» [146, 430 б]. Исламның фикһ саласында «Жеке тұлғаны, қоғамды, мемлекеттік құқықтарды және қоғамдық мораль мен тәртіпті діни-әдет-ғұрып қағидаттары

негізінде және теңгерімді қорғау саналатын Хисба қызметі мұсылмандар үшін фард кифая болып саналды» [147, 133 б]. Яғни, қандай да бір аумақта мухтасибтің болуы міндетті деп белгілейді. Сонымен қатар ислам құқықшылары хисба қызметімен айналысатын адам жауапкершілікті және тәуелсіз мұсылман болуы тиіс деп санайды. Мұнда хисба қоғамдық істердегі діни бақылауды мойнына алғандықтан мұсылман болуы міндеттеледі. Бұл мемлекеттік қызмет ретінде «кейбір жағдайларда күш қолдануды талап етеді. Кейбір ғалымдар мужтахид шартын қойса, көптеген ғалымдар дінге қайшы немесе сәйкес екенін ажырату үшін діни-кәсіби білім деңгейінің болуын жеткілікті деп санады» [147, 133 б]. Сонымен мухтасиб базарлар мен сауда орындарындағы сауданың дұрыс орындалуы оның ішінде тауардың сапасы, салмағы мен шариғи талаптарға сай келуін бақылаған. Мұндай қызметке мемлекет тарапынан тағайындалып, халифтің немесе жергілікті әкімнің бекітуімен жұмыс жасаған [146, 431 б]. Қажет жағдайда күш қолдануға жазалауға да құқығы болған. Әрине, әр халифа мен мемлекетте мухтасибтің қызметі әр түрлі болған және мухтасиб лауазымының арнайы термин ретінде қолданылуына қатысты нақты пікір жоқ. Дей тұрғанмен Аббасилер халифалығы тұсында пайда болды деген пікір көңілге қонымдырақ. Зерттеуші Мустафа Хизметли «Оның пайда болуы туралы әр түрлі пікірлер болғанымен, Хисба ұғымы Аббасид халифасы аль-Мансур (137-158 / 754-774) кезеңінде Ибн енгізген жазбаға байланысты қолданыла бастады деп айтуға болады. Асим ибн Сүлеймен әл-Ахвал (758-759 ж.ж. өмірден өтті) «Ол Куфадағы таразылар мен тауар салмақтарына байланысты Хисба міндетін қарастырды» деген сөйлемді қолданады. Әт-Табари Халифа әл-Мансур базарларды Керх ауданына көшіргеннен кейін, Абу Закария Яхья ибн Абдулланы Бағдат қаласы мен базарларына жауапты етіп тағайындағанын айтады» екі танымал авторға сілтеме келтіреді [146, 431 б].

Ал Ресей патшалығы тұсында мухтасибтар жайлы жоғарыда шағын мысалдармен тоқталған едік. Ресей патшалығындағы мухтасибтердің қызметі діни істерді бақылап, сауда істеріне араласпау арқылы ерекшеленетінін және ОМДБ-ның мүфтилік аппаратынан кейінгі жергілікті бақылау құрылымы ретінде қарастырды. Жалпы, Ресей патшалығы дәуіріндегі жазбаларда мухтасибтік лауазымға қатысты мәліметтер деректерде жиі кездеспейді. Тіпті, XIX ғасырдың соңына қарай ОМДБ-ның статистикалық мәліметтерді қамтитын құжаттарында мухтасибтар жайлы деректер көрсетілмеген. Яғни, мухтасибтардың қызметі осы кездерден кейін тоқтай бастаған немесе оның қызметін қарапайым молдалар атқарған. И. Загидуллин ОМДБ-ның құжат айналымдарындағы мәліметтерге сілтеме жасай келе, мухтасибтердің міндетіне метрикалық кітапшалар ісінің дұрыс жүргізілуін бақылау деп көрсетеді. А.Ю. Хабутдинов С.Г. Тевкелевтің мүфтилігі кезінде мухтасибтардың бұл міндеттерін «назыр» лауазымды дін қызметкерлеріне ауыстырмақ болғандығын келтіреді. Дегенмен бұл кезеңде қазақтар ОМДБ қарамағынан шығарылып жатты. Сондықтан, аталмыш өзгеріс қазақ даласына аса әсер етпеген. Мухтасибтардың саны 1833 жылы – 343, 1855 жылы – 66 адамды құраған. Яғни, мухтасибтар күрт азайған. Осы тұста мухтасибтардың

ислам әлеміндегі қолданысы мен Ресей патшалығы арасында айырмашылығы және оның себебін ашудың қажеттілігі байқалады. Айырмашылық ретінде патша заманында мухтасибтар саудамен айналыспады, бірақ діни лауазым ретінде сақталды. Оның себебі - патшалық биліктің ОМДБ құру арқылы исламдық қызмет түрлерінің тар қолданысын енгізуі. Бұны біз шариғи және мүфтиліктің аппарат қызметінің патшалықтың әкімшілігінің отаршыл жүйеге бейімдеген моделін қалыптастыруға деген тырысушылығынан көре аламыз. Жоғарыда шариғи соттың тек неке мәселесіне ғана құзіретін келтіріп, исламдық қазылықтан әлде қайда тар екенін дәйектеуге тырысқан болатынбыз. Дәл осы жүйедегі патша әкімшілігі мухтасиб саласын да айналып өтпегені қисынды. Өйткені, сауда немесе саудалық қатынастарда басымдылық жалпыпатшалықтық ережелермен реттелгенін ескерсек, оны мұсылмандық шариғатқа негізделген «мухтасибтің» құзіретіне бермейтіні айтпай-ақ түсінікті болмақ.

Дін қызметкерлерінің шендеріне байланысты жас ерекшеліктері де назардан тыс қалмады. Ол 1855 жылдың 14 ақпанында Мемлекеттік кеңестің келісімімен бекітіліп, 15 наурызында жарияланды. Аталмыш Жарғы бойынша «Таврикалық мұсылман діни бірлестігі және Орынбор мұсылман діни бірлестігі дін қызметіне орналасу үшін келесі жас санаттарын анықтады: қазылар, ахундар, мухтасибтар және мүдәрістер жиырма бес жастан, хатиб және имамдар үшін жиырма екі жастан, азаншылар үшін жиырма бір жастан кем емес» [148, 156 б]. Құжатта мухтасиб ретінде тағайындалатын үміткерге жасы жиырма бес жастан кем болмауын көрсету арқылы олардың шені мен атауын ресми құжатқа енгізді. Алайда қазақ даласында қызмет еткен мухтасибтердің өмір жолы мен қызметі жайлы деректердің аз болуы, бұл лауазымға қатысты толыққанды зерттеулерді қажет екендігін аңғартуда. Жоғарыда аталған 1855 жылы 14 ақпан айында бекітілген жарғыны қабылдауға белгілі бір себептер түрткі болды. Мысалы, С. Ғылмани жазбасында Сәлмен Мұхаммедиярұлы есімді указной молданың өмір тарихын баяндай келе «...Сармолда указнойлық шахадатнама алуға Уфа қаласында духовный управлению емтихан үшін барғанда, атасының жанында 11 жастағы бала бірге барған екен. Атасы емтихан тапсырып, шахадатнама алғанда: «ертең өзің өлгенде орнына указ болады, балаңа шахадатнама ал» деп управлениюнің кісілерінің сөзімен оған да шахадатнама алып оқытып, өзі молда қылып шығармақ болып келіскен екен. Сонымен шахадатнамасы бар атасы өлген соң, қай жылдары өлгенін мен сұрап алмағандықтан біле алмапшын. Атасының орнына указ болып қызмет атқарыпты» – деп, указнойлық куәлікті алу үшін Уфа қаласына атасымен бірге барған 11 жастағы Сәлмен Мұхаммедиярұлы да молдалық куәлік ала алғандығы жайлы мәлімет айтады [141, 155 б]. С. Ғылманидың жазбасына сәйкес Сарымолланың куәлік алу уақыты шамада 1840 жылдарға тиесілі. Яғни, мұндағы кезең 1855 жылғы заң қабылданбай тұрған және сәйкесінше, ОМДБ-ның орталық аппараты да дін мамандарына куәлік табыстауда жас ерекшеліктеріне аса мән бермегендігін аңғартады. Сол себепті, мұндай

олқылықты болдырмау мақсатында патша әкімшілігі тарапынан дін қызметкерлігіне үміткердің арнайы жастарын көрсетті.

Ахундардан кейін дін қызметкерлерінің арасында имамдар мен хатыптардың халық арасында беделі зор болды. Екі лауазым иесінің шендік деңгейі қатарлас болып келді. Имам мен хатыптың міндеттеріне мұрагерлік, неке мен талақ (ажырасу) мәселелерін шешу, баласы мен ата-анасының арақатынасы, ерлі-зайыптылардың бір-бірлеріне опасыздық мәселесі кіреді. Әрине, имамдардың ең бірінші кезектегі міндетіне намаз өткізу, хұтпа оқу секілді күнделікті діни рәсімдерді өткізу кірді [108, 120 б].

Ислам дініндегі құлшылыққа шақыру ерекшелігінің бірі - азан айту. Ислам әлемінде танымал азаншылардың аттары сақталған. Оның бірі Мұхаммед пайғамбардың алғашқы азаншысы сахаба – Біләл. Яғни, мұсылмандар үшін азан айтылудың маңызы зор. Азанның айтылуы «сунна муаккада», яғни, бекітілген сүннет саналады. Сондықтан, азаншылық дәстүр патшалық кезінде де жалғасын тапты. Бұл кезеңде азаншылар намазға шақыру, мешіттегі шаруашылық істерді атқарумен айналысқан. Азаншылар діни рәсім мен бірге құлшылық үйінің тазалығын да қамтамасыз еткен. Әрине, ғибадат үйінің тазалығына жауаптылық ресми бекітілмеді. Егер ОМДБ-ден куәлік алған кезде имамдық қызметке де құқық берілген болса азаншыларға имам атқаратын діни рәсімдерді өткізуіне рұхсат берілген. ОМДБ-да ең алғаш жалпы азаншылар жайлы мәліметтер 1856 жылдан бастап көрсетіле бастаған. Алайда азаншылардың қызметке қабылдануы жайлы мәліметтер тек ХІХ ғасырдың соңына қарай кезігеді. Мысалы, Ішкі істер министрлігінің «Шетелдік сенімдегілердің рухани істері бойынша» департаментінің 1891 жылдың 20 қаңтарындағы №524 жолданған хатында азаншы ретінде қабылданатын үміткерге арнайы емтихан алудың жолға қойылмағандығы келтірілген [140, 24 б]. Бұл ОМДБ қазақтарға қарамағанның өзінде азаншылардың сол уақытқа дейін нақтыланған жүйемен және сынақтан өткізумен тағайындалмайтындығын көрсетеді. Дегенмен азаншылық үшін де біршама талаптар болған. Молдалық немесе ахундық қызметке қабылдану үшін үміткерге қойылатын талап азаншыға қарағанда көбірек болды. ОМДБ-да патша әкімшілігі де молдалық пен ахундарды тағайындауда байыппен қарайтын. Тіпті, жергілікті тұрғындардың өзі молдалыққа кез келген адамның қабылдануын қаламайтын. Сондықтан, біраз діни сауаты бар бірақ молдалық етуге білімі жете бермейтін адамдар азаншы ретінде жазылған.

Жоғарғы сенат 1828 жылы 21 қыркүйекте Министрлер комитетінің ОМДБ-ға тіркеу кітабын енгізу туралы ұсынысын қарап №2296 заңды қабылдады. Тіркеу кітабын жүргізу өңірлік молдаларға жүктелді. Кітапта үш бөлім қамтылды [72, 837 б]. Алғашқы бөлімінде дүниеге келген балалардың туу мерзімі мен ата-аналарының есімдері толтырылды. Кейінгі бөлімінде өмірден өткен марқұмдар жайлы мәліметтер жазылды. Соңғы бөліміне неке қиғызғандар мен олардың әке-шешелерінің және куәгерлердің есімдері, неке қиылған уақыт пен некенің шарттары, неке қиюшы молданың есімі, сонымен қатар бұл бөлімге ажырасқан отбасылардың некесін тоқтату уақыты, аты-жөндері, айрылысу себептері қамтылған. Жыл соңында молдалар тіркеу

кітабының бір нұсқасын өздеріне алып, көшірмесін уезд басшылығына келесі жылдың ақпанына дейін тапсырып отырған [72, 839 б]. С.Ғылыманидің жазбасы бойынша Сейдахмет ‘Абд ар-Рахманұлы атты молданың өмір тарихында «...біздің бұл фазыл ұстаз Николай патшалық дәуірінде указнай болған Айыртау болысына жылында бір аралап түседі. Туған, өлген, ұзатқан қыздар есептерін алып, Көкшетау уезіне жолдап тұратын» делінген [141, 161 б]. Аталмыш жазбадан тіркеу кітапшасының қазақтар арасында іс жүзінде қолданылғандығын көруге болады. Тіркеу ісі кеңес үкіметі орнап жатқан кезге дейін қолданылған екен. Оны Ғылыми «1918 жылда Уфа диния назаратына мүфтилікке Ғалымжан әл-Баруди отырғаннан кейін никах, талақ, тағы басқа діни рәсімдерді атқарып тұруы үшін бір махаллада үлкеннен қанша жан, кішілер қанша, барлық махалла жаны қанша, соған метірке беріп, нұсқауларын ауылнай имамдарына таратты» деп нақтылай түседі. Өңірдегі молда іс-сапарда немесе демалыста болса және жұмыстан шықса немесе өмірден озса, метрикалық кітаптарды өзінен кейінгі лауазымдағы молда жүргізуді міндетіне алған. Ал егер өзге молда болмаса, азаншыға табысталған. Алайда азаншының біліктілігін растайтын құжаты болған жағдайда ғана молданың қызметін атқаруға рұқсат етілген. Ол аумақта өзге имам болмаса, көрші ауылдың имамы осы міндетті орындайды [62, 92 б]. Молдалар сот ісімен де айналысты. Сот ісінде шарифатты басшылыққа алып, Ресей патшалығының заңнамаларын назарда ұстай отырып шешім шығаратын болған. Бірақ молдаларға дүре соғу, өлім жазасына кесу секілді дене жазаларына үкім шығару құқығы берілмеді. Дін қызметкерлерінің оның ішінде ахунның да молданың да шығарған шешімдеріне наразы істер 1868 жылға дейін ОМДБ-да қайта қаралды.

Өңірлік дін мамандарын лауазымға тағайындау барысы іс жүзінде орындалуы құжатта көрсетілгеннен бірқатар ерекшеліктермен орындалған. Патшалық көлемінде мұсылман діни қызметкерлері туралы очерк жазған Яков Дмитриевич Коблов (1876 ж. туған) «медресені аяқтағаннан соң молдалыққа үміткер Уфаға барып, ОМДС-дан сынақтан өтеді де үміткердің біліктілік дәрежесіне сай куәлік беріледі. Молдадан орыс тілін білуі талап етіледі. Бірақ көп молдалар орыс тілін білуі деңгейі төмен. Біраз уақыт өткеннен соң тіпті орысшаның оқылуын да ұмытып кетеді» деп жазады [149, 5 б]. Молдаларды сайлау кезінде тұрғындардың таңдауы мен дін адамдарымен қатынасының әсері көп болды. Ал жоғары лауазымды дін қызметкерлері оның қатарында мүфтиді тағайындауда патша әкімшілігінің ықпалы басым болса, орта буын ахундарды бекітуде әкімшілік өкілдерімен қатар қазақ ақсүйектері мен мүфтидің әсері болды. Қарапайым молдалардың тағайындалуында жамағаттың сұранысы мен талабы көбірек ескерілетін. Қандай да бір ауылда немесе мешітте молда қажет етілетін болса тұрғындар сұраныс білдіреді. Сұраныс губерния әкімшілігіне жеткеннен соң қолында куәлігі бар бір үміткер жолданады. Жамағаттың сұранымына сай емес молда тіпті қанша білікті болса да қызметін ұзақ уақыт жалғастыра алмаған. Сондықтан, молдалар барынша әрбір ісін сақтықпен жасап, тұрғындар арасындағы ықпалды адамдармен жақсы қарым-қатынаста болуды қолай көрген.

С.Ғылмани указ молдалардың сайлануында бай-бақуатты адамдардың ықпалы басым, ал діндарлар мен қарапайым халықтың сөзі көп ескеріліп-бейтіндігін жазады. Оған мысал ретінде Баукен Күдеріұлы атты молданың өмір тарихынан «...Қоржынкөл болысына указ сайлау керек болып, біздің ұстазымызды указ болуға діндарлар мақұл көріп, сайламақшы болса да, ол уақытта ірі тұқым, ірі ауыл адамдары билейтін уақыт. Нашар тұқым Төленгіт халқына указдік қайдан тисін. Саққұлақ ауылының қожасы болған Күдері ишанның Баукен деген баласы указ сайланды. Ол - бір ғылым иесі, халыққа діни басшы боларлық адам емес, тек қана атасы сыйлы әулеттің ұрпағы. Онымен қатар үлкен ауылдың қожа адамы өтіп сайланды» [141, 155 б]. Указной молдалардың тағайындалуының еретеректегі мысалын В.З.Галлиев келтіреді: «Сөйтіп, Көкшетау округінде Сейфулла Усманов 1824 жылы округтік приказ ашылған сәттен бастап указной молда болды. 1824 жылы Старшина Джалгара Байтукин мен би Төрежан Итемгенов айтып өткендей Сейфулла Усманов «приказ ашылғаннан кейін Сібір қырғыздарының заңдарынан алынған мәлімдемелер мен үзінділерді түсіндіріп, болыстарды аралады». Ресми түрде ол аға сұлтан Джалгара Байтүкиннің іс жүргізушісі болып тағайындалды, қажет болған жағдайда Көкшетау бекінісінде указной молда қызметін атқарды» деп көрсетеді [150]. Яғни, 1824 жылдардың өзінде указной молдалар нақты қазақ даласында қызмет атқарғанын дәйектейді. Сонымен қатар бұл жерден указной молдалар дін қызметін сұлтанның көмекшісі немесе хатшысы секілді қызметпен қатар атқарғандығын көрсетеді.

Көп жағдайда қоғамдағы ықпалды тұрғындар молда сайлауы мен тағайындауда араласуының астында халық арасында ықпалды молдалардың беделін жеке мүддесіне қолдану жатты. С.Ғылмани Бекболат Меркамалутдинұлы есімді молданың өмір тарихын айтып келіп «халықтың партия болып талас қылып, болыс сайлау туралы жақ-жақ болатын уақыт. Пұштай баласы Мәлік деген кісі маған жақтық болмады деп Махамбетті мұқату үшін қолында қашқын адам ұстап отыр деп көрсетіп, өкімет орнынан адамдар келіп тексеріп, ишанды ұстап әкетіп, Павлодар түрмесіне жабады. Тағдыр илаһи, сол ишан хазірет сол түрмеде қайтыс болады» [141, 174 б]. Әрине, ел ағалары арасында молда сайлауда тек қана қара бастың қамы үшін емес, шын мәнінде де жанашырлық танытып, халыққа білікті дін қызметкерлерінің қызмет етуіне демеушілік еткен тұстары да жиі кездеседі. Осыған қарап, бай-бақуатты адамдардың молдалардың қандай да бір ауылда қызмет атқаруына аса үлкен ықпалы болғандығын байқау қиын емес. С.Ғылманидың еңбегінде молдалардың жастайынан білім алуына және кейін елге оралып, қызмет жасауына қаржылай көмек көрсеткен бірнеше байлардың аттары жазылған.

Қ.Халидиді мен С.Ғылманидің жазбаларында қатар кездесетін молдалардың есімдері бар. Мысалы, екі авторда да Сарымолда жайлы өмірдерек қамтылған. Жалпы, Сарымолда есімі – лақап аты. Өзге де молдалардың аттарына қарап, сол кезде молдалардың лақап атымен атау жиі кездесетінін байқауға болады. Тіпті, кейбіреулерінің шынайы есімі белгісіз де, лақап аты сақталған. Мысалы, қазақтар арасындағы Бабай атты башқұртқа



қатысты көптеген әңгімелер мен оқиғаларды келтірсе де шынайы есімінің сақталмағандығын жазды [151, 19 б].

Білімді әрі белсенді указной молдалар қызмет барысында діни рәсімдерді өткізумен қатар медресе ашып немесе алдын жұмыс жасап тұрған медреселерді жандандырып, діни ағарту ісімен айналысқан. Тіпті, жинаған білімдерін елге пайдасы тисін деп тегін дәрістер де ұйымдастырған. Ғылмани жазбасында ондай молдалардың бірнешеуі келтіріледі. Ал кейбір молдалар тек діни рәсім өткізумен және өзіне тікелей тиесілі міндеттерді ғана орындаумен шектелген. Халық аузындағы «еті – сенікі сүйегі – менікі» деген тіркес осы молдаларға бала оқытуға берген ата-аналардың сөзінен шыққан. Баласын сауат ашуға берген ата-ана өз балаларын тәрбиелеуде молдаға толық сенетіндігін білдірген. XIX ғасырда өмірге келген қазақтың қай зиялысын алсақ та, молдалардан хат таныған. Я. Д. Коблов еңбегінде «Молдалардың міндетіне балаларды тәрбиелеу кірді. Бірақ кейде оларды азаншылар немесе басқа біреу алмастырады» деп молдалардың білім беру ісімен айналысу барысында кей кездері сабақты молданың өзі емес, оның орнына басқа кісі сабақ беретін кездер де болатындығын айтады [149, 7 б].

С. Ғылмани мен Қ. Халидидің жазбалары дін қызметінде де бәсекелестіктің орын алғандығын аңғартады. Указ алған молдалар өзіне тиесілі аумақтағы тұрғындарға діни рәсім өткізуде және пәтуа сұрауда басқа аумақтың молдасына немесе «бейресми» діндарларға жүгінбеуін қатаң талап еткен. Мұны С. Ғылманидің «бір өлген адамның хатым патихасы болып, көп молдалар жиналып отыр еді. Бір қарапайым адам келіп молдалар алдына жүгініп отырып, бір шарифат сұрай бастап еді, указ оған: «саған не шарифат сұрау керек, сен менен сұра, білсем мен айтып беремін, мен – сендердің указной молдаң. Мен білмесем, хазіреттерден сұрап үйретем», – деп сорлыны айдап шықты» [141, 155 б] және «Алдаберген хазіретті алдырып, молда қылып балалар оқыды. Бірақ ұзақ уақыт болмай ол ауылдан шығып кетіпті. Оған себеп, ақсақал айтқандай, қожалар ол кісінің ғылымы зор, беделі үстем болғанын күндеп, сыйдырмай, сондықтан шығып кеткен екен» деген жазбаларынан көруге болады [141, 181 б]. Ал Қ.Халидидің жазбасында «Уалиулла» (Wali'ullah) атты молданың өмірдерегінде Жуан молда мен Ақмолданың арасында діни рәсімдердің орындалуына қатысты пікірталастардың орын алғандығы, тіпті екі тараптың бір-біріне шүйлігіп, сынағандары да қамтылған [151, 83 б]. Осы тұста діни адамдардың хазірет деп аталуына тоқтала кетейік. Сөздікте хазірет «жаныңда және қасыңда болу, алдында болу» дегенді білдіреді [152, 146 б]. Оны Мехмет Демиржи танымал сопы Ибн Арабидің хазрет терминін сопылық мектептің өкілдері үшін қолданды, кейін ол ислам әлемінде жиі қолданатын құрмет белгісіне айналғанын келтіреді. Ибн Арабиде «болмыстың жалпы деңгейлерімен және оның әлемдегі барлық көріністерімен құдайлық немесе ғарыштық ақиқат» жатыр деген мағынада қолданылды [152, 146 б]. Мехмет Демиржи «Ибн Араби жасаған хазрет теориясы біртіндеп діни және саяси өмірге әсер етті, нәтижесінде бұл термин сопылық емес діндарлар мен мемлекет қайраткерлері үшін де қолданылды. Араб тілінде «хазірет әш-шейх», парсы тілінде «хазірет-

и шейх» және түрікше «шейх хазретлери» ретінде қолданылған бұл сөз көбіне Аллаға, пайғамбарларға, сахабаларға, періштелерге, сұлтанға және мемлекеттің көрнекті тұлғаларына қатысты қолданылған. Кейін келе жекелеген адамдар үшін қолданыла бастады» дейді [152, 146 б]. Алайда Ғылманидың еңбегінде және Ресей патшалығы тұсындағығы қолданысында хазірет сөзі қарапайым дін адамдары үшін де қолданылғанын көруге болады. Расында Орта Азия және қазақ даласында да хазірет деп аталған. Мысалы Қожа Ахмет Иасауиді Өзірет Сұлтан деп қосып айтудың өзі Қазақ даласындағы хазірет сөзінің аса қадірлі екендігін байқатады. Сондықтан қазақ даласында хазірет атауынан гөрі ишан, қожа, деген секілді діни атауларды жиі кездестіреміз. Өйткені, аса танымал немесе орта деңгейлі білімді адамдар үшін осы ишан, қожа атаулары жиі қолданылған. Ал патшалық Ресей кезінде хазірет деп аталу жиілей түскен. Мұнан біз қазақ даласына татарлардың енуімен тікелей байланысын аңғара аламыз. Сонымен қатар хазірет тіркесі имамға да, хатибке де немесе мүфтиге де қатысты қолданылуы сөздің нақты бір функциясы бар діни лауазым емес екенін көрсетеді. Мысалы Ақтөбе облысында дүниеге келген Досжан Қашақұлы хазірет жастайынан әкесінен білім алып, кейін Орынбордың Қарғалы станциясы медресесінде оқуын аяқтаған соң «1842 жылы, 27 жасында, ол ОМДБ куәландырған қажетті құжатты алды, ол оған туған жерінің мешіті мен медресесінде діни және ұстаздық қызметті жүргізуге құқық берді» [153, 76 б].

Сонымен қатар молдалар жамағат өміріндегі барша салаға ықпал ете алатын негізгі тұлға болды. Оны билік басындағылар өз мүддесіне қолдануға тырысқан. Бірақ биліктің бұл ісіне молдалар әрдайым келісім бере бермеген. Өйткені, мұсылман дінбасы ретінде молдалар белгілі бір дәрежеде жамағат алдындағы абырой сақтап қалуға тырысты және құдай алдындағы жауапкершілікке тартылатындығын жақсы білді. Я.Д.Коблов еңбегінде «молданың ықпалымен басшылық белгілі бір дәрежеде жамағатқа әсер ете алады. Алайда бұл әрқашан іске аса бермейді. Оны тек мұсылмандар тұратын ауылдарда ортақ көзқарастарына қарсы болмаса қолданады. Әрине, молда бұл жағдайда көп көмегін тигізе алады. Бірақ біріншіден, ол (молда) халық өзіне құлақ аспайтынын алға тартып әрқашан келісе бермейді, Екіншіден, жамағат арасында қандай да бір жаңашылдық енгізіп қоюдан қорқады» деп пікір жазады [149, 10 б].

Указной молдалардың қазақ даласына енуі бейресми дін білгірлерінің қызметіне қарсы бағытталды. Бейресми дін қызметкерлері ретінде шарифи білімі бар, бірақ «указы» жоқ ишандар мен сопылық тариқат өкілдері кірді. Зерттеуші Ф.А.Адилова «Кісі қайтыс болған жерлерге указной молда немесе оның атынан біреу бармаса, жаназа оқылмай мәйітті сасытып жіберген оқиғалар да кездесті, ал обал-сауап деп басқа біреулер жаназа оқып қойса, ол адам указной молда тарапынан қуғынға ұшырайтын. Ондай адамды қайда жүрсе де таптыртып алып жазалатып, айып төлетіп әуре ететін болған соң, жаназаға ешкім жоламай, указной молданы іздеп табу үшін кісісі қайтыс болып, қара жамылып отырған жандар қаражатқа шашылып, қатты әбігер болатын... Молдалардың халық арасында беделінің түсуі ишандар мен

сопылардың беделін арттырды. Сауатсыз, надан молдалардан тазару үшін үкімет тарапынан да әрекеттер жасалды. Молдаларды мүмкіндігінше, жергілікті тұрғындардың өз ішінен сайлау туралы ұсыныстар жасалды.» [32, 91–92 б]. Яғни, ишандар мен указной молдалар арасында қайшылықтар болған. Қазақ даласында қожалар институты бағзыдан бері беделді мәртебеге ие, әрі қазақтардың дін ісінің жетекшісі ретінде қалыптасқан еді. Патшалық Ресейдің саясаты «указнойлар» арқылы ресми дін мамандарын күшейтіп, бейресми рухани көшбасшыларды ысыру, сол арқылы қазақтардың шет елдермен рухани байланысын үзуді мақсат етті. Ал шетелдерден рухани байланысы үзілген қазақ даласы патшалықтың «исламдық бұлағынан» сусындауға тура келетін еді. Алайда дін саласындағы кадрлық саясаттың мақсаты осындай бағытқа бет алғанымен қазақтар Орта Азиялық оқу орындарымен байланысын үзген жоқ және ишандар мен сопылық тариқаттардың қоғамдағы ықпалын толығымен жоғалта алмады. Өйткені, қазақ даласында жіберілген Ресейлік молдалардың көбісі үлкен бекіністер мен қалаларда қызмет жасады. Ал көшпелі қазақ рулары арасында мүридтер, мүршидтердің жолымен қызметін жалғастырды. Ишандардың шәкірттері жаңа саяси ахуалға бейімделіп, өздері де «указ» алып, қызмет жасауға тырысты. Яғни, бейресми дін адамдары ресми маманға айнала бастаған. Әрине, бұл жерден ишан мен молда атауының мәні бір деген түсінік қалыптаспауы тиіс. Сол себепті ишандық қызметті және ишандардың атын атап талдап өтсек. «Ишан - (парсыша - олар) Орталық Азияда құрметті және танымал дін адамдарына - сопылық бауырластықтардың жетекшілеріне берілген атақ. «Ишан» атағын, біріншіден, бүкіл бауырластықтың басшысы, тікелей мұрагері немесе бауырластық негізін қалаушының аға мұрагері, екіншіден, белгілі бір аймақтағы бауырластық бөлігінің бастығы, бүкіл бауырластықтың басшысы, үшіншіден, жеке қоғамдастықтың (халпа) басшысы. Көбінесе ишандар бұл атаққа еңбегімен емес, мұрагерлікпен ие болған (ишан-заде) және артықшылықты иеліктердің сайидтер мен қожалардың өкілдеріне тиесілі болған» [154, 23 б]. «Олар ел өмірінде әлеуметтік топты құра отырып мұсылман дінінің имандылық-тәрбиелілік қасиеттеріне үгіттеді. Мешіт салдырып, медреселер ашты. Сөйтіп, қазақ даласында осындай қызметімен есте қалды. Ишандықтың тағы бір анықтамасы – пірлік» [155, 27 б]. Сол кездегі қазақ даласындағы ишандық атақ пен оның маңызына Марал ишанды мысал етіп алуға болады. А.Кузембайұлы мен әріптестері Марал ишанды Орта Азиялық сопылық өкілдерімен байланысып, өзі де ишан атанғанын және қазақ даласындағы мұсылмандарға діни жетекші ретінде танылғандығын келтіреді [154, 23 б]. Марал ишанның қызметі «қожа» мен «ишан» атауының айырмасын ашуға септігін тигізеді. Қожа ақсүйектер тобына жататын қазақтың ешқандай руында жоқ, Мұхаммед пайғамбар немесе оның сахабаларының әулеттерінен тараған ұрпақ саналады. Ал Марал ишан - керей руынан. Өз кезегінде бұл ишандардың қожа болмауы мүмкін екендігін аңғартады. «Жас кезінде Марал ишан Бұқара маңында Жалаңаяқ әулиеден білім алады. Жеті жылдық оқуын аяқтаған соң 1820 жылы Бұқарадан шығып, Сыр бойына қоныстанады... Кейін атасы Құланбай

ишаннан рұқсат сұрап, Марал ишан Қызылжарға қайтады» деп көрсетеді. Осыған қарап, біз ишанның Орта Азия медреселерінен білім алғандығын көре аламыз.

Жалпы, Ресей патшалығы тұсында қазақ даласындағы діни, саяси, әлеуметтік құрылымдар көптеп өзгерістерге түскен кезең болып табылады. Жаңалыққа толы осы дәуірде мұсылман дін қызметкерлеріне мемлекеттік және діни міндеттерді қатар алып жүру жүктелді. Дін қызметкерлеріне жүктелгенін тапсырмаларды төртке бөліп қарастыруға болады. Біріншіден, діни қызметкерді қоғам қажеттілігін өтеуші қызметкер ретінде қарастыру. Қазақ даласындағы қоғамдық қажеттіліктерді орындауда дін қызметкерлерінің міндеттерін екіге бөліп қарасақ болады. Алғашқысы, әрине, халықтың діни қажеттілігін өтеу міндеті. Оның өзін екіге бөлсек, ең алғашқысы діни рәсім өткізуші қызметкер ретінде қарастырамыз. Яғни, молдалар мұсылмандардың туғанынан өмірден өтіп жерленгенге дейінгі барша діни рәсімдерге қатысатын басты қызметші болды. Екіншіден, халықтың дін қызметкерлерін қажетсінуде діни рәсімдерден де тыс тұстардағы қызметі. Мәселен, патша өкіметінің алғашқы кезеңіндегі қазақ даласындағы медицина, ғылыми техниканың бүгінгі күнмен салыстырғанда әлдеқайда төмен екендігін есепке алсақ, (теория психология адамның табиғатқа тәуелділігі, заманның өзгеруі) дін қоғам өмірінде ең ықпалды институт болғандығын көре аламыз. Ал дін қызметкерлері діннің функциясын іске асырушы адамдар болды. Яғни, халықты қиын жағдайда жұбататын, заманның өткінші екенін қайта-қайта еске салып, сабырға шақыратын дін қызметкерлері болды.

Дін адамдарының бағзы заманнан емшілік және медицинаның дінмен байланысты тұстарын бірге атқаратыны бар. Бұл қызмет патша заманында мұсылман дін басылары үшін де тән болды. Мысалы молдалар дем салу және балаларды сүндеттеу қызметін атқарған [57, 50 б]. Діни рәсімдердің ішінде молдалар неке қиюда төлем алатын болған және бұл төлем қазынаға берілетін: «Министрлер комитетінің 1834 жылы 21 тамызда бекітілген ең жоғарғы ережесіне сәйкес, үйлену тойы кезінде молдалар жас жұбайлардан Уфадағы ОМДБ резиденциясын салуға арналған 30 копейка мөлшерінде мақсатты алым жинай бастады» [57, 52 б]. Алайда неке ісінен өзге рәсімдерге қатысты ресми төлемдер арнайы бекіткен жоқ.

Қоғамның қажетсінуде екінші тұсы қазақ ақсүйектері дін қызметкерлерін патша биілігімен көпір ретінде, қажетті жағдайда кеңесші ретінде қатынас жасауын айта аламыз. Мұны, қазақ даласындағы танымал ахундар мен молдалардың өмір тарихынан білеміз.

Дін қызметкерлеріне халықтан бөлек патша билігі тарапынан да жүктелген міндеттер бар. Оны да екіге бөліп қарасақ болады. Бірінші – тікелей ресми түрде бекіткен міндеттер. Мысалы, метрикалық кітапша жүргізу, сот қызметін атқару, секілді. Екінші – саяси-әлеуметтік мәселелерді шешу бағытында міндеттелген істер. Оған мысал – молдалардың беделін қазақ ақсүйектері арасында қолдану, халық арасында патша әкімшілік жүйесін орнықтыру шараларына тарту сынды істер. Үшінші – Орынбор мүфтилігі

алдындағы міндеті. Орынбор мүфтилігі патша әкімшілігіне бағынышты болғанымен өзінің мұсылмандарға деген ықпалын арттыруға тырысқан сәттері болған. Ол әсіресе, ОМДБ алғашқы мүфтиі М. Хұсайыновтың тұсында анық көрінді. Сондықтан, олар қазақ даласындағы ықпалын сақтап қалу үшін молдаларға міндеттер жүктеп, ықпал етуге тырысты. Әрине, осы тұста дін қызметкерлері үшін ең басты жауапкершілік ретінде Жаратушы алдындағы міндеттерін айтсақ болады. Ислам діні бойынша дін қызметкеріне жүктелетін жауапкершілік те оның жазасы да ауыр. Яғни, бұл жерде діни қызметкердің құдай алдындағы міндетін атқаруға деген жауапкершілігі қаншалықты жоғары деңгейде болса, халық арасындағы дін қызметкерінің жауапкершілігі де сондай жоғары болады. Сондықтан молдалар үшін Алла алдындағы міндетті орындау өте жауапкершілікті іс саналған.

Указной молдалардың қазақ даласына енуі қазақтар арасында бұрыннан беделді ишандар мен сопылық жетекшілердің ықпалын әлсіретуге бағытталды. Қазақтар арасындағы дін білгірлері саналатын ишандар Орта Азиялық білім ордаларымен тығыз байланыста еді. Алайда указной молдалар өздерінің ресмилігін алға тартып, діни рәсімдерді бейресми дін білгірлерін орындауына барынша кедергі болды. Діни рәсімдерді орындауға құқығы жоқ ишандар қоғамда діни жетекші бола алмайды. Дегенмен XIX ғасырдың ортасынан бастап, қазақ даласынан шыққан дін адамдарының указ алып, қызмет жасауы артқан. Яғни, енді бұрынғы ишандық жүйемен жүрген дін адамдары указ алып қос жүйені қатар алып ұстаған.

## ІІІ БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ МҰСЫЛМАНДЫҚ БАСҚАРУ

### 3.1. Бөкей мен Жәңгір билігі тұсындағы мұсылмандық басқару

Патшалық Ресей тұсындағы қазақ даласындағы мұсылмандық басқару ерекшеліктерін зерттеу барысында Бөкей Ордасына арнайы тоқталып, жеке қарастырудың маңызы зор. Өйткені, Бөкей Ордасында өзге Қазақстан аумақтарымен салыстырғанда мемлекеттік құрылымы мен діни ахуалы, әкімшілік басқару және ондағы Ресей патшалығы саясатының көрінісі өзгеше сипатта еді. Сәйкесінше, тақырыптың өзегі болып табылатын мұсылмандық басқару мен исламдық институттардың үйлестіру деңгейі мен қызметінде де бірқатар ерекшеліктер орын алды.

Ішкі Орда немесе Кіші Орда деген атаулармен аталған Бөкей Ордасындағы билік пен дін қатынасы, діни қызметкерлердің қызметі мен лауазымға тағайындалу талаптары, құлшылық үйлері мен өзге де исламдық институттардың әрекетін реттеу шараларын зерделеу – тақырыпты ашуға мол мүмкіндік бермек. Сонымен қатар Бөкей Ордасының тарихында белсенді жаңашыл қызметімен және жағымды әрі жағымсыз кейіпте танылған Жәңгір Бөкейұлының ислам дініне қатысты ұстанымдары мен патша әкімшілігімен және діни тұлғалармен қатынасын да қамту зерттеудің нәтижелілігін арттыра түспек.

Бөкей ордасы – 1801 жылы Бөкей сұлтанның басшылығымен құрылған хандық. Бөкей ордасының құрылуы ресми деректерде 1801 жылдың 11 ақпанындағы сұлтан Бөкей Нұралыұлының Ресей шенеунігі генерал-лейтенант К.Ф.Кнорринге патшалық Ресейдің билігін мойындап, Еділ мен Жайық өзендері арасында еркін көшіп-қону жайлы өтініш хатында көрініс берді [135, 28 б]. 1771 жылға дейін мұнда қалмақтар тұрған еді. 1771 жылы Еділ қалмақтарының елеулі үлкен тобы Шыңжаңға көшіп кеткеннен кейін Еділ мен Жайық аралығындағы аймақ бос жатты [156]. Сұлтанның өтініш хатына жауап ретінде, бір айдан кейін 1801 жылдың 11 наурызында І-Павелдің К.Ф.Кнорринге бағытталған Бөкей сұлтанды қарамағындағы қазақтармен бірге Ресей құрамына қабылдау жайлы Жарғысы шықты. Жарғыда «Бөкей сұлтан мен оған бағынатын қырғыздарды Ресей императорының қарамағына еруге сонымен қатар оған (Бөкей сұлтан) бағынатын қырғыздарды Орал мен Жайықтың арасында өмір бақи көшіп-қонуына рұқсат... және менің ризашылығымның белгісі ретінде қара лентамен мойынға ілетін, менің портретім бар алтын медалді тағайындаймын» делінген [135, 30 б]. Хандықтың басы осылай басталып, Бөкей мен Жәңгірдің хандық билігімен, екеуінің ортасында Шәңгерей сұлтанның уақытша билігі, кейін уақытша кеңестің басқаруымен жалғасты. Жалпы, Бөкей ордасының басқару жүйесі екі ханның тұсында монархиялық басқару жүйесімен жұмыс жасады.

Ресми құжаттарда ордадағы ең алғашқы дін адамдары жайлы 1805 жылдың 6 ақпанындағы жазылған Орынбор әскери губернаторы Г.С.Волкноскойдің Орынбор шекара аралық комиссиясына (ОШК) Қазан татары Мурсалим Муртазинді Бөкей сұлтанға молдалыққа тағайындау туралы ұйғарым бұйрығында байқалады. Бұйрықта «..хан кеңесін басқарып отырған

Бөкей сұлтан балаларды оқыту үшін Қазан губерниясы Тешен округінің татары Мурсалим Муртазинді молдалыққа қалдырылатындығы жайлы ұсынысты алды, ол (молда) алдын қырғыз руларында болған. Сондықтан ОШК-ға заңдық қарауына жөнелтемін және Бөкей сұлтанға жақсы пікір ұсынамын» [157]. Алайда Мурсалим Муртазиннің нақты қызметі мен өмір дерегі жайлы мәліметтер аз. Дегенмен 1811 жылдың 12 желтоқсанында Бөкей сұлтанның шетелдер ісі министрі, граф Н. П. Румянцевке жазған Ішкі ордаға татар молдаларының қоныстануы жайлы хатында бірқатар мәліметтер кездеседі. Хат бойынша Бөкей Абдреші Кутушев, Мурсалим Муртазин және Айса Мухаммедрахимов атты татарларды Ордада молдалық қызметке қалдыру және олардың қызметін анықтайтын «указ» шығаруға өтініші жайлы жазылған [158]. Аталмыш хатқа сәйкес, жоғарыдағы аты аталған молдалардың бала кездерінде Бұхара қазақтары тарапынан тұтқынға алынып, кейін тұтқыннан кіші ордаға қашып келіп молдалық қызмет атқарғандығын және олардың қазақтардан әйелі бар екені де баяндалады. Осыған орай, Бөкей сұлтан патша әкімшілігінен молдалардың қызметін заңдастыруды сұрағандығын байқаймыз. Бұл жерде Бөкей сұлтан хаты тек өтініш емес, қазіргі құжат айналымындағы «түсініктеме» секілді мазмұнды қамтуда. Өйткені, Бөкей аталмыш молдаларды қызметке «рұқсатсыз» алып қойған. Ал патша әкімшілігі тарапынан шетелде оқыған маманды тағайындаудың негіздемесі мен себебі сұралған. Жалпы, Бұхарада немесе өзге де Орта Азиялық медреселерде білім алған дін мамандарын молдалыққа тағайындауда қиыншылықтар орын алған. Өйткені, патшалық аумағынан тыс жерде білім алғандығы себепті орда аумағында жұмыс жасауға рұқсат берілмеген. Мысалы, М. С. Бабажановтың жазбасында Айжарық есімді орданың білімді дін маманы қызметке тұра алмағандығы жайлы мәліметтер келтіріледі: «Айжарық білімін жетілдіру мақсатымен Бұхараға жол тартады. Ол жердегі оқуды да үздік бітіріп, 1849 жылы Ордаға Орынбор арқылы қайтып оралады. Алайда оған енді Ордада тұрақтап қалуға рұқсат етілмеді, шетелде білім алғандықтан Ордада тұруға болмайды, бір жыл Орынборда боласың, сосын Бұхараға кетесің деп бұйырды әкімдер» [159, 23 б].

Бөкей сұлтан хандықты құрса, ал ислам діні мен мұсылмандық дәстүрдің ерекше дамыған сәті Жәңгір хан тұсында орын алды. Жәңгір ханға дейінгі діни ахуал жайлы пікірлер әр алуан. Сол кездегі орыс зерттеушілері мен лауазымды тұлғаларының жазбаларында ислам діні басымдылығының күрт артуын Жәңгірдің билікке келуімен байланыстырады. Мысалы, Н. Троискийдің жазбаларында «Дінбасылар ретінде қажетті бірнеше қазандық молдалар өзге Ішкі Орданың қырғыздары ұзақ уақыт Мұхаммед сеніміне, Сүннет іліміне толық берік болмады. Алайда Жәңгір хан діни рәсімдерді түзетіп және діни сенімді үйреніп жатқан қырғыздың қабілетті жас балаларынан және тіпті, сауатты ересек қырғыздардан да молдалар жасақтай алды. Қазір 70 түтінге бір молдадан тағайындалған, олар діни рәсімдерді орындау мен балаларды оқытуға ерікті түрдегі сыйлықтардан күнелтеді. Ал хан ставкасындағы ахун және молдаларға ханның өзі демеушілік жасайды» [160, 8 б]. XVIII ғасырда өмір сүрген христиан миссионері Е.А.Маловтың «О татарских мечетях в

России» атты жазбасында Жәңгір хан тұсындағы ислам дінінің ахуалы жайлы деректер келтіріледі. Жазбада «1851 жылы ішкі немесе Бөкей ордасында әр 170 түтінге біреуден келетін 126 молда болды, Жәңгір ханға дейін молдалар саны 15-тен аспайтын. Бұл ордада әр молдаға тиесілі мешіттердің бар екендігі күмәнсіз. Келесі саны тек 30 жыл ішінде едәуір артты, өйткені Жәңгір тек 1842 жылы ханның абыройы артып жеке өзі мешіттер мен мектептер салуға бұйрық берген» [137, 65–66 б]. Бұл жазбалардың мазмұны бойынша ортақ тұжырым ретінде мынадай пікір туындайды: Бөкей хандығының құрылған алғашқы кезде ислам дінінің басымдылығы аса жоғары емес, мұсылман дінбасыларының саны аз, әрі қызметінің белсенділігі төмен, Жәңгір ханның билігі тұсында дінбасылар мен құлшылық үйлерінің саны артты, исламдық мәдениеттің қоғамдағы маңызы күшейді, мұсылмандық басқару мемлекет тарапынан қадағаланатын жүйеге айналды.

Ордадағы исламдық институттардың дамуына үлес қосқан Жәңгірдің мұсылмандық басқарушылық жүйесі мен хандықтың саяси жүйесін зерттеген С. Зиманов ханның исламға қолдау білдіру әрекетін хандық аумағындағы қазақтарға саяси әсер ету тәсілі ретінде «ханның әлеуметтік саясатының құрамдық бөлігі ханға бағынышты дін адамдарының, молдалардың санын көбейту және көшпелі ұжымның арасына артта қалған ауыл тұрғындарына хан саясатының мүддесін тарату үшін орнықтыру болды» деп бағалайды [161, 401 б]. С.Зимановтың тұжырымын Н.Троцкийдің молдалар қызметін тізе келе мұсылман дінбасылары «...халықты Патша ағзамға, билікке адалдыққа және тәртіпке... тәрбиелеу» деген жазбасы да қуаттай түседі. Әрине, бұл тұста ханның исламға ерекше мән беруін оның тек саяси мүддесі мен хандықты орталықтандыру мақсаты ретінде ғана бағалауға мүмкіндік бермейтін бірнеше факторлар бар. Оның көрінісін Жәңгір ханның жеке өмірі мен отбасылық қатынасы және діни тұлғалық келбеті мен заманауи жаңашылдық бағытындағы жұмыстары байқатады. Ханның діни тұлғалық келбетіне қатысты пікір алуға Жәңгірдің өзі ислам дініне қызығушылығы мүмкіндік берді. Ол ислам ілімі мен шығыс дәстүрі жайлы көптеген қолжазбалар мен әдебиеттерді арнайы тапсырыс беріп, алдырғандығы жайлы мәліметтер жетерлік. Мысалы, 1844 жылдың 17 желтоқсанындағы Қазан университетінің проректоры Ф.И.Эдманның хатында Жәңгір ханның араб тілінде – 30, парсы тілінде – 26 және түрік тілінде – 4 діни әдебиеттің университеттен алуға ниетті екендігі баяндалған [135, 432 б]. Ал 1845 жылдың 29 наурызында Қазан университетінің профессоры А.К.Казембеков өз хатында ханның мұсылман заңнамасы бойынша «Мухтасар» кітаптарына пікірлері жазылған [162]. Осындай кітап алдыру дәстүрі әрқашан жалғасып отырған. Хан өмірден өткен кезде артында екі мешіт пен құны 859 рубльге бағаланған 212 шығыс (мұсылман халықтары) тілдеріндегі кітаптары қалған [163]. Сонымен қатар Жәңгірдің отбасылық қатынасында Орынбор мүфтилігінің алғашқы мүфтиі Мұхаммеджан Хусейновтың қызы Фатиманы жар етіп алуы да ханның ислам дініне деген ерекше ықыласын көрсетеді. Сондықтан ханның мұсылмандық саясатын тек жеке саяси мүдде ретінде ғана емес, оның мұсылман діні өкілі



ретінде сенімдік ерекшеліктен туындаған әрекеттердің көрінісі ретінде санауға себептер жетерлік.

Жәңгірдің орданы басқаруында саяси билік пен дін қатынасын реттейтін ресми екі корпус жұмыс жасады. Оның біріншісі – 12 мүшеден тұратын билер корпусы, екіншісі – мұсылман дінбасыларынан тұратын дін корпусы. Екі корпусқа да басшылық жасау ханның өз құзыреттілігіне кіргізілді. Яғни, екі корпус бір-бірінен бөлек жұмыс атқарды. Билер корпусы қоғамдық және шаруашылық мәселелерге қатысты пікірлерді ортаға салып, талқылайтын. Олардың көбісі әр қазақ руларының беделді ақсүйектері болғандықтан, әр маусымдағы немесе өз аумақтарына қатысты маңызды істерді ортаға салып, шешімін кеңесте табуға тырысатын. Алайда көшпелі шаруашылық формасы жиындарға уақытылы қатысуға әрқашан мүмкіндік бере бермейді. Сондықтан, кей мәселеде Жәңгірдің өзі шешімді шығара беретін [160, 20–21 б]. Билер кеңесі 1827 жылы Жәңгірдің бастамасымен құрылды. Мұндай кеңес Бөкей ордасында Жәңгірге дейін болмағанымен жалпы қазақ даласында билердің ықпалы зор болған. Сондықтан орданың алғашқы билеушілері Бөкей мен Шығай сұлтандар тұсында қажетті кездері маңызды жиындарға қатысып отырған. Ал Жәңгірдің тұсында ресми түрде бекітілуіне екі түрлі себебін атап көрсетсек болады. Біріншіден, Жәңгірдің билік құрған кезінде көптеген жаңашылдықтар мен өзгерістер енгізіліп, қазақ рулары жағынан қолдау табуы қиындай түсті. Сондықтан ханға қолдау білдіре алатын институт билер ретінде танылды. Екіншіден, патша әкімшілігінің өкілі Орынбор губернаторының «билердің пікірлеріне мән берудің маңыздылығы» жайлы ұсынысы да әсер етті. Әр руды сұлтандар басқарған. Сұлтандарды хан өзі таңдап Шекаралық комиссияға ұсынып, сол жерде қызметі бекітілген. Сұлтандарды хан таңдағандықтан олар ханға барынша адал және ханның бұйрықтарына бағынуы тиіс болды [164, 81 б]. Бірнеше ауылдың басшысы ретінде старшындар тағайындалды. Хан старшындардың қызметі мен қабілетіне қарай сый-сиапаты мен міндетін белгілеп, бақылап отырды. Осы жерден біз ханның билігі сұлтандар мен старшындар арқылы да күшейгенін көре аламыз.

Орданың хан аппаратының жұмысын билік пен діннің қатынасын анықтайтын құрылым ретінде бағалауға болады. Бөкей ордасын зерттеген қазақтың танымал зерттеушісі С.Зиманов «Ережеге сай Хан канцеляриясында мұсылман жерінен шыққан, бір уақытта хатшы, аудармашы және молдалықты қатар алып жүретін адам қабылданды. Көп жағдайда оны ханға патша әкімшілігі ұсынғандықтан ол тыңшы-агент болды, ал хан онымен орыс шаруасын жақсы білуші маман ретінде кеңесіп отыратын» деп тұжырымдайды [161, 411 б]. С.Зимановтың бұл пікірінің нәтижесінде ханның маңызды істерде кеңесетін адам ретінде танылған кеңесшілері мұсылман діндарлар екендігі анықталып отыр. Яғни, Орданың діни ахуалына тіпті, саяси істеріне мұсылмандық ұстанымдардың әсер ету мүмкіндігін көрсетеді. Дегенмен 1845 жылдың 2 қазандағы ОШК-нің кеңесшісі И.М.Бикмаеваның «Жәңгір хан тұсындағы лауазым иелерінің тізімдері» тақырыбындағы хатында Орда билігінің жүйесі хан аппаратының орыс кеңесінде 5 орыс қызметкердің есімі көрсетілген, яғни олардың азаматтық істе ықпалы бар екендігін аңғартады.

Аталмыш хатта хан аппаратынан кейінгі ықпалды құрылым сұлтандардың қасында мұсылман өкілінен тағайындалған кеңсе қызметкерлері жұмыс жасағандығы келтіріледі. Атап айтқанда, сұлтан Меңлікгерей Бөкейхановтың қарамағында Джалледин Комаледдинов, сұлтан Шүке Нұралиевтің қасында Тюреждан Бакеев, сұлтан Жанбубеке Бегалин кеңсесінде Мухаметжан Апаков, сұлтан Балке Құдайбергенов хатшылығында Гамалетдин Комалитдинов, сұлтан Тоғым Шығаев қызметінде татар Асфиндияр Бакеев атты мұсылман көмекшілері жұмыс жасаған. Жәңгір ханның тұсындағы басқару жайлы талдамалық жұмыстар ханның көзі тірісінде де жазылып отырған. 1838 жылғы 30 қарашасында жазылған «Ішкі орда қазақтарын Жәңгір ханның басқару тәртібі жайлы қысқаша мәліметтер» атты талдау жазбада «Ішкі орда қырғыздары ханның тікелей жетекшілігімен оған өзіне берілген билігі шегінде және Мұхаммедтік заңмен, қырғыздардың кейбір ескі салттарымен реттеледі» деп ханның басқаруында ислам дінінің орны баяндалған [165].

Діндарлар корпусының басында ахун тұрды, бірақ ол мұсылман дінбасыларын қызметке тағайындау және босату ісінде ханға бағынды. Ордадағы діни ахуал жайлы жазба қалдырған Николай Троискийдің 1859 жылғы «Очерки Зауральской степи Внутренний или Букеевской Орды» атты Очеркінде «Дінбасылар Ордада ерекше құқыққа және ерекше құрметке ие емес. Жоғарғы діни тұлға билік бекіткен ахун саналады. Оған молдалар бағынады, олар қабілеттілігіне қарай сынақпен тағайындалады. Оларды ахунның мінездеме хатымен, хан тағайындайды және арнайы міндеттерді белгілейтін нұсқаулық береді. Нұсқаулыққа сай молдалар қырғыздарды сенім қағидаларына және дәстүріне, халықты Патша ағзамға, билікке адалдыққа және тәртіпке, мейірімділік пен адамгершілікке үйретеді және жас балаларды оқытуы тиіс» - деп айтылады [160, 8 б]. Бұдан байқайтынымыз, Жәңгір дін басыларын тағайындау ісінде жергілікті заңды пайдаланып, дін ісін де басқарған. Бұл тұжырымды патшалық Ресей кезіндегі зерттеуші Алексей Харузиннің «Киргизы Букеевской Орды» атты антропологиялық-этнологиялық очеркіндегі жазбасы қуаттай түседі. Аталмыш очеркте Бөкей ордасындағы діни ахуал мен мұсылман дін лауазымдарын тағайындау және олардың міндеттері жайлы мәліметтер қамтылған. Молдалық қызметке тағайындау жайлы А.Харузин «Молда ретінде тағайындалатын адам ахунның сынағынан өтіп, молдалық шенге лайық деп табылса, онда оған міндеттері қосылған «ашық бұйрық» берілетін. Жаңадан бекітілген мұндай «бұйрық» татар тілінде жазылды» деп келтіреді [166, 99 б]. Осы тұста Жәңгірдің азаматтық істер мен қоса дін істерін де тікелей өзі басқарғандығы және Жәңгір хан тұсында молдаларды тағайындау ісінде 1789 жылдан бері қазақ даласындағы мұсылмандық қатынастарды реттеуші құрылым Орынбор Мұхаммедтік діни жиынының (ОМДБ) Бөкей хандығында аса ықпалы болмағаны аңғарылады. Бірақ формалды түрде хандықтың ОМДБ құрамында болғаны анық. Орданың мұндай дін саласындағы тәуелсіз басқарылуына Жәңгір ханның беделі мен жеке дара билеуге деген ұмтылысы себеп болған. Хан тіпті сот ісінде де ең жоғарғы инстанция ретінде қабылданды. 1838 жылғы

«Ішкі орда қазақтарын Жәңгір ханның басқару тәртібі жайлы қысқаша мәліметтер» атты талдау жазбада «Қалған барлық істер, дін немесе азаматтық сот істеріне қатыстыларды да қарау және шешу ханға тиісті, тіпті өзге Ресейлік азаматтардың істері де» [165]. делініп, басқарушы Сенаттың 1837 жылдың 15 қаңтарындағы №2389 жарғысымен «Жәңгір хан Ордада сот және жазалау билігіне ие, тек қылмыстық істерден тыс» деп бекітілгендігіне сілтеме келтірілген [165].

Академик С.З.Зимановтың Жәңгірдің жергілікті билік ретінде өте ықпалды тұлға, сонымен қатар патша билігінің сенімді шенеунігі ретінде қызмет атқарғандығы туралы тұжырымдамасын алға тартсақ болады. Академик «30 жылдары Жәңгір хан тікелей патша мен патша сарайы тарапынан қошеметтеліп, Орынбор губернаторы мен ОШК-нің сеніміне ие болған кезде жағдай әжептеуір өзгерді. Ханға қамқорлық пен бақылау саясаты Бөкей хандығының ішкі ісіне және ханның қызметіне араласпау саясатына ауысты» деп тұжырымдайды және ордадағы Жәңгір ханның билігін ішкі мәселелерде еркін және ішкі істерде ру басыларының ықпалын азайтуға күш салды, ал сыртқы саясатта патша билігіне тәуелді деп бағалайды [167, 96–97 б]. Осы тұста Жәңгірдің басқару саласындағы еркіндік шегін, дін саласын реттеу бағытындағы көптеген өзгерістер мен батыл қадамдарға бағытталған қызметінен де анық байқауға болады. Бұл қадамдарға оның патша сарайымен жақсы қатынасы мен оның сеніміне ие болу арқылы жеткізген еркіндігі мүмкіндік берді.

Дін басыларын тағайындаумен қатар Жәңгір хан дін істерін реттеуді де өз құзыретінде қарастырды. Оған айғақ ретінде, ханның тағайындау барысында дін басыларының лауазымына кірісу туралы арнайы «жарлығы» мен оған қосымша ретінде ұсынылатын функциялық міндеттемелерін қамтитын нұсқаулықты келтіруге болады [166, 99 б]. Сонымен қатар патша әкімшілігі мен өзге де дін саласына қатысты құрылымдармен жазысқан хаттары ханның дін саласында өте белсенді әрі, оны реттеу мен үйлестіруде бастамашыл келбеті анықталады. Осы тұста Жәңгір Ордадағы дін басылардың нақты қандай қызметпен айналысқандығына тоқталуы – хандықтағы мұсылмандық басқарудың үйлестіру ерекшеліктерін ашуға оң әсер ететінін ескеру маңызды. Сол кездегі жазбалардың бірқатарында молдалардың міндеттері жайлы мәліметтер кезігеді. Мысалы, А.Харузиннің зерттеуінде ханның молданы тағайындау жайлы бұйрығына сілтеме келтіре отырып, мынадай тоғыз пункттен тұратын міндеттерін атап көрсетеді:

- «Мешіт пен училище соғу» мұндағы жазба сол ордадағы, мұсылмандық білім беру және құлшылық істері мен ғибадат үйлерінің құрылысын ұйымдастыруды білдіреді: «Жас балаларды сауаттылыққа үйрету, біздің дінімізге сай құлшылық жасауға қатаң талап қою және ораза ұстату. Жұма күні және өзге де мереке күндері құлшылық кезінде сіздің имам болуыңыз, ал құлшылық біткеннен кейін қарапайым қырғыздарға сізге менің қарауымдағы ахунның беретін ерекше үлгісіндегі уағыз айту».

- «Қарапайым қырғызға біздің дініміздің барлық қағидаттарын түсіндіру, жаңа туылған сәбилерге жақсы есімдер беру, жас балаларға сүннеті

(сүндетке отырғызу) орындау, айттырылғандарға неке қию, өлгендерді жерлеу, осыларды қажетті рәсімдерге сәйкес жүзеге асыру».

- «Ұлдарды үйлендіру немесе қыздарды тұрмысқа беру барысында қалым беру бар, ата-аналарын куәлердің көзінше бірін «бердім» өзгесін «алдым» деп айтуға мәжбүрлеу». Ислам шарифатына сай әрбір адам саудалық алыс-беріс барысында нақты сумманың көлемін айтып «мен саған мына затты мынанша теңгеге саттым», сатып алушы оны «қабыл еттім» деп айтуы шарт [168]. Жәңгірдің бұл шартты кіргізуі қазақтар арасындағы қалыңмал мәселесінің жиі дауға айналуына байланысты орын алған болуы мүмкін. Дәл осылай қалың малдың көлемін куәгерлердің көзінше нақтылап, кейін құдалар арасында қалыңмалдың көлемі мен оның берілуіне қатысты дауды болдырмауды көздеген.

- «Болашақ күйеуге неке қиылғанға дейін бұрынғы қырғыз салты бойынша қалыңдыққа баруға тыйым салу».

- «Жесірлерді әкесінің және шешесінің келісімінсіз ешкіммен некелестірмеу». Ханафи мазһабында «Бақара» сүресінің 232-аятындағы «Қашан әйелдерді талақ қылсаңдар, ғиддаты бітсе, өз ерімен ризаласып үйленуін тоспаңдар. (Немесе өзара ризаласқан біреумен үйленуін тоспаңдар)» [18] деген аятына және Мұхаммед пайғамбардың хадисіндегі «Тұрмыс құрмаған әйелдің өзіне деген құқығы қамқоршысына қарағанда көбірек» деген екі мәтінге сүйенеді [169, 73 б]. Осы тұста ханафи мазһабында әке-шешенің рұқсатынсыз тұрмысқа шығуға рұқсат еткенін және ол Жәңгірдің бұл жарлығындағы үкіммен сай келмейтіні байқалады. Алайда мұндай қайшылықты шарифатқа қарсы тиым дегеннен гөрі дәстүр мен діннің үндестігі ретінде қабылдаған жөн. Өйткені қазақ халқының мәдениетінде ата-анаға құрмет көрсету мен оның ақ батасын алуға аса мән береді. Ата-ананың разылығын алып, неке қидырудың маңызыны қазақтың дәстүрі мен ислам дінінің үйлесімділігі деп қабылдауға болады.

- «Марқұмдардан қалған мүліктерді заң бойынша бөлу».

- «Бай қырғыздарды зекет төлеуге үйрету».

- «Қарапайым қырғыздарды зорлық жасамауға, Мәртебелі Патша және өз басшылығына әрқашан адал болуға және құрметтеуге тәрбиелеу».

- «Қырғыздардың ұрлықпен айналыспауын бақылау» [166, 99 б]. Бөкей ордасында өсіп жетілген, кейін жоғары лауазымдық қызметтерді атқарған М.К.Бабажанов ханның қарамағында «указной молда» лауазымы мен шеніне ие болды. Ол балаларды оқытуға, неке қию және өлген адамды жерлеу рәсімдерін өткізуге, сонымен қатар жаңа туылған қырғыздарға ат қоюға жауапты. Бұл мағұлмат А.Харузиннің келтірген пункттерін біршама қуаттай түседі [170, 85 б]. Ханның мұсылман дін қызметкерін тағайындау жөніндегі бұйрығында қамтылған міндеттерінде молданың қызметінде келесідей бағыттар кіреді: құлшылық рәсімдерін өткізу және ұйымдастыру, жас балаларды ислам шарифатына үйрету, қазақтар арасында ислам дінінің құндылықтарын уағыздау, діни рәсімдер арасында жерлеу және неке қиюға қатысты қатаң шарифат талаптарын сақтау, экономикалық қатынастарда исламның құқықтық қызметін күшейту, шарифат пен қазақтар арасындағы

кейбір ескі дәстүрдің қарама-қайшылығын болдырмау, патшалық Ресей әкімшілігіне қазақтарды адал болуға заңға бағынуға шақыру және көшпелілер арасында жиі дау тудыратын барымта сынды қылмыстарды діни негізде тыю.

Мұсылман дінбасыларының қызметін үйлестіру барысында қойылған талаптардың бірі – діни рәсімдерді жүргізу. Жалпы, қай қоғамда болмасын діни рәсімдердің жүргізілуі арнайы рухани тұлғаның қатысуымен өткізілетіні белгілі. Жоғарыдағы зерттеушілердің жазбаларында орда аумағында мұсылман дінбасыларының саны Жәңгір билігі тұсына дейін аз болғандығы дәйектелген еді. Сондықтан, қазақ қоғамында да осы қызмет түрінің даму қажеттілігі анық сезілген. Жәңгірдің дін мамандарын көбейтуге күш салуына себеп бұл жағдайдың да әсер ету ықтималдығы бар. М.К.Бабажанов «отызыншы жылдарға дейін молдалар өте аз болған. Әлдеқандай қырғыз қайтыс болып, Мұхаммед заңы бойынша қажетті жерлеу рәсімін өткізу керек болған жағдайда, молда табу үшін марқұмның туысы 50, 100 және 150 верст жүріп өтетін» [170, 80 б]. Дін мамандарының жетіспеушілігі Жәңгір билігінің алғашқы жартысында сезілген сияқты. М.К.Бабажанов «Маған бір қырғыз он екі жасында молдадан аздап сауат ашып, ажырап қалғандығын айтты. Бірде оның туыстарынан бір қырғыз қайтыс болды. Марқұмның туыстары бұл баланың молдадан аздап сауат ашқанын білгендіктен оны жаназа намазын оқуға мәжбүрлеген. Алайда бала мұны дұрыс орындай алмайды және рәсімді сол қолмен өткізеді, ал оны тексеретін ешкім болмаған» [170, 80 б].

Діни рәсімдерді іске асыру барысында халық арасында кейбір шарифатқа қайшы әдеттерді тоқтатуға мән берген. Оған болашақ күйеумен некеге дейін қалыңдықпен кездесуіне тыйым салуды арнайы бұйрықта көрсетуі мысал бола алады. Бұйрықтағы адам есімін қою рәсіміне қатысты М.С.Бабажанов «сіздерге көп жағдайда қырғыздардың есімдері аудармада ыңғайсыз мағыналарды білдіретіндігін айта кеткен жөн» [170, 85 б] деп ханның бала есімін қоюға арнайы тоқталу себебін түсіндіре кетеді. Жәңгірдің сәби есіміне ерекше көңіл бөлуіне мұсылмандық дәстүрдің бастауы саналатын Мұхаммед пайғамбардың хадисімен байланыстыруға әбден болады. Хадисте Пайғамбар: «Қияметте өз және әкелеріңнің есімдерімен шақырыласыңдар. Сондықтан жақсы ат қойыңдар», – өз соңынан еруші үмбетіне жақсы есім қоюды өсиет еткен [171]. Сонымен қатар ислам шарифатына сәйкес адам аты тағдырына әсер етеді деген сенім бар. Әрине, діндар адам үшін хадистің орны ерекше, Пайғамбардың сөзі қасиетті саналары сөзсіз. Өз кезегінде бұл Жәңгір мұсылмандықты ұстанушы дін өкілі ретінде өз сенімі аясында қазақтарды исламдық қағидаттарға баулуға күш салды деп айтуға тағы бір негіз бола алады.

Молдалардың тағы бір міндетті – қызметі ретінде қазақтар арасында діни қағидаттар мен ғибадат шарттарын түсіндіруге бағытталды. Алайда мұның іске асуы хан тарапынан бақылауда болған. А. Харузин жазбасында «Молдалар қырғыздар арасында мұсылмандықты орнықтыруға бар күшін салды және бұл олардың қолынан келді. Оның үстіне оларды ханның өзі қолдап отырды» десе, артынан халықты ислам құлшылықтарын орындауға уағыздаумен қатар мәжбүрлеп мешітке апарған сәттердің де орын алғандығын

келтіреді [166, 100 б]. Жазбада зерттеуші сілтеме келтіре отырып, «Мейер оның (Жәңгір) ставкасында құрылған жәрмеңкеге қырғыздар топталып жиналып қалған кезде кенеттен ханның күзетшілерінен атты қазақтар және ноғайлар шыға келіп, елді мешітке қуалай жөнелетін деп жазады» [166, 98 б]. Яғни, бұйрықта қамтылған «дінімізге сай құлшылық жасауға мәжбүрлеу» бөлімі іс жүзінде орындалғандығы анықталып отыр. Дегенмен бұл жерде намаздың түрі жазылмаған. Жамағат намазы ислам діні бойынша парыз санатына кірмейді. Бірақ мұсылмандар үшін жұма намазына қатысу міндетті саналады. Құранның «Жұма» сүресінің 9-аятында: «Әй, мүміндер! Жұма күні намаз үшін азан айтылған кезде, дереу Алланы еске алуға (намазға) ұмтылыңдар; және сауданы қойыңдар, егер білген болсаңдар, сендер үшін жақсы» делініп, жұмаға қатысуды міндеттейді [18]. Осы жерден Құран аяты мен жәрмеңкедегі адамдардың намазға баруы арасында ұқсастық байқалады. Құранда сауданы қойып, жұма намазына келіңдер десе, Жәңгір хан жәрмеңкедегі адамдарды мешітке әкелген. Дәл осы тұста Жәңгір хан жұма күні намазға мәжбүрлеп әкелген болуы мүмкін екені байқалады.

Патшалық Ресей тұсындағы өзге қазақ өлкелеріне қарағанда Бөкей ордасына діни сарын беретін ерекшелік – зекет жүйесінің жолға қойылуы болды. Зекет жүйесінің қалыптасуына молдалардың да үлесі тиді. Оны бұйрықта көрсетілген «Бай қырғыздарды зекет төлеуге үйрету» бөлімінде анық байқатады. Жәңгір Орда аумағында бірнеше атаудағы салықтарды енгізді. Оның арасында зекеттің ислам сеніміндегі бес парыздың бірі ретінде саналатынын ескерсек, қаржылық қатынастарда ислам ұстанымдарына сай өріс алуына бет бұрғандығы анық көрінеді. Осы тұста хан не себепті молдаларға жоғарыдағы міндеттермен қоса зекетті де түсіндіруді міндеттеді? Біріншіден, бұйрықта «бай қырғыздарды» деген сөз арқылы хан ордадағы әлеуметтік жағдайы жоғары топтар арасындағы зекет туралы түсінікті қамтуға тырысты және ислам шариғаты бойынша зекет материалдық жағдайы жоғары мұсылмандарға міндеттеледі. Екіншіден, бай топтар арасында ханның негізгі тірегі саналатын ру басылары мен сұлтандар, басқа да ақсүйектер кіреді. Ал оларды қандай да бір негізде, тіпті, дін ісінде де мәжбүрлеу хан билігі үшін аса тиімді емес. Әрине, біз Жәңгірдің зекет жүйесін енгізуі одан алдын зекет беру ісі болмағанын білдірмейді. Жәңгір тек осы зекетті жүйелі түрде мемлекетке төлейтін салық ретінде енгізді. Жәңгір хан зекеттен бөлек «соғым» деп аталатын салықты енгізді. Салық төлеуді қатаң талап ететін болған. Нәтижесінде, халық салықтың әртүрлі жолмен көптеп алынуына қарсылық танытты. Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының да көтеріліс жасауына салық жүйесіне деген наразылық жатты. Зерттеуші Р.Ишмухамбетов А.Ф.Рязанов пен С.З.Зимановқа сілтеме келтіріп, «Исатай Таймановтың (А.Ф.Рязанов, С.З.Зиманов) көтерілісінің себептерін зерттеген авторлар, негізгілердің қатарында бұл соғым мен зекет салықтарының үлкен мөлшері және Қарауылқожа Бабаджанов жасаған озбырлық және адамдардың наразылығын төлеңгүттер тудырған» деп айтады [172, 40 б].

Жәңгірдің діни келбетіне тоқталған тұста оның батысшыл бастамаларын бірге айта кету жөн. Жәңгір тек дін ісін ғана дамытумен шектелмей батыстық

үлгідегі қала салып, жүйе мен өзге де салаларда жаңашылдық енгізді. Хан ставкасында жылына екі рет көктемде 15-сәуір мен 15-мамыр аралығында, ал, күзде 15-қыркүйек пен 15-қазан аралығында жәрмеңке ұйымдастырылды [173, 25 б]. Сонымен қатар ордада пошта бекеттері мен медициналық пункттерді ашты. 1838 жылы дәріхана тұрғызды [174 б]. Ең алғаш шешекке қарсы маман дайындау үшін Жәңгір 1825 жылы Сырлыбай Жәнібековті Орынбор әскери госпиталі жанындағы фельдшерлік мектепке оқуға жібереді. Оқуын аяқтаған соң ол шешекке қарсы екпені орда тұрғындарына егеді [175]. Өз кезегінде Жәңгір мұндай батысшыл идеялары арқылы дін мен модернизацияны қатар жандандыруға болатынын іспен дәлелдеді. Ханның осындай жаңашылдық идеялары кейін Исмаил Гаспринский секілді «джадитшіл» тұжырымдарында көрініс тапты. Ал көреген хан кейінгі джадитшілдердің дін мен ғылым немесе ислам мен батыстық технологиялық жетістіктерді үйлестіру идеяларын алдын-ала дәйектеген әрі іс жүзінде қолданған реформатор.

Бөкей хандығы құрылған кезден бастап орданың ішкі сыртқы, оның ішінде дін істері де патшалық Ресей әкімшілігімен тығыз қарым-қатынас арқылы реттеліп отырды. Орданың құрылған алғашқы жылдары дін істерінің, оның ішінде мұсылмандық басқару ісі де патша әкімшілігінің тікелей қатынасымен іске асқандығы анық болды. Оның ең алғашқы көріністері Бөкей сұлтанның хаттарындағы татар молдаларының қазақ даласындағы қызметі жайлы жазған хаттары мен сұлтанның молдалыққа тағайындауға указ шығаруды сұратуы айғақтауда. Жәңгір дін саласын реттеуде едәуір еркіндікке қол жеткізді. Алайда патша билігі мен Жәңгір кабинетінің арасы бұрынғыдан гөрі жақындай түсті. Нәтижесінде, Жәңгір хан ішкі шаруада діни және азаматтық басқаруда біршама өзінің билігін нығайта алды. Дін саласында бұл мұсылмандық басқарудың орталығы ретінде ордада Жәңгірді бірінші тұлғаға айналдырды. Ресми тұрғыда Жәңгір хан тұсында мұсылмандық басқару жүйесінің ең жоғарғы инстанциясы ахун, содан кейін бағынышты молдалар тұрды. Бірақ ахунның өзі ханның бекітуімен тағайындалды. Молдалардың тағайындалу үрдісін де бақылап, тағайындалу бұйрығын өзі шығарды. Жәңгір діни адамдарды да өз жарлығымен бекіте алуы – Бөкей билігі мен Жәңгірдің кезіндегі ең үлкен өзгерістің бірі ретінде танылған құзыреттілік. Өз кезегінде бұл дін ісінде Орданы орталық патша әкімшілігінен едәуір тәуелсіз етті. XVIII ғасырдағы зерттеушілердің еңбектері мен жазбаларында Орда аумағында алғашқы кездерде мұсылман дін қызметкерлері жетіспеді. Жәңгір билігі тұсында, 1830 жылдардан бастап дін қызметкерлерінің саны арта бастаған. Жәңгір молда немесе ахунды тағайындау жайлы бұйрықтарында қамтылған келесі мәліметтер оның басты себептерін анықтайды: Жәңгірдің патша сарайымен жақсы қарым-қатынасы; оның ислам дініне деген жеке құрметі; ислам дінінің ордадағы саяси ықпалын арттыруы; қазақтар арасындағы мұсылмандық дәстүрді дамытуы, патша билігіне адалдықты дін арқылы негіздеуі.

### **3.2. Бөкей хандығындағы дін қайраткерлері және ағарту ісі**

Бөкей ордасы басқару жүйесі мен шарифатты бірге жаңғыртқан заманауи хандық. Жәңгір ханның дінге ерекше ықыласы мен назар салуы ордадағы діни және зайырлы ағартушылық жұмыстары мен білім беру саласына да әсер етті. Әсіресе, ағартушылық ісінде мұсылман дін қызметкерлерінің орны ерекше екендігі сол кездің өзінде баға беріліп, оңды жақтары мен кері тұстары сараланған болатын. Орда аумағындағы діндарлар корпусының қазақ дәстүрі мен білім беру саласына ықпалы, дін мен діни тұлғалардың ағартушылық пен мәдениет бағытындағы әсері әлі де зерттеуді қажет етеді. Бөкей ордасында Жәңгір Бөкейұлы қазақ хандарының ішінде Ресей патшалығына адалдығы мен еуропалық мәдениетке жақындығы арқылы ерекшеленген хан [176, 17 б]. Орыс тілінде білім алып, патшалықтың сәтті дайындалған кадры ретінде Жәңгір қазақ даласын отарлауда белсенді көшбасшы болуы тиіс саналды. Әрине, Жәңгірдің бұл бағыттағы жұмысына қатысты пікір қайшылықтары көп. Алайда ханның ислам құндылықтарын қазақ қоғамына сіңіруге көп күш жұмсағандығын байқау қиын емес. Сондықтан Жәңгірдің Бөкей ордасындағы ислам дінін дамытуға деген еңбегін ешкім де жоққа шығара алмайды. Хан Жәңгір қазақтардың арасында ислам дінін жай ғана уағыз-насихат пен құлшылық рәсімдерін үйрету арқылы ғана дамытумен шектелмеді. Хан бұл істі кешенді түрде іске асырған. Оның қатарында уағыз-насихатты күшейту, діни рәсімдерді шарифат бойынша орындауын қадағалау және діни білім беруді қолға алу, дін мамандарын тарту мен діни ғимараттарды салу жатады.

Жәңгір хан халыққа діни білімді беру арқылы жалпы сауаттылықты арттырауды көздегендігін байқауға болады. Өйткені, ол кездегі еуропалық үлгідегі ағарту баршаға бірдей қол жетімді болмаған. Тіпті, сұлтандардың өзі балаларына оқу үшін жағдай жасай алмады. Сондықтан, мұсылмандық білім алған адам хат тану мен кеңсе жұмыстарын атқаруға және рухани істер мен шығыс білімін игеруге мүмкіндік алды. Ален Франктің пікірі бойынша «Қазақтар балаларын мұсылмандық үлгіде оқытуды дұрыс көрді, өйткені, исламдық білім алу пайдалы. Жас балалар оқуын аяқтағаннан кейін Құран мен татарша діни кітаптарды оқи алды. Сонымен қатар татарлармен олардың тілінде байланыс жасауға тырысты. Өйткені, олар қазақтармен сауда қатынасын жасайтын негізгі топ саналды» [177, 58 б].

Жәңгірдің қазақ халқына соншалықты мұсылмандықты сіңіруге тырсуының тағы бір қыры бар. Патшалықтың күш-қуаты мен айла тәсілін өзге қазақ ақсүйектеріне қарағанда жақсы түсінетін Жәңгір отарлық саясатқа тікелей қарсы тұрудың кішкентай хандық үшін ауыр тиетінін түсінген. Ал ислам діні болса, осы отаршылық үрдісін тежейтін және қазақтардың орыстанып және шоқынып кетуінің алдын алатын мәдени қорғаныс қабаты ету. Яғни, қазақ халқы патшалықтың басқару жүйесіне енгенімен діннің дезинтеграциялық функциясы үлкен елдің бір бөлшегі ретінде толық сіңісуге мүмкіндік бермейді деген қисын. Тұжырымды қуаттай түсу үшін зерттеуші И.С.Аяған және әріптестері «I Николай патшаның орыс шіркеуін қолдаған саясаты хан Жәңгір басқару саясатына қарсы еді. Егер Ресей патшасының стратегиялық жоспарлары іске асқан кезде қазақтардың көп бөлігі орыстанған болар еді. Жәңгірдің саясатының арқасында ұлттық білім беруді іске асырып,



исламдық ілім мен мәдениетті тарата алды және ұлттық ерешеліктер мен рухты сақтай алды» деген зерттеу қорытындысын келтіруге болады [178, 32 б].

Ханның билігі қазақтардың көтерілісі кезінде тарылды. Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының бас көтеруі мен патша әкімшілігінің бұл іске араласуы ханның абыройын отаршыл билік алдында төмендетті. Сол себепті ханның сот құзіреті алынып, патша әкімшілігінің қарамағына берілді. Яғни, ханның басқарып отырған аумағындағы патша билігіне қарсы оқиғалардың барлығы хан билігіне кері әсер еткен. Ал хан қаншалықты өзін адал қызметкер ретінде танытса сол құрлым патша билігінің алдында сөзі өтімді болды. Сондықтан хан патшалықтың саясатын жүргізуде белсенді болды. Сонымен қатар ислам дінін де дамытуға күш салды. Бір жағынан адал қызметші болса, екінші жағынан бар мүмкіндікпен діни ағарту жұмыстарын жүргізді. Өз кезегінде, бұл әдіс ханның мұсылмандандыру бағытының тоқтаусыз жүргізуіне жағдай жасады. Яғни, патша әкімшілігі тарапынан қысымға түспеуіне жол ашты. Ислам дініндегі аумақтардың санаттарында мұндай елді дарус-сулх жүйесі ретінде қарастырылады. Дарус-сулх «келісім аумағы» деген мағынаны білдіреді. Мұсылман емес үкіметпен бітім жасасқан, мұсылмандар мен олардың сенімдерінің сол аумақта қорғалуына келіскен исламдық емес территория. Дәл Жәңгір ханның тұсында Бөкей ордасы осы шарттарды өз бойына қамтыды. Хандықта ислам діні дамыды және мұсылмандардың діни сенімі қорғалды.[179]

Ханның діни ағарту ісінде молдалар маңызды рөл атқарды. Бөкей мен Жәңгір ханға бірдей қызмет атқарған Жабир Хамадов есімді ахун – орданың ағарту ісі мен ханның діни саясатын ұйымдастыруда үлесі көп дін қызметкері. Дәл Ж. Хамадовтың ордадағы қызметі кезінде Еділге жақын аумақтағы қалаларға шәкірттердің діни білім алуы жолға қойылды. Ж. Хамадов Бөкейдің қасында имам қызметіне келіп, кейін Жәңгір ханның қасында 26 жыл ахундық лауазымын атқарды. Алғашында молда болып, Бөкейдің балаларын мұсылманша білімге үйретеді. Кейін келе, Орданың дін ісінің тізгінін өз қолына алады. Жәңгір хан зиратында ахунға аналған құлпытаста «Ішкі ордалық қазақ халқының ханы Жиһангер Бөкей хан ұлы құзырында ахун, қазі, қажы харрамаин, тархан Жабир Хамад ұлы Рахматлы Бөкей ханға 1811 жылда имам болып, 1826 жыл ахун болды, 26 (жыл) ахундық дәуренді сүріп фаниден бақиға сапар қылды. 93 жасында 1875-ші жылда 16 саратанда бұл тасты жазып қойды, ықыласына Қазан саудагері Насиболла Нығметолла ұлы» деген жазулар берілген [180]. Ж. Хамадов ордадағы қызметі үшін 1815 жылдың 10 мамырында Бөкейдің, ал 1821 жылдың 1 қазанында Хан орнына уақытша басқарушы болған Шығай Нұралыұлының марапатын алды. 1840 жылғы 9 қазанындағы Орынбор әскери губернаторы Перовскийге ОШК жолдаған хатта Бөкей ордасындағы марапатталатын шенеуліктердің тізімі жазылған. Аталмыш хатта Ж. Хамадовты «ордада 1824 жылы қазы ретінде орналасып, 25 жылдан бері діни лауазымда тұрып келе жатқан шенеулік» ретінде «қазақтардың мінезін басшылыққа бағынуға және Ресей (патшалық) билігіне адалдығын арттыруға» үлесі үшін марапаттауға ұсыныс қамтылған [135, 384

б]. Орданың дін қызметкерлері ислам дінінің дамуына күш салғанымен бұл бағытта әлі толық деректер аз. Сондықтан, ордалықтардың баспа беттеріне жариялаған материалдары осы кемшіліктің орнын толтыруға көмек береді. Мысалы, орданың дін қызметкерлерінің қазақ қоғамындағы сауаттылық ісіне әсері жайлы мәліметтерді Салық Бабажановтың мақалаларынан кездестіреміз. С. Бабажановтың 1861 жылы 5 қаңтарда «Северная пчела» атты басылымда жарық көрген мақаласында қазақтардың сауатты болуға деген ұмтылысының себептері келтіріліп, оның арасында молдалардың осы бағыттағы оң ықпалы талданған. Мақалаға сай сауаттылыққа қызығушылық мынадай себептерге байланысты туындаған:

- сауатты адамдардың жоғарғы лауазымға тағайындалатыныдығына қызыққан. Мақалада «Халық біртіндеп хан айналасында, ру басшыларының төңірегінде сый-сияпатқа ие болып, өзге де басшылармен қойын-колтықтасып араласып жүрген оқымысты-сауатты адамдардың бар екендігін көріп білді. Бұлармен қатар қазақтар арасында өзгеше білімді татар молдалары пайда бола бастады» деп келтіреді [159, 16 б];

- биліктің қандай да бір істі бекітуі құжат арқылы мойындалып, ауызекі сөздің тек жалаң сөз ретінде қабылдана бастауы елдің назарын бюрократияға аударды. Мысалы, қызметке тағайындау, босату, марапат беру барлығы құжат арқылы рәсімделген. Жазбада «Жалпы бастықтардың, қандай да болмасын тапсырмалары, сыйлық беру немесе ақтау, аяу жарлықтары халық арасына хат арқылы тараған. Сол себептен, хат пен қағаз мәселесі халық арасында үлкен әңгіме мен ынта, талап тудырды. Барлығы да, тіпті мәртебелі хан да, жазудың қасиеттеріне бас иемей тұра алмады. Осының өзі-ақ қазақтарға жазудың, сауаттылықтың құдіретін мойындатты» [159, 16 б].

- хат танитын дін адамдарының ел арасында да билік тарапынан да жоғары бағаланып, құрметке ие болуы сауаттылықтың маңыздылығын елге тағы бір дәлелдеп берді. «Молдалар да құрметке ие болды, оларды барлық жерде де қонақ етіп, сый-сияпат көрсетіп, айтқандарына мүлтіксіз бас шұлғыды. Жазу-сызуды білетін молдаларға қарап, оқымыстылық пен сауаттылықтың қоғамда адамға құрмет алып келетінін түсініп, тіпті қысылтаяң кездерде бастықтардан соңғы ырыс иесі сияқты, жақсы ас-дәмдерімен тойғызатындықтарын байқап, оқығандықтың пайдалы жақтарын ұқты» [159, 16 б].

Жоғарыда, келтірген себептердің арасында дін адамдарының ордадағы өмірі мен мәртебесінің қазақтар арасында діни өмір мен дін мамандығына ерекше ықылас қоюға әсер етекендігі байқалады. Өз кезегінде бұл ел арасында діндарлықтың өсуі мен исламның таралуына және сауатты адамдардың көбеюіне жол ашты.

Діни сауаттылықты арттыру жұмыстары төрт түрлі жолмен орындалған: мешітте немесе өзге орындарда уағыздау; неке қию, балаға ат қою; жаназа секілді діни рәсімдерді орындау кезінде шарифат талаптарын түсіндіру; сабақтарды ұйымдастыру мен оған қатысу барысында үйге молда шақырып оқыту немесе топтық сабақтарға қатысу арқылы.

Үйге молда ұстап оқыту біршама қаржыны талап ететін болғандықтан оған екінің бірінің қолы жете бермейтін. Сондықтан, ынта қойып, дін ілімін үйренгісі келгендер үшін молданың алдына өздері барып оқуы тиімдірек болды. М.Бабажанов: «Оқымыстылықтың пайдасы мен қуатының түсінікті болғандығы сондай, олар өздері үшін молда шақырып, үйде бала оқытатын мұғалім етіп ұстады. Әрине, үйде молда ұстауға ауқатты байлардың мүмкіндігі болды. Ал орташа және кедей адамдар өз балаларын сол молдаларға апарып келісіммен оқытып жүрді» – деп мәлімдейді [159, 17 б].

Халық арасында «Ұлыңды не молданың қолына бер, не халықтың қолына бер» деп айтылатын тіркес кең таралған. С. Бабажанов бұл мәтел қазақтардың білімге деген ынтасының жоғары болғандығын, әсіресе, дін іліміне құрметпен қарайтындығын және білім алудың екі жолы кеңінен танымал болғандығын білдіреді теп түйіндейді.

Дегенмен діни және зайырлы білім алу барысында бірқатар кедергілер орын алған. С. Бабажанов оның бірнеше себептерін келтіреді:

- молдалардың тапшы болуы «Бірақ осындай ұлағатты өсиет сөздерге карамастан, біздер көп уақытқа дейін қасірет тарттық, керек десең мұсылманның міндеті болып саналатын бес уақыт намаз оқытуға үйрететін молда-мұғалімдер таппай келдік» деп сауатты дін мамандарының тапшылығының қолбайлау болғандығын келтірілген [159, 17 б].

- көшпелі тұрмыс пен күнделікті мал шаруашылығының көп уақыт пен қажыр-қайратты талап ететін қиыншылықтары балалардың сабаққа арнайы уақытын бөлуіне мүмкіндік бермеген. С. Бабажанов «екіншіден, бұзау, қозы, лақ бағу уақытын алды» деп келтіреді.

- қазақтарға ыңғайлы нақты оқу құралдары мен бағдарламаларының болмауы, сонымен қатар әліпбидің әртүрлілігі мен өзге мұсылман елдерінің әліпбиімен ұқсастығы да қиындық туындатты деп тұжырымдайды. «Татар тілінде оқытатын іске татырлық, білімдірек басшылықтың болмауынан және қазақ, татар, парсы, араб халықтарының әріптері мен жазылуы ұқсас себепті балалар бес, одан да көп жылдар бойы таяқша санауды ғана үйрене алды және кітапты жүргізіп оқи білетін халге жете алмады» [159, 18 б]. Жалпы, автордың бұл пікірі бір жағынан қисынға келеді, өйткені, араб әліпбиімен арапшаны да, татаршаны да және парсышаны да оқу біршама қиындық туындатады. Өйткені, әрбір халық ондағы әріптерді өздерінің тілдік ерекшеліктеріне қарап оқитын болған. Қазақ даласынағы молдалардың көбісі татар болғанын ескерсек, сабақтарда хаттар татар тіліне бұрыла қаратып жазылытыны және дыбысталатыны анық. Сондықтан тілі қанша жақын болса да қазақ баласына татарша диалектідегі түркі тілін, араб қарпімен жазып оқуы керек болды. Өз кезегінде бұл шәкірттерге көбірек еңбектенуді талап етеді.

- білім алу ісі қиын әрі қолжетімсіз дүние ретінде қабылданып, ынталанушылардың ұнжырғасын түсірген. С.Бабажанов «Ғылымның қиындығы қазірдің өзінде де, сол кезде де инемен құдық қазудың қиындығындай. Ғылымға деген мұндай көзқарас, көптеген адамның ойынша, жеңдірмейтін, алынбайтын қамал сияқты күйінде қалды, оқуға ынтаны

шектеді, сол себептен де болмашы талпынысты эп дегеннен жойып тастап отырды» [159, 18 б].

- халық арасында молдалардың қатал бейнесінің қалыптасуы елдің діни білімге деген ынтасына кері әсер еткен. «Молдалардың оқушыларымен қарым-қатынастарының өрескел қатаң, тым қасаң болуын қоссақ, ордадағы білім мен оқыту ісінің өте баяу жүргенін байқаймыз. Молдалар балалардың көзіне әзірейілдей елестейтін. Балалар жылағанда немесе тентек болғанда, оларды қорқыту үшін: «Молда келе жатыр немесе молдаға айтамын»,— деп әкесі мен шешесі де зәрелерін алатын. Молданың қатыгездігін әлі арқасымен сезбеген балалар да осы сөзден қорқатын еді. Мүмкін, ата-аналарының нық, қорқынышты етіп айтуы, дауыс ырғақтарымен де оларға әсер ететін шығар» [159, 19 б].

Діни білім алу ісі мен қазақтардың діни сауатының артуына Жәңгір ханның қосқан үлесі зор. С.Бабажанов: «Тек соңғы уақыттарда, Жәңгір Бөкеевті хан етіп тағайындағаннан кейін ғана, біздің оқуымыз айтарлықтай кең түрде және жылдамырақ алға басты. Осы жанның арқасында, оның камқорлық көрсетуімен және басқа да қажеттіліктердің нәтижесінде Орда ішінде сауатты адамдар шыға бастады. Қаза болып кеткен хан оқушыларды және оқытатындарды сыйлауда ақшасын да, күш-қуатын да, оқудың пайдалы екендігіне ордалықтарды жүгіндіруде ештеме де аяп қалған жоқ» [159, 20 б]. Осы мақсатта әр сұлтанға ауылдарын молдамен қамтамасыз етуін тапсырған. Жұбан молданың өмір тарихын зерттеген Қазбек Құттымұратұлы «DANAkaz тарихи журналына» 2016 жылы №3 санына сілтеме келтіре отырып «Әр ауылға бір мектеп ашып, әрбір 170 үйге бір молдадан ұстау ру басшы сұлтандарға міндеттелді» деп пікір білдіреді [181, 5 б].

Жәңгір хан мұсылмандық және зайырлы білімді оқытатын мекетепті өз ордасынан ашты. Алғашқы зайырлы оқу орны 1841 жылы пайдалануға берілді [182, 1010 б]. Мектепте Мұхаммет пайғамбардың хадистері мен орыс тіліндегі сабақ өтетін 60 балаға арналған орын болған. Мектептің қаржысы хандықтың қазынасынан бөлініп, ерекше назарда ұсталған. XIX ғасырдың екінші ширегінде Бөкей ордасында 38 мұсылманша оқу орындары жұмыс істеп, 400 шәкірт оқыды. Олардың қатарында 350 қазақ және 50 татар оқушылары болды [183]. 1841 жылы ашылған «училищенің меңгерушісі әрі оқытушысы етіп К.П. Ольдекопты, діни білім мен шығыс тілдері сабақтары бойынша оқытушылыққа молда Хаким Мұхаммед Әминов тағайындалады» [181, 5 б]. Зерттеуші Г. Избасарова «Орыс білімін алған хан Жәңгір Бөкеевті Астрахань азаматтық губернаторы тәрбиелеп өсірді, ол Ауыл шаруашылығын дамытуға, ветеринарияны дамытуға, емшілікке, жас ұрпақты тәрбиелеуге және жылқы мен түйе тұқымдарын жақсартуға көп көңіл бөлді» [184]. Жәңгірдің жек психологиялық портретін зерттеген З. Джандосова ханның білім және басқарушылық саласындағы жаңашылдығын былайша түсіндіреді: «Оның қазақ ортасындағы дәстүрлі көшпелі билеушісі және бір мезгілде орыс билеушісі ретіндегі ұстанымының екіұштылығы оның санасында «шығыс болмысы» мен «батыс болмысы» деген екі сіңісті тұлғаның қалыптасуына ықпал етті. Оның «шығыс тұлғасы» өз кезегінде сан алуан болды және

«көшпелі қазақ», «татар мұсылманы» және «моңғол Чингисид» тұлғаларын қамтыды» [185].

Діни біліммен айналысқан адамдардың есімі М. Жахатовтың «Құлпытастар сөйлейді» атты зерттеуінде келтіріледі. «Құлпытастар сөйлейді» кітабында мұрағат құжаттарымен қоса құлпытастардағы жазулар салыстырыла отырып «№3 құлпытас Есжан Есенгелдіұлының ескерткішіне: «байбақты руының 2-бөлім қырықтық тайпасы» деп жазғаны мен указной молда, дамолла, мұғалім, дәрісші, уағызшы, жамағат имамы Құрбанғали Есетұлы хазреттің метирке кітабындағы «2-бөлім» деген сәйкес келіп тұр» деген жазба ұсынылады. Яни, молданың бірнеше міндетінің ішінде діни білім беру ағартушылы міндетін айқындап кеткен [186, 72 б]. Сонымен қатар кітапта «масқар руынан Мустафа Есімұлы мен Халдеш Мәмбетұлы біздің осы кітабымыздың метірге бөлімін өз колдарымен жазған адамдар» делініп Жәңгір ханның тұсындағы діни-ағартушылықпен айналысқан тағы екі молданың атын айтып кетеді [186, 75 б].

Молдалардың дәріс беру тәртібі – күнделікті таңертең басталып, молдаға алдыңғы күні берілген тапсырманы айтады, сосын қайтадан тапсырма алады. Алайда орыс мектебін ордадан ашу барысы тез орындала қоймаған. Сондықтан, орыс мектебінен бұрын мұсылманша медреселер қолға алынған. Медресе 10 мен 70 бала арасында оқытатын дәрістерді үйді-үйде жүргізген [159, 22 б]. С.Бабажановтың дерегіне сай, 25 отбасыға бір молдадан бөлініп, Құран, хадис ілімі үйретілген. Жергілікті молдалардан сабақ алған түлектер көбіне Қазанға және өзге де үлкен қалаларға білімін жетілдіру үшін аттанған. Ең жиі баратын медресенің бірі Стерлимак уезінде орналасқан. Бұл пікірді Қ. Құттымұратұлы М. Бектеновтың сілтемелеріне сүйеніп «Жұбан молда Башқұртстанда Стерлитамақта Ахон Хазірет Қисметолламен қатар оқыған адам» деп айтады [181, 36 б]. Осы уезде «Ишан» атанған молдаға Жәңгір хан да баласын сабақ алуға жіберген. Алайда ханның Ескендір есімді бұл баласы оқуын аяқтамай көз жұмады. Жалпы ханның екі баласы білім жолында өмірден озған. Бірі – Зұлқарнайын, екіншісі – Ескендір. Ескендір дін ілімін, ал Зұлқарнайын орысша білім алуға Орынборға аттанып, оқуын аяқтай алмаған. Ишанның қолында 300 бен 700 арасында шәкірттер білім алған. Мұнда келген шәкірттер демеушінің не өз қаржысына тұрақтаған. Кейбірі зекет беруші мұсылмандардың қаржысына оқыған.

Бөкей ордасы келген дін адамдарының көптеп келуі қазақтардың сауда, тұтыну заттарын қолдану, қасиетті заттар жайлы түсініктің өзгеруіне алып келді. С.Бабажанов осы аталғандардың кейбірін қазақ қоғамы үшін оңды кейбірін теріс әсер етті деп бағалайды. Атап айтқанда, оңды әсеріне:

- Қазақтардың саудаға ықыласы артқан. «Жәңгір ханның кезінде ордада татарлардың саны біршама көп болды, жеткіншектерді татарша оқытты немесе саудаға үйретті. Шындығында, осы екеуінің де қазақтар үшін пайдалы жақтары көп болды: алдыңғысы арқылы сауаттылар саны өссе, екіншісі арқылы қазақтар да, татарлардың үлгісімен, тіпті олар өте аз ғана топ болса да, сауда кәсібімен шұғылдана бастады» [159, 22 б].

- Қазақ асханасына шай ішу дәстүрі енген. «Татарлар қазақ елінде тағы бір нәрсені қатты дамытты, онысы — шай тағамын ерекше көп қолдану. Қазір Орданың жарты халқынан көбі шай ішеді. Бұның өзі көптеген адамның қолына түсе бермейді».

- Жалпы, сауаттылық, әсіресе, діни сауатты арттыруға жұмылдырылды.

Ал кері әсері:

- Ислам шарифаты атымен материалдық игілікке жетуді көздеу. Соның бірі – қазақтардың арасында бойтұмарларды сатумен және оны түсіндірумен айналысу. «Уақытша келіп-кетуші және басшылардың рұқсатынсыз тұрып жатқан... еді, ондай кезбелер Ордалық тұрғындар арасында дұға жазылған қағаздарын таратып, ұзынша бір жапырақ қағазды кішкене қалтаға салып мойындарына асып жүруді де не оларды арқасына не төсіне қарай түсіріп асып қоюды түсіндіріп сатып жүрді» [159, 29 б]. С. Бабажанов мұндай қалташадағы жазулы қағаздарды қазақтар «бойтұмар» деп атағандығын және оның әрқайсысы бір тоқтыға сатылғандығын келтіреді. Ол қағаздары «Бұл да Батыс европалықтардағы индульгенция деп аталатын бойтұмардың бір түрі еді... молдалардың айтуынша, кімде-кім бұл жазуды өз бойында ұстап немесе өмірінде бір рет болса да оқып көрсе, ең болмағанда біреудің оқығанын естісе, өзі оқи алмайтындар сол дұға қонады екен» деп [159, 29 б], қазақтардың діни сауаттылығының төмендігін теріс пайдаланған. Мұндай қалталарды таратқан дін адамдар ресми бекітілмеген заңсыз жұмыс атқарған болып есептеледі.

Бұл Бөкей ордасының алғашқы құрылған кезеңдеріне діни ахуалдың төмен деңгейде болғандығын білдіреді. Дегенмен араға ширек ғасыр салып, діни ахуалдың жақсаруымен мұндай қауасеттер мен ислам қағидаттарына сай емес рәсімдерден тыйыла бастаған. Шарифат заңының кең етек жаюымен байланысты бұл жазулар өзінің алғашқы мәнін жоғалтты. Дегенмен осындай сенімге негіздеп, қымбат мата қалташаларды кейін қазақтар сәндік үшін таққан екен. Яғни, басында қасиетті зат ретінде сатылған бойтұмар кейін қасиеттілігінен айрылып сәндік затқа айналған. Бұл заттың қасиеттілігін төмендеткен халықтың діни білімнің артуы. «Сонда да қазіргі кезде Орданың алыс аймақтарында, кейбір жерлерде алтын, күміс жіптермен тігілген қалталарға салынып, арқаларына не төсіне салбыратып тағып жүрген қазақтың ұл қыздарын көруге болады. Бірақ оларды қазір сәндік үшін тағады... Бүгінде тұмарға әуестенушілерді көп таба алмайсың» [159, 30 б]. Тұмарды қойға сату және оны жөн-жосықсыз тағуға шақыру ислам шарифатында құпталмайды. Ислам шарифатында бойтұмар тағуды міндеттейтін немесе құлшылық қатарына қосатын мәтіндер жоқ. Керісінше, оны түрге бөліп, кейбіріне тиым салады және кейбір түрін таққан күннің өзінде оның белгілі шарттарын сақтауды талап етеді. Мысалы, араб тілінен өзге тілде жазылған тұмарды тағу макруһ саналады [187]. Макруһ ислам шарифатында құпталмайтын амалдар екенін ескерсек, тұмарлардың ішінде тиым салынғаны бар екенін аңғаруға болады. Шарифат шеңберінде араб тілінде Құран аяттары мен дұғалар жазылған тұмарды жас балаға тағу құпталады. Өйткені, үлкен адам өзі сол

дұғалар мен аяттарды жаттап, шайтанның азғыруы мен тіл-көзден сақтану үшін оқи алады. Ал жас балада мұндай қабілет болмағандықтан оған аяттар жазылған тұмарды тағуына болады. Тұмар тағушы Құран аяттарын өзімен бірге алып жүргендіктен оны дәретхана немесе өзге де лас жерлерге бірге алып кірмеуі тиіс [188].

Молдаларды ұстап отыру мен діни білім беру ісін ұйымдастыруда үлкен мәселелердің бірі – қаржы табу. Қаржы молдалар мен Жәңгір ханның тікелей аралысуы арқылы жиналған. 1842 жылдың 29 наурызында молда Утяудың Жәңгір ханға жазған хатында метрикалық кітапшаны енгізу мен зекет жинау және Ішкі Ордада мектеп салу үшін қайырымдылық жинақтарын енгізу туралы бұйрықтар шығаруға өтінім беру туралы хабарламасы қамтылған. Хатқа сәйкес, молда Жәңгір ханнан сұлтан, билер арқылы бай қазақтарға мәжбүрлі түрде зекет беруді орындатуды сұрайды [189].

Ордада зекет беру ісін алғаш жолға қойған Жәңгір хан. «...Жәңгір алғаш рет өзіне бағынышты қазақтарға өзінің пайдасына салық ойлап тауып, енгізіп үлгерді. Бұл халық дәстүріне жат болғандықтан өз әрекетіне дін атын жамылды. Қазақтардың Мұхаммед дінін ұстанатындығын пайдаланып, малдарды қырықтан бірін алды. Мұхаммедтің соңынан ергендердің «зекет» деп аталатын, әр жыл сайын кедейлерді қамтамасыз етуге... дін мамандарын, қайырымдылық және мешітті, оқу орындарын қолдауға жұмсалатын, міндетті түрде төлеу талап етілді» [189]. 1852 жылы Орынбор және Самар генерал-губернаторы В.А.Перовский мемлекеттік мүлік министрі П.Д.Киселевке Жәңгір ханның қызметіне қатысты теріс пікірді қамтитын хат жолдаған. В.А.Перовский қазақтардың зекет жайлы нақты түсінігі мен діни үкімдері жайлы толық қанық болмағандығы, алайда хан осы олқылыққа қарамай зекет жинауды ұйымдастырғандығын сынайды. 1834 жылы мен 1840 жылдың арасында зекет өнім мен мал басымен салынған. 1840 жылдан бастап ақшалай алыну қолға алына бастады. 1841 жылы зекеттің ақшалай жиналуы толық бекітіліп іс жүзінде қолданысқа енді. 1844 жылғы көрсеткіш бойынша зекеттен жиналған қаржы – 93185 рубльді құраған. «Не имам, не орданың жоғарғы (діни) жетекшісі болмаса да, ханның бұл жиналған қаржыны жұмсауға құқығы жоқ... Сондықтан қаржы мәселесінде хан өзінің зайырлы құқығын иелене отырып қызметін асыра пайдаланған» деп сынға алады [189].

А.Терещенконың 1853 жылдың 12 тамызында жарияланған «Следы Дешт-Кипчака и Внутренняя киргиз-кайсацкая орда» атты жазбасында Жәңгір ханның зекетті міндеттеуде сүйенген мәтіндерді келтіреді. «Зекеттің түп-тамыры Құран және хадис кітаптарында түсіндіріледі... Құранда айтылған: «Құлшылық қылыңдар және зекет беріңдер». Хадисте: «Өз атыңыздан зекет беріңіз», осы уәжге сүйеніп, Жәңгір Құранға еруші және қорғаушы ретінде өзінің зекетін түсіндірді» [190, 3 б]. Зекетті міндеттеу арқылы Жәңгір: «Бәрінен бұрын Ресейге ордада Мұхаммедтік сенімді тарату арқылы Жәңгір басқармасының зияны тиді. Осы уақытқа дейін көп қазақ діни сауатсыз еді. Жәңгір ордада болмағанда сұлтандар арасына исламдану төмендеп, діни сенімі жоқ қарапайым халық христиандықты қабылдауда қол жетімді болар еді» [189].

Шенеулік 1840 жылдан бергі жұмыс атқаратын 127 молданың бәрінің Ордадағы лауазымы Жәңгір хан арқылы тағайындалғандығын айтады. «Ол Орынбор өңірінің басқармасының рұқсатынсыз және Уфадағы Орынбор Мұхаммедтік діни бірлестігінің молдаларға міндетті түрде өткізетін емтиханынсыз өздігінше тағайындаған» деп ханның мұсылмандық басқарудағы құзыреттілігін заңсыз деп бағалайды [189].

Жәңгір хан дін мамандарына бірқатар жеңілдік жасаған еді. Соның бірі – молдалардың салықтың барлық түрінен босатылуы.

Ресей патшалығының тұсындағы зерттеушілер қазақтарды исламнан тыс сенімдерге сенеді деген жазбалар қалдырған. А.Терещенко: «Қазақтар исламизмге мойын бұрғанымен онда пұтқа табынушылықтың қалдықтары сақталып қалған. Олар мейірімді рух, құдай және шайтанның барына сенеді. Сонымен қатар Құранды қабылдамағандар дін бойынша азапталады деп ойлайды» [190, 4 б]. Сонымен қатар жазбада жұлдызға қарап жорамалдаушы «жұлдызшы», жануардың жауырынына қарап жорамалдайтын «жауырыншы» және «бақсының» қазақтар арасында бар екендігін айтып кетеді. Мұндағы А. Терещенконың бұл пікірі қазақтардың арасында исламдану үрдісі өтсе де, қазақтар арасында ескі наным-сенімдердің сақталғандығын дәйектеуге бағытталған. Дегенмен мұндағы кейбір ұғымдар, атап айтқанда «шайтан» және «худай» сөздерінің исламға жат саналмайды. Шайтан сөзі – Құранда бірнеше мәрте ескерілген термин. Оның бейнесі шын мәнінде жағымсыз, әрі адам баласы үшін қатерлі жаратылыс ретінде сипатталады. Құранда: «Өйткені шайтан адам баласына анық дұшпан» («Жүсіп» сүресі, 5 аят) [91, 236 б]. Ал «худай» сөзі қазақтар арасында әлі күнге дейін жоғарғы жаратушының мағынасында қолданылады. Орта Азиялық және башқұр көрнекті мұсылман өкілдері «құдай» сөзін өз еңбектерінде қолданған [191, 263 б].

Қазақтар арасындағы неке мен діннің қатынасы жайлы деректерде қазақтарда көп әйел алушылықтың болғандығы және неке қию рәсімдеріндегі молдалардың рөлі көрсетілген. А.Терещенконың жазбасында неке қию күні қалыңдық та, күйеу де бір-бірін некеге дейін көрместен, бөлек бөлмеде отыратындығы келтіріледі. Неке молданың қатысуымен қиылған. «Молдасыз да үйленуге болады, куәгердің көзінше: алдым, ал оған бердім деп жауап береді. Алдым дегеннен кейін күйеу некеден бас тарта алмайды. Бірақ ол қалыңдықты белгіленген қалың малды әкелмегенге дейін өзімен алып кете алмайды. Бұл жағдайда онымен (қалыңдық) кездесуге құқығы бар» [135, 865 б]. Дегенмен ислам діні бойынша некенің негізгі екі парызы: жігіттің ұсынысы, қыздың келісімі. Сондықтан, мұндағы қазақтардың «бердім» және «алдым» келісімі шарифаттың негізімен сәйкестігі байқалады. Яғни, арнайы рәсімсіз-ақ бұл келісім іске асса неке қиылған болып саналады.

Басылымдар мен ресми құжаттарда дін қызметкерлерінің ықпалын теріс бағалаушылық XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап назарға алына бастады. М.С.Бабажанов «... ислам хадистерін уағыздай отырып, қазақтарға өздерінің наным-сенімдерін таңды...» деп патшалық аумағында дайындалған дін мамандарының кейбірінің қазақтар арасында ислам дінін түсіндіру барысында шарифатты заман ағымына сай түсіндірудің кем болғандығын



айтады. М. С. Бабажанов бірде Ресей патшалығының бір азаматымен күннің күркіреуі мен найзағайдың пайда болуына қатысты мәселеде пікір таластырып қалады. М.С.Бабажанов: «Мен күннің күркірегені мен найзағай ойнағанда кайдағы бір электрдің күшімен пайда болады деп айтып, қазіргі өмір сүріп тұрған дін нанымына қарсы шығып жүрген сияқтымын, оның айтуынша, «Рагадь» деп аталатын бір періште бұлттарды басқарады да оның айқайлап белгі беруі арқылы бұлттар жаңбыр болып жауады, оның қамшысының сермелуінен ұшқындар шашырайды. Бұған Құран хадистері бойынша дәлелдеуді керек еттім... Бұхарада оқып «Каареддин» лауазымын алған, нағыз діндар Айжарыққа жүгінуді қалады... Екеуміз бірге барып, Айжарықтан күн күркіреуі мен найзағайдың неден болатын себептерін сұрағанымызда, ол бір түрлі жұмсақ та, таңқаларлық дауыспен: «...Сіздерге физика құбылыстары туралы айтып бере алмаймын, бұл астрономдардың ісі. Молданың мақсаты – дін хадистерін дұрыс айта білуге үйретіп, Аллаға құлшылық ету. Бірақ мен астрономдардың бұл құбылыстың аспан денелерінің өзара үйкелісінен бұлттардың ыдырауы арқылы пайда болады деп айтып жүргендерін естігенмін», – деп жауап берді» [159, 23 б] деп, дін мен ғылымды қарсы қоюшылыққа нағыз дін маманының жол бермейтіндігін және дінді дұрыс түсінбейтіндердің осы екі құндылықты қарсы қоятындығын келтіреді.

Бөлімді қорытындылай келе: Бөкей ордасындағы қазақтардың діни және зайырлы сауаттылыққа деген ынтасының оянуына сауатты адамдардың жоғарғы лауазымға тағайындалуы, биліктің қандай да бір істі бекітуі құжат арқылы мойындалып, ауызекі сөздің тек жалаң сөз ретінде қабылдана бастауы, хат танитын дін адамдарының ел арасында да билік тарапынан да жоғары бағаланып, құрметке ие болуы себеп болды. Сонымен қатар дін адамдарының ордадағы өмірі мен мәртебесінің қазақтар арасында діни өмір мен дін мамандығына ерекше ықылас қоюға әсер еткендігі байқалады. Өз кезегінде бұл ел арасында діндарлықтың өсуі мен исламның таралуына және сауатты адамдардың көбеюіне жол ашты. Діни сауаттылықты арттыру жұмыстары төрт түрлі жолмен орындалғын: мешітте немесе өзге орындарда уағыздау; неке қию, балаға ат қою, жаназа секілді діни рәсімдерді орындау кезінде шарифат талаптарын түсіндіру; сабақтарды ұйымдастыру мен оған қатысу барысында үйге молда шақырып оқыту немесе топтық сабақтарға қатысу арқылы. Дегенмен ағарту ісінде бірқатар кедергілерде кездескен: діни және зайырлы білім алу барысында молдалардың тапшы болуы; көшпелі тұрмыс пен күнделікті мал шаруашылығының көп уақыт пен қажыр-қайратты талап ететін қиыншылықтары балалардың сабаққа арнайы уақытын бөлуіне мүмкіндік бермеуі; қазақтарға ыңғайлы нақты оқу құралдары мен бағдарламалары болмауы; әліпбидің әртүрлілігі мен өзге мұсылман елдерінің әліпбиімен ұқсастығы қиындықтар туындатқан. Сонымен қатар білім алу ісі қиын әрі қолжетімсіз дүние ретінде қабылданып, балалар мен ата-аналардың ұнжығасын түсірген және халық арасында молдалардың қатал бейнесінің қалыптасуы елдің діни білімге деген ынтасына кері әсер еткен.

Діни білім алу ісі мен қазақтардың діни сауатының артуына Жәңгір хан мен оның діни кадрларының қосқан үлесі зор. Жәңгір хан мұсылмандыққа

және зайырлы білімге оқытатын мектепті өз ордасынан ашты. Орыс мектебін ордадан ашу барысы тез орындала қоймаған. Сондықтан, орыс мектебінен бұрын мұсылманша мектептер қолға алынған. Орыс мектептеріне баруға мүмкіндігі болмаған балалар дін сабақтарын оқыған. Ағарту ісіне белсене кіріскен ханның екі баласы білім жолында өмірден озған. Өйткені, ол білімге деген құштарлықты ояту үшін өзінің балаларын үлгі ретінде алыс қалаларға оқуға жіберіп отырған. Діни білім беру ісін ұйымдастыруда және молдаларды ұстап отыруда қаржы табу үлкен мәселелердің бірі саналған. Шәкірттер демеушінің не өз қаржысына тұрақтаған. Кейбірі зекет беруші мұсылмандардың қаржысына оқыған. Қаржы жинау молдалар мен Жәңгір ханның тікелей аралысуы арқылы орындалған. Қаржы зекет жүйесін енгізу арқылы жолға қойылған. Бұл молдаларды тағайындау туралы бұйрықта көрсетілген «бай қырғыздарды зекет төлеуге үйрету» бөліміне анық байқалады. Яғни, бай-бақуатты адамдарды зекетке үйрету арқылы молдалар хандықтың қазынасын толтыруға және білім жүйесінің дамуына үлесін тигізген.

Жәңгір ханның діни білім беру ісі мен діни дәстүрді енгізуге тырысуы тек медресе-мектеппен шектелмеді. Әсіресе, салт-дәстүр мен діннің сабақтастығын үйлестіру, ел арасындағы ескі, шарифатқа қайшы әдеттерді ығыстыру жұмыстарын жүргізген. Жәңгір ханның көзі тірісінде оның ислам дініне деген көзқарасы мен әрекеттерін патша шенеуліктері аса сынап қоймады. Алайда Жәңгір дүние салысымен ол қазақтарды «исламдандырды», патшалыққа кері әсер етті деген баға берілді. Оның ішінде, Жәңгірдің өз қызметін асыра пайдаланды, патша заңдарына бағынбады деген пікірлер жиі кездеседі.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Отарлық саясатын шоқындыру арқылы жүргізген Ресей патшалығы II Екатерина билігі тұсында діни төзімділікті жариялап, ислам дінінің отарлық саясаттың құралы ретінде қолдануға тырысты. Яғни, көшпелілерді бір мезгілде шоқындыру және патшалықтың адал қызметкері ету қисынсыз екенін түсінді. Патша өкіметі христиандық миссионерлік жұмыстың тиімсіздігін көріп, қарсы тараптың саны күн санап артты. Сол себепті, қазақтарды шоқындыруды күштеп іске асыруды бәсеңдетіп, алдымен әкімшілік жүйеге бейімдеуді жөн көрді. Шоқындырудың орнына исламдандыру және мұсылмандық басқарма арқылы қазақтарға биліктің ықпалын арттыру жүргізілді. Ең алғашқы қадам, 1773 жылғы 17 маусымда патшайым II Екатеринаның «Барлық діндерге төзімділік туралы» жарғысынан басталып, екінші қадам татар және башқұрт молдаларды қазақ даласына жаппай жіберу үшін 1785 жылғы «қазақ даласында мұсылмандық мектептер мен мешіттердің құрылысы, сол мектептерге арналған «қырғыз тіліндегі» оқулықтарды басып шығару және татар молдаларын қазақ ауылдарына жіберу жайлы» жарлығымен іске асты. Үшінші қадам қазақ руларына сіңісіп, жақсы қатынасты орнатып үлгерген дін адамдарын саяси істерге араластыру. Төртінші қадамға патшалықтың тапсырмаларын көшпенділер арасында сәтті орындаған дін қызметкерлерінің лауазымдарын көтеріп, мұсылмандық басқарма ұйымдастыру жатады. Дәл осы тұста ОМДБ құрылып, қазақ даласында дипломатиялық жетістікке жеткен М.Хұсайынов мүфти болып тағайындалды. Ол мүфти қызметін атқарған тұста қазақ даласындағы саяси істерге басымдық берді.

ОМДБ-ны құрмас бұрын қазақ даласындағы діни ахуал жайында зерттеулер жүргізілген. 1768–1774 жылдар аралығындағы зерттеу экспедициясында Петербург ғылым академиясының зерттеушісі Иоганн Готлиб Георгий, кейін Петербург ғылым академиясының мүшесі, зерттеуші Иоганн Петер Фальк қазақтардың діни көзқарасы мен ұстанымдары жайлы зерттеулер жасады. Олардың зерттеу қорытындылары қазақтардың ислам дінін ұстану деңгейі төмен деген тұжырымды шығарды. Аталмыш «қазақтардың шала діндарлығы» жайлы тұжырымдар ресей шенеуліктері арасында да кең тарады. Жалпы, олардың мұндай қорытынды алуына көшпелі өмірдегі діннің орнын жете түсіне алмау мен отырықшы өмірдегі татарлардың діндарлығымен салыстыру себеп болған. Көшпелілер үшін бір орынға отырып, татарлар немесе өзге де отырықшы мұсылман халықтары секілді нақышталған құлшылық орындары мен діни атрибуттарды паш етушілік тән емес. Яғни, қазақтар діннің сыртқы формасына емес, ішкі мазмұнына назар аударды. Ал бұл ерекшеліктерді білмейтін патшалық шенеуліктері татарлық үлгілегі исламды енгізіп, өздеріне бейім қазақтарды жасауды жоспарлады. Яғни, қазақтың өмір салты мен дүниетанымын трансформациялауды қолға алды. ОМДБ қазақ даласындағы «заңсыз уағызшылар» мен шетелдік діни орталықтардың ықпалын азайтуы тиіс болды. Ол, үшін ОМДБ тағайындаған «указной» молдалардың ресмилігін арттыру көзделді. ОМДБ-ны құрудың осы

кезге дейін назарға алынбай келген бір себебі – қазақ даласындағы саяси ахуалдың күрделілігі мен патшалық биліктің әкімшілік басқару жүйесіне бейімделмеуі. Қазақтар өз ата қонысының еркін халқы ретінде тілі мен діні және өмір салты өзге Ресей патшалығына оңай бағына салмады. Осы тұста отаршыл әскери күш қуатынан бөлек қосымша ықпалдастық тетіктерін құру қажет болды. Ондай тетік ретінде қазақтарға тілі де діні де жақын татар молдалары мен солар басқаратын ОМДБ іске қосылды. Бұл жоспар шынымен де алғашқы жылдары патша өкіметі үшін жемісті болды.

ОМДБ жеке мұсылмандық мекеме ретінде қызмет атқарғанымен оны мемлекеттік мекеме бақылауында ұстады. ОМДБ-ны бақылайтын мекемелердің аттары мен құрылымы әр кезеңде өзгеріп отырды. Олардың ішінде ең ұзақ уақыт бойы ОМДБ-ның қызметін қадағалаған ШСРІББ саналады. Патша әкімшілігінің ОМДБ-ның қызметін ұйымдастыру ісіне қатысты нақты жоспарлары болмады, сондықтан бұл үрдіс ұзақ уақытқа созылды. Мұсылмандық басқарманың жұмысын алғаш ұйымдастырғандықтан тәжірибенің кемдігі байқалып, діни бірлестіктермен қарым-қатынас жүйелі жасалмады. ОМДБ уақыт өте, мүфтилер ауысқан кездерде азаматтық билікке бағынышты бола түсті. ОМДБ мен азаматтық басқармалар бірлесіп діни ғимараттар мен діни кадрлар жайлы мәліметтер жинады және метрикалық құжаттар жүргізді.

ОМДБ-ның қызметін үйлестіру екі сатыда іске асты. Бірінші жергілікті Орынбор шекаралық комиссиясы, Орынбор генерал губернаторлығы секілді басқармалар, екінші ішкі істер министрлігі, ШСРІББ, Халық ағарту министрлігі секілді патшалықтың жоғарғы құрылымы. Жергілікті басқармалар заң жобаларын әзірлеуге қатысып мұсылмандық қауымға қатысты түрлі жобаларды ұсынған және жоғарғы құрылымдарға тиісті мәліметтерді жеткізіп отырды. Ал мүфтилікке қарасты дін қызметкерлерінің жұмыстарын жинақтап, Уфа жергілікті басқармасына табыстау ОМДБ-ның міндетіне кіргізілді. ОМДБ-ның мәліметті жинақтауы азаматтық билікпен бірлесе отырып жасалды. Осы жүйе арқылы дін қызметкерлерінің мәліметтері алынды. Жоғарғы құрылымы осы мәліметтерді өңдеп, тиісті шараларды қабылдауды ұйымдастырды. ХІХ ғасырдың алғашқы жылдары Дін істері департаментінің қызметі төмен деңгейде орындалған. Билік ислам дінінің ішкі істерінде бірден араласа қоймады. Сондықтан патша әкімшілігі тарапынан ШСРІББ өз қызметін жаңа қырынан көрсете алмады деп бағаланды. Өз кезегінде бұл, мұсылмандық сенімнің халық арасында тереңірек танылуына мүмкіндік болған. Дәл осы кезеңде қазақтар мен өзге халықтар арасында исламдану үрдісі жүрген. Діни бірлестіктер азаматтық билік тарапынан бақыланса да православиеге қолдау көрсету тоқтаған жоқ. Дегенмен ХІХ ғасырдың басында дін саласын басқаруға дінге индифферентті көзқарастағы адамдардың келуі мемлекет пен дін қатынасында зайырлылықтың қалыптасуына алғышарттар жасады.

ОМДБ-ны бақылау үшін оның мемлекеттік мекемелерге тәуелділігін арттыру керек болды. Ол, үшін бірінші құрылымдық, екінші қаржылық істерді бақылауға алды. Құрылымдық бағыттағы тәуілділікті азаматтық басқармалар

ОМДБ-ның ережелерін жасақтау, ОМДБ-ның жоғарғы лауазымдары мен штаттарын бекітуге араласты. Жоғарғы лауазымға яғни мүфти, ахундарды қызметке қоюда патша әкімшілігінің таңдаған кадрлары тағайындады. Яғни, мұсылман қауымы өздеріне мүфти сайлай алған жоқ. ОМДБ-ның иерархиялық құрылымы төменгі мутауәлият пен ортаңғы мухтасибат және жоғарғы мүфтилік аппаратынан тұрды. Аталмыш сатылы қатынас жоғарыдан төмен қарай тәуелділік сатысын бекітті. Алайда қазақ даласында бұл иерархиялық пәрмен қатынасы әлсіз болды. ОМДБ-ның кеңсе штатындағы кадр құрамы патшалықтағы мемлекеттік қызметкер ретінде қабылданды. Штаттағы қызметкерлер мемлекеттік санаттар арқылы белгіленді, жалақысы сол санаттар арқылы тағайындалды. Қызметке қабылдану және босату тәртібі патшалықтың жалпы заңнамалары негізінде реттелді. Сол себепті, ОМДБ-ның кеңсесіндегі қызметкерлерінің жұмыс барысы өзге мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне қойылған талаптарға сай ұйымдастырылды. Өз кезегінде бұл, ОМДБ-ны әкімшілік жүйедегі құрылымның бір бөлшегі ретінде танытты. ОМДБ-ның мемлекетке қаржылық тәуелділікті сақтап отыруы екі бағытта іске асты. Алғашқысы, ОМДБ-ның кірістер мен шығыстарын толық бақылау, ал екіншісі лауазымды дін қызметкерлеріне жоғары жалақы бөлу арқылы орындалды. ОМДБ құрылған алғашқы жылдары мүфтиліктің шығындары мемлекет қызынасынан қамтамасыз етілді. XIX ғасырдың алғашқы ширегінен бастап ОМДБ-ны өзін-өзі қаржыландыру бағыты ұйымдастырылды. ОМДБ-ның қаржылық қажеттіліктерін өтеу үшін метрикалық кітаптар енгізілді.

ОМДБ-ның кеңсе шығындары мен мүфтиге жалақыны мемлекет тағайындағандықтан олардан патшалықтың мүддесіне сай қызмет жасауы талап етілді. Патшалық әкімшілігі дін мамандарын тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету, үстеме жалақы беру немесе өзге де ынталандыру жүйелері арқылы штаттың нәтижелі жұмысын үйлестіруге күш салды. Ынталандырудың қатарында марапаттау жүйесі ерекше рөлге ие болды. Отарлық саясатта марапаттау патшалықтың мемлекеттік басқару саласында, сонымен қатар дін мен билік арасындағы қатынастарды реттеуде үлкен ықпалды жүйе ретінде қалыптасты. Марапаттау жүйесі арқылы мұсылман діни қызметкерлері Ресей патшалығына «адалдығы» мен белсенді қызметін іске асыра алды. Зерттеу барысында патша әкімшілігі ынталандыру әртүрлі тәсілдерін қолданып, оның ішінде үш түрі ерекше әсер еткендігі байқалды. Бірінші, қоғамдық статусқа қол жеткізу, екінші, карьералық өсу, үшінші, материалдық игіліктерге қол жеткізу. Дегенмен марапаттардың ретсіз әрі нақты критерилерсіз берілуі XIX ғасырдың соңына қарай ынталандыру қабілетін төмендетті.

ОМДБ-ны әкімшілік міндеттерімен қатар діни қызметті бірге атқарды. Діни қызметтің ішіне сот-қазылық ісін бақылау және апелляциялық мекеме ретіндегі даулы мәселелерді қарау кірді. Патша әкімшілігі ОМДБ-ны құрған кезде сот деңгейімен тең екендігін белгіледі. Шариғи соттың мұсылман әлеміндегі қазылықтан гөрі төмен дәрежеде болды. Ресей патшалығы уақыт өткен сайын ОМДБ-ның шариғи сот құзіретін кемітуге бағытталған шаралар қабылдап отырды. Мұндағы мақсат, шариғи және билер сотының күшін азайту

арқылы азаматтық сотты күшейту еді. Ол үшін ең алдымен құқықтық плюрализмді қалыптастыру қолға алынды. Құқықтық плюрализмді қалыптастыру шаралары шариғи сот пен билер сотын және азаматтық сотты бір мезетте қазақ даласында қолданысқа енгізу арқылы жүзеге асты. Шын мәнінде, билер сотының өзінде шариғи үкімдер қарастырылған. Осыған қарамастан билер мен молдаларға дәстүрлі сотты мақсатты түрде бөліп берді. Содан кейін, екеуінің де қолдану аясын уақыт өткен сайын тарылтып, ал азаматтық сотқа қарайтын істерді көбейтіп отырды. Зерттеу барысында шариғи сот пен билер соты үйлесімділікте қызмет атқарғаны анық байқалды. Қазақ даласында ОМДБ-ге қарау үшін жіберілген істердің көбісі Өскемен мен Қызылжар (Петропавловск) және Көкшетау аумағынан көптеп келіп түскендігі анық болды. Сонымен қатар аталмыш өңірлерден апелляциялық істер қазақтар ОМДБ қарамағынан шығарылған жылдары да келіп отырған. Яғни, ОМДБ 1868 жылдан кейін де қазақ даласындағы апелляциялық қызметтерін тоқтатпаған.

ОМДБ-ның қазақ даласындағы діни мекеме ретіндегі қызметі құлшылық орындарының қызметін үйлестіру, оны бақылау болды. Қазақ даласындағы ОМДБ-ның мешіт пен медреселердің салыну ісіне белсенді араласуы ХІХ ғасырдың алғашқы ширегінен бастап байқалады. ОМДБ Ішкі істер министрлігіне құлшылық орындарының қызметкерлері мен орналасқан аумағы, діни мекеменің түрі мен келетін жамағаттың саны жайлы мәліметтерді тапсырып отыруы тиіс болды. Сонымен қатар құлшылық орындарының діни білім беру ісі ОМДБ және азаматтық билік тарапынан бақыланды. Ондағы өткізілетін сабақтар мен мударристердің тізімі алынып отырды. ОМДБ құлшылық орындарының салынуы мен қайта қалпына келтіру және жөндеуден өткізу істеріне араласты. ОМДБ-ның қазақ даласындағы белсенділігі аса жоғары болмады. Азаматтық биліктің мешіт салу ісіне өздері тікелей араласуы ОМДБ-ның еркін шешім қабылдауы мен қызмет етуіне кедергі келтірді. Патшалықтың құлшылық үйлерін реттеуге бағытталған заңнамалары кейде назардан тыс қалып отырды. Оның екі себебі көрсетілді: бірінші, дін саласын реттеуде бірден қатаң жүйеге өтпестен заңнамалық құжаттардың ақырындап орындалуы, сол арқылы көшпелі еркін халықты шошытып алмау көзделді. Екіншіден, азаматтық құрылымның өзі заңнамалық ережелердің бұзылуына жол берді.

Жалпы, құлшылық орындарын реттеу және оны салу ісіне қатысты патшалықтың ұстанымы отарлық және экономикалық мүддемен тікелей байланысты. Алғашқыда, құлшылық орындары көбіне қазақ даласына шекаралас бекіністерге салынған. Оны патша әкімшілігінің өзі ұйымдастырды. Алғашқы мешіт 1744 жылы Орынборда салынып, онда татарларды қоныстандырды. Кейін бұл аумақ қазақ даласына жіберілетін молдаларды дайындайтын «Сейіт посадына» айналды. Дәл осы жылы татарларға қазақ даласында мешіт салуға рұқсат етті. Алайда татарлардың өз қалаларында мешіт салуға ол кезде рұқсат болмады. Яғни, қазақ даласында отырықшы қалаларда сауда орталықтарын көбейту мақсат етілді. ХІХ ғасырда бұл тәжірибе кеңінен қолданыла бастады. Сауда орталықтарында мешіттер

мұсылман саудагерлерін, соның қатарында Орта Азия саудагерлері мен қазақ руларын сауда айналымына тарту үшін орналастырылды. Жамағатпен құлшылық жасау мұсылман саудагерлері үшін сауданың бастапқы операциясы ретінде қабылданды. Жәрменкелердің мәдени ықпал ету мүмкіндіктері қазақтардың отырықшы кәсіптерге бейімделуіне жол ашу тиіс еді. Құлшылық орындары осындай кешенді жұмыстың бір бөлігі саналды. Патшайым II Екатерина қазақтардан діни және саяси элита тәрбиелейтін орталықтар, құлшылық орындары мен қатар мұсылманша білім беру ісі патшалық аумағында жүргізілгенін қалады. Орта Азиядағы немесе өзге де танымал оқу орындары әдетте қалаларда орналасады. Дәл осы тәжірибе мен үлгіні пайдаланып, діни мекемелер қазақ даласына жақын әрі патшалыққа ыңғайлы жерлерде салынды.

ОМДБ-ға бағынышты дін қызметкерлері мемлекет тарапынан жүктелген міндеттер мен негізгі діни міндеттерін қатар алып жүрді. Молдалар мұсылмандардың жарық дүниеге келгеннен, өмірден өтіп жерленгенге дейінгі барша діни рәсімдерді өткізді. Дін қызметкерлері діннің функциясын іске асырушы адамдар болды. Сонымен қатар қазақ ақсүйектері дін қызметкерлерін патша билігімен арадағы көпір ретінде, қажетті жағдайда кеңесші ретінде қатынас жасады. Молдалар патша әкімшілігі тарапынан ресми және бейресми міндеттерді атқарған. Мысалы, метрикалық кітапша жүргізу, сот қызметін атқару ресми міндеті саналса, патша билігінің шығарған заңдарын түсіндіру немесе саяси істерге дін адамының беделін пайдалану бейресми қызметіне жатты. Алайда бейресми міндетін жақсы атқарған молдалар патшалық әкімшілігі тарапынан мараптталу ықтималдығы жоғары болды. Молдалар ОМДБ алдында да жауапкершілікті алды. Өйткені жоғарғы мүфти молдаларды тағайындауға, біліктілігін тексеруге және қызметтен босатуға, бақылауға құқылы болды. Діни тұлға болғандықтан мұнда абсолютті жоғарғы күштің алдындағы жауапкершілігі маңызды. Өйткені көптеген діндарлар үшін Жаратушы алдында дін қызмет ету – жауапкершілігі зор және қасиетті жол саналады.

ОМДБ патшалықтың құрылымы іспеттес қызмет жасағанымен оның діни лауазымдары татар және қазақ даласында бұрыннан қолданылып келе жатқан атаулармен аталды. Жоғарғы лауазым – мүфти, одан кейін 3 орынбасары – қазы, жергілікті өңірлерде мухтасибтер, ахундар мен молдалар болды. Қазақ даласында, діни лауазымның ахун және молда, имам атаулары жиі қолданылған. Әрине, ең жиі қолданылғаны – молда атауы. Қандай қызмет атқарса да халық дін қызметкерін молда деп атаған. Кейін бұл сауал ішкі істер министрлігінде де қозғалып, молда мүфтиден өзге мұсылман дін қызметкерінің атауы ретінде қолданылатындығы жайлы түсіндірмелер жасалған.

Патша билігі тарапынан тағайындалған молдаларды «указной молда» деп атау – қалыпты жағдай. Указной молда дегені «ресми» молда дегенді білдіреді. Бұл ресмилікті білдіретін патша әкімшілігі тарапынан тағайындау жайлы «указдың» болуы еді. Указ алу патша әкімшілігі мен ОМДБ-ның бірлескен емтиханынан өткеннен кейін ғана беріледі. Алайда емтихансыз указ алған молдалар да болды. Ал сол кездегі емтиханның діни мазмұны ханафи

мазхабы бойынша алынғандығы анықталды. Үміткерге лауазымына қарай сынақтың күрделілігі белгіленді. Ең оңай сынақ азаншыға, ал ең күрделі емтихан сұрақтары мүдәрріс пен имамға қойылды. Сынақтан өтіп, «указ» алған молдалар қазақ даласында ресмилігін алға тартып, бейресми дін адамдарын ығыстыруы тиіс болды. Бұл патша билігінің әкімшіліктің мүддесіне сай емес дін адамдарының халыққа ықпалын азайту үшін қолданған тәсілінің бірі. Қазақ даласында бейресми дін адамдарына көшпелі татар, башқұрт молдалары және жергілікті қожа мен ишандар кірді. Ишандардың қазақ даласына ықпалы жоғары болғандықтан олармен «указнойлардың» бәсекеге түсу қабілеті төмен еді. Бірақ «указной» молдалардың ресмилігі бұл бәсекеде таптырмас артықшылықты берді. Қазақтар арасындағы шет елдерден білім алған дін адамдарын «указнойлар» ығыстыра бастады. Алайда ХІХ ғасырдың екінші ширегінен бастап қазақтар арасынан шыққан молдалардың саны арта бастады. Енді қазақтардың өз діни кадрлары қалыптасып, Ресей патшалығының жіберген татар молдаларына қажеттілік азая түсті. Қазақтардың «указ» алуға ұмтылысы да осы кезеңде жиілей бастаған. Мұны Садуақас Ғылмани мен Құрбанәлі Халидидің жазбаларындағы молдалардың өмірдерегі көрсетіп отыр.

Қазақ даласының Ресей патшалығымен тығыз қатынас жасап, әкімшілік тарапынан қатаң бақылауда болған аумағы – Бөкей ордасы. Хандықтың алғашқы кезеңінде дін істері, соның ішінде мұсылмандық басқару ісі патша әкімшілігі тікелей қадағалауымен орындалған. Дін ісіне қатысты құжаттардағы алғашқы мәліметтер Бөкей сұлтанның хаттарында кездеседі. Ал Бөкейдің ұлы Жәңгір дін саласында едәуір күзіретке қол жеткізді. Жәңгір хан ішкі шаруада діни және азаматтық басқаруда билігін нығайтты. Жәңгір ордада өзін мұсылмандық басқарудың негізгі бағыттаушы басшысы ретінде қалыптастырды. Жәңгір хан мұсылман дін қызметкерлері қызметін ұйымдастырып, басқарды. Ордада ресми түрде ең жоғарғы дін қызметкері - ахун, оған бағынышты молдалар болды. Ахунның өзі ханның ұсынысымен тағайындалды. Молдалардың тағайындалу үрдісін де бақылап, тағайындалу бұйрығын өзі шығарды. Жәңгірдің діни адамдарды да өз жарлығымен бекіте алуы – Бөкей билігімен Жәңгірдің кезіндегі ең үлкен өзгерістің бірі ретінде танылған құзыреттілік. Осыған қарап бөкей хандығы Жәңгір ханның тұсында ОМДБ-ден де, азаматтық биліктен де едәуір тәуелсіз болғандығын байқаймыз. ХVІІІ ғасырдағы орданың діни ахуалы жайлы еңбектер мен жазбаларда Орда аумағында алғашқы кездерде молдалардың тапшылығы болғандығын кейін Жәңгір билік еткен кезде дін қызметкерлерінің саны артқан. Оның басты себептерін Жәңгірдің дін қызметкерлерін тағайындау жайлы бұйрықтарында қамтылған мәліметтерде байқауға болады. Ол бойынша Жәңгір патша сарайымен жақсы қарым-қатынасты орнатып, ислам дінінің ордадағы саяси ықпалын арттыруға және қазақтар арасындағы мұсылмандық дәстүрді дамытуға күш салды. Сонымен қатар патша билігіне адалдықты дін арқылы негіздеуі патшалық тарапынан қолдау тапты.

Бөкей ордасындағы ислам дінінің дамуы мұсылмандық ағарту ісінің жолға қойылуына себеп болды. Діни қызметкерлердің көптеп тартылуы



орданың діни ағартуы мен діни рәсімдерін өткізу қажеттіліктерін қамтамасыз етті. Сондықтан, діни сауаттылықтың артуына Ордадағы мұсылман дін адамдарының орны зор. Бөкей ордасындағы қазақтардың діни және зайырлы сауаттылыққа деген ынта қоюуына сауатты адамдардың жоғарғы лауазымға тағайындалып, бюрократияның артуы, хат танитын дін адамдарының әкімшілік тарапынан жоғары бағаланып, ел арасында құрметке ие болуы себеп болды. Өз кезегінде бұл қазақтар арасында ислам құндылықтарының терең енуіне және сауаттылардың санының көбеюіне түрткі болды. Діни сауаттылықты арттыру жұмыстары мешітте немесе өзге орындарда уағыздау; неке қию, балаға ат қою, жаназа секілді діни рәсімдерді орындау кезінде шарифат талаптарын түсіндіру және үйге молда шақырып оқыту немесе топтық сабақтарды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылды. Ағарту ісінде бірқатар кедергілер де орын алған. Ең алдымен молдалардың тапшы болуы, көшпелі тұрмыстың көп уақыт пен қажыр-қайратты талап етуі, қазақтарға ыңғайлы нақты оқу құралдары мен бағдарламалары болмауы, әліпбидің әртүрлілігі мен өзге мұсылман елдерінің әліпбиімен ұқсастығы қиындық туындатты. Сонымен қатар білім алу ісінің қиын әрі қолжетімсіз дүние ретінде қабылдануы мен халық арасында молдалардың қатал бейнесінің қалыптасуы да көпшіліктің білімге деген құлшынысына кері әсерін тигізген.

Қазақ даласындағы діни білім беруде Жәңгір хан мен оның діни кадрларының қосқан үлесі зор. Жәңгір хан мұсылмандыққа және зайырлы білімге оқытатын мекетепті өз ордасынан ашты. Орыс мектебін ордадан ашу барысы ұзаққа созылған. Сол себепті, мұсылманша мектептерді ұйымдастыру жеңілрек болды. Діни сауат ашқан адам әкімшілік жүйеде мен сауда-саттық ісінде қажетті адамға айналды. Сонымен қатар мұсылмандық құндылықтарды сақтауда да еңбегі болды. Ағарту ісін қолға алған Жәңгір ханның екі баласы білім жолында өмірден озды. Хан халықтың білімге деген құштарлығын ояту үшін өз балаларын үлгі етіп, алыс қалаларға оқуға жіберіп отырған. Діни білім алу үшін қажетті қаржыны шәкірттер демеушінің не өз қаржысын пайдаланған. Кейбір оқушылар зекеттен жиналған қаржысына оқыған. Қаржылық қажеттілікті өтеу үшін молдалармен қатар Жәңгір ханның өзі ат салысқан. Ордадағы зекет жүйесін енгізу осы мәселені шешу үшін жолға қойылды. Бұл молдаларды тағайындау туралы бұйрықта көрсетілген «бай қырғыздарды зекет төлеуге үйрету» бөлімінде айтылды. Яғни, материалдық қуаты жоғары қазақтарды зекет төлеуге бейімдеу арқылы молдалар орданың қазынасын толтыруға және білім беруді қолдауға көмек көрсеткен. Жәңгір ханның діни білім беру ісі мен діни дәстүрді енгізуге тырысушылығы тек медресе мен мектеппен шектелмеді. Әсіресе, салт-дәстүр мен діннің сабақтастығын үйлестіру, ел арасындағы ескі, шарифатқа қайшы әдеттерді ығыстыру жұмыстарын жүргізген. Жәңгір ханның көзі тірісінде оның ислам дініне деген көзқарасы мен әрекеттерін сынға алып артынан түскен патша шенеуліктері жиі айтылмайды. Алайда Жәңгірдің дүние салуымен оның қызметі қазақтарды «исламдандырды» деген сынмен патшалыққа кері әсері бағаланды. Оның ішінде, Жәңгірдің өз қызметін асыра пайдаланды, патша заңдарына бағынбады деген сынды пікірлер жиі кездеседі.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Frank A.J. Muslim Religious Institutions in Imperial Russia: The Islamic World of Novouzensk District and the Kazakh Inner Horde, 1780-1910. Brill, 2001. Vol. 35. 351 p.
2. Загидуллин И. Звания мусульманского приходского духовенства в округе Оренбургского магометанского собрания (конец XVIII – начало XX века): 1 // Филология И Культура. Россия, Казань: Федеральное государственное автономное образовательное учреждение высшего образования «Казанский (Приволжский) федеральный университет», 2013. № 1. С. 185–188.
3. Абдрашитова А.Р. Деятельность Оренбургского Магометанского Духовного Собрания в 1789-1917 годах и его взаимоотношения с государственными органами власти. 2001. С. 138.
4. Ремнёв А.В. Татары в казахской степи: соратники и соперники Российской империи // Вестник Евразии. Автономная некоммерческая организация «Образовательно-исследовательский и ...», 2006. № 4. С. 5–32.
5. Султангалиева Г.С., Алитурлиева А.К. Оренбургское магометанское духовное собрание и оренбургская власть. Вторая половина XVIII – первая половина XIXв. [Electronic resource б]. 2006. URL: <https://articlekz.com/article/5329> (accessed: 13.04.2021).
6. Нуриаслямов Р.Н. СИСТЕМА УПРАВЛЕНИЯ В ОРЕНБУРГСКОМ МАГОМЕТАНСКОМ ДУХОВНОМ СОБРАНИИ // Симбирский Научный Вестник. Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего ..., 2013. № 3. С. 191–192.
7. Полное собрание законов Российской империи. Собрание 1-е. С 1649 по 12 декабря 1825 г. Тип. 2-го Отд-ния Собств. ее императ. величества канцелярии канцелярии. 1830. Vol. 22. 1158 с.
8. Христофорова Т.Е. Деятельность Новокрещенской конторы во второй трети XVIII в // Science and education: research and development in the era of globalization. 2017. P. 126–131.
9. Полное собрание законов Российской империи. Собрание 1-е. С 1649 по 12 декабря 1825 г. Тип. 2-го Отд-ния Собств. ее императ. величества канцелярии канцелярии. 1830. Vol. 19. 1158 с.
10. Махмутов З.А. Духовная и образовательная деятельность татар в казахской степи в контексте внутренней политики Российской империи (вторая половина XVIII-начало XX века) // Самарский Научный Вестник. Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего ..., 2017. Vol. 6, № 1 (18). С. 113–117.
11. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сб. I (V в. до н. э.— XVIII в.). Алма- / ed. Асфендиарова С., Кунте П. Алма-Ата, 1935. 380 p.
12. Бартольд В. Тюрки: Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. Алматы: Жалын, 1993. 192 с.
13. Орынбеков М.С. Генезис религиозности в Казахстане. 2nd ed. Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. 204 с.

14. Емельянова Н.М. РЕЛИГИОЗНАЯ ПОЛИТИКА КАК ИНСТРУМЕНТ ИНТЕГРАЦИИ КАЗАХОВ В СОСТАВ РОССИИ В XVIII–XIX ВВ. // Ислам В Современном Мире. 2018. Vol. 14, № 2. С. 61–76.
15. Meshkat K. The Journey of Master Anthony Jenkinson to Persia (1562). MA thesis, University of Oslo, 2005. 100 p.
16. Кэстль Д. Дневник путешествия в году 1736-м из Оренбурга к Абулхаиру, хану Киргиз-Кайсацкой Орды // В Штаркенберга В Скорого Алматы. 1998. 152 с.
17. Bowen J.R. Salat in Indonesia: The Social Meanings of an Islamic Ritual // Man. [Wiley, Royal Anthropological Institute of Great Britain and Ireland б], 1989. Vol. 24, № 4. P. 600–619.
18. kuran.muftyat.kz | Құран Кәрім Online [Electronic resource б]. URL: <http://kuran.muftyat.kz/#/home/1> (accessed: 04.05.2021).
19. Ғабдуллин Б. Шоқан, Ыбырай және Абай дін туралы (Шаманизм, ислам, атеизм, деизм, антиклерикализм). Алматы: Қазақстан, 1988. 104 p.
20. Шевченко С.В. Распространение ислама в среднем казахском жузе в XVIII-начале XIX вв. // Известия Омского Государственного Историко-Краеведческого Музея. Бюджетное учреждение культуры Омской области" Омский государственный ..., 1999. № 7. С. 131–135.
21. Соловьёв С.М. История России с древнейших времен. Изд-во. сотс.-экон. лит-ры, 1966. Vol. 29. 444 с.
22. Записки императрицы Екатерины Второй. Москва: Орбита, 1989. 743 с.
23. Завалишин И. Описание Западной Сибири.-Т. III. Сибирско-Киргизская степь // СПб. 1867. Vol. 145. С. 8.
24. Арапов Д.Ю. Система государственного регулирования ислама в Российской империи (последняя треть XVIII-начало XX вв.). Московский государственный университет им. МВ Ломоносова, 2005. 381 с.
25. Эмин, Федор Александрович (ок. 1735-1770). Краткое описание древнейшаго и новейшаго состояния Оттоманской Порты. Санктпетербург, 1769. 83 с.
26. Юрьевич А.Д. Исламская политика Екатерины Великой: 5 // Вестник Московского Университета Серия 8 История. Россия, Москва: Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего образования «Московский государственный университет им. М. В. Ломоносова», 2014. № 5. С. 25–37.
27. Erşahin S. RUSYA’DA MÜSLÜMANLAR: TATAR KAVİMLERİNİN TARİHÇESİ // Ank. Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Derg. 1996. Vol. 35, № 1. P. 561–602.
28. Елтай Р. Қазақ мәдениетіндегі ислам дінінің релі (XVI-XVIII ғасырлар). Нұр-Сұлтан, 2021. 72 p.
29. АЛИЕВА Д.А. РЕЛИГИОЗНАЯ СОСТАВЛЯЮЩАЯ ПОЛИТИЧЕСКОГО ПРОЦЕССА В РОССИИ // Вестник Дагестанского Научного Центра РАН. Федеральное государственное бюджетное учреждение науки Дагестанский научный ..., 2014. № 52. С. 102–105.

30. Салиев А.А. Религия и геополитика в Центральной Азии второй половины XIX-начала XX в.: Турция в системе региональных отношений // Вестник Кыргызско-Российского Славянского Университета. Государственное образовательное учреждение высшего профессионального ..., 2017. Vol. 17, № 4. С. 74–78.
31. Речкина И.А. Мусульманская политика российских властей в казахской степи (конец XVIII в.–60-е гг. XIX в.) // Вестник Омского Университета. Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего ..., 2006. № 2. С. 80–84.
32. Фарида Адилова Ауелхановна. Қазақ қоғамының саяси әміріндегі Орынбор мұфтилігінің орны мен қызметі (XVIII ғ. аяғы –XX ғ. басы): 07.00.02 – Отан тарихы. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Қазақстан, Алматы, 2010. 147 с.
33. Султангалиева Г.С. Деятельность первого оренбургского муфтия Мухамеджана Хусаинова в Казахской степи // Оренбургское магометанское духовное собрание и духовное развитие татарского народа в последней четверти XVIII–начале XX вв. 2011. С. 148–159.
34. LeDonne J.P. Administrative regionalization in the Russian empire 1802-1826. // Cah. Monde Russe Russ.-Emp. Russe-Union Sov. États Indép. Éditions de l'ENESS, 2002. Vol. 43, № 43/1. P. 5–34.
35. Ильич М.В. Концепция Государственного управления в реформах 1810-1811 гг.: 2 (46) // Управленческое Консультирование. Россия, Москва: Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего образования «Российская академия народного хозяйства и государственной службы при Президенте Российской Федерации», 2012. № 2 (46). С. 179–192.
36. Вишленкова Е.А. Заботясь о душах подданных: религиозная политика в России первой четверти XIX века. Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего ..., 2002. С. 179–192.
37. Трощинский Д.П. О неудобствах, происходящих от государственного управления в форме единоличной // Сборник Императорского Русского Исторического Общества. 1868. Vol. 3. С. 1–162.
38. Сперанский М.М. План государственного преобразования графа М. М. Москва: Русская мысль, 1905.
39. Ю Н.Е. Эволюция религиозных взглядов князя А. Н. Голицына: 1 (172) // Тетрадь История Политология. Россия, Белгород: Федеральное государственное автономное образовательное учреждение высшего образования «Белгородский государственный национальный исследовательский университет», 2014. Vol. 29, № 1 (172). С. 82–88.
40. Юрьевич Н.Е. Александр Николаевич голицын: штрихи к портрету государственного деятеля: 4 (31) // Вестник Сургутского Государственного Педагогического Университета. Россия, Сургут: Бюджетное учреждение высшего образования Ханты-Мансийского автономного округа – Югры «Сургутский государственный педагогический университет», 2014. № 4 (31). С. 37–43.

41. Департамент духовных дел иностранных исповеданий и этноконфессиональная политика Российской государства (XVIII — начало XX вв.) – тема научной статьи по истории и археологии читайте бесплатно текст научно-исследовательской работы в электронной библиотеке КиберЛенинка [Electronic resource б]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/departament-duhovnyh-del-inostrannyh-ispovedaniy-i-etnokonfessionalnaya-politika-rossiyskoj-gosudarstva-xviii-nachalo-hh-vv> (accessed: 24.05.2021).
42. Полное собрание законов Российской империи. Собрание 1-е. С 1649 по 12 декабря 1825 г. Тип. 2-го Отд-ния Собств. ее императ. величества канцелярии канцелярии. 1830. Vol. 34. 956 с.
43. Полное собрание законов Российской империи. Собрание 1-е. С 1649 по 12 декабря 1825 г. Тип. 2-го Отд-ния Собств. ее императ. величества канцелярии канцелярии. 1830. Vol. 39. 688 с.
44. Полное собрание законов Российской империи. Собрание 1-е. С 1649 по 12 декабря 1825 г. Тип. 2-го Отд-ния Собств. ее императ. величества канцелярии канцелярии. 1830. Vol. 40. 629 с.
45. Полное собрание законов Российской империи. Собрание 1-е. Книга штатов: Часть 2: Штаты по духовной и по гражданской части: Штаты по гражданской части (1813 - 1825). Тип. 2-го Отд-ния Собств. ее императ. величества канцелярии канцелярии. 1830. Vol. 44. 236 с.
46. D.v К. The “wakf question” in the system of relations between Russian autocracy and Crimean Moslems (late eighteenth to early twentieth centuries): 20 // Материалы По Археологии Истории И Этнографии Таврии. Россия, Симферополь: Федеральное государственное автономное образовательное учреждение высшего образования «Крымский федеральный университет имени В. И. Вернадского», 2015. № 20. С. 431–444.
47. Полное собрание законов Российской империи. Собрание 2-е. 1830-1885. СПб.: Тип. 2-го Отд-ния Собств. ее императ. величества канцелярии. Vol. 7. 1044 с.
48. Варадинов Н. История Министерства внутренних дел Ч. 2, Кн. 1. Санкт Петербург: М-ва внутр. дел, 1863. Vol. 8. 635 с.
49. Семашко А.Г. Брачно-семейные отношения в России в XIX веке: правовые основы реализации церковью делегированных ей полномочий // Молодой Ученый. Общество с ограниченной ответственностью Издательство Молодой ученый, 2015. № 15. С. 467–469.
50. Гурьев Д.А. Об устройстве верховных правительств в России. 1815 год // Сб РИО. 1894. Vol. 90. С. 67.
51. Мирзагелдиев Б. Орынбор муфтилігінің алғашқы мүфтіі Мұхаммеджан Хұсайыновтың Қазақ даласындағы қызметі. Түркістан: Қожа Ахмет Иасауи атындағы ХҚТУ, 2018. 76–81 бб.
52. Юнусова А. Исламский фактор внешней и внутренней политики Российской империи «225 лет Центральному духовному управлению мусульман России». Уфа: Исторические очерки, 2013. 49 б.

53. Мирзагелдиев Б.А., Керим Ш.Т., Рашимбетов Р.Т. Вхождение казахов в Оренбургский муфтият и развитие системы мусульманского управления // *J. Philos. Cult. Polit. Sci.* 2018. Vol. 64, № 2. С. 117–127.
54. Sartori P. Exploring the Islamic Juridical Field in the Russian Empire: An Introduction // *Islam. Law Soc. Brill*, 2017. Vol. 24, № 1–2. P. 1–19.
55. Зулкарнаев М., Байгильдин В. Из истории мечетей Башкортостана // *Ватандаш. Государственное унитарное предприятие Республики Башкортостан Издательский ...*, 2017. № 11. P. 53–66.
56. Полное собрание законов Российской империи. Собрание 1-е. С 1649 по 12 декабря 1825 г. Тип. 2-го Отд-ния Собств. ее императ. величества канцелярии канцелярии. 1830. Vol. 14. 863 с.
57. Амелин В.В., Денисов Д.Н., Моргунов К.А. Ислам в конфессиональном пространстве Оренбургского края. 4th ed. Университет, 2014.
58. ОО ММ. 11-қор, опис 2, №3577 іс.
59. Лапин Н.С. Деятельность ОА Игельстрома в контексте казахско-российских взаимоотношений (1780-е-1790-е годы). Сарыарка, 2012. 384 с.
60. Кирьяков А.Н., Шершнева Е.А. Роль ОМДС в организации духовной жизни мусульман в Российской империи. Барнаул, 2020.
61. Бөкейхан Әлихан. Шығармалары. екінші баспа. Астана: Сарыарқа, 2016. Vol. 8. 600 б.
62. Денисов Д.Н. Выполнение мусульманским духовенством округа ОМДС государственных полномочий в XIX начале XX века // *Вестник Челябинского Государственного Университета. Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего ...*, 2012. № 11 (265). С. 90–94.
63. Загидуллин И.К. Деятельность Оренбургского магометанского духовного собрания по реформированию управления духовными делами мусульман в конце XIX - начале XX вв // *Из Истории И Культуры Народов Среднего Поволжья Сборник*. 2014. № 4. С. 83–121.
64. Мавлютова Г.Ш. Правовой статус мусульманского духовенства Тобольской губернии в конце XVIII-начале XX в // *Вестник Археологии Антропологии И Этнографии. Институт проблем освоения Севера Сибирского отделения Российской академии наук*, 2018. № 4 (43). P. 175–183.
65. Исахан М. «Ахун» қандай лауазым? [Electronic resource б] // *Қазақстандағы Ислам*. 2020. URL: <https://kazislam.kz/ahun-qandaj-lauazym/> (accessed: 07.04.2021).
66. Абдрашитова А.Р. Оренбургское духовное магометанское собрание как орган управления мусульман в XIX начале XX веков // *Вестник Оренбургского Государственного Университета. Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего ...*, 2001. № 1. С. 49–53.
67. Stilt K., Saraçoğlu M.S. Hisba and Muhtasib // *Oxf. Handb. Islam. Law*. Oxford University Press, 2018. P. 327.
68. Саяхов Р.Л. КАДРОВЫЙ ПОТЕНЦИАЛ МУХТАСИБАТА РЕСПУБЛИКИ БАШКОРТОСТАН // *Гуманистическое Наследие Просветителей Народов Евразии В*. 2017. 285 с.

69. Загидуллин И.К. Финансовое положение Оренбургского магометанского духовного собрания во второй трети XIX века // *Minbar Islam. Stud.* 2018. Vol. 11, № 1. С. 29–37.
70. БР ОМТМ, к. И-295, оп. 3, №1 іс.
71. Полное собрание законов Российской империи. Собрание 2-е. 1830-1885. СПб. : Тип. 2-го Отд-ния Собств. ее императ. величества канцелярии. Vol. 20. 1045 с.
72. Полное собрание законов Российской империи. Собрание 2-е. 1830-1885. СПб. : Тип. 2-го Отд-ния Собств. ее императ. величества канцелярии. Vol. 3. 1246 с.
73. Полное собрание законов Российской империи. Собрание 2-е. 1830-1885. СПб. : Тип. 2-го Отд-ния Собств. ее императ. величества канцелярии. Vol. 9. 1046 с.
74. БР ОМТМ, к. И-295, оп. 10, №95 іс.
75. Логинов В.И. Мотивация в государственном управлении // Скиф Вопросы Студенческой Науки. Пуляк Александр Владимирович, 2017. № 13.
76. Мирзагелдиев Б., Рашимбетов Р. Патшалық Ресейдің дін қызметкерлерін ынталандыру жүйесі. «Актуальные научные разработки - 2020» тақырыбында халықаралық конференциясы материалдар жинағы “Modern vymozenosty vedy”, (Praha) 22. -30.01.2020 С.2-7
77. Дуров В. Ордена Российской империи. Litres, 2017.
78. Новикова Е.В. О некоторых источниках по истории награждения нехристиан в период царствования Екатерины II // Труды Исторического Факультета Санкт-Петербургского Университета. Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего ..., 2014. № 17. С. 66–73.
79. Потемкин Г.А. Екатерина II и ГА Потемкин. Личная переписка (1769-1791). Directmedia, 2014. 1450 с.
80. РМТМ. 496 қор. Оп. 3. №2567 іс.
81. Зубов В.Е. Кризис наградной системы Российской империи во второй половине XIX начале XX века // Вестник Челябинского Государственного Университета. Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего ..., 2009. № 23. С. 13–16.
82. Садвакасова С.У. НАГРАДЫ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ В КАЗАХСТАНЕ В XIX в // Шаг в историческую науку. 2017. С. 13–15.
83. Бобров Л.А., Пронин А.О. Российские сабли казахов батыров // Вестник Новосибирского Государственного Университета Серия История Филология. Федеральное государственное автономное образовательное учреждение высшего ..., 2012. Vol. 11, № 7. С. 221–235.
84. Загидуллин И.К. Мусульманские духовные лица округа Оренбургского магометанского духовного собрания и воинская повинность (конец XVIII–начало XX века) // Филология И Культура. Федеральное государственное автономное образовательное учреждение высшего ..., 2013. № 4. С. 255–259.
85. Богомолов А.В., Драгуцан В.А. СОЦИОКУЛЬТУРНЫЕ ОСНОВЫ ПРОЦЕССА ИЗМЕНЕНИЯ РОССИЙСКОЙ НАГРАДНОЙ СИСТЕМЫ

ПЕРИОДА 1905-1920 ГОДОВ // Теория и практика общественного развития в свете современного научного знания. 2018. С. 16–19.

86. Силантьев Р.А. Институт российских муфтиятов, как ключевой фактор противодействия османскому влиянию (ч.1) [Electronic resource б] // Scienceport. URL: <http://scienceport.ru/anlytics/institut-rossiyskikh-muftiyatov-kak-klyuchevoiy-faktor-protivodeystviya-osmanskomu-vliyaniyu-ch-1/> (accessed: 26.03.2021).

87. Гарифуллина А.Б. Приграничные взаимоотношения Российской империи и Младшего жуза в конце XVIII века // Новое слово в науке и практике: гипотезы и апробация результатов исследований. 2017. С. 28–31.

88. Первый муфтии оренбургского мусульманского собрания Мухамеджан Хусаинов и казахские старшины (последняя четверть XVIII -начало XIX вв.) [Electronic resource б]. URL: <https://articlekz.com/article/7217> (accessed: 26.03.2021).

89. Магомедов И.А. Особенности мусульманского семейного права // Известия Высших Учебных Заведений Северо-Кавказский Регион Общественные Науки. Федеральное государственное автономное образовательное учреждение высшего ..., 2005. № 2. С. 96–100.

90. Эрсан О. Женщина в исламе. ERKAM YAYIN SAN. AŞ, 2007. 176 p.

91. Ауд. Асқар Әкімханов, Нұрлан Анарбаев. Құран Кәрім. Қазақша түсіндірмелі аударма. Алматы: Көкжиек, 2018. 624 б.

92. Mazhitova Z., Atanakova K., Uskembayev K. Convergence of Customary Law and Sharia in the Kazakh Steppe Based on Russian Reports (First Half of the 19th Century) // Utopía Prax. Latinoam. Rev. Int. Filos. Iberoam. Teoría Soc. Universidad del Zulia, 2020. № 5. P. 154–162.

93. Frank A.J. Sharī'a Debates and Fatwas among Nomads in Northern Kazakhstan, 1850–1931 // Islam. Law Soc. Brill, 2017. Vol. 24, № 1–2. P. 61–76.

94. Емельянова Н.М. Значение института казахских биев в административной структуре Западно-Сибирского генерал-губернаторства XIX века // Ученые Записки Худжандского Государственного Университета Им Академика Б Гафурова Гуманитарные Науки. Худжандский государственный университет им. академика Б. Гафурова, 2017. № 2 (51). С. 11–16.

95. Жұртбай Тұрсын. Құнанбай (тарихи және әдеби тұлға). Алматы: Алаш. 400 б.

96. Shabley, P., & Sartori, P. (2020). Tinkering with Codification in the Kazakh Steppe: 'Ādat and Sharī'a in the Work of Efim Osmolovskii. In P. Sartori & D. Ross (Eds.), *Shari'a in the Russian Empire: The Reach and Limits of Islamic Law in Central Eurasia, 1550-1917* (pp. 209-238). Edinburgh University Press.

97. Иммануил К. Трактаты и письма. Москва, 1980. 711 с.

98. Мирзагелдиев Б.А., Мухаметшин Р.М. Қазақ даласындағы Орынбор мүфтилігінің шариғи сот қызметі // ХАБАРШЫСЫ. 2019. 93 б.

99. Обидов Д.С. К вопросу об основных формах развития судебной власти в эпоху исламского классицизма (историко-правовое исследование) // Бизнес Образование Право. Автономная некоммерческая организация высшего образования Волгоградский ..., 2017. № 2. С. 232–237.



100. Исахан Мұхан. 622 жылы қабылданған “Мәдина конституциясының” ислам мемлекеттілігінің пайда болу және қалыптасу кезеңіндегі орны мен рөлі. Алматы: Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, 2016. 146 б.
101. Хабутдинов А.Ю. Эволюция института шариатских судей (казыев) у мусульман Волго-Уральского региона в конце XVIII-начале XXI вв // Филология И Культура. Федеральное государственное автономное образовательное учреждение высшего ..., 2013. № 3 (33). С. 245–248.
102. Fahrettin A. Fikih usûlü. İstanbul, 1988. 505 p.
103. Тургумбаев М.Е. Институт преступления и наказания в мусульманском праве. Алматы: Казахский Национальный Университет имени Аль-Фараби / Диссертация на соискание ученой степени доктора философии (PhD) 6D030100-Юриспруденция. 2014. 139 с.
104. Абсатар Г.Б. Қазақстандағы азаматтық қатынастардың әр дәуірде трансформациялануындағы билер сотының рөлі // Қазақ-Орыс Халықаралық Университетінің Хабаршысы. 223–229 бб.
105. Исахан М. «Жеті жарғыда» құн төлеу жазасы қандай тәртіппен жүзеге асқан? [Electronic resource б] // Қазақстандағы Ислам. 2015. URL: <https://kazislam.kz/zheti-zhar-yda-k-n-toleu-zhazasy-kandaj-tartippen-zh-zege-askan/> (accessed: 07.04.2021).
106. Исабаева Е. Қазақ өлкесіндегі билер сотының қалыптасуы және дамуы // J. Actual Probl. Jurisprud. 2019. Vol. 62, № 2. P. 17–20.
107. Мажитова Ж.С. ИНСТИТУТ БИЕВ В РОССИЙСКОЙ И КАЗАХСТАНСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ: КОМПАРАТИВНЫЙ АНАЛИЗ (XVIII–НАЧАЛО XXI ВВ.). Москва: Московский государственный университет имени М.В. Ломоносова, 2016. 553 с.
108. Мирзагелдиев Б., Рашимбетов Р. Қазақ қоғамындағы мұсылман дін қызметкерлерінің лауазымдық ерекшеліктері XVIII ғасыр соңы – XX ғасыр басы. Алматы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2019. 118–123 бб.
109. Хабутдинов А.Ю. Религиозное самоуправление и шариатское семейное право в России: опыт Оренбургского магометанского духовного собрания в конце XVIII – первой четверти XIX в // Евразия Духовные Традиции Народов. Автономная некоммерческая организация высшего образования Российский ..., 2012. № 2. С. 117–123.
110. Гарипова Р. Р. Оренбургское магометанское духовное собрание как шариатский суд // Гасырлар авазы-Эхо веков. – 2014. – №. 3-4. – С. 26-31.
111. Уәлиханов Ш. Сот реформасы жайында жазба. Алматы: Жеті жарғы, 2003. 116 б.
112. БР ОМТМ, қ. И-295, оп. 3, №3276 іс. 1852. 7 б.
113. Воронина Т.В. Правовое регулирование мусульманского брака в Российской империи // СОВРЕМЕННАЯ ЮРИСПРУДЕНЦИЯ: АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ, ДОСТИЖЕНИЯ И ИННОВАЦИИ. 2018. С. 28–32.

114. Полное собрание законов Российской империи. Собрание 2-е. 1830-1885. СПб.: Тип. 2-го Отд-ния Собств. ее императ. величества канцелярии. Vol. 12. 1067 с.
115. Свод законов Российской Империи. Vol. 10. 399 с.
116. Полное собрание законов Российской империи. Собрание 1-е. С 1649 по 12 декабря 1825 г. Тип. 2-го Отд-ния Собств. ее императ. величества канцелярии канцелярии. 1830. Vol. 29. 1370 с.
117. Полное собрание законов Российской империи. Собрание 1-е. С 1649 по 12 декабря 1825 г. Тип. 2-го Отд-ния Собств. ее императ. величества канцелярии канцелярии. 1830. Vol. 31. 942 с.
118. Гончаров Ю.М. Брачно-семейное право Российской империи XIX–начала XX в. Азбука, 2019. 90 с.
119. ALI H., Bahjat H., ÜNSAL A.T.D. İslam aile hukukunda nikâh akdinin feshi. Ankara Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Temel İslam Bilimleri (İslam ..., 2012. 185 p.
120. БР ОМТМ, к. И-295, оп. 3, №2243 ис. 1849. 18 с.
121. Мухаметзарипов И. Применение норм шариата о заключении брака российскими мусульманами в конце XVIII начале XX вв.: 2 // Minbar Islam. Stud. 2010. Vol. 3, № 2. С. 72–85.
122. Реформы 1867-1868 и 1891 гг. на территории Казахстана [Electronic resource б]. URL: <http://www.elimai.kz/reformy-1867-1868-i-1891-gg.html> (accessed: 12.04.2021).
123. Лысенко Ю.А. «Татарский вопрос» в конфессиональной политике Российской империи в Казахстане (конец XVIII начало XX В.) // Известия Алтайского Государственного Университета. Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего ..., 2010. № 4–3.
124. РМТМ. 821 қор. Оп. 8. №602 ис.
125. Аманжолова Д. Роль мечетей в социо-культурном развитии казахского кочевого общества во II-й половине XIXв. Алматы, 2017. 135 р.
126. Mirzageldiyev V.A. POLITICS OF THE RUSSIAN EMPIRE TOWARDS ISLAM IN THE KAZAKH STEPPE: A REVISION OF SOME ASPECTS // Вестник Евразийского Национального Университета Имени ЛН Гумилева Серия Исторические Науки Философия Религиоведение. НАО «Евразийский национальный университет им. ЛН Гумилева», 2019. № 3 (128). P. 31–44.
127. Тасмагамбетов А.С. История конфессии Казахстана в конце XVIII-начале XX вв. Уральск: Редакционно-издательский центр зКГУ им., 2012. 368 с.
128. Шаблей П.С. Оренбургское магометанское духовное собрание в общественно-политической и религиозной жизни населения Казахских степных областей (1788-1868 гг.). Челябинск: «Челябинский государственный университет, 2013. 200 с.
129. Садыкова С.Ш. АРХИТЕКТУРА МЕЧЕТЕЙ Г. ПЕТРОПАВЛОВСКА СЕРЕДИНЫ XIX-НАЧАЛА XX ВЕКОВ // Қазақ Инновациялық Гуманитарлық-Заң Университетінің ХАБАРШЫСЫ ВЕСТНИК Казахского Гуманитарно-Юридического Инновационного Университета Bull. 2009. С. 120–125.

130. Сатыбалдиева А. Мәураннахрда ханафи мектебінің пайда болуының саяси астарлары және оның даму себептері // Адам әлемі. 2019. 124–135 бб.
131. Денисов Д.Н. Требования к кандидатам на мусульманские духовные должности в округе Оренбургского магометанского духовного собрания (конец XVIII начало XX века) // Вестник Оренбургского Государственного Университета. Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего ..., 2012. № 5 (141).
132. Загидуллин И. Мусульманское богослужение в учреждениях Российской империи (Европейская часть России и Сибирь). Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2006. 452 с.
133. Аманжолова Д. Религиозная политика российской империи в кочевом обществе [Electronic resource б]. 2011. URL: <https://articlekz.com/article/11383> (accessed: 13.04.2021).
134. Бабаджанов М. Этнография казахов Букеевской Орды. Астана: Алтын кітап, 2007. 219 р.
135. Жантаев Б., Иночкин В., Сагнаева С. История Букеевского ханства, 1801-1852 гг: Сборник документов и материалов. Дайк-Пресс. 2002. 1118 с.
136. ОО ММ. 6-қор, опис 4, №9382 іс.
137. Малов Александрович Е. О татарских мечетях в России. Казань: Унив. тип., 1868. 68 с.
138. Рамазан Д. Құнанбай мешіті [Electronic resource б]. 2016. URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/2129/> (accessed: 17.06.2021).
139. Мирзагелдиев Б., Рашимбетов Р., Шағырбай А. Ресей империясы тұсындағы қазақ даласында мұсылмандық құлшылық үйін реттеудегі Орынбор мүфтилігін рөлі. 2019. № 4 (82). 126–136 бб.
140. Сборник циркуляров и иных руководящих распоряжений по округу Оренбургского магометанского духовного собрания, 1841-1901 гг. Уфа: Оренбург. магометан. духов. собр., 1902. 262 с.
141. С. Ғылмани Заманамызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары / ed. Муминов А., Дж. Франк А. Алматы: Дайк-Пресс, 2013. Vol. 1. 573 р.
142. Hamid A. Ahund [Electronic resource б] // TDV İslam Ansiklopedisi. URL: <https://islamansiklopedisi.org.tr/ahund> (accessed: 26.04.2021).
143. Бакиева Г. Оренбургское магометанское духовное собрание и духовное развитие татарского народа в последней четверти XVIII – начале XX вв. : Материалы одноименного научного семинара, посвященного 220-летию учреждения религиозного управления мусульман внутренней России и Сибири (Казань, 18 декабря 2009 г.). // Мусульманское духовенство у сибирских татар в XIX – начале XX в. Казань: Институт истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2011. 212 с.
144. Султанғалиева Г. Деятельность ахуна М-Ш.Абдрахимова в Казахской степи (XIX в.) [Electronic resource б]. 2012. URL: <https://articlekz.com/article/7256> (accessed: 17.06.2021).
145. Аллах Тағаланың есімдері мен сипаттары. Алтын алқа / ed. Әсет А. Шымкент, 2006. 16 б.

146. Hizmetli M. Abbasilerde hisbe ve muhtesib Bağdat örneği // Hisba and muhtasib in Abbasid period the case of Baghdad. Journal of History Culture and Art Research, 2017. P. 425–443.
147. Hisbe İslâm devletlerinde genel ahlâkı, kamu düzenini korumak ve denetlemekle görevli teşkilât. TDV İslam Ansiklopedisi. 18 Vol. P. 133-143.
148. Арапов Д.Ю. Ислам в Российской империи: законодательные акты, описания, статистика. Академкнига, 2001. 368 с.
149. Кобылов Я.Д. О магометанских муллах (1876). Казань: Центр. тип., 1907. 17 с.
150. Галлиев В.З. Участие татарских мулл в развитии образования среди казахов в 20–60-х годах XIX века (на материалах внешних окружных приказов) [Electronic resource б]. URL: [http://www.idmedina.ru/books/materials/faizhanov/5/pedagog\\_galiev.htm](http://www.idmedina.ru/books/materials/faizhanov/5/pedagog_galiev.htm) (accessed: 28.04.2021).
151. Hālidī Q., Frank A.J. An Islamic Biographical Dictionary of the Eastern Kazakh Steppe: 1770-1912. Brill, 2005.
152. Hazret İlâhî veya kevnî herhangi bir hakikat ve bunun âlemdeki tecellileri anlamında bir tasavvuf terimi. TDV İslâm Ansiklopedisi. 17 Vol. P. 146-147.
153. Қалыш А. Хазрет Досжан Кашакулы–путь подвижника // Вестник КазНУ Серия Историческая. 2020. Vol. 98, № 3. 73–84 бб.
154. Кузембайулы А., Алибек Т.К., Шакимбаева А.Р. Движение Марал-ишана: характер и идейные основы // Роль образования в контексте развития человеческого капитала. Костанай, 2018. 244 с.
155. Жумадилдаев М.М., Алпысбес М.А. Марал ишан туралы тарихи деректер: 2 (127) // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева Серия Исторические Науки Философия Религиоведение. Республика Казахстан, Нур-Султан: НАО «Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева», 2019. № 2 (127). С. 27–33.
156. Бөкей хандығының құрылуы [Electronic resource б]. URL: <https://e-history.kz/kz/projects/show/23026/> (accessed: 04.05.2021).
157. ҚР ОММ. И-4 қор. Опис 1. 206-іс. 15-парақ.
158. РМТМ. 1291-қор. Опис 81. 5-іс. 62-парақ.
159. Бабажанов С. Этнографиялық мақалалар. Алматы: Қазақстан, 1993. Алматы: Қазақстан, 1993. 80 с.
160. Троиский Н. Очерки Зауральской степи Внутренний или Букеевской Орды. Өлке. Алматы, 2004. 96 с.
161. Зиманов С. Политический строй Казахстана первой половины XIX века и Букеевское ханство // Алматы Арыс. 2009. 496 с.
162. ТРҰМ. қор. 92. Опис. 1. іс. 5592. П. 2-3.
163. ҚР ОММ. қор. И-4. 1. Оп. іс. 2350.
164. Васильев Д.В. Организация управления Внутренней казахской ордой в первой половине XIX в // Вестник Московского Государственного Областного Университета Серия История И Политические Науки. Государственное образовательное учреждение высшего образования Московской ..., 2015. № 4. С. 76–85.

165. АОММ. Қор. 2. Оп. 1. Ис. 288. П. 5-11.
166. Харузин А. Киргизы Букеевской орды: антрополого-этнологический очерк. Тип. А. Левенсон, 1889. Vol. 1. 338 с.
167. Зиманов С.З. Россия и Букеевское ханство. Алма-Ата: Наука, 1981. 171 р.
168. ИСЛАМ ДІНІНДЕГІ САУДА-САТТЫҚ ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ [Electronic resource б]. URL: <http://fatua.kz/kz/post/view?id=811> (accessed: 04.05.2021).
169. Ханафитский фикх. Семейно брачные отношения. Бракосочетание. Медина, 2007. 156 с.
170. Бабаджанов С. Бөкей Ордасы қазақтарының этнографиясы. (Қазақ этнографиясының кітапханасы). Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006. Vol. 19. 221 р.
171. Qaala Rasul Allah (saw) - Comprehensive Hadith Database - قَالَ رَسُولُ اللَّهِ صَلَّى عَلَيْهِ وَسَلَّمَ [Electronic resource б]. URL: <http://qaalarasulallah.com/hadithView.php?ID=24950> (accessed: 04.05.2021).
172. Ишмухамбетов Р.В. Восстание Исатая Тайманова 1836-1838 гг. во Внутренней (Букеевской) Орде казахов и служилые группы её населения // Каспийский Регион Политика Экономика Культура. Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего ..., 2016. № 4. С. 39–47.
173. Ермекбай Ж.А. Хан Жангир: верноподданный России и реформатор степи // Вестник Томского Государственного Университета. Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего ..., 2017. № 425. С. 124–130.
174. Первый казахский просвещенный правитель — Республиканское государственное предприятие «Ғылым ордасы» [Electronic resource б]. URL: <http://www.gylymordasy.kz/2015/04/16/pervyj-kazahskij-prosveshhennyj-pravitel/> (accessed: 12.05.2021).
175. Білімнің қасиетті қара шаңырағы [Electronic resource б] // Орда жұлдызы. URL: <https://ordazhuldyzy.kz/?p=6390> (accessed: 12.05.2021).
176. Ayagan Y.S. et al. The first Kazakh-Russian schools of a “class-lesson” system established in the Bukey Horde, Kazakhstan by Zhangir Khan as a new pedagogical trend // Образовательный Вестник «Сознание». Некоммерческое партнерство «Сообщество молодых врачей и организаторов ..., 2016. Vol. 18, № 6. P. 15–20.
177. Anar R. The Russian policy on Islam in the first half of the nineteenth century: a case of Bukey Khanate. Kuala Lumpur: International Islamic University Malaysia, 2018, 2018.
178. Ayagan Y.S. “Muslim schools and madrasahs in new tendency” on the basis of Islam culture in Bukey Horde reformed by Zh anghir khan // Образовательный Вестник «Сознание». Некоммерческое партнерство «Сообщество молодых врачей и организаторов ..., 2016. Vol. 18, № 5. С. 29-34.
179. Dar al-Sulh - Oxford Islamic Studies Online [Electronic resource б]. URL: <http://www.oxfordislamicstudies.com/article/opr/t125/e496> (accessed: 12.05.2021).
180. DANAqaz. Қос ханға қызмет еткен ахун [Electronic resource б]. URL: <http://danaqaz.kz/barlyk-nomirler/2017/9-10-38/item/623-kos-khanga-kyzmet-etken-akhun> (accessed: 18.06.2021).

181. Құттымұратұлы Қ. Алматы: «Арыс» баспасы, 2016 ж. 152 б.
182. Bitemirov K.T., Kozhambekov D.R. INFLUENCE OF RELIGIOUS AND SECULAR EDUCATION IN THE FORMATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AS A SECULAR STATE IN THE 19TH CENTURY // Acad. Res. Educ. Sci. ООО «Academic Research», 2020. № 3. P. 1008-1013.
183. Бөкей Ордасындағы ислам дінінің мектептерде оқытылуы және медреселердің қызметі - Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасының ресми сайты [Electronic resource б]. URL: <https://www.muftyat.kz/kk/articles/edification/2019-06-17/18447-bkej-ordasyindayi-islam-dnn-mektepterde-oyityiluyi/> (accessed: 18.06.2021).
184. Izbasarova G. Bukeyev Khanate and the Process of Its Population's Acculturation // ISTORIYA. – 2019. – V. 10. – Issue 8 (82) [Electronic resource]. URL: <https://history.jes.su/s207987840006071-7-1/> DOI: 10.18254/S207987840006071-7/ (accessed: 01.12.2021).
185. Dzhandosova Z. Jangir Khan Bukeyev and his Elusive Identities: An Attempt of a Psychological Portrait // ISTORIYA. – 2019. – V. 10. – Issue 1 (75) [Electronic resource б]. URL: <https://history.jes.su/s207987840002543-6-1/> DOI: 10.18254/S0002543-6-1 / (accessed: 30.11.2021).
186. Жахатов М. Құлпытастар сөйлейді. Екінші кітап. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2019. -352 б.
187. Абдусамат Қасым. Тұмар тағуға бола ма? [Electronic resource б] // Islam.kz. URL: <https://islam.kz/kk/questions/aqida-senim/tumar-taguga-bola-ma-76/> (accessed: 12.05.2021).
188. Тұмар тағуға бола ма? [Electronic resource б] // <http://ihsan.kz/>. URL: <http://ihsan.kz/kk/articles/view/5078> (accessed: 12.05.2021).
189. ҚР ОММ. Қор. И-4. Оп. 1. Іс. 5586.
190. Терещенко А. Следы Дешт-Кипчака и Внутренняя киргиз-кайсацкая орда // Москвитянин. 1853. Vol. 6, № 22. 5 с.
191. Ишегулова А.М. Фразеологизмы с компонентом «Аллах», «Тенгри», «Худай» в художественных текстах Яныбая Хамматова // Проблемы Истории Филологии Культуры. Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего..., 2014. № 4 (46). С. 261–264.

## Қосымша

Қайып ханның III Ахмед Сұлтанға жазған хаты

ترکستان خانلرندن قزاق خانى اولان غائب محمد خانك حالادور در دولتمداران کلات  
 الجيسی سید محمد قلی بکک تقریریدر  
 بو سنده محقرک عجز و نیاز جهتندن صاحب مرحمت رشفقت اولان ولى نعمتى  
 صاحب دولت حضرتنه صد تقصیر ايله عرضينه سى بودر که اول زمانه که ابوکه  
 بدقول و بدکردارک الجيسی سانه سعادت کلدی و ابوکه نک عبوديتنى عرض ايدوب  
 کتمش ايدى الجى مزبور مکتوب شريفى ابوکه يار شندردى اول وقت قزاق خانى  
 غائب محمد خانك و اشتنک وفرق قلبا غنک الجيلى ابوکه يانتک ايدير و غائب  
 محمد خانك الجيسى اول مکتوبک خبرينى غائب محمد خانة اير شندردى و ما بسنده  
 بر قاج وقت کچدى که ابوکه بى دين بد عهدلک ايدوب روس ايله نوعا جاپول  
 الميه و انک بو جاپول قصدينى بزم حاجيلر مکه هشتقرخان طرفدن کلدير غائب  
 محمد خانة وقوعى اوزره خبر و يرد يلا اول سيبدن غائب سلطانة عبرت دينتبه ال  
 ال و پروب ايکى دفعه ابوکه به جاپول ايدوب قال ايدير و اسانه سعادت سر و ياز  
 سوروب بو سنده بى کوند سرد يلا که چونکه اول کافر بى دين اولان ابوکه کندى مهادى  
 اوزرينده ثابت اولوب خلاف عهد ايلدى و بو سنده به فرمان اولدى که بندخى  
 تارخان برادر م کبى خلقه و عبوديتى گوش هوشمه طا قوب جان و دلدن اغور هما يولک  
 تبع اسلامى اورام زيرا که شهنشاه عالمدر و اول عالمى جاهلک فرمان بردار لغن  
 انک و بيم و نامه شريفى تونباى ديديه ايلرم ديور غائب محمد خان لسانا تقويم ايلدى  
 و بو سنده بو خدمته ما مور اولدم ديور تقير ايلدى وان سنا الله تعالى بو طرفدن  
 عودت ايند و کلده ولايتک جانينه قنقى بولدن غرمت ايدرسن ديور کند و به  
 سوال اولند قده اولدن بغداد يوليله کلبدم سینه بغداد بولى اوزرندن  
 کيدرم ديور جواب ايلدى

## شکستان خانلردن قزاق خان غائب محمدخان نامه هاپورت

جناب امارت ناب امالت نصاب سعادت اکتساب دولت انساب جامع ایات نصفت  
 و دینداری دافع زانیات بهت و کامکاری حارس قزاق اسلام فارس مضمار التفحام  
 المحرف بصوف عواطف الملك العلام قزاق خان غائب محمدخان دام محروشا بعناية الله  
 العزيز المستعان صوب باصواب لربيه فرايد قلوب يد قنایات موطفت انجم و لوقی متاولی  
 تسلیات مواست فرجام قزاق تو جهات شاهانه و مسائل تلطفات یا شاهانه  
 ابوغ و اهدا اولد قذوق صکره ضمیر صفوت نمای مهرانجا لربيه انها و ابنا المان  
 اولد که درگاه شوکت بناه معدت دستک همزه نامه مصادقت علومه لری  
 واسطه العقدا تاام اولون بروقت سرفا رسامه عهد متخصصلرند غرت نصاب  
 مفاخرت اکتساب سید قلی بهادر زید محمد و ساطیتله قرین غر و صول  
 ونظر فرخنده اثر خروانه فرایله ملحوظ و مشمول اولوب مبارکی و غایات مصادقت  
 اتاج و مناسق مصداق صفوت انداجی الوداع جیزد مجتهد فاعارف  
 منها اتلف مضمون باهر الشرفی اوزده تعارف از لیدن منبی و اظهار اتحاد دینی  
 و روحانی به مربوط و منبی اولغله باعث تواریف و فیوضا انسیه و سبب تعاقب  
 ساعات قدسیه اولوب والقی علیک محبة متنی مصداقغه جناب نعم الما لربيه  
 ترجیه و جهة و دار و تعلیق سویدیای فرادا اولمندر و قاصد نجسته مقاصد  
 خدمت رسالت و لوازم سعادت و وجه جمیل ابله ادا و تکمیل ایدیوب اکتساب خلوت  
 اذن معاودت و شرفیات فاخره رخصت مراعت ابله فایز مباحث و مفاخرت  
 اولد قذوق صکره اسبوق نامه هاپورت موطفت معروزم ابله صوب صدقت نمولر  
 فوجه و غریمت المبتدر باقی ایام سعادت و اقبال برده وام و لوازم باد  
 ۲ او اخر ب



رباب هایون شهری بی ترکستان خانم نرن قزاق خان فایس محمد خاندان کلان نامه نك ترجمه سید  
 سلطنت و بسالت و محشمت و عدالت و عز و امتنان خادم الحرمین الشریفین خاقان البرین  
 و البحرین خاقان بن الخاقان السلطان احمد خان جلال ایچون شاعر شعایر موافقت  
 و رفاق و دثار سائر مخالفت و اتفاق که عقیدت بی پایان و صفای خاطر اخلاص ظاهر  
 صدق نشان یولدن آل موافقت اشمال جناب عالی شان سلطنت و شوکت پناه محشمت  
 و نصف دستگاه کزبک دوستان اقبال ستوده خاندان جاه و جلال سلالة سلسله رفیع  
 عثمان خان شامله بونن صکر ضیر منیر خورشید خوره ظاهر و هو برادر که تبه الحد و المنه  
 بو فخلص افزایابک تختد که طاشکند در کند و ناصیه ربه بیله که ترکستان و اندجات  
 و سیرام و قره قلیاق و المک غنیمت سرود تمام اید جمله اول لوی شرع بینک صبح و شام  
 سر فرار لغی ایچون شب و روز دعای جان درازه مشغول لرز ایتد و انقدر که قبول موضعه  
 کله و نیه معلوم طبع لشرق هایون اولمش اولسونکه بزم ملکتمز اید سقوک ملاکتی اوردن  
 بر ملک وارد که اکا اشک و بر لر و المک مجموعی اهلنت و جامع لر در مقدما اول ولایتی خرم لغی  
 و قدک سقو ظلم اضبط ایلدی بوسدن المک حقیقی اولمق اوزده باج و بروردی نکن  
 شمعی اول جماعت طوق و مسکرای طولو سقوک ضرر نرن قورقار لر اما ذکر اولنان جماعت  
 بزم جانمزه یوز طوت بیلر که دین غیرتی اورددو اگر سز لوزده انداد تیشدی بیچ اولود سکر  
 کند و ملاکتی کافر لک الی الشدن طشر کومد مکه قادر و سزک اید بر لک اولدی غیر حاله هر کون  
 انک ملکنه رخنه و پررز و بز بوسوزده فکر ایتدک شویله معلوم اولدی که بونن اول صدقت آثار  
 السید قلی چهره اقا سی بی یار کردن مدار قوسنه کونم لریکی حاله جنک خبری و کفار خاکسار  
 بوز لر یغی بزم قول غم تیشدی جهان جهان فرح حاصل اولدی چونکه بو مقترمه او مر تاده ایدی  
 بو کابنا، واقعه مذکور بی تحریر ایتدی کونم حاله اخلاص کیش نك اندیش جنمندن ائی خدکا  
 قربان بک کوکله داش یدیله کونم لک که آستانگری قبیل امیب بویاید امر کزن اولدی یعنی بزه  
 بلده بزه تیز خبر تیشده که کوز و فر بولدر در که اول بارگاه فلک خرکا هدن نه ظهور  
 ایدها انک لا یعنی عمل اید لمر

۷۹۵

(۱۸۳)

مکتوب هماورد سترگه تیره قراق شاق خاشب همدشاره طرفه در لیلی سید علی پادرا بیکه درون هماورد

بیرته دار سفید	اغا بانوی سفید	منبری تیره	کادری چوب تیار	بیرته دار سفید
↓	↓	↓	↓	↓
مفعول باریکبر	دمور چایقورن باریکبر	قله چایقورن	قور چایقورن	الچایقورن
سراسر	سراسر	سراسر	سراسر	سراسر

1846 жылы Көкшетау округі Андағұл болысыда Ұлбары Тұрсынбайқызын ісі (БР ОМТМ, қ. II-295, оп. 3, №2243 іс. 1849)

Фонд № 295  
Опись № 3  
Ед. хр. по описи 2243

Центральный Государственный архив Башкирской АССР

Копия № 3931  
№ 44 104.

*Handwritten initials*

Оренбургское и казанское дворянское собрание

*Handwritten signature*

Дело по прошению Мобальской губернии Кокшетауского округа Андагуловской волости Мурзюковой жены Улбары Тұрсынбаевой о признании ее взаимности с Киргизом Якумбаевым Мунгунбаевым и о прощ.

Казань 2 июля 1846 г.

Прислано 21 августа 1849 г.

Дело по прошению киргизки Тұрсынбаевой У. из Андагуловской волости, Кокшетауского округа Мобальской губ. о признании ее взаимности с Киргизом Якумбаевым Мунгунбаевым и о прощ.

Кочеталовский у.

Копия 2 июля 1846 г.  
Окончено 21 августа 1849 г.

Фонд № 295  
Опись № 3  
Ед. хр. по описи 2243

Список

Страницы  
Слов

1. Копия рукописи 1846 — 1

2. Копия рукописи 1846 — 3

3. Копия рукописи 1846 — 5

4. Копия рукописи 1846 — 13

کنگره شنبه ایله ۶ عم ۱۸۶۰ مارط ۲۰ ۱۸۲۰ نو



الوغ منصبی شریفی نسیب بلندر تبه صدر شین ویسویک استیغی کوسو دین  
مغز اهل الاسلام وقاطع الاختصاص طرخان عبدالواحد بن اخوند سلیمان امرحوم حضرتلار سینه

توبل غوبر نایغ کوچی طاو اوکروک انداغول بولوی قزاق تورسون بای قزی اولبار دین قبول بولماق امیدی  
برلاک مشغقت عظمالارنگر دان رجا قیلوب توبالغیملک برلان

بروسینیا

نیدورک کوچی طاو اوکروکی قاراجا بولهای و ولوسه سنگ توغان جیر نام باغای قطنای اوغلی توتام جنار وفات  
بولغان صونک قزاق رسمی برلان بالادورام لالامه دیب کلکاج منم اختیاسه قارهای آتام تورسون بای کیخ اوغلی  
آنولاری بز قزاق رسمن بولمایز دیب منم کوچلاب نکاحلاندورام دیلکاج ۱۸۶۶ غنوار جملا سند قاجوب  
کیستوم من قاجوب کیستکاج ۱۸۶۶ فبرال سنک عرکوننک اوشبومد کوشا پد لار حنورنده منم سنگمنه آماقی بولوب  
من اولبار لا دعوا قیلما من دیب اورای تلنسان اقرار قیلوب خط بیرکان شول شاهدلار اول باجو تبا یاری تلاکان  
اوغلی ییز بار وچیک قوشچی غول چوبان اوغلی جیهان ال بایطوق اوغلی استر شینه سنه قل مویناق اوغلی بوقبای  
قل ساری اوغلی بکوردک باراق اوغلی بکلا و قابل اطغای اوغلی بسلطان بوری باسن اوغلی بباقی مالذوبای اوغلی  
بچوچیک قاراقوری اوغلی کاپیتان الکن جان تللا اوغلی بار وچیک موجان جلعاره اوغلی بر بور شیک بیکی چوبان اوغلی  
ظاهر طانا اوغلی ییز آتام تورسون بای انداغول و ولوسه یخنه بای توینغول اوغلی اورام سویکانلو کوم اوچون شول  
یخنه بایغ قزوم اولبار لا خانو لقع باغتلادیم م قزومده و هم یخنه بایدک هج برد عوام یوق دیب اورا اختیار ی برلان عادل  
شاهدلار آلدنک تلندان اقرار قیلوب خط بیرکان مذکور شاهدلار بوتبولونیک جلعاره بایطوق اوغلی بچوره قزوم اوغلی  
کاپیتان الکن جان تللا اوغلی بار وچیک موجان جلعاره اوغلی بکلا و عایناق اوغلی بر بور شیک بیکی چوبان اوغلی استر شینه  
بوکانبای بوجان اوغلی استر شینه بایبوری مالقار اوغلی بکلا و رور بیکی بوغ اوغلی بار وچیک قوشچی غول چوبان اوغلی  
مذکور دعوا جی جیر نام سنک و هم آتام سنک صلح خط لاری کوچی طاو سنک استار شینه سلطان کاپیتان مانذای توتامش  
اوغلی منم قیلغانلار شول استار شینه سلطان توتامش اوغلی و هم کپتان الکن جان تللا اوغلی و هم

بارتجید قوشچومول چوبان اوغنی و هم استریشینه بوکانبای اوغنی خطیاروب  
شول دعواچی باغای قسطاوبای اوغنی ننگ و هم قزاقانک تورسون بای ننگ صبح برعوا قالمادی  
تورسون بای قزاق اولبارلا یخسته بای توغول اوغلینه باغشلا دی ایدی هر قاید بولسه ننگ قایتونکن  
صبح حوق قالمادی دیب برنلا لالا کاشیلار بیاروب برنکا شول خط لارن کورکا برنکا نلاری بعدن بر بیتر بول  
قالاسینه کلوب آخون سراج الدین ملاسیغ اوغلینه کلوب شول خط لارن کورکا ادوب برنکا نکاح او قوب  
بیر ننگ دیکاح شول خط لارن قاراب تعقیش قیلوب من اورا اختیارم برلان یخسته بای توغول اوغلینه  
فیرل ننگ ب کونزه نکاح او قوب دفتر کا یانغان صونک او یوم کا قایتجاج آتام ننگ آغا انولاری و هم  
جیر نام باغای ن نادان مفدا قازان ننگ و سوسه ن برلان برننگ قازاق رسم کا بو خلاف انش بر اول  
صلح دان قایتیق دیب بیتر بول داعی آخون ننگ قیلغان نکاحن بورام دیب ننگ قازاقده فی الله بار دیب  
کلوب من قیناب بایلاب ننگ لار مرز قالاب ایروم یخسته بایدان تار توب آلوب اولارینه آلوب بارغان صونک  
ینه قاجروم من یا شوم یگر چی بشدا و هم شول باغای غه اصلار قه ایلاس من و هم نکاح او قولغان یوقوم  
شول باغای اوروی او ش بود دعوا لای قویدوم دیب اقرار قیلوب خط بیر کاج و هم اورنما کفومکنه اختیا قیلغانوم  
اچون آتام رخصت بیر کاه صونک آخون سراج الدین اورم اختیار قیلغان کنه کا نکاح او قوب دفتر کا یانغان  
صونک من بو قدر حقار تلالا قیلوب اسباب و جبار لارم تلغ قیلدیلار و هم شریعتکا خلاف کلوب دیده علمالار  
حقارت قیلوب اولاری ننگ جا هلیت رسنم قیلماچی بولالار ایدی شریعتدن من جبر انشول باغای ننگ برنکا  
بولماسم و هم شول یخسته بابغه نکاحم و رس بولسه مونیدیه صونک ما کا جبر قیلما قلا و ندان منع لای لایردی  
ایدی حضرت لار ننگ دان او توب صورت عید بیتر بول داعی آخون غه اهر قیلوب یان سائک ایلمان شول مذکور  
شاهد لار دان موراب حق لقا برلان تعقیش قیلوب شریعت بوینجه سونک امر ننگ برلان بو ظلم لار غه شریعتن  
بیان قیلوب من بو ظلم لار ننگ ظلمندان قوتواروب منکا صبح کنه بوجو شری ظلم قیلدور حاله من شکی مظلوم  
لار غه ظلم لار ظلمندان قوتولوب او شبو جبر لیک برلان بالدون لارون الاطغان بدعت رسنم بتوب شریعتن  
بوناد انق ظلمتند اجاری قیل ننگ مظلوم لار ننگ اید کور دعا لارینه قلوب الله تعه قاستنده ننگ اولار

بولا چاغی حوض تاراوتک شنبلا رینه معلوم دور

اوشبوبروشینیا نی یارا دوروب اولبار تورسون بای قزی اینا عاق اوچون

طامغام سالوم ۵۵

۱۶۴۱ امارط شنب ۱۲ کوننده

اوشبوبروشینیا نی اولبار تورسون بای قزی شنب صورای برلان من کوچه طاو  
اوکرو شنب جان بالا حالی بای اوی یاروب قولوم قویدهم

یادمانند به ادب لیک در آن بولورویب ابا قیلوق هر نه روشه امر قلیسا لکن  
 زمان لار کنجه اطاعتده مر دیو ۸۴۹ له آپریل مانت اا کوننده  
 عینده الین مویفیدیلر












Қаршыға Чавлия Санкибаеваның ісіне қатысты құжаттар (БР ОМТМ, қ. И-295, оп. 3, №3276 іс. 1852)



№ 409

№ 100. 97.

№ 5795

412

~~№ 499 276 215 110.~~

С. К. 10

Стопосудило Модисбенноу аупреху  
про мабалауяро Об Лорядо Аупро  
набисбенноу Капрусал Рабелел. Са  
книгарба аупреху аупреху  
менаро сепамисе Станисе менадо  
Евклиу! Об Об Станисе Станисе  
Станисе Станисе Станисе.

Горанос 24 Июн 1854 года

Росно 19 Декабря 1856. 2

5

№	<p style="text-align: center;"><b>О П И С Ь</b></p> <p style="text-align: center;">Содержаніе бумагъ за какиѣ числомъ и номеромъ.</p>	<p style="text-align: center;">На сколько листахъ лѣло.</p>
1	<p>постановленіе собранія на 24 Іюня 1852 года</p>	1 и 2
2	<p>матеріальныя бумаги</p>	3 и 5
3	<p>постановленіе собранія на 19 декабря 1856 г.</p>	6 и 7
	<p>Столешникова</p>	





Замысел

Июль 24. Санкт 1852г

Кроме Модульской губернии проделано  
 много в городе Непрочаевском Купца  
 Павла Соколовского купца просит про  
 всем разбирательство чрез офицера  
 Непрочаевского Соколовского Сидорова  
 о покупке ~~у~~ <sup>у</sup> ~~от~~ <sup>от</sup> Гурьевского  
 Союзника <sup>Семан</sup> <sup>Евлия</sup> ~~Евлия~~ <sup>Александрова</sup>  
 с Малюковским Союзом и о праве  
 Купца Павла, с Непрочаевским в  
 отношении его покупки предписать  
 офицеру Сидорову урядов в том же

304





~~Списокъ книгъ~~

Иванъ Тургеневъ 17 Авг 1859

А. Шлегель 3190

А. Шлегель 3191

недавно браны. Записки. надписи.  
свѣдѣнія. Опыты. Опыты. Опыты.  
недавно свѣдѣнія. Опыты. Опыты. Опыты.  
1858. 17 Авг



کوچه طاد او کوچه اندر غول اوران با عیبت قولوی سنک تو بانو اسملا حاجک قازاق سنک یا سنک راوغل  
 بوکا نیبای سنک وچ چوری قازاق سنک اوغل وچ باشقم یولده سنک ۱۸۴۸ ده آوریل سنک  
 ۸ کوشه میدار یتر لار حسن زو بو بیوکان چو ب سکر

نیدور کم ۱۸۴۸ ده قولوی اندر غول اوران با عیبت قولوی سنک ختیله بای توغول اوغل سولوق  
 ولور سنک تورسون بای قزوی اولهارین اوزی سنک وچ آکاسه تورسون بای سنک رضالغی لر نکا حلاط  
 العنان ایکان برن لار نکاح بولغانلن بلمای سن ز او حوکل نکاح سم آتوب یوری سن دیب خلاق کتک  
 یورمانکرم دیب اولهارن زنیله بایان آتوب ایروک نکاح او قولغانلن وچ تورسون بای سنک رضالغی  
 بلکچ وچ انکار سم قایتاروب بیر دوک

نینه اولهار کور ساکنان ایکان منوم مهاد دیب ختیله بای اویدو یوقا وقتده جی ادا بئس صیر  
 ساکم قویغنه آدی لار دیب قزم سنک مهرن آکاسه آکاسه برن سنک ز اشتمم بار اول مذکور حیوانلار  
 کوچه طاد او کوچه کار اول جا اول بای قولوی سنک جانی تلاکان اوغل دیکان بکلیلوب آتوب  
 تورسون بای سنک اولهارن دعوا قیلار تورغان کیدای سول جا اول با قولوی سنک باغای قساوبای  
 اوغلینه قازاق عرق برله دیب آتوب بیردی چونکه مذکور باغای تورسون بای سنک اولهارن اول  
 قزنی العنان ایری اول خانونی اولکان صونکره قازاق عرق برله بالدون آلان دیب اولهارن تورغنه  
 دیب کلیلوب ایری اولهار رضابولای ختیله بای غیر نکاح لانتوب کیتکاج قازاق عرق برله عواد  
 مذکور جادی تلاکان اوغل قازاق عرق برله حکم قیلوب اولهار باغای غیر تیب کرک ایری باغای  
 تیا تورغان قزنی العنان اچولک عیبه یعنی استر زنیله دیب ختیله بای یوغنده مذکور مال لار زنیله آتوب  
 کیتدی لار بولاس برن سنک اوز قزنیله اشتمم یعنی ختیله بای سنک مالنه برن سنک ز او چمن بار  
 برجات کیتکی کافرند اشتمم سنک مالنه کوجولوب آتوب بیر ماک برن کانه حاجت

۱۲

۱۱

قیود و ندرت چاق و قوب شرح شریف حکمتی بیان قیلوب اولهار تور سنبلای  
 قومی سنبلای و عوا قیلما قران منع قیلکرم دیو سول امر نکریم بو بوخه مذکور  
 بو کابنای منک یا ستارا و غلنه چوری قاس او غلنه نولده سولای برله کوکله طار و پرکادی  
 آرقله شیم و تبه چاق قوب ایدوم او شیم و مانعه چاقله کیلمای تور غاندر ایدی  
 او زلاری مذکور تور سنبلای و جم قومی اولهار و جم زوی خیشی بای و جم آمانه  
 تو یغولر برله صلح قیلوب شوب هر ایکی طرف بر بر نیه و عوا قیلما س او چمن صلح  
 یاز شوب آلب قیلوب جواب بیدری لار جو ابلار نه و جم صلح نامه لار  
 حضرت تار نکریم نظر نیه قویدهم هر نه امر قیلما سنکر هر دایم امستالده هر دیو  
 ۱۸۴۶ له آپریل سنک ۱۱ کوننده  
 محمد بن علی الدین مراد بیگ لوفل





۱۲

دلالت قیلوب اگر صلح قیلوشما سالار موافق نظام جو اب آوب صوبرانیه نظر نینه  
 قویسم دیو شول امر کنه بناء مذکور باغای قساوبای ادغلی و صغ باغای طرفند  
 اولبار کاجبر و تعری قیلغوجی جازی تلاکان ادغلی کورخه طلا و هرکار نینه پنجه مرتبه  
 یبار ساکنم ایکان دیب یازوب ایروم مذکور هرکار اول یبار امر یبار امر  
 دیب جو اب یازوب توروب آخر الامر یبار مادی اما مذکور قساوبای ادغلی  
 و صغ تلاکان ادغلی او شبو پتر باد لعه کیلوب برنا کورخای کیتا لار دیب شتار  
 اولاری سنک کویوب یوری تورخان یولاری پتر باولده لاری اوز حرم بار سقا  
 کوب زمان اوتسه کرک و صغ قازاق طایفه سے اوز اولکنده دورست لار  
 جو اب بیر مایدور و صغ خصوصاً مذکور جاو کیتا قولوصی سنک قازاقلاری معاند  
 یارما س طایفه بار صغ یورور کایم ضرر لاری تیار دیب قورقارمن  
 و صغ مذکور باغای قساوبا ادغلی مذکور اولبار سنک بر توعه سنگ سنک سنک  
 لانیب دور ایندی بر قور الدم و صغ اولبار نه العان نخچه بای سنک بسج آکن  
 بس صیر سکر قورینه آکم ایندی دعوم یوق دیدور ایسی دیب شتار  
 اما برنا کایلور کاغناد قیلوب برنا نه عفاة قیلخان الفاظ لاری حضرت تبارکنه

کماله تبت اولندی ۱۰۰۰ گریل ۹۰۰۰ گرسه سرحد سر نویر

اورشوع سنک دین محمد علیه صلواته و سلام امکانه اجرا و چون نصب ایلمه دستار  
صوبه اینیه محکمه سینه

توبل غوبر ناسه ستر باول قلعه سینک آخون سراج ادرین مهیف سهر او غلند کم کوب  
توبانچیلدک لار برله راپورط

شول مخصوصه که کوکچه طا و او کردکی اوران بایمیت آند غول قولوصی سنک قازاق  
تورسونبای قومی اولپار حضرتلار کتفه عرضه سپکان ایکان ۱۸۴۶ سنه فیوال سنک  
۲۰ کوتنه آتام سنک رضالغی برله شو کوق آند غول قولوصی سنک قازاق نچینه بای توغول  
او غلنه توته یوز صوم مهر سچی برله نکام لایوب ایدوم اما کوکچه طا و او کردکی قازاق  
جاوکه با قولوصی سنک قازاق جیز نام باغای قساوبا او غلی قولند فی خاتوی منوم  
توقام وفات بولغاج قازاق عرف برله سنه من نکاطلانا من دیب جبر و تعدی  
قیلا دور دیو شو سنک او چون ۱۸۴۶ سنه مه ای سنک ۱۴ یوم سنه ۲۸ نچی نومره  
او کا ذبر له امر قیلوب بر کا یازوب ایدنکم مذکور باغای قساوبا او غلنه و جم اولپار  
تور سنبا قومی توبل اورندان چاق توب حکم لر عننه بیان قیلوب ممکن قدر صلحقه

ترجا اولوب پرتقار لرینه یارلسوق قز رضا بولما میجر نکام اولنا کون دیب  
دیگری تمسک ایله بنطای ۲۵ دمر کوره رضا اولان قیش عالمی شکیخ استوب



112-  
 Акциденту Мухоморову и опровержен  
 приурочену попарамементу, какт и в  
 Уставе мажоритса. Зодура уредо вавшам  
 Умо, етн ивуду Свдо гдоловнко саво  
 ренуеиент Свдо ирменжу ирмуприве,  
 вавшам етндривеиент етндривеиент некариент  
 и иуровое мабнко <sup>зандонисент итн и ивдиреполо</sup> ирмеприве  
 ренуе Свдо Свдо ренуеиент.  
 Какт и в Свдо ренуеиент саво,  
 ирмепривеиент и иуровое  
 мабнко ренуеиент, Умо  
 ирмепривеиент ирмепривеиент  
 Свдо ренуеиент ренуеиент  
 в Свдо ренуеиент ренуеиент  
 ренуеиент ренуеиент ренуеиент  
 ренуеиент ренуеиент ренуеиент

14

в утѣхъ расцѣпеніи... в утѣхъ  
 мученіи приими  
 насъ, молю пріободити  
 се долѣ въпросовъ  
 Мученицъ твоихъ  
 Ганна и въ рече своемъ  
 сдѣлаю въ спомини  
 въ гряде.

Умолю Тебя Днѣмъ  
 твоимъ и мученицъ  
 твоихъ и мученицъ твоихъ  
 молю Тебя и мученицъ твоихъ